Жас ұлайған сайын қатынастар тек тұрақталып қана қоймастан адамның оларды басқару қабілеті де артады. Мұндайда адамға жәрдемге келетін оның даралық ерекшеліктерін қосымша өмірлік тәжірибесі. Әрқашан адам аралық қатынастарды жеңіл де ұтымды реттейтін адамдар арасында кәсіби қызмет бабымен жұмыс жүргізетін, сендіре әңгіме айта білетін, әлеуметтік жетекшілікке ыңғайлы мамандар болады, мысалы: саясаткер, мекеме және өндіріс башылары, мұғалімдер, дәрігерлер мен актерлер. Адам аралық қатынастарға ықпал жасай білу қабілетін қатынастар психологиясы үздіксіз үйрену арқылы жетілдіре, дамытып баруға болады.

Адамдар арасындағы қатынастарының қалыптасуы, әдетте, олардың бірін-бірі қабылдай алуы, түсінуі және бағалауына байланысты, яғни тілдесу нәтижесінде бір адамның екіншісінің образы жөнінде топшылаған ой-пікірі. Екінші адамның тұлғалық образын оның сырт пішіні мен психологиясын және әрекет-қылығын байланыстыра, салыстырып тануға болады [6]. Ал психологиялық бейне әр адамның қажетсінуінен, қылық мотивтерінен, мінез бітістерінен, әрқандай өмірлік жағдайлардағы көңіл-күй толғаныстары мен әрекеттерінен көрінеді.

Қорыта келе, қарым-қатынас түбегейлі адамдық сұраныс бола отырып, дербес құндылық, себебі адам басқа адамды әрдайым қажетсіну арқылы эмоционалды байланыс орнатады. Ол үшін маңызды дүние – бұл басқа адам, онымен қарым-қатынас, ортақ істі бірлесіп орындау, ниеттестік, жағымды эмоция мен эмпатия. Тек қана қарым-қатынас процесінде және тек сол арқылы адамның мәні көрініс табады. Қарым-қатынас жеке адам құрылымының маңызды факторларының бірі болып, оның әлеуметтануының қажетті шарты болып табылады. Қарым-қатынас қоғамның және адам өмірінің барлық жағын қамтиды. Адам басқа адамдармен қарым-қатынассыз өз өмірін елестете алмайды, себебі оның өмірі бүкіл адамзаттың сақталуына тікелей байланысты.

Қолданылған әдебиеттер

1. Леонтьев А.А. Лекция как общение. – М.: (Общество «Знание»), 1974 – 39 с.
2. Аллан Пиз, Барбара Пиз. Язык телодвижений. Расширенная версия ; [пер. с англ. Т. Новиковой]. – Москва: Эксмо, 2009. – 464 с.

3. Немов. Основы психологического консультирования: Учеб. для студ. педвузов. – Москва: Гуманист изд. центр ВЛАДОС, 2000. -528 с.
4. Тұрдалиева Ш.Т. Қарым-қатынас психологиясы. – А.: ЭВЕРО, 2020
5. Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. –А.: Рауан. 1996. -64 б.
6. Смирнова Е.Е.. Психология общения: Курс для тарших классов средней школы. – СПб: КАРО, 2005. -336 с.

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ДАМУЫ

Сайлыбаева Құралай Әбдәмәләкқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Молдакулова Айгерим Курманжановна

Жамбыл облысы Талас ауданы Ақкөл ауылы Қарлығаш бөбекжай-бақшасы

«Даму - болып жатқан өзгерістердің сипаты мен бағытын білдіретін ұғым, Даму идеясы - адамтану ғылымдар тарихының, соның ішінде педагогиканың ең басты идеяларының, педагогикалық категориялардың бірі. Даму идеясын тұңғыш ашқан ескі ірек философы Гераклит болды. Дамудың негізгі қайнар көзін, сипатын және бағытын ашатын диалектика заңдары болып табылады. Даму дегеніміз - қарама-қарсылықтардың, жаңа мен ескінің күресі. Даму процесі алуан түрлі қоршаған жағдайға байланысты эволюциялық жолмен жүреді. Даму күрделі жан-жақты процесс.

«Даму - индивидтің тұқым қуалау арқылы берілген және өмір барысында қалыптасқан қасиеттерінің сандық және сапалық өзгерістерге ұшырау процесі».

Адамның дамуы мен қалыптасуы жайында осы уақытқа дейін әр түрлі пікірлер мен теориялар әдебиеттерде орын алып келеді. Атақты грек философы Платон мен Аристотель адамның дамуын, алдын-ала тағдыр белгілеген тұқым қуалаушылық табиғатынан деп дәлелдеді.

Көптеген ғалымдар жеке адамның дамуында тұқым қуалаушылық факторын жетекші роль атқарады деп таниды. Америка психологы Эдуард Торандайк (1874-1949) баланың дамуын геналарға байланысты, бала геналардың ерекше батериясы, ондағы «гена саймандары» өзгермейді, егер баланың дене қасиеттерін, ақыл-ой ерекшеліктерін және қабілетін белгілейді, деп өз ойыға дәлелдейді, Ол адам санасы да өзінің шыққан тегіне байланысты деп тұжырымдайды.

Америка философы, педагогы Джон Дьюи (1858-1925) Өзінің даму теориясын баладан туа пайда болған инстинкт және қабілеттермен дәлелдейді: Дьюидің пікірі бойынша адамда туысымен-ақ дайын талаптар мен қабілеттер және эмоциялар болады. Сондықтан Дьюи адам табиғатын тәрбие арқылы өзгерту мүмкін емес дейді. Австрия дәрігері Зигмунд Фрейд адам мінез-құлқының қозғаушы күштері оның биологиялық тегіне байланысты деп түсіндіреді.

Адамның жан-жақты дамуының әлеуметтік жағдайларға тәуелді екендігін XVI және XVIII ғ.ғ. алғашқы рет байқаған гуманистер социал-қиалшылдар Томас Мор және Томмазо Кампанелла. Мор жеке адамды дамытудың негізі-жалпыға бірдей және міндетті оқу, оқуды ана тілінде жүргізу, балаларға ғылымның әр түрлі салаларынан теориялық білім беру, оны еңбекпен ұштастыру деп өзінің бұл пікірін «Утопия» кітабында сипаттайды.

Кампанелла адам баласының дамуы, жарасымды қалыптасуы, оның баққытты өмір сүруіне байланысты, сондықтан тәрбие процесінде балалардың ақыл-ойын, қабілетін дамыту үшін игілікті, қажетті жағдайлар жасау керек дейді.

XIX ғасырдың басында қиялшыл социализмнің ілімін жасаушылар Ш.Фурье, Роберт Оуэн және Сен-Симон балаларды жан-жақты қабілетті дамыту, яғни, оларды

біліммен қаруландыру, өмірге, еңбекке даярлау тәрбиеге байланысты деп түсінеді. Олар капиталистік қоғамды, ондағы тәрбие жүйесін батыл сынап, жеке адамның жан-жақты дамуына толық жағдай жасау үшін, халыққа білім және тәрбие арқылы таптық қоғамды бібітшілік жолмен жаңа қоғамға айналдыруды арман етеді.

Жеке адамды жан-жақты дамыту және тәрбиелеу жайлы мәселелерді ең алғаш рет ғылыми тұрғыдан дәлелдеген К.Маркс пен Ф.Энгельс болды. Олар даму заңдарын ашып, адам баласының прогресс жолымен алға басуының мақсаты - бақытты өмір сүріп, жан-жақты дамуына игілікті жағдай жасайтын жаңа қоғамды орнату керек деген қорытындыға келеді.

«Даму - жеке адамды жетілдірудің өте күрделі және диалектикалық процесі. Балада осыдан туа біткен идеялар мен түсініктер және өжет, жұмсақ немесе байсалды мінез болмайды. Баланың адамгершілік, әуестік, белсенділік және батылдық сияқты қасиеттері даму үстінде қалыптасады, - дейді Ж.Б.Қоянбаев.

И.В.Павловтың ілімі бойынша, даму - ішкі жүйке жүйесі қызметінің және сыртқы жағдайларының өзара әрекеттесуі, айналадағы шындықтың адамға ықпал етуі.

Баланың дамуына ықпал ететін факторларға тұқым қуалаушылық, әлеуметтік орта, тәрбие т.б. жатады.

Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі - тәрбие. Тәрбие балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне, дайындығы мен даму дәрежесіне лайық іске асырылады. Тәрбие арқылы адамдардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін, тәрбиеші тәрбиенің құралдары мен әдістерін және формаларын іздестіреді, оларды тиімді етіп пайдаланады. Демек, тәрбие алдын-ала жасалған арнаулы жоспар бойынша мақсатқа бағыттала және ұйымдастырыла жүргізіледі.

Джон Локк адамның көзқарастары мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы тәрбиенің шешуші ролін мойындай келіп, адам тәрбие арқылы жетіледі деген сыңар жақ қорытындыға келеді. Локк бойынша, бала жаны табиғатынан - ақ тақта сияқты тап-таза болады, сондықтан тәрбиеші нені қажет деп тапса, соны сол ақ тақтаға жазуы тиіс. Бұл жерде Локк тәрбиенің жолын аса дәріптеп, әлеуметтік орта мен тұқым қуалаушылық факторларының адамды дамытудағы ықпалын жете бағаламайды.

В.Г.Белинский бала жаны не болса, соны жаза беретін ақ тақта емес, оған өмір жазатын әріптердің мәні тәрбиеші мен жазу құралына және сол тақтаның өз сапасына байланысты деп жазды. Белинский тәрбиенің ролін жоғары бағалай келіп, адамның дамуына тұқым қуалаушылық пен ортаның әсерін де ескрген жөн дейді.

Тәрбие процесінде оқушы өзінің дамуына қажетті жағдайларды пайдалануы тиіс. Осыған орай, тәрбиеші тәрбие арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін тиімді етіп ұйымдастырады, оның дамып-жетілуіне қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға көзқарасын дамытады.

Оқушы организмі мен жүйке жүйесінің даму негізінде, оның психикалық қызметінің (түйсік, қабылдау, ес, қиял, ойлау, тіл, зейін, сезім т.б.) дамуы жетіле түседі.

Оқушының әрбір даму кезеңінде жетекші іс-әрекеті болады. Мұндай іс-әрекет өзінің мақсаттары, мотивтері және орындалу тәсілдерімен сипатталады. Жетекші іс-әрекеті - өсуші индивидтің мұқтаждарын қанағаттандыру мен таным немесе психикалық процестерін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеті.

Таным іс-әрекеттерінің процесінде жаңа мотивтер туады, оқушының түсінігі мен ұғымы, білімі мен тәжірибесі артады, ойлау операциясы да (талдау, синтездеу, салыстыру, абстракциялау, жинақтау, классификация) жетіле түседі. Оқу мен тәрбие процесінде оқушы ойлау операциясы арқылы объективтік шындықтың құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының бай тәжірибесін үйреніп, үйренуге талаптанады. Әрине, оқушы өз бетінше жаңалық ашпайды, ол мұғалімнің, тәрбиешінің көмегімен беріледі, зерттелген ғылыми мәліметтерді бағдарлама, оқулық және басқа да әдебиеттер арқылы қабылдап, меңгереді.

Ойлау әрекеті негізінде оқушылардың дүниеге көзқарасы қалыптаса бастайды, нақты ойлаудан абстракті ойлауға көшеді. Нақты ойлау - бастауыш сынып жасындағы балаларға тән, абстракті ойлау - жоғарғы сынып жасындағы балаларға тән. Сөйтіп, оқушылардың ой-өрісі кениді.

Таным психикалық процесстерінің (түйсік, қабылдау, зейін, ойлау, сөйлеу т.б.) дамуымен бірге оқушының психикалық қасиеттері де (қабілет, бейімділік, мінез) қалыптаса бастайды. Осыған байланысты ойлаудың қабылдағыштың, бақылағыштық, білуге құмарлық, тапқырлық, ізденімпаздық сияқты болымды жақтары да жетіле түседі.

Іс-әрекет процесінде әр түрлі қиыншылықтарды жеңу үшін жеке адамда шешімділік, өзін ұстай білу, батылдық, табандылық, төзімділік сияқты ерік қасиеттері пайда болады. Ал ерік дегеніміз - адамның белгілі бір мақсатқа ұмтылуы мен белсенділігі қимылы.

Жеке адамның психикалық дамуы - бұл оның іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы саналылығының өсіп жетілуі. Сананың дамуы мен адамның қоршаған ортаны жете түсінуін, яғни, оның табиғи, әлеуметтік ортаға көзқарасы мен қатынасын айтады. Ал сана дегеніміз - объективтік шындықты бейнелеуінің жоғарғы формасы.

Сана адамның іс-әрекеті барысында пайда болады. Еңбек және қоғамдық қатынастың нәтижесінде адам өзіне және өзінің әрекетіне қоршаған ортаға жете түсінеді. Оның сана-сезімі дамиды. Дамудың нәтижесінде адамның сыртқы көріністері байқалады. Оларға өзін-өзі бақылау мен бағалау, намыс, өз қадірін сезу, өздігінен жетілуге талаптану т.б. жатады.

Оқушы дамуына іс-әрекеттің ролі өте зор. Ол дамудың негізі. Іс-әрекеттің түрлері: ойын, оқу, қоғамдық пайдалы жұмыстар, көркемөнер, спорт, оқу және т.б. іс-әрекеттер.

Оқушылардың іс-әрекеттерінің ең басты және жетекші түрі - оқу. Ол алдын-ала жасалған жоспар мен бағдарлама бойынша мұғалімнің басшылығымен жүйелі түрде іске асырылып отырады. Сондықтан оқу басқа іс-әрекеттерге қарағанда оқушылардың таным таным қабілетін дамытады, дүниеге адамгершілік қасиетін бірте-бірте қалыптастырады. Оқудың барысында сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ой-өрісі кеңиді, білімі тереңдейді, жауапкершілігі артып, өз алдына қойған мақсаттарын орындауға талпынады. Оқушы мектеп кезеңінде даму жолынан өтіп, нақты білім, саналы тәрбие алады.

Адам баласының іс-әрекетінде процесс термині жиі кездеседі. Мысалы, еңбек процесі, оқыту процесі т.б. Олай болса, оқыту процесі дегеніміз не?

Оқыту процесі терең, берік және дәл білім алу таным жолындағы оқушылардың қимылына байланысты. Оқыту процесі — бұл мұғаліммен оқушылардың мақсатқа бағытталған өзара әрекеттесуінің барысында шәкірттерге білім беру міндеттерін шешу. Оқыту процесі - тұтас педагогикалық процестің бір бөлігі.

Оқыту процесінде оқушылардың ақыл-ойы, танымы, практикалық шеберлілігі мен дағдысы қапыптасады. Оқыту процесін басқару үшін оның жүйесін, құрылымын, бөліктерін және заңдылықтарын, олардың өзара байланысын жете білу керек. Оқыту процесі жүйе ретінде қарастырылады, ол өзінің белгілі құрылымы және бөліктерімен сипатталады. Олар:

1. Білім беру мазмұны.
2. Сабақ беру.
3. Оқу іс-әрекеті.
4. Оқыту әдістері.
5. Оқытудың материалдық құралдары,
6. Оқыту нәтижелері.

Білім - адамзаттың жинақталған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат заңдарын тану нәтижесі. Білімді жеке адамның тиімділігіне айналдыру үшін, оны ойлау операциясы - талдау, салыстыру, жіктеу және жинақтау қажет. Оқушы ойлау операциясына сүйеніп, өз білімін шындыққа айналдырады. Бұл дамытып оқытудың негізгі

ережесі, яғни оқушылардың таным іс-әрекетін дамыту, оларды өз бетімен ізденуге, зерттей білуге және жаңа білімді еркін игеруге үйрету.

Іскерлік - алған білім негізінде оқушылардың практикалық әрекеті іске асырылады. Білімсіз қандай болса да іскерлік мүмкін емес. Мысалы, сауатты жазу үшін грамматикалық ережелерді білу керек.

Дағды - бұл қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетке машықтандыру. Мысалы, тез оқу дағдысы - жүйелі түрде жаттығу нәтижесі.

Сонымен, оқу процесінде білімнің, іскерліктің және дағдының өзара байланысы, бірлігі оқушылардың таным қабілетінің (ойлау, зейін, ес, қиял т.б.) дамуына қиындық туғызады.

Оқыту екі жақты процесс, онда мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастық іс-әрекеттері мен тәсілдеріне үйретеді. Бұл сабақ беру процесі. Оқушылар сабақта турлі іс-әрекеттерінің барысында дамиды, олардың ғылыми көзқарастары қалыптасады. Бұл - оқу процесі. Оқу - бұл оқушылар іс-әрекеттерінің, яғни, объективтік әлемді танудың ерекше формасы.

Оқыту процесінің қозғаушы күштері оқытудың барысында қойылатын таным және практикалық міндеттер мен оқушылардың нақты білімі мен іскерлік дәрежесі және ақыл-ой дамуының арасындағы қайшылық. Егер қойылған міндеттерді шешуге оқушылардың шамасы келмесе, онда қайшылық оқытудың және дамудың қозғаушы күштері бола алмайды. Қайшылық қозғаушы күштері ретінде пайда болу үшін қажетті шарт, ол оқушылардың ықтимал мүмкіндіктеріне сәйкес келуі шарт.

Оқыту процесінің өзіне тән функциялары бар. Олар: оқытудың білім беру, тәрбиелілік, дамыту функциялары.

Оқытудың дамыту функциясы. Белгілі психологтар Л.С.Выготский мен С.Л.Рубенштейн ұсынған тұжырымдамасы бойынша жеке адам тәрбие мен оқыту процесінде жетіледі. Тәрбие мен оқыту дамуды артына салып отырады.

Оқыту дамыта және тәрбиелей отырып, жеке адамның таным-қабілетін мақсатқа сәйкес жетілдіреді. Оқытудың осындай басты міндеттерінің бірі -шәкірттердің таным-қабілетін дамыту.

Дамытып оқыту - бұл оқушылардың таным іс-әрекеттерін барынша дамыту, яғни олардың ой-өрісін дамыту, сөз бетімен жаңа білімді іздеп табуға және оны еркін игеруге үйрету. Дамытып отырудың міндеті. «Ең таяу даму» зонасын жасау.

Таным - қабілетін дамыту туралы Ресей ғалымдарының (Н.Дайри, Т.И.Махмутов, Л.В.Занков, М.Н.Скаткин, И.А.Лернер, А.Н.Пискунов т.б) тұжырымды ұсыныстары мен пікірлері бар. Олардың идеяларының мәні мына төмендегіге саяды:

1. Таным қабілетінің дамытуы-бұл барлық мұғалімдердің барлық пәндер бойынша оқыту процесіндегі мақсаттылық іс-әрекеті.

2. Оқушыларға білім беру және объективтік шындықты тану мәселелері жайындағы оқулықтың ролі.

3. Оқытудың әдістері мен формаларын жетілдіру.

4. Мұғалімнің теориялық дайындығы, педагогикалық шеберлігі, білімдарлығы оқушылардың таным іс-әрекетін дамытудың шешуші құралдарының бірі.

Оқу - оқыту процесіндегі оқушылардың іс-әрекеті.

Оқыту процесінің логикасы мен құрылымын анықтайды, ал құрылымына оқыту процесінің звенолары - танымдық іс-әрекетінің кездері кіреді:

- таным міндеттеріне жете түсіну;
- жаңа материалды қабылдау;
- ұғыну - жаңа оқу материалдарын түсініп жинақтау процесі;
- білімді, іскерлікті және дағдыны бекіту және жетілдіру;
- білімді, іскерлікті және дағдыны практикада қолдана білу;
- оқушылардың жетістіктерін талдау, білімін, іскерлігін және дағдысын

тексеру, бағалау.

Таным міндеті түсінікті болса, оны оқушылар өз бетімен ізденіп шешуге тырысады, оқыту процесінің әрбір звеносына жеке-жеке дайындалады.

Ақыл-ойдың дамуына оқу іс-әрекеті ерекше әсер етеді. Әсіресе оқу жүйесінде сөйлеу қабілетін меңгерудің және дамыудың айқындауыштық маңызы зор. Сөйлеу қабілетін бағдарлама бойынша дамыту мақсатында баланы оқытудың және дамытудың мынадай түрлері болады: біріншіден, нормаға сәйкес әдеби тілді меңгеру, екіншіден, оқи және жаза алу. Оқи білу де, жаза білу де- тіл жүйесіне, оның фонетикасына, таңбалануына, лексикасына, грамматикасына, орфографиясына сүйенетін сөйлеу дағдылары. үшіншіден, оқушылардың сөйлеу мәдениетінің белгілі бір тапап деңгейіне сәйкес келуі, яғни, ол оқушы деген атаққа ие бол, сондықтан да сол деңгейден төмен болмауы тиіс.

Қабылдау - адамға тікелей әсер ететін заттардың я құбылыстардың адам санасында бейнелену процесі. Сабақ үстінде оқушылардың жаңа материалмен танысуы түйсіктен және қабылдаудан басталады. Ал түйсік сананың сыртқы әлемімен байланысты. Сезім мүшелеріне әсер етіп, оның мида бейнеленуін түйсік деп атайды.

Оқушыларды жаңа материалдармен таныстыру, бақылау, эксперимент, практикалық жұмыстар процесінде тікелей қабылдау арқылы немесе жанама түрде мұғалімнің сөзі, эвристикалық әңгіме, оқулық арқылы іске асырылады.

Ұғыну - бұл саналы түрде ғылыми білімді, заңдылықтарды ұғу, фактілерді жинақтау процесі, қорытынды шығару. Ұғыну процесінде оқылатын материал терең ойластырылады, дәлелденеді және бекітіледі.

Бекіту- бұл оқушылардың білімді берік ұғынуының тиімді тәсілі. Сабақта жаңа материалды алғашқы бекіту қолданылды.

Білімді, іскерлікті және дағдыны практикада қолдану оқушылардың өзіндік қасиеттерін дамытады. Оқушылардың өз бетімен дамуына ауызша және жазбаша жаттығу жұмыстарының түрлері мүмкіндік туғызады.

Сонымен оқыту процесінің звенолары сабақ үстінде оқушылардың іс-әрекетінде жүзеге асырылады. Егер олардың іс-әрекетінде мотив болмаса, онда ол бейтарап процеске айналуы мүмкін. Мотив - адамның объективті мұқтажы мен ынтасын бейнелейтін әрекетіне ішкі талаптануы. Демек, мұқтаждық пен ынта мотивация негізі болады. Оқушылар білімге мұқтаждығын сезуі қажет, ол мұқтаждық олардың оқуға деген ынтасын көтереді).

Оқыту практикасында оқудың әр түрлі мотивтері болады. Олардың бірі-тікелей талаптанндыру мотивтері - бұл оқушылардың ұстазын ұнатуы, оған сүйіспеншілігі. Өйткені мұғалім оларға қызықты, тартымды сабақ береді, түрлі көрнекі және техникалық құралдарды т.б шеберлікпен қолданады, лингафон, компьютер кабинеттерінде қызықты сабақтар өткізіледі. Осылардың бәрі оқушыларды терең білім алуға қызықтырады, талпындырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (жалпы бастауыш білім) - Алматы, 2003 - 135 б)
2. Әбиев Ж., Бабаев С, Құдиярова А. Педагогика. - Алматы, 2004 -443 б.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. Алматы. Мектеп, 2002 -956 б.
4. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. Алматы, 2002. -270 б.
5. Молдағалиев . Педагогика. Сөздік. Орал, 2004ж.
6. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2002 ж. 383 б.
7. Сағындық ұлы. Педагогика. - Алматы, 1998 - 356 б.
8. Қозыбаев С. Педагогика.- Алматы, 1999 - 274 б.
9. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика - Алматы, 2002 - 383 б.

10. Рахметова С. Тестік бақылау жүйесі. Бастауыш мектеп. № 6. 2004 ж.
10. Өмірбаева К.О. Оқыту процесіндегі инновациялық ізденістер. -Ақтөбе, 2003.
11. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы, 1987. 392-б.
12. Жалпы бастауыш білім. Қазақстан Республикасы. Стандарт. -Алматы, 2003 ж. -23 б.

ТЕРАПЕВТИЧЕСКИЕ РЕСУРСЫ УЧЕБНОЙ ГРУППЫ БУДУЩИХ ПСИХОЛОГОВ

Соловова Надежда Алексеевна

кандидат психологических наук, доцент, руководитель переподготовки по программе «Педагогика и психология» ведущий балинтовских групп в Самаре, член Самарского балинтовского общества, психоаналитически ориентированный практикующий психолог, Государственное автономное учреждение дополнительного профессионального образования Самарской области «ИНСТИТУТ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ»
Россия, Самара

В последние годы в обществе растет интерес к психологии и психологическому образованию. В России порядка 500 ВУЗов готовят психологов, что говорит о востребованности профессии. Очевидно, актуализация темы профессиональной психологической помощи вызвана явлениями социальной действительности, провоцирующими рост общей тревожности в целом, и в частности рост проблем психологического здоровья людей.

Еще в середине 20-го века Эрих Фромм обратил внимание, что одной из жалоб пациентов является утрата смыслов. Он тогда еще предсказал, что утрата смыслов обязательно повлечет за собой рост алкоголизма, наркомании, агрессивности и суицидов [1, 2]. Мы видим, что все эти прогнозы подтверждаются. Это вопросы позитивного образа будущего, вопросы, куда и зачем человечество идет. Перенасыщение информацией, прозрачность мира, жизнь в сетях, направленность массовой культуры на развитие в современном человеке тенденций к демонстративному поведению, неопределенность, конкуренция, материальная нестабильность, неуверенность в завтрашнем дне, тревоги за будущее детей, утраты, связанные с пандемией влияют на остроту протекания нормативных кризисов взрослых людей. Очевидно, это объясняет большой поток тех, кто решает получить дополнительное образование психологического профиля, чтобы разобраться в своих переживаниях и научиться сохранять психическую устойчивость в нестабильном мире.

Результаты наших исследований показывают, что большая их часть хотят изучать психологию, чтобы разобраться в людях, разобраться в себе (таблица 1).

Таблица 1.

Мотивы получения дополнительного профессионального психологического образования

	Мотивы получения психологического образования	Количество (%)
1.	Разобраться в людях, разобраться в себе	45
2.	Приобрести дополнительные психологические профессиональные компетенции для работы, не меняя сферы труда	25
3.	Получить диплом педагога-психолога, дающий право работать в сфере образования	10
4.	Сменить профессию, стать психологом	10

5.	Получить диплом, подтверждающий право вести свою начатую частную практику психолога	10
Всего		100

Как показывают эти данные, большинство слушателей приходят не «за дипломом», а для того, чтобы разобраться в людях, разобраться в себе, пройти тренинги, найти ответы на волнующие их вопросы, связанные с собственной адаптивностью. По сути, у большей части слушателей существует запрос на разрешение внутриличностных конфликтов, то есть фактически - запрос на терапию.

Наша программа переподготовки составлена на базе стандартов высшего образования, и формально не ориентирована на удовлетворение такого запроса, но стойкий спрос именно на наш курс подтверждает, что определенный терапевтический эффект слушатели получают и рекомендуют этот курс своим знакомым. Тому свидетельство многочисленные диагностические данные психологических исследований «до» и «после» обучения. С 2010 года выпущено 21 группа педагогов-психологов, а итоговое анонимное анкетирование удовлетворенности программой обучения показывает очень высокие результаты (96% удовлетворенности).

Чем же наша программа подкрепляет этот запрос взрослых образованных людей? Содержанием? Формами работы? Качеством коммуникаций? Психологической культурой? Очевидно, что всем вышеперечисленным - программа содержит много практикумов, тренингов, самодиагностики, техник психокоррекции. Анализ показывает, что ключевыми факторами удовлетворенности слушателей обучением в наших группах переподготовки являются 2 параметра:

- 1) качество коммуникаций, особая психологическая культура отношений с преподавателями (учеными и практиками, практикующими консультантами, ведущими супервизионных групп);
- 2) качество культуры отношений в своих образовательных группах. Именно группа становится важным инструментом личностного развития, то есть обеспечивает терапевтический эффект.

Классификация видов групповой психотерапии, предложенная Дэвидом Кеннардом, выделяет психотерапевтические группы трёх видов:

- 1) образовательные,
- 2) группы действия,
- 3) аналитические группы [3].

Формат переподготовки в наших образовательных группах обеспечивает определенный уровень психологической культуры.

Психологическая культура это метасистемное, интегральное образование, представляющее собой моносистему. Обязательная черта такой системы в нашей образовательной организации – это обучение слушателей в малых группах (14-18 человек), где происходит проявление описанных З. Фулкесом основных феноменов группового анализа (групп-анализа), понимаемого как анализ группы и ее отдельных участников **посредством самой группы**. В своих работах он обращал особое внимание на присущую группе способность понимания, проработки и разрешения конфликтов.

Важным в концепции Фукса является понятие групповой матрицы – это фундамент всех отношений и всякой коммуникации, это переплетение интрапсихических, интерперсональных и трансперсональных отношений, в котором индивид оказывается узловым пунктом.

Фукс называет базовую, динамическую и личную матрицу. Базовая матрица определяется общим культурным и языковым контекстом, сетью взаимоотношений в обществе. Динамическая матрица это гипотетическая коммуникационная сеть, те отношения, которые возникают в психотерапевтической группе. Каждый член группы своим участием влияет на отношения в группе и черпает что-то для себя. Личная матрица

заключает в себе сеть взаимоотношений конкретного индивидуума, в частности его семейную общность, которую он привносит в группу, пытаясь развивать привычные для него взаимоотношения. Динамический процесс Фукс определяет как «Эго-тренинг в действии», благодаря ему человек приближается к своей подлинной идентичности, лучше понимает себя и других [4].

Сочетание теоретических занятий с большим количеством практикумов, групповых дискуссий, тренингов, занятий по супервизии, наличие пространства коммуникаций в чатах с ведущим - куратором группы и без ведущего - все это обеспечивает важные динамические процессы в образовательной группе. Особый режим очных занятий 1 раз в неделю обеспечивает актуализацию адаптационных механизмов и динамических процессов. Это такие процессы, как:

- групповая ситуация стимулирует проявление одних бессознательных процессов и тормозит другие;
- специфические терапевтические факторы группового процесса, такие как групповая поддержка, взаимные идентификации участников группы, проверка реальности в группе и т.д.;
- сеансы без ведущего, на которых участники могли позволить себе большую степень самораскрытия, а группа - взять на себя некоторые функции психотерапевта (работа в подгруппах на практических занятиях, коммуникация в перерывах между занятиями, виртуальная коммуникация в чате без ведущего и т.п.).

Таким образом, проведенный анализ терапевтических ресурсов образовательной группы, изучающей практическую психологию, позволяет утверждать, что учебная группа в практике подготовки психологов по нашей авторской программе выполняет и определенные терапевтические функции.

Список использованной литературы

1. Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. 1973 / пер. с англ. Э.М. Телятниковой, Т.В. Панфилова. М.: Аст, 2004. 635 с.
2. Фромм Э. Бегство от свободы. М.: Аст, 2011. 288 с.
3. Кеннард Д. Терапевтические сообщества // Консультативная психология и психотерапия. 2007. Том 15. № 1.
4. Foulkes S.H. Group-Analytic Psychotherapy. Method and Principles. Gordon and Breach, London, 1975.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕРНЕТ-ТӘУЕЛДІЛІК ФЕНОМЕНІНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Жапар Жібек Рүстембекқызы

Жамыл обылысының әкімдігінің білім басқармасы,
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі, психологиялық – педагогикалық түзету кабинетінің әлеуметтік педагогы

Аддиктивті іс - әрекеттің мәні, шынайы өмірдегі жағдайлардан қашуға талпынып, адамдар қауіпсіздік, тепе-теңдікті қалпына келтіру иллюзиясын беретін жағдайға өзінің психикалық жағдайын жасанды түрде өзгертуге тырысады. Аддиктивті іс-әрекеттің фармакологиялық және фармакологиялық емес сипаттағы түрлері бар. Олардың аддиктердің ғана емес, сонымен қатар олардың айналасындағылардың да денсаулығына (физикалық және психикалық) қауіпі зор. Олар тұлға аралық қатынастарға айтарлықтай зиян келтіреді.

Аддиктивті іс - әрекет – интенсивті эмоциялардың дамуымен сүйемелденетін, өзінің психикалық жағдайын кейбір заттарды қабылдап немесе өз зейінін тұрақты түрде белгілі бір заттарға немесе белсенділіктерге (қызмет түрлеріне) шоғырландыру арқылы өзгерту жолымен шынайы өмірден қашуға тырысудан көрінетін деструктивті іс-әрекет формаларының бірі. Бұл үрдістің адамды өзіне тартып алатындығы соншалық, ол оның өмірінің өзін де басқара бастайды .

Аддиктивті тұлға өз ұмтылыстарында мәселеден құтылудың – жан сақтаудағы өзінің әмбебап, бірақ біржақты тәсілін іздейді. Аддиктің табиғи бейімделушілік мүмкіндіктері психофизиологиялық деңгейде бұзылған. Бұл бұзылыстардың бірінші белгісі психологиялық ыңғайсыздық (дискомфортты) сезімі. Психологиялық комфорт әртүрлі, ішкі және сыртқы себептерден бұзылуы мүмкін. Өмірде әрқашан көңіл - күй бір түсіп, бір көтеріліп отырады, бірақ, бұл жағдайларды индивидтер әртүрлі қабылдап оларға әртүрлі жауап береді. Біреулері тағдыр тәлкегіне қасқая қарсы тұрып, болып жатқан істер үшін өзіне жауапкершілік алып, шешім қабылдаса, басқалары көңіл-күйі мен психофизикалық тонусының қысқа уақыттық және болар болмас өзгеруін басынан әрең өткізеді. Мұндай адамдардың фрустрацияны бастан өткізуі төмен болады. Шындықпен күресудің мұндай тәсілі адамның іс-әрекетінде бекіп шындықпен қарым-қатынас жасаудың тұрақты стратегиясына айналады.

Тәуелділік психологиясының (немесе аддиктологияның) тәуелділіктердің (аддикцияның) іс - әрекеттік формаларын бөліп алуға тырысумен байланысты қазіргі заманғы проблемалары қарастырылады. Талдау қазіргі кезде белсенді түрде талқыланып жүрген және проблемалық Интернетке - тәуелділік мәселесіне жүргізіледі. Осы проблема бойынша әртүрлі көзқарастар берілген: Интернетке - тәуелділікті іс - әрекеттік феноменнің тәуелділіктерінің клиникасымен ортақтығы аз іс - әрекеттік аддикция ретінде квалификациялау, бұл феноменді тәуелділіктердің өзінше бір формасы ретінде қате түсінетін психологтардың адасуы.

Психологтардың зерттеу және терапевтикалық практикасындағы ең көрнекі салаларының бірін тәуелділік психологиясы алады. Тәуелділіктер туралы ілім немесе аддиктология психология мен медицинаның түйісінде қалыптасты, айтарлықтай үлесін педагогика мен әлеуметтануда қосуда. Эпидемиялық модел бойынша дамып отырған тәуелділіктің дәстүрлі түрлері наркотиктік (токсикоманияны қоса), алкогольдік немесе темекі тәуелділіктерімен күрес құралдарын іздеу мен жетілдірумен қатар, тәуелділік туралы кеңірек түсінік қалыптастыруға деген айқын тенденция байқалады. Шынайы өмірден сананың жағдайын өзгерту жолымен «кету» әдістерінің алуан түрлілігі жайлы мәселе қойылады. Сананың өзгертілген жағдайлары проблематикасы психологияда кеңінен танымал.

Аддикция және тәуелділік терминдері отандық ғылым үшін айтарлықтай жаңа терминдердің бірі – бұл терминдер осыдан он жылдай бұрын А.Е. Личко мен Н.Я. Иванов құрастырған «қазіргі заманғы американдық психотерапевтикалық терминологиясы сөздігінде Ресейде қабылданған өзгешеліктерімен» қолданылды дейді. Шет елдерде олар айтарлықтай кең қолданылады. Терминологиялық келіспеушілік жағдайында бір автолар аддикцияны ауыру ретінде ал тәуелділікті іс - әрекеттің ілеспелі формасы ретінде түсінеді, басқалары қарама - қарсы ойды ұстанса, үшіншілері бұл терминдерді айырмайды немесе оны ретімен жасамайды.

Физикалық тәуелділікті сүйемелдемейтін тәуелділіктің психологиялық формалары, негізгі көзқарастар мен парадигмаларды қайта қарау керектігі туралы мәселені қоюға негіз береді: аддикцияны квалификациялау үшін адамның іс - әрекеттің аддиктивті формаларын ұстануы сыйлайтын сезімдерге эмоционалдық бауыр басуы жеткілікті болуы мүмкін. Ресей мамандарының арасында тәуелділіктің психологиялық формаларының өзіндік жеткіліктілігін (аддикцияны) Ц.П. Короленко біртіндеп жақтап жүр. Ол Н.В. Дмитриевамен бірге былай дейді – «Аддиктивті іс - әрекеттің элементтері – шындықтан, өзінің психикалық жағдайын өзгерту жолымен кететін кез - келген адамға тән. Аддикция

проблемасы психикалық жағдайының өзгеруіне байланысты шындықтан қашуға ұмтылу өмірге басып кіретін басты идеяға айналып шындықтан кетуге апаратындай санада басымдық пайда бола бастайды. Олар химиялық емес аддикциялардың келесі түрлерін талдаған: құмар ойындарға (басқаша айтқанда гемблинг), жұмысбастылық аддикция, ақша жұмсағыштық аддикция, басқа адамдармен қарым - қатынастағы аддикция, ургенттік (үнемі уақыт жетіспеушілік) аддикция [1].

Аддикцияның тартымдылығы - оның ең аз қарсыласу жолынан тұратындығы. Аддиктивті жүзеге асырулардың әртүрлі нұсқаларын қолданып қандай да бір заттарға немесе әрекеттерге қадала қарау арқылы өз проблемалары жайлы ойламай, үрейлерін ұмытып, қиын жағдайлардан құтылуға болады деген субъективті әсер пайда болады.

Көңіл - күйді аддиктивті механизм бойынша өзгерту ойы, әртүрлі аддиктивті агенттер көмегімен жүзеге асырылады. Мұндай агенттерге психикалық жағдайды өзгертетін заттар: алкоголь, наркотиктер, дәрілік препараттар, улы заттар жатады. Көңіл - күйді жасанды өзгертуге сондай-ақ, қандай да бір белсенділіктер түріне: құмар ойындар, компьютер, тәттіге құмарлық, тоя тамақтану немесе ашығу, жұмысқа құмарлық, ритмикалық әуендерді ұзақ уақыт тындауға құмарлық септігін тигізеді[2].

Аддикцияның күйретушілік сипаты, аддиктивті жүзеге асыру тәсілі, құралдан біртіндеп мақсатқа айналады. Қиын жағдайларда күмән мен уайымды анда - санда ұмытып, сейілу адам баласының бәріне қажет нәрсе, бірақ, аддиктивтілік жағдайында ол өмір сүру стиліне айналып, осы процесте адам нағыз шындықтан тұрақты қашу қармағына түседі [3].

Аддиктивті іс - әрекеттің жүзеге асуы достықты, махабатты, белсенділіктің басқа түрлерін ауыстырады. Ол аддиктің өмірдегі тепе - теңділікті сүйемелдеуге қабілетсіз болатындай, белсенділіктердің басқа формаларына кірісе алмайтындай, адамдардан қарым - қатынас жасағаннан ляззат ала алмайтындай, бірдеңемен айналыса алмайтындай, босаңсый алмайтындай, тұлғаның басқа жақтарын дамыта алмайтындай, біреудің мейіріміне, қайғысына ортақтасу және эмоционалды қолдауын жақын адамдарына да білдіре алмайтындай дәрежеде уақытын, күшін, энергиясын және эмоциясын жұтады.

Басқа адамдармен қарым - қатынас жасау арқылы жалпы адамзат тәжірибесі, әлеуметтік нормалар, құндылықтар, білім мен қызмет тәсілдері игеріледі және тұлға қалыптасады. Аддикт өзін бұл процесстерден бөліп, өзінің өмірлік тәжірибесін байытуды тоқтатып сонымен, бірге қарым - қатынас жасаудың маңызды функцияларын бұзады. Аддиктің басқа адамдармен бірге қызмет ету процессінде өзара қиындықтар туындайды. Аддиктивті ерекшеліктері бар адам өзін - өзі тану, өзіне деген сенімділігін нығайту мен дәлелдеу қажеттілігін адамдармен қарым - қатынас жасауда емес ең алдымен аддиктивті агенттермен контактіде жүзеге асырады. Аддиктер туралы, олар өзінің тіршілігінде және өзінің құнды екендігін нық орнықтыруға тырысып басқа адамдардан сүйеніш іздейді деп айтуға болмайды. Сүйеніш іздеу аддиктивті жүзеге асудың шегінен аспайды. Қарым - қатынас жасаудағы дисфункционалды процесстермен қатар, тұлға аралық перцепцияның идентификация, эмпатия, рефлексия сияқты маңызды механизмдері бұзылады, өзгертіледі және құндылығын жоғалтады. Сондықтан да, өзін әріптесінің орнына қойып, бірге уайымдап, сені айналаңдағылар қалай қабылдайды деп ойлау қабілетін жоғалтады.

Пайдаланған әдебиеттер;

1. Бабаева Ю.Д., Войскунский А.Е., Смыслова О.В. Интернет: воздействие на личность // Гуманитарные исследования в Интернете / Под ред. А.Е. Войскунского. – М., “Можайск-Терра”, 2000, с. 11-40
2. Бабаева Ю.М., Войскунский А.Е. Одаренный ребенок за компьютером. М., 2003.
3. Войскунский А.Е. Психологические исследования феномена Интернет-аддикции // Тезисы докладов 2-й Российской конференции по экологической психологии. М.: Экопсицентр РОСС. 2000 С. 251-253.

ФРУСТРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Тохтаров Ақниет Мұхтарұлы

І. Жансугурова атындағы Жетісу университеті,
Педагогика және психология мамандығының доктаранты

Қоршаған ортаны бақылау үстінде әрбір әрекет белгілі бір дәрежеде кезкелген психикалық күймен байланысты. Бұл, атап айтқанда, оқу процесіне, студенттердің психикалық жағдайына қатысты. Психикалық күйлер жеке және жағдайлық болып қарастырылады. [1] Бұндай психикалық жай-күйлер фрустрация кезінде болуы мүмкін.

Сонымен қатар, қазіргі психологияда сыни өмірлік жағдайларды сипаттайтын негізгі ұғымдардың бірі-фрустрация. Фрустрация кез-келген мақсаттар мен қажеттіліктерге қол жеткізудегі сәтсіздіктерге және мақсатқа жетуге кедергі келтіретін ішкі кедергілердің пайда болуына жауап ретінде пайда болатын эмоционалды жағдайды білдіреді. [2]

Фрустрация (ағылш. frustration - "бұзылыс, жоспарлардың бұзылуы, күйреу") - мақсатқа жету жолында кедергілер мен қарсылықтар пайда болған уақытта, оларды жеңіп, өту мүмкіндігін еңсерілмейтін немесе сол сияқты қабылданатын жағдайларда пайда болатын ерекше эмоционалды жағдай. [3] Т.П.Пушкина өз кезекте осылайшы қарастырса. Ал, фрустрация саласында танымал.

С. Розенцвейг келесі анықтаманы береді: «Адам денесі өмірдің кез-келген қажеттілігін қанағаттандыру жолында көп немесе аз шешілмейтін кедергілерге тап болған жағдайларда фрустрация орын алады»

"Фрустрация" термині ұзақ уақыт бойы күнделікті тілде қолданылған, сондықтан әртүрлі тәртіптегі құбылыстарды белгілеу үшін қолданылған. Оны ғылыми терминге айналдыру процесі бірнеше жолмен жүрді.

1. Біріншіден, фрустрация өзіндік құндылығы бар және зерттеуге арналған тәуелсіз пән ретінде қабылданды. Бұл кезең салыстырмалы түрде тәуелсіз "теориялар құру" ретінде сипатталды.

2. Әрі қарай, бұл фрустрацияны кейбір жалпы мінез-құлық теориясының шеңберіне кіретін деп талқылауға кірісті.

3. Ақыр соңында терминнің айтарлықтай үнілуі басталды, яғни "негізгі" тұжырымдар мүмкіндігінше. [4]

Фрустрация сөзі-күнделікті сөйлеуде пайда болатын және түбегейлі әр түрлі мағыналарға тым сезімтал көптеген психологиялық ұғымдардың бірі. Тіпті психологтар бұл терминді әртүрлі тәсілдермен қолданды, кейде сыртқы арандатушылық жағдайды, кейде дененің осы оқиғаға реакциясын білдіреді. [5]

Фрустрация теориясын талдау кезінде шетелдік ғылыми әдебиеттерде "фрустрация" ұғымына арналған зерттеулерде екі негізгі тәсіл бар екенін көрсетті: психоаналитикалық (З. Фрейд) және мінез-құлық (с. Розенцвейг, Д. Доллар, Н. Миллер, Н. Майер және т. б.).

30-шы жылдары өмірдің күрделі мәселелерінің бірі ретінде фрустрацияға деген қызығушылық пайда болды, әрине оны Фрейдтің жұмыстарынан бәле аламыз, жаңа атап өткендей. Психоаналитикалық тәсіл аясында фрустрация "жеке тұлға өзінің саналы немесе бейсаналық мақсаттарына жету жолында қандай да бір кедергіге (көбінесе субъективті түрде шешілмейтін) тап болған кезде ерекше жағдай немесе ішкі жанжал" ретінде қарастырылады (З. Фрейд). Мінез-құлық тәсілі аясында басты назар жеке адамға күтілетін ләззат алуға кедергі келтіретін сыртқы жағдайларға аударылды. [6] Бірақ фрустрацияның теорияларын жаңа беттерін ашу З.Фрейдтің тұжырымдарына байланысты болды.

30-40 жылдары фрустрацияның бірнеше тәуелсіз теориялары пайда болды, бірақ олардың барлығы бірнеше жалпы ережелермен бөлісті: олар "фрустрацияны" белгілі бір дәрежеде өз құқықтары бар ерекше тақырып ретінде анықтады, терминді қарапайым операциялар арқылы анықтауға тырысты; басты назар осы құбылыстың мінез-құлық әсеріне аударылды.

Қазіргі таңда фрустрация құбылыстары іс-әрекеттегі кедергілерге қатысты ең көп зерттелген, сондықтан болашақта іс-әрекет еңсерілмейтін кедергіге байланысты бағатталған жағдайлар туралы, дегенмен мұндай жағдайлар фрустрация саласын шектей алмайды.[7]

Көптеген анықтамаларға сәйкес, фрустрация жағдайдың қажетті белгілері-мақсатқа жетуге деген күшті сенімнің болуы (қажеттілікті қанағаттандыру) және осы жетістікке кедергі келтіретін кедергілер.

Осыған сәйкес фрустрация жағдайлары фрустрацияланған мотивтер мен "кедергілердің"табиғаты бойынша жіктеледі. Бірінші типтегі жіктеулерге, мысалы, А. Маслоу жүргізген негізгі, "туа біткен"психологиялық қажеттіліктерді (қауіпсіздік, құрмет және махаббат) ажырату жатады, олардың фрустрация табиғатта патогенді және "алынған қажеттіліктер", олардың фрустрациясы психикалық бұзылулар тудырмайды.

Белгілі бір мақсатқа жетуге деген күшті мотивацияның және оған барар жолдағы кедергілердің үйлесуі, сөзсіз, фрустрацияның қажетті шарты болып табылады, бірақ кейде біз фрустрация күйіне түспестен айтарлықтай қиындықтарды жеңеміз. Сонымен, фрустрацияның жеткілікті жағдайлары туралы мәселе қойылуы керек, немесе, сонымен бірге, іс-әрекеттегі қиындық жағдайының фрустрация жағдайына ауысуы туралы мәселе қаралуы керек.

Әдетте, фрустрация тітіркендіргіштерге немесе фрустратор деп атауға болатын жағдайларға реакция ретінде зерттеледі.Реакция әр түрлі адамдарда әр қалай көрінуі мүмкін,көбінде адамның эмоциялық күйіне негізделеді.

Фрустрация психологиялық мазмұны немесе бағыты бойынша ғана емес, сонымен қатар ұзақтығы бойынша да ерекшеленеді. Фрустрацияны сипаттайтын психикалық күйлер агрессияның немесе аффективті типтегі депрессияның қысқаша өршуі болуы мүмкін немесе ұзақ көңіл-күй болуы мүмкін, кейбір жағдайларда адамның жеке басына елеулі із қалдырады.

Фрустрация жағдайына тән белгілер:

1.Қажеттіліктің, мотивтің, мақсаттың, бастапқы іс-қимыл жоспарының болуы.

2.Қарсылықтың болуы (кедергі - фрустратор). Қарсылық сыртқы және ішкі, пассивті және белсенді болуы мүмкін.

Фрустрация жағдайында адам өзін жетілген адам немесе нәресте ретінде көрсете алады. Бейімделгіш мінез-құлық бар адам мотивацияны күшейтеді, мақсатқа жету үшін белсенділік деңгейін жоғарылатады, мақсатты сақтап қалу үшін. Нәрестелік тұлғаға тән конструктивті емес мінез-құлық сыртқы агрессияда өзіне немесе жеке тұлға бағытталған ретінде көрініс табуы мүмкін.

Бұл жағдай адам өзі үшін маңызды тілектерді жүзеге асыру жолында қарсы келе алмайтын кедергілерге (қақтығыстарға) тап болған кезде пайда болады, қол жеткізуге болатын нәрсе қол жетімсіз болатынын түсінеді; бұл мінез-құлық процесі мен нәтиже арасындағы сәйкессіздікті білдіреді, бұл студенттік жастағы жастарға тән жеке жетілмегендікті көрсететін күшті эмоционалды реакцияда көрінеді.Осыдан студенттердің фрустрациялық жағдайларға көп кезігетінің байқауымызға болады.

Фрустрация, барлық психикалық күйлер сияқты, 1) адамның мінезіне тән, 2) атиптік емес, бірақ жаңа мінез белгілерінің пайда болуының басталуын білдіреді және 3) эпизодтық, өтпелі болуы мүмкін.

Егер біз жастарға тән психикалық күйлер туралы айтатын болсақ, интроспекцияға деген шамадан тыс сүйіспеншілікті білдіретін болсақ, онда олар қателік жіберер еді, өйткені бұл жағдай тек кейбір ұлдар мен қыздарға ғана тән, бұл бүкіл кеңестік жастарға

тән емес. Типтік психикалық күй, әдеттегі мінез сияқты, әрқашан өзінің жеке өрнегін тауып қана қоймайды, тек жеке-жеке өмір сүреді; сондықтан оларды жеке ерекшелікті ескермей, схемалауға болмайды.

Фрустрацияның психикалық күй ретінде талдайтын болсақ, әр түрлі ұғымдармен түсіндіріледі. "Фрустрация" ұғымы екі мағынада қолданылады: 1) маңызды мақсатқа жетуге бағытталған мінез-құлықты блоктау немесе тоқтату актісі (яғни, фрустрациялық жағдай); 2) сәтсіздіктен, кез-келген күшті қажеттілікті қанағаттандырмаудан, сыртқы қорлаудан кейін пайда болатын адамның эмоционалды жағдайы.

Фрустрация көп ұғымдарды қарастырдық. Көбінде оның адамның жай-күйіне теріс ретінде көрсетіледі. Ал, фрустрация адам өмірінде оң рөл атқарады. "Адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаны басқаруға туа біткен ресурстарды жұмылдыру арқылы фрустрация жеңуге үйренген кезде өседі және дамиды». Яғни студенттердің қарым-қатынасы фрустрация жағдайында оң бағытта жүруі мүмкін. Сол оң реакцияларды атап өтсек.

М. А. Роббер, Ф. Тилман фрустрацияның оң реакцияларға кедергіні жеңу, тапқырлықтың көрінісі және кедергілерді айналып өту, өтемдік әрекеттер, сондай-ақ (қажет болған жағдайда) мақсаттан бас тартуды жатқызды.

Сондай-ақ, кейбір жағдайларда фрустратор фрустрацияны тудырмайды. Бұл құбылыс фрустрациялық толеранттылық деп аталады, ол шыдамдылықты, ауыр тәжірибе мен өткір реакциялардың болмауын түсіндіреді. Толеранттылық адамның фрустрациялық жағдайды барабар бағалау және одан шығудың алдын-алу қабілетіне негізделген. Бұл кедергілерге "төтеп беру" туралы емес, олардың барлық қажеттілігі мен пайдалылығын мойындау, оларды өздері үшін жақсы деп санау және кедергілер жеткіліксіз болған кезде фрустрацияны жеңу туралы емес. Бұл жағдайда фрустрациялық толеранттылық адамның маңызды сапасы ретінде әрекет етеді.

Фрустрациялық жауаптың келесі түрлері бар:

- 1) қозғалыс қозуы-мақсатсыз және бұзылған реакциялар;
- 2) апатия;
- 3) агрессия және жою;
- 4) стереотипия-бекітілген мінез-құлықты соқыр түрде қайталау үрдісі;
- 5) өмірдің бұрынғы кезеңдерінде үстемдік еткен мінез-құлық модельдеріне жүгінуде мінез-құлықты примитивизациялауда көрінетін регрессия.

Оқу іс-әрекетінің барысында студенттерде фрустрация күйін тудыратын фрустраторлар нақтырақ айтқанда тұлғаишілік фрустраторлар, өз бетінше әрекет ету, жауапкершілік, өзін-өзі реттеу, көпшілдік сияқты тұлғалық сапалардың толық қалыптаспауы, кәсіби бағыттылықтың төмен болуы, оқығысы келмеу, енжарлық пен жинақы болмау, сәтсіздіктерден қорқу мен өзінің табысқа жетуіне сенбеу, сыртқы фрустраторлар: әлеуметтік-тұрмыстық жайсыздық, оқытушы талаптарының санжоспарлылығы, оқитын материалдың күрделі болуы, ата-аналар мен оқытушылардың тарапынан қолдаудың болмауы әсер етеді.

Теориялық тұрғыда жасалынған талдау фрустрацияның мәнін түсіну, фрустраторлардың ерекшеліктерін, мінез-құлық реакциялары, эмоциялық реакциялар мен кедергілерді жеңудің реакциялары мен тұлғаның фрустрациялық жағдайында стратегиялары конструктивті және деструктивті схемасын жасауға мүмкіндік берді. Бұл кесте фрустрациялық жағдайда өз мінез-құлқының рефлексиясын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ психологиялық көмек көрсету барысында басқа адамдардың мінез-құлқын талдау үшін немесе оқу мақсатында болашақ педагогтар мен психологтарды даярлау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Фрустрация жағдайында қалған студент өзіне сенімділікті сезінуге, сыртқы және ішкі сипаттағы әртүрлі кедергілерді жеңуге көмектесетін сапа мен іскерлікті көрсетуге мүмкіндік беретін психологиялық көмекті қажет етеді. Осылайша, оқу қызметіндегі фрустрация ұғымын оқу мақсаттарына қол жеткізуді қиындататын тежеусіз кедергілермен

(фрустраторлармен) соқтығысу салдарынан білім алушының мінез-құлқы мен іс-әрекетінің дезорганизациясында көрінетін күрделі, эмоционалды-мотивациялық жағдай ретінде анықтауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Левитов Н. Д. О психических состояниях человека // Просвещение.-1964.-С. 195.
2. М.К. Акимова, М.М. Мишина, Г.С. Перевощикова Учет особенностей проявления эмоциональной сферы студентов в процессе профессионального воспитания // Вестник ТвГУ. Серия "Педагогика и психология". 2019. Выпуск 3(48). С. 6-177.
3. Т. П. Пушкина Медицинская психология(Методические указания) // Новосибирск: Научно-учебный центр психологии НГУ.-1996.-С. 94
4. Л.И. Дементий Фрустрация: Понятие и диагностика // Учеб.-метод. пособие: Для студентов специальности 020400 «Психология». – Омск: Изд-во ОмГУ, 2004. – С. 6.
5. Leonard Berkowitz Frustration-Aggression Hypothesis: Examination and Reformulation, University of Wisconsin—Madison, Psychological Bulletin 1989, Vol. 106, No. 1, 59-73
6. Эрбегеева А.Р. психологическая поддержка студентов, находящихся в состоянии фрустрации // (на примере студентов педагогического вуза) диссер. на с. уч.сте. канд. психо. н. Самара.- 2009.-С. 24.
7. Левитов Н.Д. Фрустрация как один из видов психических состояний // Вопросы психологии. – 1967. – №6. – С. 118–129.

ТҰЛҒА ДАМУЫНДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Сайлыбаева Құралай Әбдімәлікқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Тұлға табиғаты туылысынан қоғамдық, әлеуметтік деп есептеледі. Жоғары дамыған жүйке жүйесі, ағзаның таза тұлғалық қасиеттері өмірдің әлеуметтік жағдайлары әсерінен дамиды, жетіледі, әлеуметтік факторлар оны әрекеттер жасауға, еңбек етуге, жасампаздыққа үйретті, өзінің өмірін жақсартуға, ол үшін үздіксіз күрес жүргізуге төселдірді. Еңбек іс-әрекеттер, жарқын келешекке үміт пен сенім, оған жетудің жаңа жолдарын іздестіру, өмір сүрудің басты мақсатына айналды. Басқаша айтқанда тұлға қайнаған қоғамдық процесте қалыптасады, дамиды, жетіледі.

Тұлғаның әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы, айналысатын ісі мен кәсібін, білімі мен дағдысының, өмір тәжірибесінің, өзіне тән ерекшеліктерінің жиынтығы жеке тұлға деген ұғыммен сипатталады. Жаңа туылған нәресте - тұлға, бірақ оны әлі де жеке тұлға деуге болмайды, өйткені онда дағды мен тәжірибе, білім мен іс-әрекет, қоғамдық қатынас әзірше қалыптаса қойған жоқ. Ендеше жеке тұлға тек қана тарихи-әлеуметтік құбылыстың жемісі ретінде көрінеді, қоғамдық ортада қалыптасады.

“Жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігі, оның қызметі мен дүниетанымынан, мінез-құлқынан, мұрат-мақсатынан, талғамынан, сезімінен, қабілетінен, ынта қоюынан, дағды әдетінен байқалады”, - деп тұжырымдайды профессор Құдайқұлов М.А.

Демек, жеке тұлғаның басты белгісі оның әлеуметтік қызметінде, ал мәні әлеуметтік санасында. Жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайы оның еркіне тәуелді бола бермейді. Жеке тұлға қоғамнан тыс дами алмайды, өйткені тұлғаның дамуы қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Сондықтан тұлғаның психологиялық ерекшеліктері, оның өзіне ғана тән қасиеттері әлеуметтік жағдайға, нақтылы кәсібіне, іс-әрекетіне, білім қабілетіне байланысты анықталады. Жеке тұлға психологиясы айналасындағы ортамен қарым-қатынас жасау, қоғамдық тәрбиемен білім алу, кәсіптік қызмет атқару арқылы

қалыптасады. Тұлға тек іс-әрекет жасау үстінде ғана өсіп жетіледі. Қызмет ету барысында оның қабілеті артады, іскерлігі мен дағдысы дамиды, кәсіптік шеберлігі ұшталады, өмірлік белсенді позициясы нығаяды, өз кәсібі бойынша мол тәжірибе жинақтайды.

Тұлғаның іс-әрекетінің негізгі формалары: ойын, білім алу, ақыл-ой еңбегі, ғылыми ізденістер, физикалық еңбек, өнер мен шығармашылықпен шұғылдану. Бұлардың қайсысы болса да белгілі бір мақсат-мұратқа, шетке бағытталады. Осы келтірілген уәждерге сүйене отырып, іс-әрекетті тұлғаның түрлі қажеттерін өтеу үшін, белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталатын еңбек процесі деп тұжырымдауға болады.

Тұлғаның қызметі әрқашан да қажеттіліктен, мақсатқа ұмтылудан, оны орындауға қажетті білімімен және іскерлік пен дағдыдан құралады. Іс-әрекет пен білім алу, іскерлік және дағды өзара байланысты дамиды. Мысалы, тұлғаның білімі, дағдысы, ебдейлігі белгілі бір қызмет үстінде қалыптасады, кейіннен олар іс-әрекетті жүзеге асырудың негізгі шартына айналады.

Тұлғаның кез келген қызметінің орындалу шарты саналы түрде орындалатын қимыл-қозғалыстар мен амал-әдістердің дағдыға айналуы болып табылады.

Тұлға бойына дарыған бір дағды екінші бір дағдыны қалыптастыруға көмектесе, қайсы бірі бір-біріне кедергі келтіреді.

Дағды мен білім - екі түрлі процесс, олардың қалыптасу жолдары да түрліше. Дағды - динамикалық стереотип негізінде қалыптасса, білім - екінші сигнал жүйесі арқылы меңгеріледі.

Сонымен бірге тұлғаның мақсаты мен ниеті әрқашан да белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдырады. Мақсатты іс-әрекет кезіндегі белгілі бір нәтижеге жету, ал ниетті сол нәтижеге итермелеуші күш деп түсіну керек. Сондықтан кез келген әрекет алдымен ниетке таладау жасаудан басталады. Ендеше ниет тұлғаның іс-әрекетінің сырын ашатын кілт іспеттес.

Тұлға мақсатқа жету үшін түрлі құрал-аспаптарды, информацияларды, мәліметтерді, әртүрлі амал-тәсілдерді пайдаланады. Бұларды игеру үшін тұлғаның белгілі бір білім дәрежесі, дағды мен іскерлігі болуы шарт деп санаймыз.

Іс-әрекет психологиялық, әлеуметтік категорияға жатады. Психологиялық тұрғыдан қарағанда оның бірлік бөлігі - амал болса, мұның өзі операцияның элементі саналады, ал операцияны белгілі бір істі орындаудың тәсілі деп түсінуіміз керек.

Белгілі психолог К.К. Платоновтың зерттеулері негізінде, тұлғаның кез келген іс-әрекетінің құрылымы мынадай схема түрін болады:

Мақсат – себеп – орындау тәсілі - нәтиже.

Тұлғаның іс-әрекеттерінің түрлері, әсер етуінің формалары мен тәсілдері сан алуан. Ол жеке Тұлғаның қызметі. Тұлғаның қабілеті тек іс-әрекет үстінде ғана қалыптасатындығы белгілі. Сондықтан қабілет іс-әрекеттің бейнесі ретінде түсіндіріледі. Тұлғаның іс-әрекетінің жетілуі оның рухани әрі физикалық қабілетіне де байланысты. Өйткені Тұлғаның барлық қызмет түрлерінің шығу көзі саналы еңбек деп есептейміз.

Психолог ғалым В.С. Мерлиннің пікірі бойынша тұлғаның қызмет түрлері бойынша өмірлік бағыты:

- жеке басы мүддесінің өзгешеліктеріне;
- алға қойған мақсаттарының ерекшелігіне;
- өзінің қажеттілігін өтеуге;
- жеке басының мақсат ұстауына байланысты жетілуі.

Қазіргі ғылыми -техникалық прогресстің қарыштап даму кезеңінде жеке бастың өмірдегі жетістіктері, белсенді еңбекпен, ғылыми жаңалықтарды игерумен, қабілет-дарынан жетілдірумен тікелей байланысты деп түсінеміз. Келтірілген жәйттерді ескере отырып жеке тұлғаның іс-әрекетінің құрылымын философиялық және психологиялық түсіні тұрғысынан талдап көрейік.

Құрылым (структура) ұғымы философиялық категория, олай болса, іс-әрекет құрылымының құраушы элементтерін, олардың өзара байланыстарын, жеке ерекшеліктерінің тұтастығын анықтауға болады. Белгілі психолог К.К.Платонов жеке тұлға іс-әрекетінің құрылымының төрт құраушысы бар деп санайды. Ғалым оның біріншісіне - жеке тұлғаның өзіндік бағытын, өзгелерге қатынасын, моральдық бейнесін; ал екіншісіне-тұлғаның іс-тәжірибесі арқылы меңгерген білімін, іскерлігін, дағдысын, үшіншісіне – ойлауын, қабылдауын, түйсігін, сезімін, есте сақтау қабілетін, төртіншісіне тұлғаның жеке басының темпераменттік қасиеттерін жатқызады.

Келітірілген құрылым элементтері жеке тұлғаға қатысты динамикалық өзгерістерге ұшырайды; ал оның тұтас құрамды элементтері психологиялық функция ретінде қарастырылады. Аталған элементтер тұлғаның жеке басының психологиялық қасиеттерін жинақтайды деп түсінеміз. Талданған динамикалық, функциональдық, психологиялық құрылым деп атауы сәтті шыққан.

Тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы осы құрылымның барлық құраушыларының толық болуына тәуелді. Олардың бірінің әлсіз дамуы немесе кемдігі Тұлғаның жеке басының дамуындағы олқылықтарға соқтырары сөзсіз. Осындай олқылықтардың орын алуын немесе болуына тұлғадардың жеке басының әр түрлі кездесуі, олар: тиянақты, тындырымды, аңғарымды, пайымды, ойлы, ойсыз, айқын мақсатты, мақсатсыз, қызба мінезді, салқын қанды, еліктегіш, әершіл, ұяң, жалтақ, ерме, көнбіс, ұшқалақ, алғыр, шешімді, салмақты, отар, төзімді, іскер, т.с.с. болып келеді.

Тұлға, әсіресе, жастық шағында, өзінің мұқтаждары мен алға қойған рухани талап тілектерін өтеуге сара жол таба бермейді, оның түрлі қиындықтарға ұшырауы да заңды. Өйткені тұлғаның материалдық қажеттері мен рухани мұраты өзінен-өзі пайда бола қоймайды. Оның таныммен тәрбиені, еңбек ету мен кәсіптік мамандықты игеруі, азаматтық және отбасылық үрдістерді меңгеруі, мінез-құлықты баулуы, іс-әрекеті арқылы қабілеті мен іскерлігін қалыптастыруы нәтижесінде жүзеге асырылады.

Сонда ғана тұлға басқалардың қимыл әрекетіне соқыр сеніммен еліктеуді қойып, өмірді өзінше саралайды. өмір мәнін ізденіс, іс-әрекет арқылы түсінеді. Олай болса Тұлғаның қабілеттілігі оның қандай іс-әрекетпен үздіксіз, белгілі бір мақсатпен шұғылдануын тәуелді деп айту ағаттық болмас еді. Іс-әрекет түрлері қабілеттілік те қоғам талабына, қоғам дамуымен байланыстырылады. Қоғамның дамуына, оның әлеуметтік сипатына қарай қабілеттілік те дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Экономика организация и управление предприятием: Учебное пособие. – м: ИНФРА – М, 2004-491 с
2. Усова А.В. Бобров А.А. Формирование учебных умений и навыков учащихся на уроках физики – М.: Просвещение 1988
3. Сыздықов О. Оразбаев Б. Нысанбаев Ғ. Конструкциялық математикалық технологиясы Алматы: республикалық баспа кабинеті 1993 290 бет
4. Остеміров К. Адамқұлов Н., Асанова С. Және басқалар – 58- Технология. Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған оқулық Алматы « Атамұра » 2002
5. Өстеміров К, Адамқұлов , Шмекеева Г, Әлмағанбетова Д. Технология сыныбына арналған оқулық. Алматы: мектеп баспасы, 2004 -0276 бет
6. Қарапаев С. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу маңызы // Бастауыш мектеп - № 1 – 2006
7. Оразов Т. Оқушыларды « Слесарьлық ісі » кәсібіне баулу. // Мектептегі технология № 1 20006
8. Бопишев Б. Оқушыларды шығармашылық жоба арқылы өнерге қалай әкелуге болады? // Мектептегі технология № 1 2006

ТҮЛҒАНЫҢ МАЗАСЫЗДАНУ ДЕНГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Сайлыбаева Құралай Әбдәмәләкқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Сайлыбаева Гульжахан Сатиевна

Жамбыл облысы Талас ауданы Ақкөл ауылы Қарлығаш бөбекжай-бақшасы

Біздің көз алдымызда бүкіл жер өзгеруде, әлемде әлі де түсініксіз, жаңа тарихи кезең басталды, егер біз санамызға және дүниетанымымызға енген стереотиптік қағидаттардан құтылмасақ, біз терезелерімізді жетекші елдермен теңестіре алмаймыз, иық тіресе алмаймыз, өзімізді қолға алып, қозғалыс ағымына бейімделе алмаймыз Мемлекет басшысы өз Жолдауында Қазақстанның Үшінші жаңғыруының басталғаны туралы жариялады. Азаматтарда ерік-жігерді, еңбексүйгіштікті, мақсаткерлікті тәрбиелеуге, жастарымыздың ілгері жылжуына ықпал етуге, табысты болуға, жеткілікті өмірлік тәжірибесі болуға тиіс.

Қазіргі уақытта эмоционалды тұрақсыздықпен, сенімсіздікпен және жоғары елеңдеушілікпен сипатталатын мазасыз балалардың саны айтарлықтай өсті. Мазасыздықтың пайда болуы мен шоғырлануы баланың жас кезеңіндегі қажеттіліктерінің қанағаттанбауымен байланысты. Мазасыздықтың тұрақты бейнесі көбінесе жасөспірімде аңғарылады. Ал, бұған дейін-көптеген бұзылулардың өндірушісі.

Психологтар мектептегі оқыту (жаңасын тану, алған дағдылары мен қабілеттерін тексеру) әрқашан балалардың алаңдаушылығының артуымен байланысты екенін және кейбір мазасыздық деңгейінің жоғары деңгейіне жету оқуды белсендіреді және оны тиімдірек етеді. Мұндағы елеңдеушілік-назар, есте сақтау, зияткерлік қабілеттер тудыратыны анық. Бірақ егер мазасыздық деңгейі осы шектен асып кетсе, онда адам байлыққа (дүрбелеңге) бағынады. Сәтсіздіктен бойын аулақ ұстауға тырысып, ол өз қызметіне назар аудармай кетеді. Немесе нақты жағдайда ол соншалықты бас тартты, сондықтан ол басқа жағдайларда жеңіліске ұшырайды. Мұның бәрі П.П. Блонский сәтсіздік қуанышты күшейтетінін, елеңдеушілікті арттырып, күнделікті кедергіге айналатынын көрсетті.

Жас еркекшелігінің әр кезеңі үшін үнемі елеңдеушілік немесе шынайы қауіп болмаса, көптеген балаларда жоғары үрейленгіш тудыратын белгілі бір аймақтар, шынайы заттар бар, бала өзінің қабілеттеріне күмәндана бастайды. Бірақ елеңдеушілік сабақта ғана емес, сонымен бірге жеке құрылымдарды да жоя бастайды. Сондықтан, елеңдеушіліктің жоғарылау себептерін білу, бастауыш мектеп жасындағы балалардың бара бар тілегін қалыптастыру және елеңдеушілікті азайтуға ықпал ету түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуге және уақтылы жүргізуге әкеледі.

Қазақстанның белгілі психолог-ғалымдары А. Алдамұратов, Қ.Б. Жарықбаев, М. Мұқанов, Т.Тәжібаев, А.Темірбеков, Г.А. Урунтаева, Х.Т. Шерьязданова, Л.К. Керимов, Ж.Намазбаева, Л.К. Көмекбаеваның зерттеулерінде оқу үдерісіндегі тұлғаның психологиялық ерекшеліктері мен танымдық қызметі туралы құнды ғылыми пікірлер айтылды.

Ресей психолог-ғалымдары Абрамова Г.С., Л.И., Бреслав Г.М., Новикова Л.И., Темірбеков А., Эльконин Д.Б және т. б. Жеке адамды қалыптастыру - өте күрделі үдеріс. Мұны шет ел ғалымдары З. Фрейд, Э. Эриксон еңбектерінде көрініс тауып, теориялық және әдістемелік тұрғыда зертделген.

Мазасызданулы балалар үшін оқу жылдарының қаншалықты ауыр өтетінін, ата – аналар да, мұғалім де жақсы біледі. Ал мектептік кезең негізгі және балалық шақтың негізін қалаушы: бұл тұлғалық қалыптасу уақыты, өмірлік жолды таңдау, әлеуметтік нормалар мен ережелерді иемдену, бойға сіңіру. Егер де оқушы уайымының себебі өз-өзіне сенімсіздік болса, онда жеке тұлға да «күмәншіл» болып қалыптасады. Сол себепті,

тұлғаның мазасыздану деңгейлерін төмендету бүгінгі күннің басты сұранысы ретінде бұл мәселенің тереңірек қарастырылуының қажеттілігі арасында *қарама-қайшылықтар* туындайды.

Психологиялық әдебиеттерде мазасыздық тұжырымдамасының әртүрлі анықтамаларын таба аласыз, бірақ зерттеушілердің көпшілігі оны өтпелі жағдайды және оның динамикасын білдіретін ситуациялық құбылыс және жеке мінез-құлық ретінде қарастыруды дұрыс деп шешеді.

Сонымен, А. М. Прихожан былай дейді: «мазасыздық – бұл сәтсіздікті күтіп, жақындап келе жатқан қауіпті алдын-ала сезінумен байланысты эмоционалды жайсыздықты ұғыну».

Мазасыздық эмоционалды күй ретінде және жеке имидждің немесе темпераменттің тұрақты қасиеті ретінде көрінеді.

Р.С. Немовтың анықтамасы бойынша: «мазасыздық-бұл адамның тұрақты немесе ситуациялық түрде көрінетін қасиеті, бұл мазасыздықтың жоғарылауына, әлеуметтік құрылым жағдайында үрейленгіш пен мазасыздықты түсінуге соқтырады».

Өз кезегінде Л.А. Китаев-Смык «психологиялық зерттеулерде мазасыздықтың екі түрін анықтау соңғы жылдары кең таралды»деп атап өтті. Спилбергтің ұсынысы бойынша мінездің мазасыздығы және ситуациялық мазасыздық деп зерттеді.

А.В. Петровскийдің анықтамасы бойынша: «мазасыздық-бұл мазасыздық реакциясының төмен сатысын, адамның мазасыздыққа бейімділігін сипаттайтын жеке ерекшеліктердің негізгі параметрлерінің бірі. Мазасыздық, әдетте, нейропсихиатриялық және ауыр соматикалық ауруларда, сондай-ақ психотробума әсерінен аман қалған сау адамдардағы топтың көптеген мүшелерінде жеке басының бұзылуының субъективті көріністерінің бұзылуларында жоғары болып табылады».

Мазасыздық түсінігін талдайтын болсақ, «Мазасыздық» сөзі сөздіктерде 1771 жылдан бастап тіркелген. Психологиялық сөздікте мазасыздықтың келесі анықтамасы берілген: бұл»әртүрлі өмірлік жағдайларда, оның ішінде оған бейімделмеген жеке психологиялық ерекшелікті қоса алғанда, жоғары деңгейдегі мазасыздық жағымсыз күйі ретінде түсініледі.

Үрейленгішты елендеушіліктен ажырата білу керек. Үрейленгіш-мазасыздықтың мезгіл-мезгіл көрінісі, бала толқып тұрған кезде, мазасыздық-бұл тұрақты жағдай. Мысалы, бала мереке күндері орындалмас бұрын немесе жауап бергенде, тақтаға шыққанда алаңдай бастайды. Бірақ бұл елендеушілік әрдайым байқалмайды, кейде бұл жағдайда ол тыныш болуы мүмкін. Бұл үрейленгіштің көрінісі. Егер Үрейленгіш жағдайы жиі және әртүрлі жағдайларда қайталанса (тақтаға шыққанда, бейтаныс ақсақалдармен сөйлескенде және т.б.), онда елендеушілік туралы айту керек.

Мазасыздық кез-келген жағдайға байланысты емес және жиі көрінеді. Бұл жағдай не болып жатқанына орайласады. Егер адам нақты бір нәрседен қорқатын болса, біз үрейленгіш туралы айтамыз. Мысалы, қараңғыдан қорқу, биіктіктен қорқу, жабық кеңістіктен қорқу. Осы уақытқа дейін елендеушіліктің пайда болу себептері әлі анықталған жоқ. Көптеген ғалымдар мектепке дейінгі және бастауыш сыныптағы елендеушіліктің басты себебі әке-шешелер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты бұзу деп түсінеді.

Психолог Е.Ю.Брель осындай үлгі жасады: егер әке-шешелер өз жұмысына, тұрғын үй мәселесіне, материалдық жағдайына қанағаттанбаса, балалардың мазасыздығы артады. Мүмкін, осы себептерге байланысты қазіргі уақытта мазасыз балалардың саны ұдайы дамуда.

Отбасындағы ата-ана тәрбиесінің күшті стилі баланың ішкі тыныштығына еш әсерін тигізбейді.

Оқу мазасыздығы мектепке дейінгі уақытта қалыптаса бастайды деген пікір бар. Бұған тәрбиешінің жұмыс стилі, балаға жоғары талаптар қою, басқа балалармен үнемі салыстыру ықпал етеді. Кейбір отбасыларда баланың қатысуымен бір жыл ішінде біз

мектепке бару, «лайықты» мектепті, «перспективалы» мұғалімді таңдау туралы айтып отырмыз. Өке-шешелердің алаңдаушылығы балаларға да беріледі.

Сонымен қатар, әке-шешелер балаға бірнеше сағат бойы тапсырмаларды орындайтын сансыз мұғалімдерді жалдайды. Мұндай қарқынды оқуға әлі дайын емес баланың денесі бұған шыдай алмайды, бала ауыра бастайды, оқуға деген ықыласы жоғалады, алдағы оқу туралы елендеушілік өрістейді.

Мазасыздық неврозға немесе басқа психологиялық бұзылуларға байланысты болуы мүмкін. Мұндай жағдайда медициналық мамандардың күші керек.

Мазасыз оқушы мен жұмыс жасау бойынша ұсыныстар:

1. Бәсекелестікті және жылдамдықты есептейтін кез-келген жұмыс түрлерінен аулақ болыңыз.

2. Баланы қоршаған кісілер мен салыстырмаңыз.

3. Дене физикалық байланыстарын, релаксация жаттығуларын жиі қолданыңыз.

4. Баланың бойындаөзін-өзі бағалауын арттырыңыз, не үшін екенін білсеңіз, жиі көтермелеп мақтаңыз.

5. Балаға назар аударыңыз.

6. Сенімді мінез-құлық үлгілерін көрсетіңіз, барлық жағдайда балаға үлгі болыңыз.

7. Балаға жоғары талаптар қоймаңыз.

8. Баланы тәрбиелеуде дәйекті болыңыз.

9. Жазаны қажет болған жағдайда ғана қолданыңыз.

10. Жазалау кезінде баланың қадір-қасиетін қорлауға болмайды.

Қазіргі заманғы елендеушілік зерттеулер ситуациялық елендеушілік айырмашылықтар бағытталған, жеке елендеушілік және нақты сыртқы ситуациялық байланысты тұлғаның тұрақты ерекшелігі болып табылады, және жеке және оның қоршаған ортаға өзара іс-қимыл ретінде елендеушілік талдау әдістерін қалыптастыру (Петровский, 1990).

Н.Е. Лысенко, Е. Е. Шотт, өз кезегінде, мазасыздық дегеніміз-кез-келген адамның тұрақты қасиеті, шектеулі уақыт ішінде адамның белгілі бір күйі ретінде сипатталатын көп мағыналы психологиялық термин. Соңғы жылдардағы әдебиеттерді талдауда мазасыздық әр түрлі тұрғыдан зерделеленеді. Онда әртүрлі күйзелістерге ұшыраған кезде пайда болатын күрделі өзара танымдық, аффективті және жағымсыз реакция нәтижесінде пайда болатын жоғары мазасыздық туралы сөз қозғалады.

Аракеловтың айтуынша, мазасыздық-адамның бейнесі ретінде күнделікті үрейленгіш сезімімен, адам миының генетикалық детерминистік қасиетімен байланысты, ол эмоционалды қозу сезімінің жоғарылауымен қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Майерс, Д. **Әлеуметтік психология** [Мәтін] : Оқулық / Д. Майерс, Ж. Туенж. - 12-ші бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 648б.
2. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] = **Әлеуметтік психологияға кіріспе** : Оқулық / Э. Аронсон. –11ші -басылым. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408б.
3. Овчарова Р.В. Практическая психология образования. М., «Сфера». 2001.
4. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996. – 222 б.
5. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 1993. –272 б.
6. Керімов Л.К. «Қиын оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері», 7-ші лекция, А. 1992 ж.
8. Урунтаева Г.А. Дошкольная психология. – Москва: Академия,2008.-336 с.
9. Шерьязданова Х.Т., Суркова Т.И. Педагогу о стиле общения с детьми. – Алматы: Рауан, 1996. – 145 с.
10. Абрамова Г.С. “Введение в практическую психологию” – Екатеринбург: «Деловая книга», Москва: Издательский центр “Академия”, 2001

11. Кови Стивен Р. Жасампаз жандардың 7 дағдысы: тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері [мәтін]/ Кови Стивен Р. –Алматы: «Ұлттық аудармабюросы ҚҚ, 2018.-352 б.»(7 Habits Of Highly Effective People)

ТҰЛҒАНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ МЕН ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ЖӘНЕ ІСКЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Сайлыбаева Құралай Әбдімәлікқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Куренкеева Мария Бозтаевна

Бастауыш сынып мұғалімі, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ақкөл ауылы, Ақкөл орта мектебі

Елімізде нарықтық қатынастардың орнығуына қарай экономикада, өндірісте, ауылшаруашылығында тың өзгерістер, жаңа қатынастар пайда болды, осыған орай Тұлғадардың ойлауы, іскерлігі, қабілеттілігінде де уақыттың жаңа талабына сәйкес игі өзгерістер байқалуда, ілкімді тұлғалар, іскер кәсіпкерлер пайда болды. Соның нәтижесінде халқымыздың әл-ауқаты артты, жастардың білімге, ғылымға, іскерлікке ынта-ықыласы өсті. Елімізде техника, өндірісі, әдебиет, өнер, мәдениет, білім беру салаларында Тұлғаның қабілетін, дарынын, талантын дамыту үшін көптеген келесі істер атқарылуда, “Болашақ” бағдарламасы бойынша мемлекет қамқорлығы аясында дарынды жастарды өркениетті дамыған елдерге барып, білім алуға жолдама беру, ғылымға, өнерге, білім саласына, ғалымдарға, өнер Тұлғадарына, мұғалімдер мен дәрігерлерге жасалып жатқан қамқорлық осының айғағы болса керек.

“Қабілеттілік - Тұлғаның белгілі бір істі орындай алу мүмкіндігін көрсететін жеке басының дара қасиеті оның ойдағыдай дамуы үшін тұлғада тиісті білім, іскерлік, дағдының белгілі бір жүйесі болу керек”, - деп тұжырымдайды елімізге белгілі педагог ғалым, профессор М.А.Құдайкұлов.

Ғалымның осы пікірін толық қуаттайтын мысал келтірейік. Мысалы, Тұлға өзінің техникалық конструкциялық қабілетін дамыту үшін математиканы, физиканы, сызу т.б. ғылымдарда, конструкциялардың құрылысынан терең хабардар болуы керек, оларды практикада пайдалану іскерлігі мен құрастыру дағдысының болуы шарт деп есептейміз. Басқаша айтсақ білімі терең , икемді іскерлігі және дағдысы қалыптасқан тұлғаның қабілеттілігі, яғни шығармашылық жұмысқа бейімділігі жақсы дамиды. Мүлде қабілетсіз тұлға болмайды, тек ол біреулерде күштірек, ал басқа біреулерде азырақ болуы мүмкін. Қабілет үнемі жетілдіруді, дамытуды қажет етеді. Көп жағдайда тұлғаның қабілеттілігі іскерліктің қалыптасуына сәйкес дамиды. Демек, қабілеттілік пен іскерлік әрқашан өзара тығыз байланыста болады. сондықтан тұлғаның қабілеті тек іс-әрекет жасау, белсенділік таныту, іскерлігін жетілдіру нәтижесінде ғана дамиды деп есептейміз. Біздің ойымызша қабілеттілік пен іскерлікті деректіліктің, аңғарымпаздықтың, ұйымдастырушылықтың, есте сақтағыштықтың, белсенділіктің маңызы зор.

Қабілеттілікті, іскерлікті, дағдыны жетілдіру тұлғаның жас мөлшеріне қарамайды. Ол ұдайы ізденуге, жаттығуға байланысты.

Жоғарғы қабілеттілікті, қалыптасқан іскерлік пен дағдыны, ғылымдағы бесаппаттылықты Ш.Уәлижановтың өмірінен көруге болады. ол бірқатар Еуропа және шғыс тілдерін меңгерген, этнограф, фольклоршы, географ, ботаник, әлеуметтанушы, тарихшы, саяхатшы және әскери мамандықтарды игерген. Қазақ халқының сүйікті ұлы, дүниежүзіне белгілі ақыны Олжас Сүлейменов – геоглог, ақын, жазушы, дипломат, саясаткер екендігіне ешкімнің дауы жоқ шығар.

Тұлғаның іс-әрекеті мен қабілеттілігін және іскерлігін жетілдіруде ғылыми білімді меңгерудің мәні зор. Тұлғаның қабілеттілігі білім алу мен іскерлікті тез

қалыптастыруды оңайлатса, керісінше олардың негізінде қабілеттілік те дамиды. Сол себепті оқушылар үшін игерілген білімді іскерлік деп түсінуге болады, ал бұл арқылы жеке тұлғаның ерекшелік қасиеттері сипатталады. Белгілі психолог К.К.Платонов өз зерттеулерінде, іскерлікті тұлғаның ең жоғарғы қасиеттерінің біріне жатқызып, оқыту процесінің түркі мақсаты – іскерлікті қалыптастыру деп тұжырымдайды. Демек кәсіптік іскерлігі қалыптаспаған тұлғаның білімін тыңғылықты меңгерілген білім деп санауға болмайды, ондай білім өмірге қажетсіз “жалаң” теориялар деп санайды.

Сонымен тұлғаның қабілеті іс-әрекет үстінде дамиды, қабілеттілікті жетілдіру үшін, білім, іскерлік, дағды керек, ал бұлардың өзі іс-әрекетсіз қалыптаспайды. Бұл тірліктің бәрі ойлау қызметі негізінде қауаттаймыз.

Тұлғаның білім алу мен іскерлігін қалыптастыра білуге байланысты психологиялық ерекшелігі оның қабілеттілігін білдіреді. Бірақ тұлғаның қабілеттілігі тек қана оның меңгерген білімі және іскерлігінің жүйесімен өлшенеді десек, қателікке ұрынамыз. Сонымен бірге тұлғаның қабілеттілігінің, яғни белгілі бір кәсіп бойынша нәтижелі жұмыс атқару мүмкіндігінің шеберлік дәрежесіне жетерлік немесе жетпесін оның еңбек етуімен іс-әрекеті көрсетіледі. Қабілеттілікті дамыту үшін баланың арнайы оқуы, тынбай жаттығуы, ерінбей еңбек ету, қызығушылығы, төзімділігі т.б. қажет.

1. Жеке тұлға қоғамнан тыс дами алмайды. Сондықтан тұлғаның психологиялық ерекшеліктері, оның өзіне ғана тән қасиеттері әлеуметтік жағдайға, нақтылы кәсібіне, іс-әрекетіне, білім қабілетіне байланысты анықталады. Тұлға тек іс-әрекет жасау үстінде ғана өсіп жетіледі, ал қызмет ету барысында қабілеті, іскерлігі, дағдысы дамиды, шеберлігі артады.

2. Тұлғаның іс-әрекетінің негізгі формаларына ойын, білім алу, ақыл ой еңбегімен шұғылдану, өнермен, шығармашылықпен, кәсіпкерлікпен, т.б. айналысу жатады.

3. Тұлға көздеген мақсатына жету үшін түрлі құралдарды, аспапты мәліметтерді, әртүрлі амал тәсілдерді қолданады, міне осыларды кәдеге жарату үшін, оның белгілі іскерлігі дағдысы болуы қажет.

4. Іс-әрекет психологиялық, әлеуметтік категория оның бірлік бөлігі амал, ал амал белгілі бір істі жүзеге асырудың тәсілі.

5. Іс-әрекет күрделі құрылымды әлеуметтік категория, ал оның құрылымдық құраушылары:

1) Жеке тұлғаның өзіндік бағыты, өзгелерге қатынасы, моральдық бейнесі;

2) Білімі, іскерлігі, белгілі бір қалыптасқан дағдылары;

3) Ойлауы, қабылдауы, түйсігі, сезімі, есте сақтау қабілеті;

4) Тұлғаның жеке басының темпераменттік қасиеттері болып табылады.

6. Тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы келтірілген құрылымдық факторларға тәуелді. Олардың бірінің әлсіз дамуы, Тұлғаның жеке басындағы олқылықтарды кемшіліктерді тудырады.

7. Зерттеулеріміздің барысында іс-әрекеттің нәтижесі тұлғаның жеке басының ерекшелік сипаттарына немесе тиянақтылық, тындырымдылық, аңғарымдылық, ойлы, ойсыз, айқын мақсатты, мақсатсыз қызба, ұшқалақ, салмақты, салқынқанды еліктегіш, еме, әсершіл, ұяң, тұйық, жалтақ, көнбіс, төзімді, шыдамсыз, биязы, кішіпейіл, адал, шыншыл, намысшыл, алғыр, шешімді, отар, дөрекі т.с.с қасиеттеріне байланысты екендігіне көз жеткіздік.

8. Тұлғаның қабілеттілігі іскерліктің қалыптасуына сәйкес дамиды. Қабілеттілік пен іскерлік өзара тығыз байланысты. Тұлғаның қабілеттілігі мен іскерлігін, оның шығармашылық жұмыстарға бейімділігін дамытуда зеректік, аңғарымпаздық, ұйымдастырушылық, есте сақтағыштық, белсенділік қасиеттері ерекше орын алады.

Бүгінгі күннің негізгі талабы - жан-жақты білімді, өз ісінің майталманы, қолынан іс келетін азаматтар даярлау. Нарықтық қатынастар барысында экономиканың нақты заңдарын байланысты адамдар өз мамандығын әлденеше рет өзгертулеріне тура келеді. Бұл қоғам дамуында кездесіп жатқан қатардағы құбылыстардың бірі болып қалады.

Сондықтан технолог сабақтарында мамандықтарға бағдарлау, олардың ерекшеліктерімен таныстырып отыру ең қажет шаруа деп санауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Экономика организация и управление предприятием: Учебное пособие. – м: ИНФРА – М, 2004-491 с
2. Усова А.В. Бобров А.А. Формирование учебных умений и навыков учащихся на уроках физики – М.: Просвещение 1988
3. Сыздықов О. Оразбаев Б. Нысанбаев Ғ. Конструкциялық математикалық технологиясы Алматы: республикалық баспа кабинеті 1993 290 бет
4. Остеміров К. Адамқұлов Н., Асанова С. Және басқалар – 58- Технология. Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған оқулық Алматы « Атамұра » 2002
5. Өстеміров К, Адамқұлов , Шмекеева Г, Әлмағанбетова Д. Технология сыныбына арналған оқулық. Алматы: мектеп баспасы, 2004 -0276 бет
6. Қарапаев С. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу маңызы // Бастауыш мектеп - № 1 – 2006
7. Оразов Т. Оқушыларды « Слесарьлық ісі » кәсібіне баулу. // Мектептегі технология № 1 20006
8. Бопишев Б. Оқушыларды шығармашылық жоба арқылы өнерге қалай әкелуге болады? // Мектептегі технология № 1 2006

ТҰЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Оралымбетова Г.У.,

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Тұлға мотивациясының маңыздылығы оның белсенділігімен сипатталады. Ал тұлғаның танымдық белсенділігі мен дербестігі өзара байланысты процесс. Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы тұлғаның таным объектісіне деген эмоциялық қатынасынан көрінеді. Олай болса тұлғаның шығармашылыққа деген ынта – ықыласы танымдық белсенділіктің қозғаушысы болып табылады. Тұлғаны қандай да бір іс-әрекетке жұмылдыру үшін оны ең әуелі қызықтыру, келесі кезекте осы әрекетке әзірлігін, дербестік деңгейін анықтау қажет.

Әдістеме теорияны жасаудың принциптерін анықтайтын ғылым ретінде белсенділік мәселесінің ғылыми білімдеріне психологиялық бағытты жинақтайды. Мұндай шоғырлану тенденцияларды ұғынуға, шығармашылық белсенділік мәселелерін іздеудің жолдарын анықтауға және технологиялық өңдеуге мүмкіндік береді. Әдістемелік стратегия кәсіби маманның шығармашылық даралығын жетілдірудің және дамудың технологиялық үлгілерін және белсенділіктің негіздерін белгілік қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әдістеме концепциялық технологиялық үлгілерді құрудың ғылыми логикасына негізделген, ал оларды енгізу кәсіби тәжірибедегі эмпирикалық верификацияға негізделген. Осы белсенділіктің қоданбалы бөлігін - кәсіби мамандануда тұлғаның өзіндік белсендіруін және шығармашылық даралықтың белсенді даму технологиясын жетілдіре отырып оның психологиялық теориясына тікелей әсер етеді. Белсенділікті зерттеудің әдістемелік бағыты тұлғаның негізгі теориялық түрлеріне, сонымен қатар оларды шығармашылықтың табиғатының әдістемелік жолдарын тану процесінде жетілдіруге дүниелік көзқарастық-жасаушы қатынас арқылы іздеу тәжірибесінде жүзеге асады. Әдістеменің өзінің мағынасы қандайда бір білім саласының негізгі теориялық негіздерімен, әдістердің жүйесімен және олардың мазмұны бойынша талдауымен, жалпы әлем жайлы анық абстрактілік білімдермен, ойлаудың түрлері мен

ережелерінің, ойлау мен қызметтің рефлексиясын ұйымдастырудың құралдарын өңдеумен тығыз байланыса бастады.

Сонымен, кәсіби мамандануда белсенділікті зерттеудің үш нақты бағытын бөліп көрсетуге болады: зерттеудің әдістемелік принциптерін қолданумен байланысты жалпы теориялық (әдістемелік), гнесеологиялық және эмпирикалық. Психологиялық ғылымда белсенділіктің гнесеологиялық талдауы жүйе ретінде объект пен субъектінің көзқарасын талап ететін белсенді үрдістің ерекшелігін анықтауға бағытталған. Білім беру саласында әрбір тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін дамыту жүйесінде жаңа бағыттарды өндірудің қажеттілігі философия мен психологиядағы зерттеулерді, теориялық-әдістемелік және қолданбалы бағыттарды белсендірумен сай келеді. Мұнда психология саласында маңызды болып табылатын жаңа ғылыми бағыттарды құрудың әлеуметтік тапсырысының маңыздылығы көрінеді [1].

Сананың пайда болуы ішкі үрдістердің интериоризациясына және өзіндік сананың пайда болуына алып келетін вербальды және ойшыл диалогпен ескертілген коммуникативті үрдістермен байланысты. Психологтар өзіндік сананы санамен генетикалық және қызметтік байланысты негізгі тұлғалық білімнің бірі ретінде қарастырады. Сана әлеуметтік ортамен байланысты психиканың сатылы, жоғарғы формасы. Сананың деңгейі өзіндік танымға қабілеттіліктен, жеке ақпараттық тәжірибеден, ақыл-ойлық даму деңгейіне байланысты. Келген ақпарат санада өңделіп тұлғаның өзіндік санасының және таным көзқарасының, ойлаудың, ақыл-ойлық тәжірибенің негізі болып табылады.

Шығармашылық ойлаудың және тұлғаның белсенділігін көптеген психологиялық зерттеулер өнімді үрдіс ретінде олардың шығармашылық ерекшеліктерін анықтаудың ғылыми – психологиялық әдістерін іздеумен байланысты болды. Ойлау механизмдерін зерттеу мәселе мен міндеттерді шешу материалы негізінде жүргізілді. Зерттеудің басқа бір бөлігі ойлау мәселесіне тұлғалық бағыт тұрғысынан дамыды. Л.С.Выготский «Ойлауды талдау ойлаудың қозғалысын осы немесе басқа жаққа бағыттайтын тенденциялар мен талаптардың, қажеттіліктер мен қызығушылықтардың, ойлардың қозғалысты түрткілерін анықтаудың қажеттілігін болжайды», - деп көрсетті.

Психологиялық ғылымдардың тәжірибесінің тарихы көптеген жаңа парадигмаларды дәлелдеудегі өзгерістердің үнемі психология аймағында пайда болатындығын көрсетіп отыр. Психологиялық мәселелерді нақты ұғынудың көмегімен белсенділік жайлы жаңа көзқарастар пайда болады. Психологияның келесі негізгі қызметтерді орындайтыны белгілі: сыни, танымдық, мағыналылық, интегративті. Психология саласында көптеген идеялардың рефлексиясын жүзеге асыра отырып және концепциялық негіздерді және бағыттарды талдай отырып белсенділікті зерттеудің жаңа бағыттарының нұсқаларын белгілеп көрсете аламыз. Оны зерттеудің аспектісі әлемді танудың әдістемелік жолы үрдісінде жананы құруға адамның әдістемелік қатынасы арқылы жүзеге асады.

Психологияның барлық тарихы әрдайым психологиялық процесті түсіну зерттеушінің өзіндік позициясымен анықталады. Дәл осыған шығармашылық психологияны түсінудің бағыттары, шығармашылық процестің жақтарын бөліп көрсету, оны зерттеуге сай келетін әдістер мен тәсілдерді іріктеу тәуелді.

Шығармашылық қызметтің алғашқы негізгі принциптерін И.Кант қорытындылады. Ол тұлғаны адамгершілік басқаруда шығармашылықтың ерекшелігін анықтады. Шығармашылықтың маңыздылығы жаңа білімді алудың құралдары мен деректің қызметін орындайтын өнімді қиялда көрінеді деді. Диотима мен Платонның диалогында жасаушы қызметтің алғашқы көзқарастарының бірі анықталады. Шығармашылық – кең ұғым. Кез-келген бейболмыстан болмысқа ауысу- шығармашылық, кез-келген кәсіп пен өнер туындысын жасауды шығармашылық деп атауға болады, ал барлық жасаушыларды-олардың жаратушылары деп атауға болады. Жарату Аристотельдің кең түсінігінде – бұл ертеректе болмаған затты жасау. Л. Фейербах шығармашылықты адамның маңызды

жақтары ашылатын эмоциялық және тиімді жинақтау ретінде қарастырды. Адамның барлық маңызды күштерінің жиынтығының тұтастай дамуы шығармашылық қызметтің негізгі мазмұны болып табылады. Шығармашылықты белсендірудің қайнар көзі туралы ойлар экстремальды жағдайларда, психологиялық сенімсіздік жағдайында болуы мүмкін. Мысалы, кез келген мәселе әйгілі көзқарастармен және өмірдің ғажайыбымен қоршалған, ал фрустрациялық сезімдегі белсенді тұлға үнемі өзіне тез бейімделуге және өнімді іс-әрекеттерді қолдануға мүмкіндік беретін мәселеге өзінше ерекше көзқарастар мен үйреншіксіз шешімдерде тапқырлық пен икемділік көрсетумен қорытындыланады. Олай болса, белсенділік тұтас, диалектикалық және құндылықты өлшеуіш болып табылады. Егерде субъектінің әлемге және өзіне деген негізгі белсенді қатынасы шынайы қабылданатын болса, онда ол шексіз нәтижені, салыстырмалы жаңаны толтыру немесе қандайда бір толықтыруды осы болмысқа біріктіруді қамтумен қорытындыланады [2].

Шығармашылық әрекеттің жалпы заттық қызметтің «жеке жағдайы» екендігі мүлдем басқа нарсе, шығармашылық әрекеттің мүмкіндігі қызметтен және оның жалпы табиғатынан шықпайды, керісінше дәл қызмет алды және қызмет үсті белсенді қатынас арқылы одан шығатын шығармашылық әрекет. Сондықтан да қызметте жалпы ерекше түрлерінде және көріністерінде мүмкін бола бастайды. Өзінің қызмет саласында шығармашылықты қызмет тудырмайды, керісінше адамнан тыс әлемнің және субъектінің өзінің басты мазмұны қатысатын жеке белсенділіктің өзі қызмет үсті қатынасы ретінде субъектке ертеде болмыстың қол жетпейтін деңгейлерін аша отырып барлығы жаңа және жаңа қызметті тудырады. Бастапқы сфера тарихи түрде тек белсенділіктің алғашқы және жетекші рөлі арқылы ғана құрылды деген болжаммен кейбір психологтар бірегей шешімге келеді.

Белсенді құрылымдағы маңызды мағынаға кейбір субъектінің мүмкіндігі ретінде түсіндірілген белсенді тұлғаның саналы және бейсаналы сферасы ие. «Өзінің нақты танымдық мүмкіндіктеріне ене отырып субъект тек ғана қала алмайды; ол қажетінше бір уақытта өзінің болмысының бастапқы қабаттарын қамти отырып ақиқатпен белсенді қатынасқа түседі». Танымдық және белсенді маңыздыларды салыстыра отырып психологтар екі позицияны қарама-қарсы қойды. «Біріншісі танымдық әлемнің заңдары мен қыңыр деректердің дауысы ретінде дыбыс шығарады. Екіншісі белсенді қол, ақыл, дәм сезудің және маңыздысы субъект-адамның намысының неге керектігін, осының барлығын жасауға, шексіз құрылымға алып келеді». Ал белсенділік «нақты мақсаттарда қуатты тұрақтандыруға мүмкіндік бере отырып қоғамның және оның қабаттарының ақпараттық құрылымын шектен тыс жоюдан қорғайды». Осындай көзқарастардан шыға отырып психологияның белсенді бағыты жаңа психологиялық оқуларға сүйенеді. Кез-келген құбылысты психологиялық түсіну тұлғаның дүниелік көзқарасы және әдістемелік қатынасы арқылы жүзеге асады. Аталған құбылыстың рефлексиясы ретіндегі дүниелік көзқарастық қатынасы оны дүниеге көзқарастық идея тұрғысынан қарастыруда көрінеді, ал әдістемелік қатынас құбылысты меңгеру тұрғысынан көрінеді [3].

Тұлғаның өзіндік шығармашылық дамуының шарты және адамның руханилығының ажырамас бөлігі бола тұра белсенділік құндылықты-тұлғалық жасаушы категория ретінде өзін-өзі белсендіруінің маңызды табалдырығы болып табылады. Белсенділік ережелер мен заңдарда көрсетілген әлеуметтік бекітілген стереотип ретінде тұлғадағы білімнің түрлілігінде көрінбейді, ол мәселеге қатысты түсіністік және сезімталдық көрсету, жаңа идеяларға шолу, жаңаны құру, өмірлік мәселелерді әдеттен тыс және күтпеген жағдайда шешу мақсатында қалыптасқан стереотиптерді өзгертуге немесе бұзуға деген бейімділігінен көрінеді.

Қорытындылай келе, белсенділіктің нақты құндылықтарын қамтитын аксиологиялық бағыт әдістемелік және дүниеге көзқарастық психологиялық рефлексияның маңызды бастауы болып табылады. Аксиология құндылықтардың табиғатын психологиялық зерттеуге негізделеді, тұлғаның әлемді өзінше көруін, адамның өзі нақты әлемнің объектілерін бағалауға субъективті-құндылықты қатынасын

карастырады. Психолог В.Франкл өзінің еңбектерінде шығармашылық туралы былай деген: «Өнімді шығармашылық әрекеттерде жүзеге асатын құндылықтарды біз «жасаушы» деп атаймыз. Жасаушылардан басқа әсерленулерде жүзеге асатын құндылықтар бар – бұлар «құндылықты әсерленулер» деп аталады. Олар біздің қоршаған ортаға деген сезімталдығымыздан көрінеді – мысалы, өнер туындысы немесе табиғаттың әдемілігінің алдында қастерлеу» [4]. Аксиологияның сындарлылығы тұлғаның даралық шығармашылығы үшін барынша ашық болуы қажет. Құндылықтардың ұжымдық және даралық жүйесін шығармашылық меңгеру сындарлы аксиологияның бағдарламасын құрады. «Өмірдің мағынасы жайлы сұрақты талқылай отырып, біз құндылықтардың үш категориясын алға тарттық,-деп жазды В.Франкл. – Бірінші категорияның (жасаушы) құндылықтары іс-әрекетте белсендірілген уақытта әсерленудің құндылықтары біздің санамыздың әлемді енжар қабылдауында жүзеге асады. Қарым-қатынастың құндылықтары, бірақта, өзгертуге болмайтын тағдырмен байланысқан қандай да бір мәселемен кездескен уақыттың барлығында жүзеге асады» деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Шамова Т.А. Активизация познавательной деятельности учащихся. – М., 2012.
- 2 [Развитие психологии в системе комплексного человекознания. Часть 2 \(книга\)](#)
- Балин В.Д., Богоявленская Д.Б., Балл Г.А. 2012, Институт психологии РАН
- 3 Бирюкевич Е.А. Характер и личность в структуре индивидуальности: выбор между согласием и разладом. // Психология в вузе 2006, №4, -129 с.
- 4 Молдахметова Г. Психология [Мәтін]:Оқу құралы / Г. Молдахметова. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 584б.

ПРОЯВЛЕНИЯ СТРЕССА У СТУДЕНТОВ-ПЕРВОКУРСНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

Альмухамбетова Б.Ж.,

Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, г. Талдыкорган
Bibigulya74@mail.ru

Актуальность данного исследования обусловлена тем, что студенты-первокурсники в период начала обучения зачастую находятся в критическом состоянии и не секрет что учебный процесс, является стрессом для большинства обучающихся-первокурсников, оказываясь реальной причиной нарушений поведенческой, эмоциональной, когнитивной, мотивационной сфер их деятельности. Вместе с тем, студенческая жизнедеятельность в любой период заполнена переживаниями, напряжением, а также волнующими обстановками, которые препятствуют академической успеваемости и в перспективе ведут к остановке личностного роста, психосоматическим заболеваниям. Таким образом мы ожидаем, что в последующем нынешние студенты высших учебных заведений составят верхушку нашего сообщества, в этом случае следует обучить их регулировать стресс, для того чтобы в зрелую жизнедеятельность они заступили крепкими, а также пропорционально сформированными персонками. В статье мы рассмотрим причины и последствия стресса, будут представлены результаты экспериментального исследования стресса в процессе учебной деятельности обучающихся Жетысуского университета имени Ильяса Жансугурова, а также будут обсуждаться известные в науке и практике рекомендации эффективных методов преодоления стресса и поддержания психофизиологического состояния личности.

Введение. Обучение в высшем учебном заведении является не легким периодом для студентов. Учебная деятельность сопровождается тернистым путем и зачастую

студентам каждый день приходится испытывать разного рода стресс. Когда стресс сопровождается на постоянной основе то, он может стать риском для здоровья, для этого необходимо вовремя заметить это состояние и научиться управлять им. Для этого нужно знать признаки стресса, причем как его физического, так и психического проявления. Стресс в различных формах постоянно преследует обучающихся и становится причиной изменения поведенческой, эмоциональной, когнитивной и мотивационной сфер деятельности. По данным Всемирной организации здравоохранения более половины заболеваний возникают в случае стресса, что говорит об актуальности данной темы [1, с 1].

Первостепенное значение для решения поставленных нами задач в рамках темы научной статьи, имеют исследования, непосредственно направленные на понимание категории «стресс». Понятие стресса переводится как нагрузка, напряжение, давление, состояние повышенной напряженности. Автор концепции стресса Ганс Селье определяет, что: «Стресс есть органическое, физиологическое, нервно психическое расстройство, а именно нарушение обмена веществ, вызванное раздражающими факторами» [2, с. 57].

Т.Кокс, рассматривая подход к вышеуказанной концепции стресса, считает его близким по ассоциации и к модели, основанной на ответных реакциях организма, и к физиологической модели стресса. По мнению ученого общим недостатком теории Селье является недооценка психологических факторов в развитии стрессовых состояний. Аргументирует он это тем, что в основном физиологическая реакция определяется непосредственно не присутствием стресса, а его психологическим воздействием на личность. Далее Т. Кокс представляет свою концепцию стресса с точки зрения модели, основанной на стимулах, которые считаются в какой-то мере беспокоящими или разрушающими, и, наконец, модели, основанной на взаимодействии. Данный подход основан на утверждении, что стресс возникает вследствие существующих особых взаимоотношений между человеком и окружающей его средой. Тем не менее, ни один из этих подходов, по заключению самого автора, не дает должного толкования физиологических механизмов стресса [3, с. 93].

Исследуя труды вышеуказанных авторов, мы исходим из основных концептуальных положений теории и считаем, что для студентов в свой первый год обучения существенной причиной стресса могут стать большие перемены в жизни обучающегося. Как правило, этот этап вузовского периода отличается различного рода трудностями, так как студент входит в новую сферу взаимоотношений, приобретает новый статус и ему необходимо адаптироваться в новом обществе с новым графиком и распорядком времени. Студенты-первокурсники – это вчерашние школьники со «школьными» установками. У большинства из них еще не сформировано отношение к учебе в вузе, к своей карьере, не выработаны жизненные цели, они имеют слабое представление об избранной специальности. Поэтому важно, чтобы они как можно скорее нашли для себя ответы на такие жизненно важные вопросы: для чего они поступили в вуз, почему они выбрали именно эту специальность, какие ставят перед собой жизненные цели, какими средствами собираются их достичь, как они научились управлять своим эмоциональным состоянием? Ответы на данные вопросы помогут сформировать ценностную базу человека, осознанно подойти к своему обучению, планированию жизненного успеха и профессионального роста, а значит, использовать годы обучения в вузе максимально эффективно.

Основная часть. У исследований к настоящему времени определились следующие факторы проявления стресса в среде студенческой молодежи [4, с. 18]:

- недостаток сна и неорганизованность своего времени;
- большая учебная нагрузка;
- неудовлетворенность полученных баллов;
- низкая успеваемость по конкретным дисциплинам

- неверно выполненные задания;
- пропуски занятий в большом количестве;
- несданные в срок занятия, проекты;
- отсутствие интереса к учебной дисциплине;
- конфликтные ситуации с одногруппниками или преподавателями;
- разочарование выбранной профессии;
- мнение окружающих о выбранной профессии;
- не понимание заданий или тактики преподавателя;
- давление преподавателя.

Не секрет что большинство студентов испытывают более выраженный стресс во время сдачи сессий, так как в этот период загруженность, безусловно, велика. Это в свое время дает: умственную нагрузку, недостаток сна, сдачу задолженностей, нарушение режима дня – что и является основными причинами возникновения стресса.

Таким образом, сессия является тем внешним фактором, который влияет на эмоциональное самочувствие, аппетит, психику и психоэмоциональное состояние студента. Вследствие этого студенты испытывают как физические, так и психические симптомы проявления стресса.

Таблица 1 – Физические и психические симптомы проявления стресса.

Физические симптомы	Психические симптомы
усталость	раздражительность
тошнота	потеря концентрации
головная боль	невнимательность
нервозность	отсутствие мотивации
судороги	чувство вины или неадекватности
чрезмерное потоотделение	чувство беспомощности
потерю аппетита или чрезмерный аппетит	потерю к интересам, отношениям, действиям
расстройство желудка и т.д.	трудности в принятии решений

Зачастую студенты в силу юного возраста и неопытности никак не концентрируют интерес в вышеуказанных признаках. В данном состоянии обучающийся может находиться вплоть до тех пор, пока признаки не будут наглядно проявленными. Непосредственно по этой причине немаловажно концентрировать интерес на поведенческие перемены, какие имеют все шансы обозначать то, что обучающийся вуза страдает от стресса, а также имеет необходимость в поддержке. Это безосновательные пропуски занятий, внезапное снижение успеваемости, интерес к потреблению спиртного, нередкое табакокурение, поведение более агрессивное или более эмоциональное, чем обычно. Если у молодежи проявляются несколько из вышеуказанных симптомов, то с большой вероятностью можно говорить о том, что они страдают от стресса и нуждаются в определенной помощи.

С упомянутыми ранее трудностями встречается почти любой студент, и способ их разрешения либо способствует его индивидуальному и профессиональному становлению, или приводит к глубочайшим внутренним кризисам. Наиболее характерные из них:

- 1-й курс – кризис ожиданий (столкновение ожиданий студентов относительно избранной профессии с учебными буднями 1-го курса);
- 2-й и 3-й курсы – кризис самоопределения («Что я могу как профессионал?» «Чему я научился?» «Чему стоит научиться»);
- 4-й – кризис трудоустройства (планирование карьеры, поиск места работы);
- по выходе из вуза – кризис профессиональной адаптации (трудоустройство по специальности или переквалификация, отказ от полученной профессии).

Для более полной характеристики стресса в учебной деятельности у студентов высшего учебного заведения, нами был проведен опрос через сайт «Google Forms» на базе Жетысуского университета им. И. Жансугурова. В исследовании приняли участие студенты всех курсов, количество которых составило 541 обучающийся.

В качестве диагностического материала была создана анкета, где были выделены следующие аспекты: курс обучения; сколько сил занимает учеба; подвержены ли студенты стрессу во время усталости; стрессоустойчивы ли студенты; переживают ли они из-за плохих оценок; мучает ли их чувство тревоги; сколько часов они спят; как отражается стресс на жизни студентов и т.д.

Анализ результатов проведенного исследования показали, что основными стрессогенными факторами для испытуемых являются: «большая учебная нагрузка (в будние дни – 33,8%); во время сессии – 33,3%»; «усталость – 52,7%»; «неудовлетворенность своими оценками – 61,9%»; «чувство тревоги – (иногда – 47%; всегда – 9,8 %)»; «причина нервного напряжения (сильная загруженность – 35,7%; тяжело совмещать работу с учебой – 17,4%; проблемы в отношениях с близкими- 15%; недовольство собой – 30,3%; плохое самочувствие – 30,1%; недостаток сна – 45,1%)»; «недосып - 62,7 % студентов спят менее 8 часов»; «последствия стресса (37,2% - возникает чувство апатии, ничего не хочется делать; 20,5% - становятся более раздражительными и конфликтными; 18,1% - становится грустно)»; «выступление на публике – 48,1 % ответили, что это для них большой стресс».

Мы использовали не только количественные, но и качественные методы исследования в форме личной беседы, которые позволили получить более глубокую интерпретацию исследуемой проблемы.

Личные собеседования проходили в виде «интервью» мы подходили к рандомным студентам различных высших школ и задавали им вопросы следующего характера: «Как вы боретесь со стрессом?» «Испытываете ли стресс, когда видите что одноклассники отвечают на уроке лучше, чем вы?» и т.д.

Из данного интервью многие ответили, что никак не прорабатывают стресс, а наоборот пытаются к нему привыкнуть или испытывают более яркий стресс, чтобы приглушить старый.

Заключение. Результаты проведенного нами анализа позволяют сделать некоторые частные выводы, представляющие интерес для нашего исследования. Заслуживает быть отмеченным то, что напряжение у студентов считается конкретной конфигурацией отображения трудной учебной ситуации, в которой они пребывают. Хотелось бы подчеркнуть, что напряжение в учебном процессе следует регулировать. Это задача касается не только студентов, но и педагогов, а также кураторов студенческих групп. Из сказанного становится очевидным то, что в первую очередь, следует применять такие общеукрепляющие средства, как оптимизация порядка дня, правильное питание, а также регулярное нахождение на свежем воздухе.

Одним из результативных является способ, ориентированный в усовершенствование поведенческих способностей: общения, положительного мышления, решительности в себе.

Опыт исследования стресса заслуживает внимания и помогает нам сделать соответствующие выводы о состоянии обучающихся в процессе учебной деятельности. Анализируя результаты проведенных исследований, мы обнаружили, что уровень здоровья студентов во - первых зависит от их отношения к собственному здоровью, во-вторых-от образа жизни студентов. При оценке здоровья учащихся важно обращать внимание на настроение, деятельность каждого человека, помня о тесной связи этих факторов. Ритм работы, правильное питание, режим дня это те, психологические факторы которые всегда способствуют здоровому образу жизни, поскольку они тесно связаны друг с другом.

Вместе с тем, в результате изучения был получен материал, анализ которого позволил заключить, что в процессе обучения необходимо включать подготовку обучающихся к различным стрессовым ситуациям в учебной деятельности, обучать их способам преодоления учебного стресса, сформировывать навыки их применения в жизни, например, в период экзаменационной сессии и для восстановления психического здоровья после экзаменационной сессии. На практических занятиях студентам также следует изучить дыхательные техники, различные приемы мышечной релаксации и визуализации.

И так, в данной статье мы определили, факторы, основные причины стресса студентов, определили уровень стресса в период экзаменационной сессии, выявили, в чем проявляется стресс и основные способы его снятия.

Список использованной литературы

1. «Глобальный взгляд Человеческие судьбы» информационный портал // <https://news.un.org/ru/story/2017/10/1312431> 17.01.2023.
2. Физиология стресса: учебно-методическое пособие / сост. Ш.В. Куулар, У.В. Доржу, С.К. Сарыг. – Кызыл: Изд-во ТувГУ, 2018. – 89 с.
3. Кокс Т. Стресс. - М.: Медицина, 2011. - 275 с.
4. Психология стресса и методы его профилактики: учебно-методическое пособие / Авт. — сост. В.Р. Бильданова, Г.К. Бисерова, Г.Р. Шагивалеева. — Елабуга: Изд-во ЕИ КФУ, 2015. — 142 с.

ЖЕТКІНШЕК ПСИХИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ӨЗІНДІК СИПАТТАМАСЫ

Абдрахманова Айгуль Турсынбаевна

аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ, Тараз, Қазақстан

Кіріспе.

Қарым-қатынас немесе оны жиі кездерде коммуникация процесі деп атайды – бұл кең түсінік болып келеді. Бұл саналы түрде вербальды байланыс және санасыз түрде вербальды байланыс болып келеді. Қарым-қатынас кезінде мағлұматтармен алмасады. Қарым-қатынастың көптеген формалары бар. Қарым-қатынастың бір түріне – педагогикалық қарым-қатынас жатады. Бұл қарым-қатынастың түріне өзара әрекет формалары тән болып келеді.

Сонымен бірлескен іс-әрекеттің әртүрлі даму сатыларындағы тұлғаның мағыналы құрылымының дамуы мен өзгеруін анықтау үшін С.М. Жакоповтың бірлескен іс-әрекеттің әртүрлі даму сатыларындағы мақсат құрылу мен мотив құрылуы, мағына құрылуы зерттейтін арнайы ұйымдастырылған лабораториялық эксперимент әдісін қолдануға болады [4, 37-38 бб.]. Біз ұстаздың осы айтылған лабораториялық эксперимент әдісін одан әрі жетілдірдік. Лабораториялық эксперименттегі бірлесіп шешетін тапсырмалар үш бөлімнен тұрды. 1) бірлескен іс-әрекеттің әртүрлі даму сатыларына сай құрылған компьютерлік бағдарламалау бөлімі. Компьютерлік бағдарламалау бөлімі эксперименттің мақсатына байланысты қиындық дәрежесі қарапайымнан күрделіге қарай өсіп отыратын, бірақ шешілу қиындықтары бірдей әр түрлі тапсырмалар топтамаларын сыналушыларға ұсынуға мүмкіндік береді; 2) тапсырмаларды ұсыну мен шешу бөлімі. Бұл бөлім бір жүйеде қосылған екі компьютердің экрандарындағы екі сыналушыға да ортақ әр түрлі геометриялық фигуралар мен оларды басқаруға мүмкіндік беретін дербес клавиатуралардың тетіктерінен тұрады; 3) бірлескен іс-әрекеттің вербалды және эмоциялық бөліктерін үйлестіріп тіркеуді жүзеге асыратын жазып алу бөлімі. С.М.Жақыпов бұл бөлімде ұнтаспа мен ГТҚ үздіксіз қатар жазуды қолданған еді [4]. Біз бұл бөлімді зерттеудің мақсатына сай өзгертіп, оның орына ұнтаспа мен әртүрлі психодиагностикалық өлшеу тестерін пайдаландық. Бұдан басқа екі сыналушыны бір-бірінен бөліп тұратын пердеше қондырылды.

Сыналушылардың әрбір жұбына қиындықтары бірдей 4 тапсырма ұсынылады. Тапсырманың шартына компьютер экранында бейнеленген әртүрлі геометриялық фигураларды өшіріп-жағу алынды. Сыналушылардың әрқайсысы өз клавиатураларындағы тетіктерді пайдалана отырып, мүмкіндігінше қате жібермей, өздеріне тиісті жанып тұрған

фигураларды өшіріп, ал өшіп тұрған фигураларды жағуы тиіс болды. Сыналушылардың бейтарап жіберген әрекеттерін қате деп есептедік. Мұнда сыналушылар тез арада клавиатурадағы тетікті басқанымен экрандағы фигуралар өзгермейді. Сыналушылар аз қате жіберіп, жоғары жетістікке қол жеткізу үшін клавиатурадағы белгіленген тетіктер мен геометриялық фигуралардың арасындағы тәуелділік байланыс жүйесін табу керек. Мұндай байланыстар жүйесін іздеу сыналушылар үшін ойланатын тапсырма болып табылады, ал оны шешудің тиімділігі көп жағдайда серігінің іс-әрекетін есепке алумен байланысты.

Мысал үшін осы айтылғандарды ашып көрсетейік (1-суретті қара). Компьютер экранында әртүрлі геометриялық фигуралар бейнеленген (мұндағы қара түсті үш бұрыштар өшіп тұрған, ал күлгін түсті тік төрт бұрыштар жанып тұрған фигураларды білдіреді). Сыналушылар кезек-кезек өз клавиатураларындағы тетіктерді пайдаланып, өшіп тұрған фигураларды жағып, жанып тұрған фигураларды өшіру керек. Сыналушылардың мақсатқа жетудегі іс-әрекетінің екі жолын айтуға болады. Біріншісі, клавиатура тетігін жорамалдап басу. Мұнда клавиатура тетігін басып фигураларды өшіріп-жағуға әрекет еткенімен, экрандағы фигураны өшіріп жаға алмайды. Ал екіншісі, клавиатурадағы белгіленген тетіктер мен фигуралар арасындағы байланысты іздеу жолы. Бұл сыналушылардың бірлескен іс-әрекеттегі өз серігінің іс-әрекетін ескеру негізінде жүзеге асады.

Сонымен, клавиатурадағы белгіленген тетіктер мен монитор экранындағы бейнеленген фигуралар арасындағы байланысты әр түрлі жағдайда бағдарламалап құруға болады. Біз эксперименттің мақсатына сәйкес үш түрлі жағдайда бағдарламалап құрдық. Біріншісі, жалған бірлескен іс-әрекет сатысына негізделіп бағдарламаланған тым қарапайым түрі клавиатурадағы белгіленген тетіктер мен экрандағы бейнеленген фигуралар арасындағы тікелей байланыстылық (Б1-сурет). Оны былайша жазып көрсетуге болады: Та1-Фа1, Тб1-фб1, Тв1-Фв1, Тг1-Фг1, Та2-Фа2, Тв2-Фв2, Тг2-Фг2, Та3-Фа3, Тб3-Фб3, Тв3-Фв3, Тг3-Фг3 және т.с.с. Екіншісі, жалған бірлескен іс-әрекеттен бірлескен іс-әрекетке өту сатысына негізделіп бағдарламаланған, біріншіге қарағанда күрделірек байланыс. Оны былайша жазып көрсетуге болады: Та1-Фг4, Тб1-Фв4, Тв1-Фб4, Тг1-Фа4 және т.с.с. Үшіншісі, бірлескен іс-әрекеттен дамыған бірлескен іс-әрекетке өту сатысына негізделіп құрылған аса күрделі байланыстылық. Оны былайша жазып көрсетуге болады: Та1-Фг4, Тб1-фг3, Тв1-Фг2, Тг1-Фг1, Та2-Фб1, Тб2-Фа2, тв2-Фб3, Тг2-Фа4, Та3-Фа4, Та3-Фб4, Тб3-Фа3, Тв3Фв2, Тг3-Фв1, Та4-Фв1, Тб4-Фв3, Тг4-Фг4.

Сыналушылар үшін нұсқаудың мәтіні: «Сіздердің әрқайсысыңыз үшін жеке-жеке компьютерлер қатар қойылған. Монитор экранында сіздердің әрқайсысыңызға тиісті геометриялық фигуралардан тұратын тапсырмалар берілген. Бірақ клавиатурадағы белгіленген тетіктердің кейбіреулері өшіп тұрған фигураларды жағып, не жанып тұрған фигураларды өшіре алмауы мүмкін. Сіздердің міндеттерің клавиатураларыңызда белгіленген тетіктерді пайдалана отырып, өздеріңізге тиісті жанып тұрған фигураларды өшіріп, не өшіп тұрған фигураларды жаға алмаса, онда сіздердің бұл әрекеттеріңіз қате болып саналады. Жіберілген қателер саны тапсырманы орындап болғаннан кейін ғана есептеледі. Сіздің жұмысыңыздың тиімділігі сіздердің әрқайсысыңыздың істеген сәтті не сәтсіз әрекеттеріңіздің санымен ғана емес, жұп болып істеген әрекеттеріңіздің жалпы санымен анықталады. Жұп болып істеген әрекеттеріңізде жіберілген қате саны төрттен аспаған жағдайда ғана тапсырма шешілді деп есептеледі. Сіздердің әрқайсысыңызға өз тетіктеріңізді серігіңіз тетігін басқаннан кейін ғана баса аласыздар, яғни тетікті кезектесіп басып қана тапсырманы шешесіздер».

Бірлескен іс-әрекеттің әртүрлі сатыларына негізделіп бағдарламаланған тапсырмаларды шешуге кіріспей тұрып, сыналушылардың әрбір жұбы тапсырмаларды үш реттен шешіп жаттығуына болады. Сонымен тұлғаның мағыналы құрылымы мен мағына тудырушы психологиялық механизмдерді зерттеудің эксперименттік әдісін осылайша

ұйымдастыру мағынаны іс-әрекет үстінде зерттеу керек дейтін психологиядағы іс-әрекет бағытының жалпы әдіснамалық қағидасын толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тәжібаев Т.Б. Жеке адамның мағыналы құрылымын зерттеудің әдістемелік мәселелері // Вестник Университета «Қайнар». – 2004. – Вып.3/1 (31). – 52-56 бб.
2. Петренко В.Ф. Психосемантика сознания. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1998. 208 б.
3. Асмолов А.Г. Классификация несознаваемых явлений и категории деятельности // Вопросы психологии. – 1980. - №3. – 45-53 бб.
4. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. – Алма-Ата, 1992.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ

Көмекбаева Ләззат Кеңесбаевна.,

психология ғылымдарының кандидаты, Қайнар академиясының доценті

Ахметов Әбубәкір Кентаевич,

Қайнар академиясының 2 курс магистранты

Қазіргі таңда буллинг ұғымымен көпшілік таныс болғанмен, бірақ оның мектеп оқушыларымен осы мәселенің төңірегіндегі мәліметтерге сипаттама беру мақсатында осы тақырыпты өз мағанасын кеңінен ашып, талқылауды талап ететін және оны жан-жақты зерттеуді көздеуге жол сілтейді деген ойдамыз. Осыған байланысты, бүгінгі күні қорқыту мәселесі де білім беру жүйесіндегі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Қорқытудың алғышарттарын, себептерін қарастыруды жөн көріп және нақты өмірден мысал келтіру біздің тарапымыздан туындап отыр. Білім беру ортасының қауіпсіздік сапасын арттыру болашақта жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын жақсартуға ықпал етеді, сондай-ақ жалпы әлемді қабылдауға әсері сөзсіз.

Көптеген зерттеушілердің айтуынша, буллинг арнайы ұйымдастырылып, белгілі бір мақсатпен жасалып, жиі немесе күнделікті өмірде қайталанатыны да бар. Әрі екі тараптың күші тең болмайды және агрессия үнемі бір тараптан болады, сондықтан құрбан да ауыспайды осыдан бір жақ қатты қысым көреді, екінші жақ үнемі жеңіске жетіп отырады. Буллинктің түрлеріне тоқталсақ: Физикалық буллинкте күш көрсету, тебу, ұру, итеріп жіберу, құлату, денесін зақымдау. Көбіне балалар мұндай жағдайды ата-анасына айтпайды. Ал оны киімдерінің жырық, келбетінде, денесінде көгерген не жараланған белгілері арқылы білесіз. Келесі түрі әлеуметтік буллинг – бұл құрбан болған адамды ортадан бөлектеу, ортақ іс-шаралардан алшақтатып, шектеу. Мысалы, ешкімнің онымен дос болмай, жарыстарға қатыстырмау, жалпы топты шақырып, соның ішінде бір баланы әдейі шақырмау, командаға кіргізбеу, шетке ысырып тастауы, срынның салдарынан бала көбіне жалғыз жүрсе, достары жоқ болса, сыныптастары туралы ештеңе айтпаса, үнемі көңілсіз жүрсе, осындай көріністің өзі айғақ болмақ. Үшінші түрі – вербальді буллинг – сөзбен ар-ұжданына, намысына тию, келемеждеу, ар-ұятын таптау, мазақтау, қорқыту, т.б. Вербальді буллинг өзімен-өзі болып, ішкі қатынасмен әуреленген, тәбеті нашарлағаны да бар. Басқалардың өзін ренжіткен ойды айтып, «Мен сондай адаммын ба?» деп сұрауы да дәлел.

Тағы бір түрі кибербуллинг – заманның талабына сай әлеуметтік желі, байланыс құралдары арқылы басқаларға зиян келтіру. Біреуге жариялап жала жабу не жеке хабар хаттармен қорқыту болған жағдайдағы баланың әрекеті: бала алаңдап, ешкімге мән бермей, телефонынан көз алмау, кенеттен көңіл-күйі төмендеп кетуі, мазасыздықтан ұйқысының нашарлауы да, қоршаған ортаға сенімсіздік білдіру. Жалпы буллинг мәселесін кеңінен түсіну үшін қорқыту және зорлық-зомбылық ұғымдарына да мән беру қажет.

Кез-келген қорқытудың алғышарты – жеке тұлғаны құрметтемеу немесе жеке тұрғыдан ұнатпау. Білім беру ортасындағы тұлғааралық қарым-қатынас пен психологиялық қауіпсіздіктің сапасына ерекше назар аудару керек, өйткені дәл осы факторлар адамның тұтастығы мен психикалық жағдайын қамтамасыз етеді. Қазіргі өмір шындықтары зорлық-зомбылық құбылыстарын оқыту мен тәрбиелеу процестерінен шығармайды. Осыған байланысты білім беру ортасындағы зорлық-зомбылық құбылысын, оның пайда болу себептерін, оның пайда болу себептерін зерттеу қажет, себебі ол білім беру ортасының қауіпсіздігін бұзуы мүмкін және білім беру процесінің субъектілері арасындағы тұлғааралық қатынастардың құрылуына және білім алушының жеке басының дамуына теріс әсер етеді. Білім алушының қарым-қатынас құрушы ортасы болатын бәрімізге мәлім. Яғни қоршаған орта дегеніміз не? Қоршаған орта-бұл адам баласының жағдайларының жиынтығы және оның айналасындағы ортасы. Біз оған туғаннан бастап кіреміз және онда бүкіл саналы өмірімізді өткіземіз

В. В. Рубцовтың пікірінше, қоршаған орта-бұл адамның қарым-қатынасында, өзара әрекеттесуінде, қарым-қатынасында, қарым-қатынасында және басқа процестерде бар адам әлемі, осы оймен автор әлеуметтік қауымдастықтың адам ортасы ретіндегі ерекше рөлін атап көрсетеді.

Әдетте, білім беру ортасында қорқыту жағдайларына бірдей адамдар қатысады. Іс жүзінде әр сыныпта құрдастарының қорқытуының құрбаны болатын қандай да бір ерекшеліктерімен айырықшаланатын оқушылар бар. Оқушылар арасында қорқыту бойынша зерттеулер АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Канадада жүргізілді. Білім беру ортасындағы қорқыту мәселелеріне арналған заманауи шетелдік жұмыстарды талдау бұл құбылысты терең және жүйелі түрде зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Алайда, мектеп пен мұғалімдерді мектептегі қорқыту мәселелсінен алшақтату фактісі, сондай-ақ мұғалімдердің мектеп оқушылары арасындағы қарым-қатынастағы қорқытудың себептері мен формалары туралы жеткіліксіз хабардар болуы назар аударарды. Әдетте, мұғалімдер мәселенің таралу ауқымын білмейді және бұл өсіп келе жатқан құбылыспен қалай күресуге болатынын білмейді (Kalliotis R, Olweus D.). Қорқытудың білім беру ортасында таралуына қарамастан, біз елімізде құбылыстың психологиялық мәнін ашатын ғылыми зерттеулердің жоқтығын атап өтеміз.

Сондай-ақ, әлемдегі әлеуметтік-мәдени жағдай бізге сыртқы жағдайлардың қалыптасуына және оның идеологиялары мен жалпы пікірін құруға теріс әсер етуінің көптеген мысалдарын беретінін ескеру қажет.

Балалар, жасөспірімдер және тіпті ересектер біз мониторлар мен телефон экрандарында көріп отырған зорлық-зомбылықты насихаттаудың әсеріне ұшырайды.

Оқушыларды көбірек түсіну үшін олардың досы болу керек, осылайша сенімділікті арттыру керек. Көбінесе бұл белгілі бір мәселелерді шешудің негізгі құралы бола алатын сенім.

Осы мақаланың авторының бірі – магистрант ӘбуБәкір өз өмірінен бір мысалды ұсынып отыр. Соған тоқталсақ. «Жақында маған бұрынғы әріптесім кеңес алу үшін жүгінді. Оның ұлы бесінші сынып оқушысы бірнеше ай бойы мектепке барудан үзілді-кесілді бас тартты. Ол себебін түсіндірмей, шындықты айтудан бас тартты. Менің мектепте оқу барысы кезінде осындай жағдай болды. Мен тоғызыншы сыныпта оқып жүргенімде, сыныптастарымның бірі мектепті тастап кете бастады, біз кейінірек білдік, оның анасы бұл туралы тіпті білмеді. Оқушының бұл мінез-құлқының себебі, оның параллель сынып оқушыларының үнемі қорлауына ұшырауында болды. Бірақ бұл туралы оның ата-анасы да, оқытушылар құрамы да білмеді. Біраз уақыттан кейін біздің сынып жетекшіміз баладан не болып жатқанының себебін біле алды. Бұндай әрекет ата-анасының қолынан келмеді, алайда сол кезде баланың сенім артуға шешім қабылдағандықтан мұғалімнің қолынан келді.

Бұл әңгімеде менің әріптесім баламен бірдей жағдайға ие болды, бірақ мұғалім бұл жағдайда мүлдем керісінше әрекет етті. Мұғалім құрдастарының шабуылдары туралы

білетіні белгілі болды, дегенмен оған көмектесудің орнына, керісінше, өз сыныбында мәселені жасыруға тырысты. Жағдай ешқашан шешілмеді және баланың анасы оны басқа мектепке ауыстыруға шешім қабылдады».

Екі ұқсас оқиға, бірақ бұл мәселелердің шешімі табылды ма?

Қорытындылай келе, анықтаманың тұжырымдамасына оралғымыз келеді Қауіпсіз білім беру ортасы біздің әр мектебіміз бен колледждерде бар ма? Сондықтан бізге осындай қауіпсіз білім беру ортаны қамтамасыз ету арқылы біз жалпы білім беруде оқуды қабылдауды ғана емес, сонымен қатар жеке адамдардың психологиялық өзін-өзі тануын жақсартамыз.

Қауіпсіз білім беру ортасы – жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың барлық оң мүмкіндіктерінің жиынтығы болып табылатын мектептің ішкі өмірінің біртұтас сапалық сипаттамасы. Мектептің қауіпсіз білім беру ортасы білім беру процесінің әрбір қатысушысына олардың құқықтары мен психологиялық-физикалық қауіпсіздік нормаларының сақталуына кепілдік беріледі, бұл әрбір білім алушының жеке дамуы үшін жағдайлар жасалады деп болжайды. Мұндай білім беру ортасын құру кезінде білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу стратегиясы мен технологиясын, білім беру процесіне қатысушыларды сүйемелдеу технологиясын ескеру қажет.

Қорқыту барлық уақытта болған, бірақ оған нақты анықтама берілмеген. Ол жиі қорқыту деп аталды. Адамдар бұл үлкен мәселені шешуге аса назар аудармады, сондықтан бұл өмір бойы психологиялық із қалдыратын қорқыту, адамның бойында қалатын қорқу сезімі.

ERNUR.KZ сайтында «буллингті болдырмау үшін ата-ана балаларына адамдармен дұрыс қарым-қатынас құру, қысым көрген адамды қолдау, өзгелерді құрметтеу үлгісін көрсетуге тиіс. Баламен ашық және жиі сөйлесіп тұруы қажет. Бала ата-анасына барлық тақырыпта ойын еркін айта алатындай, өзін тыңдайтынын, түсінетінін білетіндей сенімді қатынас орнату қажет. Мектепте пәндердің қалай өткенін, дене шынықтыруда қандай жаттығулар жасағанын, қатарластарымен қарым-қатынасының қандай екенін, интернетте не істейтінін неге көңіл-күйі жоқ екенін сұраған жөн. Сол сияқты буллинг тақырыбында көбірек сөйлескен жағдайда бала қатарластары туралы айтатын болады. Бала сіз тарапынан психологиялық және эмоционалды қолдауды әрдайым сезінуі тиіс. Ал мұғалімдер буллинг орын алмауы үшін сынып сағаттары мен ашық сабақтар арқылы түсіндірме жұмыстарын өткізуі керек. Балалардың арасында әлімжеттік жасау, ауыр сөздермен намысқа тию жағдайларын байқаса, дереу оған тоқтау салуға міндетті. Ата-аналармен тығыз байланыста болу, оларды да осы тақырыптағы іс-шараларға қатысуға шақыру да жақсы шешім»- деп А.Мейірханқызы өз пікірін ұсынған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мәселені шешудің ең тиімді моделі-бұл білім беру ортадағы студенттер мен оқытушылар арасындағы сенімділікті арттыру. Бұл мәселені елемеуге болмайды.

Қорытындылай келе, буллинг қазіргі жағдайда кең тарапта орын алмау үшін, біз мектеп оқушыларын, студенттерді көбірек тыңдауға және олардың ойымен санасуға талпынып, айтылған әңгімеден қорыныды ой жасауға тырысуымыз керек деп айтқымыз келеді. Олардың пікірлері мен көзқарастарын ескеріңіз, шығармашылық талпыныстарда қолдау көрсетіңіз және оларды «соттамаңыз», егер олардың пікірі сіздікінен өзгеше болса, сіз оның тарапынан саналау қалай болатынын да ойлап көру қажет шығар?! Мектептегі мұғалімнің міндеті – шынайы эмпатияны көрсету, осылайша оқушының бойындағы субъект өзінің қорғалғанын сезеді.

Бір-біріңізге әсіресе, білім алушыларға түсіністікпен қарап, мейірімді және шыдамды болыңыздар. Назар аударыңызға және барлығына рахмет!

Әдебиеттер тізімі

1. <http://ernur.kz> Тәрбие». МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГ: балаңыздың бұған қатысы жоқ па?
2. И.В. Непрокина, О.П. Болотникова, А.А. Ошкина. Безопасная образовательная среда: моделирование, проектирование, мониторинг. Тольятти, 2012 год.
3. Рубцов В. В., Марголис А. А Психолого-педагогическая подготовка учителя для новой школы. Образовательная политика. — 2010.
4. Технология оценки образовательной среды школы. Учебно-методическое пособие для школьных психологов / Под ред. Рубцова В. В. и Улановской И. М. — М., 2010.
5. https://studbooks.net/1316241/finansy/vnutrennyaya_sreda_obrazovatel'nogo_uchrezhdeniya

ТҮЛҒААРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

Касымбекова Г.К.,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 8D01103 – «Педагогика және психология» докторанты, Астана, Қазақстан

Кіріспе

Адамдар қатынасының әліппесі: кішіпейілділік, ақкөңілділік, шыншыл, басқаларды түсіну, көмек көрсету т.с.с. бірақ адамдар арасындағы қатынастан күрделі ештеңе жоқ. Біз қоршаған ортамен, адамдармен, олардың жұмыстарымен, көзқарастарымен тығыз байланыстамыз. Адам – қоғамдық пенде, оның өмірдегі орны биологиялық қажеттіліктерін атқару ғана емес әлеументтік, қоғамдық (өнеркәсіптік, тәрибелік, оқулық, мәдени т.с.с) қажеттіліктері де жатады. Адамның кез келген жасында қатынастың мәнділігі мен көкейтестілігінің маңызы зор сондықтан да қатынасты тұлға белсенділігі мен тұлғааралық қатынастарының атқаратын рөлі зор екендігін қарастыруға да болады.

Негізгі бөлім

Психологиялық және педагогикалық қатынас туралы жазылған психологтардың, педагогтардың, әдіскерлердің ғылыми еңбектерінен, психология ғылымының негізгі қағидаларынан, тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі жетілдіру жағдайындағы психологиялық ілімдерінен А.Ф. Лазурский; В.Н. Мясищев; А.Г. Ковалев; В.С. Мерлин; К.К. Платонов; А.Н.Леонтьев; Л.И. Божович; С.Л. Рубинштейн; Д.Н. Узнадзе; В.А. Ядов қарастырады.

А.Л. Лазурский мен В.Н. Мясищевтың еңбектерінің психологиялық қатынас саласында тұлғааралық қатынастың бағыттарын қарастырған. Бұл бағыттың негізіне тұлға жатады, оның нақтылыққа субъективті бағалау қатынас жүйесінің жеке тұтастығы ядро ретінде қарастырылған. Қатынас психологиясы психологиялық практика саласында қалыптасады деген тұжырымдамаға келген. Тәжірибелі және зейінді педагогтер қарым-қатынас кезінде оқушылардың бір-біріне ұқсамайтынын жақсы біледі. Біреуіне жақсы әсер ететін әдістер, басқа біреуінен түсініспестік, карама-қайшылық тудырады[1, 61].

Қазақстанда тұлғааралық қатынас мәселесін Х.Т. Наубаева «Мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың бірлескен іс-ірекетіндегі тұлғааралық қатынастың гуманизациясын» қарастырса[2.44], У.И. Ауталипова «Мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасындағы тұлғааралық қатынасының психолого-педагогикалық негіздерін» зерттеген[3.117]. Өз еңбегінде отбасындағы ата-анамен мектепке дейінгі балалардың тұлғааралық қатынас ерекшеліктерін көрсеткен, А.М. Кенжекканова «Бастауыш сынып оқытушысының балалармен қарым-қатынасының қалыптасуы» мәселесіне тоқталған, өз еңбегінде басты идеяға тұлғаның психологиялық дамуының негізгі тенденциясы ретінде гуманизация мен ынтымақтастықты көрсеткен. Сонымен

қатар, тұлғааралық қатынас сапасының деңгейі оқытушының кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігіне байланысты және оқу-тәрбие процесінде коммуникативті қатынасты ұйымдастыра алуы мен оқытушының білім деңгейіне байланыстылығын қарастырған.

Ал, жоғарғы оқу орнындағы оқытушы мен студенттің тұлғааралық қатынасы мәселесіне «Келешек маман тұлғасының өзіндік дамуына оқытушы мен студент қарым-қатынасының әсері» атты еңбекте Қазіргі жоғарғы оқу орны жағдайында келешек маман тұлғасының қалыптасуының педагогикалық үдерісі ашылады және оқытушы – студенттің тұлғааралық қатынасының келешек маман тұлғасының өзіндік даму үдерісе әсерін көрсетеді. Сонымен қатар А.Р. Ерментаеваның «Студенттерді психологиялық дайындау негіздері» еңбегінде қазақ халқының өзіндік қатынас мәселесін психологиялық тұрғыда қарастырады [8,185]

Сонымен отандық және батыс ел психологтарының тұлға қатынасы мәселесіне берген анықтамаларында белгілі ұқсастықтар бар, ол – тұлға мәселесі болып табылады

В.Н. Мясичевтың тұлғалық тұжырымдамасында тұлға жөніндегі көзқарасын талдайтын болсақ, тұлғаның ойлау мәселелерінің теориялық мәнінің екі жағдайын қарастырған. Тұлғаның құрылымы жөніндегі сұрақтарды ашық түрде алғашқылардың бірі болып қарастырғанын айта кету керек. «Құрылымдық мінездеме адамның жан-жақты даму жолын сатылай немесе қарама-қарсылығын, тұрақтылығын, өзгергіштігін, тереңдігі мен таяздығын, жетістігі мен кемшілігін және басқа да функцияларын зерттеу болып табылады. Осы принциптік қағидалар тұлғаның құрылымдық ерекшеліктерін анықтаған болу керек, өйткені онда жеке-жеке құрамдас бөліктері жоқ тек қана психологиялық белгілер бар – ол тұлғаның психикалық мінездемесінің басқа адамдардың психологиялық мінездемелерін өзіне жабық түрде қабылдау қатынасы деп көрсеткен. Атап айтқанда ойлау қабілеті негізіндегі қатынас В.Н. Мясичевтың көзқарасы бойынша осы қасиеттердің интеграторы, яғни ол біртұтастылықты, тұрақтылықты және мінез-құлықтағы сатылықты қамтамасыз етеді [4,192].

Ал, К.К. Платонов В.Н. Мясичевтің тұлғалық құрылысынан бағыттылықты, темперамент пен сезімділікті алып тастаған деп ескерту жасайды. Бағыттылықты В.Н. Мясичев «доминанталық қатынас немесе оның интегралы» деп түсіндіреді. Қатынас құрылысындағы компоненттің бірі эмоциялық болып табылады. Тұлғалық қатынас – тәжірибесіндегі белсенді, саналы түрдегі, таңдаулы, интегралды байланысы.

В.Н. Мясичевтің тұжырымдамасы бойынша қатынас дегеніміз тұлғаның жүйелі түрдегі қалыптасу элементі болып табылады. Бала туғаннан бастап қоғамдық қатынастарға түсуге мәжбүр болады (ең алдымен анасымен эмоционалдық қатынас, өзін қоршаған жақын адамдармен, құрдастарымен, тәрбиешілермен, мұғалімдермен, әріптестерімен және де ойын, оқу, еңбек түріндегі қатынастары) ішкі сезім арқылы тұлғаның қатынасының дамуы арқылы қалыптасады. Осы қатынастар жеке тұлғаның дамуына ішкі потенциалы арқылы әсер етеді. Мұндай жағдайлардан адамның жабық көрінбейтін жақтарын білуге болады.

Сонымен, В.С. Мясичев қатынас құрылымында – «сезімталдылық», «бағалау» (когнитивті танымдылық) және «конативті» (тәртіптілік) жақтарына ерекше көңіл бөледі. Қатынастың әрбір жағы тұлғаның мінезімен, қоршаған орта және адамдармен әртүрлі жағдайдағы зат алмасу мен идеялық қатынас өмірдегі байланысы анықталады, деген. Эмоционалды компонент тұлғалық қатынастың қоршаған орта, адам және өзіне-өзі деген эмоционалды қалыптасуына көмектеседі. Танып-білу, бағалау – ортадағы объектілерді, адамдарды және өздерін тануға, түсінуге, бағалап, қабылдауына мүмкіндік жасайды. Мінез-құлқына (конативті) байланысты компоненттері – құндылықты бағалау объектісіне, адамдарға және өзіне деген тұлғалық тәртібінің тактикалық және стратегиялық жолдарын таңдап жүзеге асыру жолдарын қалыптастыруға көмектеседі.

В.Н. Мясичев бойынша, қатынас түрлерін эмоционалды және рационалды бағалау бойынша оң және теріс көзқарас болып бөлінеді. Мінез-құлық қатынас қажеттілік арқылы түсіндіріліп, ал қажеттілік сол заттарға жету жолдарының әдістерін жанама жолмен

жетуді көрсетеді. Қатынастың эмоционалдық жағы махаббаттық, қимастық, түсінушілік, жек көрушілік, жауласушылық, мүлдем көргісі келмейтін қарама-қарсы белгілер арқылы көрсетіледі [4,207].

Қалыптасқан сенімдері, талғамы, бейімділігі, идеалдары, адамгершілік құндылықтарынан танымдық және тұлғаның бағалауы көрінеді. Ал қатынастың дамуы туралы мынадай пікірде болған, егер тұлға ол қатынас жүйесі болса, онда тұлғаның даму процесі жағдайлылығы қатынастың даму жолына байланысты, деген.

В.Н. Мясичев бойынша, адамның таңдамалы, үстемелі мінез-құлқының алғашқы кезең мінездемелері сана белгілерінің жоқ болған кездегі алдын-ала қатынаспен сипатталатындығын айтады. Санасыз түрде адамды әрекетке итермелейді (мінез-құлықтың санасыз түртікілері).

В.С. Мерлин бойынша тұлғаның қасиеттерін келесідей сипаттайды:

- Тұлғаның қасиетін айқындайтын қатынас – олардың жеке жақтары емес – сезімнің бүтіндей қатынасы, мысалы, байқампаздық, сезімталдық, зейін – сананың жеке жақтарының қасиеттері.

- Тұлғаның қасиетін сипаттайтын қатынас. Тұлғаның санадан тыс жалпы объективті бір нәрсеге – еңбекке, адамдарға, ұжымға, затқа т.с.с. қатынас қасиеттері. Мысалы, бақылампаздық пен ойлану қатынасы адамның өзінің психологиялық әрекетіне жатады, яғни ойлану мен бақылау қажеттілігіне [5, 113].

- Жоғарғы дәрежедегі тұлғаның нақтылық жағдайдағы қоғамдық еңбек әрекетіне қатынасы деп атап өткен.

Тұлғаның қасиетіндегі ерекшелік ол тұрақтылық пен беріктілік болады. Соның нәтижесінде тұлға қоршаған ортаға және оның әсеріне қарсы тұра алады да өзінің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыра алады. Тұлғаның қатынас жөніндегі өз ойын дәлелдей келе В.С. Мерлин В.Н. Мясичевтың көзқарасы бойынша тұлғаның құрылымын әртүрлі белгілермен жасаудан бас тартады. Оның айтуынша тұлға құрылымын әртүрлі психикалық қасиеттер тобымен – темперамент, мінез, қабілет және бағыттылық жүйесі ретінде қарауға болмайды. Бұл көзқарас В.С. Мерлиннің басқа психологтардың көзқарасынан айрықша принципті ұстанымы болып табылады[6,123].

Көптеген зерттеулердің нәтижелерінің қорытындыларында адамдардың бір-біріне қатынасының аффиляциялық тенденциялар деңгейі анықталған. Сондықтан «қатынас» - «әлеументік бағдар», «аттракция», «аффидация» ұғымына қарағанда мағынасы терең. Тұлғалық қатынастың психологиялық құбылысының мәні келесі белгілермен мінезделінеді:

1) Адамның қатынасы оның қажеттіліктеріне байланысты (алдымен психологиялық соңынан физиологиялық). Қажеттілігін іске асырушы субъектімен қажеттілікті қанағаттандыратын объектінің «адам немесе зат) арасында байланыс пайда болады. Бұл байланыс, басқаша айтқанда «субъектінің объектіге» - қатынасы, В.Н. Мясичевтің пайымдауынша «объектіге жетудің тартымдылық күйзелісі және жету белсенділігінің талпынысы», мысалы, баланың анасына қатынасы физиологиялық қажеттілігі мен қатар психологиялық қажеттілігінің (қорғану мен қауіпсізденуіне) детерминациясы. Психологияда тұлғаның өзіне және басқаға қатынасының жанама психологиялық қажеттіліктерін қарастырады: жақын қатынас орнатуға қажеттілік; өзін және басқаларды бақылау қажеттілігі; өзін-өзі позитивті бағалауға; аяушылық, түсінушілік пен қамқорлыққа қажеттілік; өзінің керектігіне, мәнділігіне қажеттілік.

2) Қарым-қатынастағы қатынас адамға адамның әсер етуінен және бейнелеумен өзара байланыста қатынастың пайда болуына субъектінің объектіні қабылдау (бейнелеу) этапы пен бағалауы (бейнелеу негізінде) оның қажеттіліктерінің қанағаттандыру жолындағы потенциалды мүмкіндіктері. Сондықтан тұлғаның қоршаған нақтылықты бейнелеу қорытындысында қатынас қалыптасады да тұлғаның экспрессивті мінез-құлқынан, сөйлеуінен өзара әрекеттестік түрінде көрінеді.

3) Өзара әрекеттесу мен қарым-қатынастың қорытынды процесі қатынас оның құрамы когнитивті, эмоционалды, мінез-құлық компоненттерінен тұрады [9.59-67].

Олардың бір-бірімен сәйкестігінен қатынас түрі мен типі анықталады. Қатынас өзінің даму процесінде белгілі кезеңдерден өтеді: қатынастың қалыптасуы; қатынастың дамуы; қатынастың тұрақтылығы; қатынастың күйреуі. Қатынас қорытындысында белгілі параметрлері болады: белгісі; интенсивтілігі – қарқындылығы; модальділігі – үлгілілігі; байқампаздығы. Психологияда «қатынас» - ұғымымен қатар тұлғааралық қатынас; өзара қарым-қатынас; топаралық қатынас ұғымдарын кеңінен қолданады. Тұлғааралық қатынас - субъект-субъектілік қатынас, яғни тұлға қатынасының басқа біреуге қатынасы.

Тұлға қатынас жүйесінің мынадай компоненттері болады: өзіндік қатынас; қоршаған ортаға, затқа қатынастары жатады. В.И. Паниотто «Тұлғааралық қатынас құрылымы» - атты еңбегінде А және В өзара қатынасы – ол А-ның В-ға қатынасы мен В-ның А-ға (осы қатынастар жүйесі немесе тұтастылық) қатынасының жиыны» - деген, сонымен «қатынас» - және «өзара қатынас» ұғымдары қатынас динамикасының әртүрлі деңгейлерінде қолданылады. Мысалы, Л.Я. Гозман айтуынша қатынастың пайда болу деңгейінде субъектілік қатынастан объектілік қатынасқа бағыттталып даму жолында жеке қатынас өзара қатынасқа немесе «дидактикалық қатынасқа» айналып «жеке феноменді» көрсетеді. Әлеуметтік топтар арасында пайда болған әртүрлі байланыстардың субъективті бейнесі (қабылдау) және топтар әрекеттестігінің шартталған тәсілі – тұлғааралық қатынастың топ аралық қатынастан айырмашылығы деп түсіндіреді [9.59-67].

Қазіргі психологияда тұлға қатынасын зерттеуді екі тұғырда қарастырады: структурный (құрылымдылық); динамикалық. Құрылымдылық тұғыр шеңберінде қатынастың әртүрлі компоненттерін зерттеу мен өлшеуде әдістемелік құралдарын іздеу жолдары қарастырылады. Қатынас ұғымының жалпыға белгілі эмоционалды, когнитивті, мінез-құлықтық компоненттері көрсетіледі. Динамикалық тұғырда адам қатынасының пайда болуынан күйреуіне дейінгі аралықты жүйе деп қарастырады [1, 69].

Тұлға табиғаттағы динамикалық қатынас тұғырының негізін фундаментальды жағдайын В.Н. Мясичев, Л.И. Анцеферова, К.А. Абульханова-Славская, И.С. Конон және басқалар қарастырған. Динамикалық тұғыр шеңберінде динамикалық қатынас түрі анықталған. Мысалы, динамикалық қатынастың екі түрі: тұлғааралық қатынас сферасында, тұлғалық қатынас жүйесінде өзгеріске келмейтін жаңа қатынастардың (прогресс және регресс) пайда болуы; жағдайға байланысты тұлғалық өзгеріске түсуі. Берілген динамика типін уақыт ағымына байланысты қатынастар параметрінің үнемі өзгеруіне байланысты қатынастар ырғағы деп айтады. Сонымен «қатынас», «тұлғааралық қатынас», «өзара қатынас», «топ аралық қатынас» ұғымдарының ішінде кең қолданылатыны «қатынас», яғни субъектінің объектіге психологиялық байланысы (субъектінің өзі, басқа адам, қоршаған ортаның құбылыс мен заттары және әлеуметтік топтар) [9.59-67].

«Тұлғааралық қатынас» - адамдар арасындағы қатынасты қарастырса, ал «топ аралық қатынас» - әлеуметтік топтар арасындағы қатынасты алады. «Өзара қатынас» - болған қатынастың (оның ішінде өзара, симметрия деңгей) сапасын бейнелейді. Қатынас тұжырымдамасының негізін құруда: А.Ф. Лазурский (1874-1917) және оның шәкірті В.Н. Мясичевты (1893-1973) айтамыз. Тұлға тұжырымдамасының негізінде адамдар қатынасына аса көңіл бөлген. А.Ф. Лазурский ең алғашқылардың бірі болып психологияда «қатынас» ұғымына назар аударған. Ол бойынша «қатынас» ұғымы «бейімділік» пен «қызығушылықтың» өмір қырларына, басқа адамдарға, өздеріне интенциясын құрайды. Адамға тән бейімділік жиынтығы оның мінезін құрайды да қатынас психологиялық ұғымдардың басқа түбегейлі призмасынан өтіп орталық санатына (категориясына) айналады. «Тұлғаны зерттеу бағдарламасы» атты еңбегінде тек қана адамның эндопсихикасына (темперамент, мінез, психикалық процестер) ғана емес тұлғаның адамды танып білу арқылы қоршаған ортаға қатынасы басым бағытталған. А.Ф. Лазурскийдің еңбегінде негізгі орынды қатынас «жақтарына» (қазіргі терминологияда –

қатынас параметрлері) аударарды, технология бойынша қатынастың базалық сипатында жеті параметрін атап өтуге болады:

1) қатынастың модальдылығы, қатынас оң, теріс және немқұрайлы болуы мүмкін. Оның модальдылығында түп негізгі мәнінің сипатын немесе Лазурский терминологиясында қатынастың сапалық ерекшеліктері деп қаралады;

2) қатынас қарқындылығының дәрежесі;

3) қатынастың сапалық ерекшеліктері;

4) қатынастың жіктелуі және даму деңгейі;

5) қатынастың саналық дәрежесі;

6) қатынастың мәдени дәрежесінің түрі және оның іске асуы. (В.Н. Мясичев бойынша параметрлердің түрі қарым-қатынас түрі сияқты);

7) қатынастың көлемділігі мен кеңдігі, яғни нақты жағдайдағы объект жақтарының саны мен адамның қызығушылығын өзіне тартатын объектілер саны.

В.Н. Мясичевтың тұлға қатынасы тұжырымдамасында тұлғаны жеке таңдаулы сана байланысының нақтылы объектінің әртүрлі жақтарының тұтас жүйесі тұлға қатынасы деп қарастырады. Қатынас жүйесі бір-бірімен тығыз байланысты компоненттер бірлігінен тұрады: адамның басқа адамдарға қатынасы; адамның өзіне қатынасы; сыртқы орта заттарына қатынасы. В.Н. Мясичев, А.Ф. Лазурский сияқты қатынас тұрақталып тұлғаның сипатына (мінез түрлеріне) және қатынасты көрсету тәсіліне айналады.

Қорытынды

Сонымен қатынастың дамуын тұлға дамуының белгілі деңгейімен байланыстыруға болады. Тұлғааралық қатынастардың ерекшеліктерін қарастыра келе, көпшілік жағдайда адамның жынысына, жасына, ұлтына, темпераментіне, денсаулығына, мамандығына және тұлғалық мінездеріне байланысты болатындығын талдадық. Кәсібіне, мамандығына байланысты, біріккен іс-әрекет тұрақты, берік тұлғааралық қатынасты орнатады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аверн В.А. Психология личности /В.А. Аверн-Учебное пособие СПб.: 2013-192с.
2. Наубаева Х.Т. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытуға этникалық қарым-қатынастың психологиялық әсері [Текст] : педагогика ғылымдарының докторы ... дис. автореф.: 19.00.07 - педагогикалық психология: [30.11.10 қорғалады] / Наубаева, Х. Т. - Алматы : [б. и.], 2010. - 44 с. - Б. ц.
3. Ауталипова У.И. Балалар психологиясы. Туылғаннан мектепке дейінгі кезең [Текст] : оқу құралы / У.И. Ауталипова. - Алматы : Полиграфия сервис, 2010. - 142 б. с. - ISBN 99656408092 : 1350.00 р.
4. Психология отношений Владимир Мясичев Издательство: МПСИ, МОДЭК Год издания: 2014
5. Мерлин В.С. Психология индивидуальности /В.С. Мерлин, Москва.:1996
6. Психология индивидуальности: Избранные психологические труды. 2-е изд., Мерлин В.С., 2013
7. Рысбаева А. Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселелері / А. Рысбаева // Білім=Образование. – 2001. - №2. – Б.5-7
8. Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындау негіздері (Монография). – Өскемен: С.Аманжоловат. ШҚМУ баспасы, 2007. – 404 б
9. Обозов Н.Н. Межличностные отношения / Н.Н. Обозов. – Л.: Изд-во ЛГУ, 2013г., 151 с.
10. Цуканова Е.В. Влияние межличностных отношений на процесс общения в условиях совместной деятельности / Е.В. Цуканова // Проблема общения. – М., 1979. – С. 148-168.

ПСИХИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ МИДАҒЫ МЕХАНИЗМДЕРІ

Перленбетов М.Ә.,

психология ғылымдарының докторы, Қайнар академиясының профессоры. «Қазақ психологиялық қоғамының» Президенті, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Кіріспе

Көптеген авторлар күрделі психикалық функцияларды реттеуде мидың сол және оң жартышарларының қосатын үлесін зерттеудің қазіргі кезде өзекті екенін алға тартады. Осы мәселеге байланысты және мидың функциялық асимметриясына арналған зерттеулер соңғы кезде нейропсихология және психофизиология саласының ғалымдары тарапынан жан жақты зерттеліп келеді. А.Р. Лурия, Э.Г. Симерницкая, Е.А. Жирмунская, Э.А. Костандов, Н.Е. Свидерская, Е.Д. Хомская және басқалардың ізденістері психикалық процестердің мидағы оқшаулану механизмдеріне арналған.

Негізгі бөлім

Көптеген тәжірибелерде, оның ішінде электроэнцефалографияны (ЭЭГ) пайдаланып жүргізілген тәжірибелерде қызметтің кейбір түрлерінде (оқу, баяндамалар дайындау, экономикалық есептеулер жүргізу, төтенше жағдайлардағы жұрыс-тұрыс ережелерін меңгеру, жоспарлар және кестелер дайындау) мидың сол жартышары жетекші рөл атқаратыны анықталған. Қызметтің басқа түрлерінде (көріністік-кеңістіктік мәселелерді шешу, жаңа идеяларды дайындау, сурет салу, музыка, би, мерекелік шаралар өткізуді жоспарлау) мидың оң жартышары көбірек қатысатыны анықталған.

Функциялардың мидың екі жартышарында да бір мезгілде жүруінің маңыздылығын S.J. Diamond зерттеулері көрсетті. Ол миы жарылған науқастармен жүргізілген тәжірибелерде ми жартышарларының өзара байланысы күрделі мәселелерді шешу кезінде қажет екендігі туралы деректер алады [1, с.81]. Ал, әртүрлі стратегияларды пайдалануды қажет етпейтін қарапайым талдауларды әрбір жартышар жеке орындай алады. Бұл факт бірқатар зерттеулермен, мысалы Н.Е. Свидерская, R. Davis, V. Smith, C. Kreuter et al, T.L. Eng, J.B. Hellige деректерімен расталған.

Л.А. Жаворонковтың, Г.Н. Болдыревтың және Т.А. Доброхотовтың басқа зерттеу жұмысы олардың дені сау сыналушылар миларының жартышарларының электроэнцефалография (ЭЭГ) айырмашылықтарын талдау кезінде анықтаған маңызды заңдылықты: екі жартышар функцияларының максималды асимметриясы олардың өзара әрекеттесуі барынша анық көрінген кезде ғана мүмкін екендігін көрсетеді [2, с.5].

Н.Е.Свидерская теңавторлармен бірге күрделі зияткерлік тапсырмаларды орындау кезінде ЭЭГ тіркей отырып, миының оң жартышары оңай белсенділенетін тұлғалар күрделі қызметте жақсы нәтижелер көрсететіндігі туралы қорытындыға келеді.

Мидың оң жартышарының белсенділенуі зияткерліктің жылдамдығына және оның сапасына әсер ететін шешуші фактор ретінде қарастырылады. Бұл көзқарас тұрғысынан қарағанда оң жартышарлық белсенділену когнитивтік үрдістің бүкіл барысын реттеуге қабілетті [3, с.23].

Кейбір авторлар ми жартышарларының эмоциялық әсерге қатысты сезімталдығы әртүрлі болуының салдарынан, ақпараттық жүктеме шектен тыс болған, адамның психоэмоционалдық шиеленісі артқан кезде олардың өзара әрекеттесуі бұзылуы мүмкін екендігіне назар аударады. Кейбір зерттеушілер, мысалы В.В. Колышкин ЭЭГ-тіркеудің көмегімен алған факттер тәжірибелік әсерлерге сыналушылар миының сол жартышары сезімталдырақ екенін көрсетеді. Оның эволюциялық жағынан жасырақ болып саналатын функциялары бірінші кезекте бұзылады. Сыналушылар миының оң жартышары орнықтырақ және ортаның әсерлеріне азырақ дәрежеде тәуелді болды. Оның эволюциялық жағынан көнерек деп болжанатын функциялары кейінірек бұзылады және өз қалпына жылдамырақ келеді.

Осыған байланысты кейбір зерттеушілердің пікірінше және адам онтогенезінде функциялардың ертерек көрінуі мидың оң жартышарына тән екендігін атап өткен жөн. Шындығында, балалардың сөйлеу функцияларының дамуын және ЭЭГ-белсенділігін зерттеу мидың оң жартышарының функционалдық ерекшеліктері ертерек қалыптасатынын және оның сол жартышармен салыстырғанда генетикалық шарттастығы жоғарырақ екендігін көрсетеді.

Жоғарыда мазмұндалған әдеби деректер адам миының сол және оң жартышарларының мамандануы туралы кеңінен таралған, дәстүрлі тұжырымдамаға, сол тұжырымдамамен байланысты ойлану стилінің табиғаты және танымдық үрдістердің ерекшеліктері, сондай-ақ адам қызметінің күрделі түрлеріндегі жартышараралық өзара әрекеттесулер туралы жорамалдарға негіз болды. Осы жорамалдар адамдарды ақпаратты қабылдау және өңдеу тәсілдері бойынша айырмашылықтары бар «оң жартышарлық» және «сол жартышарлық» деп жіктеу мүмкіндігі туралы көзқарастардың қалыптауына көмектесті. Бұл психологтарды және педагогтарды тиімді оқытудың оқушылар миларының жартышарлық мамандануының ерекшеліктерін есепке алатын жаңа әдістерін іздеуге қатты ынталандырады.

Е.Д. Хомская науқастардың миының оң жартышары зақымданғанда да, сол жартышары зақымданғанда да көрнекті-бейнелік ойлаудың бұзылуы байқалатыны туралы хабарлайды. Ол мұны көрнекті-бейнелік ойлаудың бұзылуы бірінші жағдайда симультандық талдаудың және синтездің бастапқы бұзылуымен көбірек байланысты екендігімен, ал екінші жағдайда – зияткерлік қызметті ұйымдастырудың серпінділік және санаттық қиындықтарымен көбірек байланысты екендігімен түсіндіреді [4, с.102].

Дені сау сыналұшылармен жүргізілген тәжірбилер барысында мидың оң жартышары санау үрдісінде ақпараттың элементтерін кеңістіктік ұйымдастыруға қабілетті екендігі анықталды. Кейбір авторлар оң жартышардың қатысуын математикадағы шығармашылық жұмыстың міндетті шарты ретінде бағалайды.

Адамның ЭЭГ-іне әртүрлі зияткерлік жүктемелер кезінде ақпараттық-серпінді зерттеулер жүргізу жаңа компьютерлік технологияларды пайдаланудың арқасында ауқымды аналитикалық мүмкіндіктер алуға жол ашатыны дәлелденді.

Демек, ЭЭГ-ның әдістік жетілдірілуі мидың функциялық асимметриясын зерттеуде қолдануға болатын тәсіл деп қорытынды жасауға болады.

Шындығында, ЭЭГ -зерттеулер зияткерлік қызмет кезінде сыналұшылар миының үлкен жартышарларының қабығында жүретін үрдістердің серпінділігін көрсетеді және Н.О. Мачинский, Е.И. Щебланова, В.Ф. Коновалов, И.С. Сериков зерттеулерінде өзінің психофизиологиялық тәсіл ретінде қолдануға болатындығын көрсетті.

Оған қоса, кейбір сыналұшыларда альфа-ырғақ асимметриясының барынша анық көрінуі ми жартышарларының шүйде жағында, ал кейбіреулерде – самай жағында байқалатыны анықталды. ЭЭГ-көрсеткіштердің асимметриясы мидың бір жартышарының шүйде аймағында теріс таңбалы, ал самай аймағында оң таңбалы болуы мүмкін. Ми жартышарларының бірлесіп қызмет істеуінің дара ерекшеліктерін Е.И. Щебланова алған нәтижелер де көрсетеді. Ол егер сыналұшыда көрнекті-бейнелік ойлану кезінде мидың оң жартышарының ЭЭГ-белсенділенуі үстем болса, вербалдық тапсырмаларды орындау кезінде ол үстемдіктің дәрежесіне төмендейтінін, не сол жартышар үстем болатындығын анықтады. Ал егер сыналұшыда көрнекті-бейнелік қызмет кезінде мидың сол жартышарының үстемдігі байқалса, вербалдық қызметке ауысқан кезде ол үстемдіктің дәрежесі өсе түседі.

Жартышараралық мамандану туралы деректердің қарама-қайшылығы мидың функциялық асимметриясын (МФА) ақпараттың әртүрлі түрлерін қабылдаудағы айырмашылықтармен емес, ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдеріндегі, оны өңдеудің стратегияларындағы және деңгейлеріндегі айырмашылықтармен байланыстыратын тұжырымдамалардың кеңінен таралуына алып келді. А.Г. Зальцман, В.С. Ротенберг, В.В. Аршавский сияқты ғалымдардың ойлары осы жерде тоғысады.

Негізгі өкілдері В.В. Аршавский және В.С. Ротенберг болып табылатын зерттеушілер тобы ми жартышарларының мамандануы туралы деректердің қарама-қайшылығын болдырмауға тырысып өз болжамын ұсынады. Ол авторлар адам миының жартышарлары арасындағы айырмашылықтар бейнелерді және абстракттік белгілерді қабылдауға ғана байланысты болуы тиіс емес деп санай отырып, ми жартышарларының ерекшеліктерін ол бейнелерді және белгілерді басқарудан іздеген нәтижелірек болады деген көзқарастарын білдіреді. Олардың пікірінше «сол жартышарлық» ойлаудың өзіндік ерекшелігі көптеген заттарды және әлем құбылыстарын оның құрамдас элементтерімен тұтас («гештальт»), бір сәтте қабылдауға дайындық болып табылады. Керісінше, «оң жартышарлық» ойлаумен синтетикалық емес, аналитикалық сипаты бар бірізді, біртіндеп тану қабілеті байланыстырылады.

Нәтижесінде, мидың оң жартышарының функцияларының арқасында әлемнің тұтас бейнесі құрастырылады, ал мидың сол жартышары әлемнің моделін жеке-жеке, бірақ мұқият зерттелген бөлшектерден біртіндеп жинайды. Ғалымдардың пікірінше мұндай мамандану адамның қоршаған ортаға тиімді бейімделуін қамтамасыз етеді.

Осының арқасында нақты өмірдің салыстырмалы түрде қарапайым және ыңғайлы моделі құрылады. Мидың сол жартышарының стратегиясы да осында. Ойлауға қосылатын кеңістіктік-бейнелік («оң жартышарлық») үлестің ерекшелігі барлық байланыстарды бір сәтте «қамту» болып табылады. Бұл нақты өмірді оның сан-алуан және күрделі қалпында қабылдауды қамтамасыз етеді. Мұндай контекстте бейне (немесе оның белгісі болып табылатын сөз) көп мағыналылық қасиетке ие болады.

Ми жартышарларының қоршаған әлемді тұтас көрсетудегі рөлі туралы жоғарыда мазмұндалған түсініктерге байланысты сәби тұлғасының үйлесімді дамуы үшін оның миының оң және сол жартышарларының бір мезгілде дамуының маңыздылығын тағы да атап өткен дұрыс. [5, с.67]. Дегенмен, көптеген зерттеушілер біздің батыстық өркениеттің және біздің оқыту тәсілдеріміздің жағдайында балаларда контексті бір мағынада түсінетін, тек аналитикалық ойлау көбірек дәрежеде дамитындығын көрсетеді. Бейнелік ойлау қосалқы және бағыныңқы рөлде дамиды. Ми жартышарлары функцияларының біржақты дамуының нәтижесінде олардың өзара әрекеттесуінің бұзылуы, адамның шығармашылық әлеуеті және қоршаған ортаның өзгерістеріне икемді бейімделу қабілеті төмендеуі мүмкін.

Қорытынды

Айтылғанды қорытындылай келе ми сыңарлары асимметриясы проблемасының негізі болып табылатын ми жартышарларының ақпаратты өңдеу қағидалары туралы мәселенің әлі толық шешілмегені және пәнаралық деңгейде одан әрі зерттеулерді қажет ететін психологиялық мәселе ретінде қала беретіндігі сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Dimond S.J. Processing in perceptual: integration between and within the cerebral hemispheres // Br. J. psychol. – 1992. – Vol. 63. – P. 509-514.
2. Жаворонкова Л.А., Болдырева Г.Н., Доброхотова Т.А. Зависимость организации электрической активности мозга человека от доминантности полушария // ЖВНД. – 2008. – Т. 38. – Вып. 4. – С. 620-626.
3. Свидерская Н.Е., Королькова Т.А., Николаева Н.О. Пространственно-частотная структура электрических корковых процессов при различных интеллектуальных действиях человека // Физиол. человека. – 1990. – Т. 16. – №5. – С. 5-12.
4. Хомская Е.Д., Ефимова И.В., Будыка Е.В., Ениколова Е.В. Нейропсихология индивидуальных различий. Учебное пособие. – М., 2007. –281 с.
5. Перленбетов М.А., Умарова С. Межполушарная асимметрия мозга и этнокультурные особенности личности. Вестник университета Кайнар. – 2014, №. -1. -134-139

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНДЕГІ КӘСІБИ СТРЕСС ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚАЗУ СИНДРОМЫ

Каражанова А.С. - д.м.н.,
Толегенова Г.Т. - к.п.н., доцент,
Жолдасқызы Г. - магистр педагогических наук,
Талғат П.Т. - магистр, НАО «Медицинский университет «Астана»,
Алибаева Р. Ж. - директор ТОО «Мед-Профи колледж»

Кәсіби қажу синдромы - адамның психикалық және физикалық шаршауын көрсететін белгілер жиынтығы, оның негізгі себебі созылмалы шамадан тыс жұмыс жасау. Қажу синдромы жеке жетістіктердің редуцирленуімен көрінеді. Бұл жағдайдың алдын-алу және мәселенің мәнін танудан және түсінуден басталады. Эмоционалды қажу синдромы - кәсіби стресстің ұзақ уақыт әсер етуінің салдары.

Кіріспе. Еңбек психологиясы саласы зерттеулерінде орталық орындардың бірі қызметкердің кешенді жағдайын диагностикалауға арналған, әсіресе толық немесе ішінара кәсіби қажуға әкелетін айқын және ұзаққа созылған стресс жағдайларында. Кәсіби қажу қаупі жоғары мамандықтардың ішінде негізгі орындардың бірі медицина саласы болып табылады. Бұл саланың қызметкерлеріне тән:

- пациенттердің қайғы-қасіретін қабылдау мен өзінен өткізуіне байланысты жоғары психикалық стресстің болуы, жағымсыз эмоциялардың өрісінде ұзақ уақыт болу - эмоционалды жұқтыру механизмі бойынша медициналық персоналға берілетін азап, ауырсыну, үмітсіздік және т.б.

- осы азапты жеңілдету үшін эмпатия деңгейіне қойылатын жоғары талаптар;
- жұмыстың өзіндік ерекшелігіне (адам денсаулығына) байланысты өз жұмысының нәтижелері үшін жауапкершіліктің жоғары деңгейі;

- көптеген бақыланбайтын және өзгермейтін факторларға байланысты емдеу процесінің нәтижесіне жеткіліксіз әсер ету туралы хабардар болу;

- түнгі және тәуліктік кезекшіліктермен біркелкі емес жұмыс режимі, бұл еңбек пен демалыстың табиғи биоритмдерін бұзады және дененің бейімделу қабілетіне теріс әсер етеді;

- дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлердің жалақысы олардың әлеуметтік жауапкершілік дәрежесіне сәйкес келмейтіні анық, бұл олардың кәсібіне қанағаттанбау сезімінің және осыған байланысты жеке стресстің туындауына әкеледі.

Осы факторлардың барлығы медицина қызметкерлерінің психикалық және физикалық денсаулығына ауыр зардаптар әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, шұғыл көмек көрсететін жұмысшылар арасында депрессия, мазасыздық және алкоголизация - психоактивті заттарды қолдану (темекі, алкоголь) пайда болу қаупі жоғары.

Бастапқыда «кәсіби қажу» терминін американдық психиатр Г. Фрейденбергер 1974 жылы енгізген. Алдымен бұл шаршаудың жалпы күйін пайдасыздық, қанағаттанбау сезімімен ұштастыра отырып түсіндірді. 1981 жылы эмоционалды қажуды зерттеу бойынша жетекші мамандардың бірі К. Маслач бұл құбылысты жеке тұлғаның келесі параметрлерін қамтитын ерекше жағдай ретінде егжей-тегжейлі сипаттады: эмоционалды сарқылу сезімі (белсенділіктің төмендеуі, қызығушылықтың жоғалуы, көңілсіздік); деперсонификация (адамдармен қарым-қатынастағы формальдылық, цинизмнің белгілері); жеке жетістіктердің редуциясы (өзін — өзі жек көру, ал кәсіби тұрғыдан - кәсіби дағдыларды жоғалту сезімі) [4, с.112]. Аурулардың халықаралық классификациясының 10-шы басылымында (ICD-10) қажу Z73.0 кодымен анықталады. Жағдай аурулардың халықаралық классификациясының (ICD-11) каталогына «күйіп қалу» атауымен және QD85 коды бойынша енгізілген. Жұмыстағы созылмалы стресс ресми түрде ауру ретінде танылады.

Негізгі бөлім. Қазіргі уақытта бұл құбылысты сипаттайтын эмоционалды қажу синдромының бірнеше модельдері бар.

Эмоционалды қажудың бір факторлы моделі. Осы модельге сәйкес, қажу - эмоционалды күйзеліс жағдайларында ұзақ уақыт болудан туындаған физикалық, эмоционалдық және когнитивті сарқылу күйі. Ең басты себеп ағзаның сарқылу күйі болып саналады, ал уайым мен іс-әрекеттер дисгармониясы оның салдары болып табылады. Осыған сәйкес эмоционалды қажу көбінесе әлеуметтік қызметкерлерге қауіп төндіреді.

Екі факторлы модель (В.Шауфелл және т.б.). Қажу синдромы эмоционалды сарқылудан және деперсонализациядан тұратын екі өлшемді құрылымнан тұрады. «Аффективті» деп аталатын бірінші компонент адамның денсаулығына, физикалық әлауқатына, жүйке кернеуіне, эмоционалдық сарқылуына шағымдану саласына жатады. Екіншісі – деперсонализация -пациенттерге немесе өзіне деген қарым-қатынастың өзгеруінен көрінеді [11, с.201].

Үш факторлы модель (К.Маслач және т. б.). Психикалық қажу синдромы - бұл эмоционалды сарқылуды, деперсонализацияны және жеке жетістіктердің азаюын қамтитын үш өлшемді құрылым [5, с.32].

Төрт факторлы модель (Firth, Mims, Iwanicki, Schwab). Төрт факторлы қажу моделінде оның элементтерінің бірі (эмоционалды сарқылу, деперсонализация немесе жеке жетістіктердің төмендеуі) екі бөлек факторға бөлінеді. Мысалы, деперсонализация, жұмыс және сәйкесінше реципиенттермен байланысты және т. б. [8, с.226].

Эмоционалды қажу кезеңдері мен белгілері

Б. Перлман және Е. Хартман (1981) қажудың төрт кезеңін белгіледі:

Бәрімізге мәлім болғандай, басқару адамдардың өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асады. Сондықтан басшылар өздерінің әрекетінде психологиялық процестердің динамикасы, топтың іс-әрекетінің өзара қарым-қатынасының динамикасын анықтайтын заңдылықтарды есепке алуы қажет. Осы секілді заңдылықтарға мыналарды жатқызуға болады. Жауаптың анықталмағандығы заңы, әр түрлі адамдар және типті бір адамның өзі бірдей әсерлерге әр түрлі жауап беруі мүмкін. Адамды адам етіп көрсететін адекваттілік емес заңы. Оның мәні мынада, бірде бір адам, басқа адамдынақты шешімдер қабылдау үшін жеткілікті болатындай, дәл тани алмайды. Бұл адамның мәні мен табиғатының күрделілігімен түсіндіріледі. Дегенмен кез-келген адам әлеуметтік шынайылықты объектісі ретінде танылуы мүмкін. қазіргі таңда адамға деген таным объектісі ретінде танылуы мүмкін. Қазіргі таңда адамға деген таным объектісі ретіндегі амалдардың ғылыми принциптері жасалды. Олардың ішінде. Универсалды талант принципі, даму принципі, шексіздік принципі, заңдылықтарын атап шығаратын болсақ өзіндік бағалаудың адекваттілік еместігі заң, басқару ақпаратының мәнінің өзгеру заңдылығы, өзін-өзі сақтау заңы, компенсация заңы.

Үшінші мыңжылдықтың басындағы басқару психологиясы. Әлемдік әлеуметтік-экономикалық процестердің анализінің логикасы, ескі стилдер қанағаттанарлық нәтижелер бермейді. Басқарудың дәстүрлі моделі менеджердің басты назарын тек экономикалық мақсаттарға ауыстырса, жаңа модель, назардың фокусына, сонымен бірге әлеуметтік міндеттерді, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді, еңбек шарттарын гуманизациялауды жатқызды.

Басқару психологиясы ғылым ретінде еңбек ұжымының әрекетін білу мәселесін қарастырады. Басқару ісінің мәселерін психологиялық зерттеу XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап қолға алынды. Басқару практикасының және теориясының негізін салушы. Ф.Тейлор. Еңбек қимылын таңдау негізінде ол рационализация Тіркеуінде еңбек операция каталогын құрады және оның орындалуына кеттін уақытты анықтады. Ф.Тейлор мамандықты оқу және таңдауда жеткілікті ерекшеліктерге назар аударды. Ф.Тейлор жұмысшы мотивациясын реттеу тәсілі ретінде еңбек жалақысының дифференциалды жүйесін ұсынды. Жұмыстың эффективті қайран көзі-еңбек. Ф.Тейлор көзқарасын жалғастырушы Д.Джилберт. Ол жұмыс орындалуының ең жақсы әдісін ұсынды. [1, 27 б].

Басқарудың және өзін-өзі дамытудың субъектісі ретінде қазіргі педагогикалық ұжым туралы ұғымдар орыс педагогтары Л. Н. Толстой, К. Д. Ушинский, Н. И. Пироговтардың оқыту мен тәрбиенің өзара байланыстылығы, оқушылар мен педагогтардың бірлесе жұмыс істеуі, педагогтардың өзін-өзі дамытуға ұмтылуы сияқты идеяларының ықпалымен қалыптасты.

Тәрбие мақсаты, балалар ұжымын қалыптастыру мәселесі отандық педагогика ғылымында педагогикалық ұжымның екі орнықты моделін іздеумен бірге қарастырылды. Мұғалімдердің тәрбиелік ықпалын біріктіру 20-30 жылдары педагогика мен мектептің маңызды міндеттерінің бірі болды. Н. К. Крупская, С. Т. Шацкая, А. С. Макаренко және т.б. "Тәрбиешілер ұжымы болуы керек", - деп жазды. А. С. Макаренко - тәрбиешілер ұжымға біріккен жерде және біртұтас жұмыс жоспары, балаға деген бірыңғай ықпал жоқ жерде ешқандай тәрбие процесі болуы мүмкін емес". Педагогикалық ұжымның топтасуы және дамуы идеясы В.А. Сухомлинскийдің педагогикалық жүйесінде практикалық көрініс тапты. Ол әрбір педагогикалық ұжымның өзіндік ерекшелігі болатындығын атап көрсетті [2, 20 б].

Педагогикалық ұжымның ең басты ерекшелігі оның кәсіптік қызметіне байланысты, нақтылай айтқанда жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде. Педагогикалық ұжымның кәсіптік қызметінің тиімділігі оның мүшелерінің педагогикалық мәдениетінің деңгейімен, тұлғаларының қатынас сипатымен, ұжымдық және дербес жауапкершілікті сезінуімен, ұйымшылдық, ынтымақтастық деңгейі-мен анықталады. өзінің мәні жағынан педагогикалық, тәрбиелік болып табылатын оқу орындарының ұжымы оқушыларға үлкендердің ұжымы, олардың өзара қатынасы, бірлесе әрекет етуі туралы алғашқы түсініктерді қалыптастырады. Бұл жағдай педагогикалық ұжымды өзін-өзі ұйымдастыруға, үнемі өздігінен жетілуге ынталандырады [2, 12 б].

Психологияда қолайлы әлеуметтік-психологиялық климаттың басты көрсеткіштерін айқындау бағытында зерттеулер жүргізілуде.

Бір жағдайларда көрсеткіш ерекшеліктері ретінде тұлғааралық, адамгершілік, сезімдік, құқықтық өзара қатынастар қарастырылса, ендігі бір жағдайларда ұжымдық әрекет тиімділігінің барынша жалпы сипаттамасына баса мән беріледі. Ондай сипаттамаларға мыналар жатады: ұжым мүшелерінің ұжымда болғанына, ондағы еңбек процесі мен нәтижесіне қанағаттануы; ресми және бейресми жетекшілердің беделін мойындауы; ұжымдағы жарқын, көтеріңкі көңіл-күй; ұжым мүшелерінің басқаруға және ұжымның өзін-өзі басқаруға қатысуының жоғары деңгейі; ұжым мүшелерінің топтасушылығы мен ұйымшыл-дығы; сапалы тәртіп; еңбектің өнімділігі; кадрлардың тұрақтылығы. Қолайлы әлеуметтік-психологиялық климаттың бұл белгілерін педагогикалық ұжымға баға беруде қолдануға болады.

Әлеуметтік-психологиялық климат қалыптасқан жағдайда ол ұжым мүшелеріне жағымды немесе жағымсыз ықпал жасайды. өзара ақыл, ынтымақтастық қатынас біріккен ұжымда тәжірибелі немесе жас мұғалім бірлескен қуаныш табады. Ал немқұрайдылық, селқостық немесе қысым үстемдік еткен жағдайда ұжым мүшесі ұнжырғасы түсіп, қағажан көреді, бұл жағдай оның кәсіптік қызметінің төмендеуіне, дау-жанжалдың пайда болуына, тіпті басқа ұжымға ауысуына апарып соғады.

Кең көлемдегі кәсіптік-педагогикалық міндеттерін атқара жүріп мұғалім өзін және еңбегін жұртшылықтың бағалауын қажетсінеді. Педагогтар әсіресе беделді адамдар тарапынан, соның ішінде басшылар мен ата-аналар тарапынан берілген бағаны түсінуге бейім. Жағымды баға педагогты ынталандырады. Жағымсыз баға өзінің қызметін, кәсіптік позициясын, өзгелермен қарым-қатынасын қайта қарауға негіз болады. Сондықтан педагогикалық ұжым-дағы қатынас өзара сыйластық, принципті, талапшыл және тілеулестік сипатта болуды талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ахтаева Н.С., Әбдіғапбарова А.І., Бекбаева З.Н. Басқару Психологиясы. - Алматы 2009
2. Бурдина Е.И., Булекбаева С.Е. Жоғары мектепте ұжым психологиясы. - Кереку 2010

МЕТАФОРА КАК ОБЪЕКТ ИССЛЕДОВАНИЯ В ПСИХОЛОГИИ

Федорович Олеся Владимировна

к.психол.н, доцент, зав. кафедрой педагогики, психологии и социальных дисциплин

Мағауя Ануар

Студент 4-курса ОП «Психология»

Метафора сама по себе является не психологической категорией. Скорее, следовало бы, уточнить, что психология заимствовала метафору из области риторики.

Что же такое риторика? В переводе с греческого, риторика $\rho\eta\tau\omega\rho\iota\kappa\eta$ - «ораторское искусство», что происходит от греческого $\rho\eta\tau\omega\rho$ - «оратор». В современной интерпретации риторика - теория ораторского искусства, приемов и методов построения выразительной, общественной речи. Причем, сначала риторика складывалась как наука об ораторском искусстве, и потом, позже, время от времени, понималась обширнее - как теория прозы либо теория аргументации [1].

Что же касается оформления слова метафора, то в переводе с греческого это слово образованно из 2 слов: $\mu\epsilon\tau\alpha$ "мета" - между, после, через и $\phi\omicron\rho\alpha$ "фора" - движение, перенесение. Таким образом, метафора может иметь несколько вариантов определения, а именно:

- ✓ слово с переносным смыслом;
- ✓ один из тропов (слово или оборот речи в переносном, иносказательном смысле);
- ✓ любое языковое выражение (слово, словосочетание, предложение, некоторый текст) с переносным смыслом [2].

В психологии интересен ракурс рассмотрения метафоры через ее амбивалентность: то есть метафора как процесс ее создания и метафора как результат ее же создания [3].

На основе данных особенностей метафоры существуют различные подходы к ее определению [4].

Так, например, в теории А. Р. Ричардса понятие метафоры охватывает не только отношение подобия, но и, к примеру, соположенности.

В теории метафоры Д. Бикертонна, например, выделяется четыре класса выражений, образованных связью знака (X) с атрибутом (Y). По типу "присваиваемых атрибутов" выражения распадаются на [4]:

- ✓ "буквальные" ("черная кошка") - присвоение атрибута типично;
- ✓ "постоянные" ("серебро волос") - присвоение атрибута устойчиво в лексике культуры;
- ✓ "разовые" ("гиацинтовый Пегас", "смычок черногоголосый") - авторское присвоение атрибута;
- ✓ "бессмысленные" ("промедление пьет учетверенность") - присвоение атрибутов случайно.

В психологии и эстетике довольно часто используется понятие "развернутой метафоры".

Так, например, известную проективную методику "Дом. Дерево. Человек.", предложенную Дж. Буком в 1948 г. можно рассматривать как пример развернутой метафоры виденья себя и своего окружения.

Это же относимо и к презентации архетипов К.Г.Юнга – Тень, персона, Анима и Анимус и др, которые представляют собой неполные метафоры, отсылающие своим очевидным "текстом" к неявному и может быть в принципе не выявляемому "контексту" [4].

Интересен подход Ф. Уилрайта [5], который считал метафору элементом Т-языка [Т-язык (tensive language), или "язык, создающий напряжение". Автор указывает на то, что можно выделить класс наиболее типических метафор, которые будут представлять собой некие семантические объекты, названные им "мифоидами" - сочетание рационального содержания с метафорической мифологизированной частью.

«Что действительно важно в метафоре, так это духовная глубина, на которую объекты внешнего мира, реального или вымышленного, перемещаются при помощи холодного жара воображения. Процесс перемещения, который в этом случае имеет место, может быть описан как семантическое движение; представление о таком движении скрыто в самом слове "метафора", поскольку движение (phora), включенное в значение этого слова, есть именно семантическое движение - тот происходящий в воображении двойной акт распространения и соединения, который обозначает существо метафорического процесса. Распространение и соединение, представляющие собою два главных элемента метафорической деятельности, наиболее действенны в сочетании; возможно, на самом деле они всегда в той или иной степени соединены друг с другом, по крайней мере в неявном виде. Но чтобы понять роль каждого из них, их можно рассматривать по отдельности и дать им отличные друг от друга названия - "эпифора" и "диафора", - первое из которых обозначает распространение и расширение значения посредством сравнения, а второе - порождение нового значения при помощи соположения и синтеза» [5, С. 82-119].

Ф. Уилрайт полагал, что они связывают уровни означений на основании "психического строения человека" (например, "над" окрашено положительно; "под" - отрицательно; "кровь" коннотируется положительно как "жизнь", "могущество" и отрицательно как "смерть", "инцест" и т.п.). По большей части они амбивалентны, полисемантчны и ярко эмоционально окрашены [5].

Метафора, проявляясь в языке выполняет несколько функций [6]

Номинативная функция находит свое отражение в детском словотворчестве, информационная – в множественности образного прочтения ситуации; метафора способствует лучшему запоминанию информации и в этом состоит ее мнемоническая функция. Объяснительная функция метафор дублирует эвристическую функцию, поскольку открытие в науке тоже начинается с попытки объяснить себе то или иное явление, тот или иной процесс. По своему смысловому наполнению объяснение и эвристика идентичны. Они различаются только сферой использования и адресатом. Объяснительная функция метафоры предполагает объяснение другим людям в учебном или общепознавательном процессе, тогда как эвристическая функция метафоры обнаруживает себя в акте научного творчества, и первым адресатом объяснения-озарения становится сам исследователь. Метафора является великолепным средством воздействия на адресата речи и в этом проявляется ее эмоционально-оценочная функция. Но метафора может оказывать и воздействие другого плана - психическое отражение, образ порожденный метафорой может выполнять воспитывающую, этическую функцию. Уникальная информативность метафоры делает ее превосходным средством самовнушения, самовоздействия. Функцию метафоры как средства самовоздействия говорящего можно назвать аутосуггестивной функцией. Ею обладают метафоры во внутренней речи человека, в дневниках, письмах, метафоры в молитвах [6].

Из выше описанных функций видно, что основное назначение метафоры — создание «новизны»: нового обозначения, художественного образа, образа с другим смыслом — смыслообраза.

И тогда получается, что метафора - языковое средство творческого отражения человеком действительности, которой человек приписывает свои, субъективные смыслы.

Решение психологических проблем в ситуациях оказания психологической помощи с использованием метафоры дает основание считать процесс ее создания творческим [3, С. 26-51.], инсайториентированным, что, в своем итоге, повышает эффективность психологических услуг.

Мир психического репрезентируется у субъекта с помощью двух систем:

- ✓ образной, являющейся онтогенетически первичной,
- ✓ понятийной или вербальной, развивающейся в тесном взаимодействии с первой.

Образы становятся посредниками между чувственным и абстрактно-логическим, смыкая их в единый познавательный процесс. Образная и понятийная формы отражения в реальном когнитивном процессе взаимосвязаны и непрестанно переходят одна в другую, чувственное и рациональное образуют единый план [7].

Список литературы:

1. Общая риторика: Пер. с фр. / Ж. Дюбуа, Ф. Пир, А. Тринон и др.; Общ. ред. и вступ. ст. А. К. Авеличева. — М.: Прогресс, 1986 — 392 с.
2. Алексеев К.И. Метафора как объект исследования в философии и психологии // Вопр. психологии. 1996. №2. С.73-85.
3. Телия В.Н. Метафора как модель смыслопроизводства и ее экспрессивно-оценочная функция // Метафора в языке и тексте. М., 1988. С.26-51.
4. Теория метафоры: Сборник: Пер. с англ., фр., нем., исп., польск. яз. / Вступ. ст. и сост. Н. Д. Арутюновой; Общ. ред. Н. Д. Арутюновой и М. А. Журиной. — М.: Прогресс, 1990. — 512 с.
5. Уилрайт Ф. Метафора и реальность (Теория метафоры. - М., 1990. – 108 с.
6. В. К. Харченко Функции метафоры. Воронеж: Изд-во ВГУ, 1992. 88 с.
7. Ломов Б.Ф. Проблемы образа в психологии // Вестник АН СССР. 1985. №6. — С.85–92.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ВЕРБАЛДЫ ЕМЕС ТҮРІН МЕНГЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Турманова К.Б.,

магистрант

Пернебай Күләй, Досымханов Иса, Муслимбаев Дарын

Қайнар Академиясы, 4-курс студенттері

Вербалды емес қарым-қатынас – бұл қандай да бір ақпаратпен дыбыс, сөз арқылы емес, экспрессивтік белгілер, яғни мимика, пантомимика, кейіптер, сенсорлық және денелік байланыстар арқылы алмасу.

Сабақ кезінде вербалды емес қарым-қатынастың тәсілдерін қолдану тек оқу материалын аса терең түрде ұғыну мен оқушылардың зейінін белсендіруге ғана емес, баланың коммуникативтік мүмкіндіктерінің дамуына да ықпал етеді, оның салдарында бала тұлғааралық байланыстарға аса икемді бола бастайды және өзі үшін тұлғалық дамудың кеңейтілген мүмкіндіктерін ашады. Танысу кезінде қарым-қатынастың алғашқы он екі секунд уақыты ішінде қабылданатын ақпараттың шамамен 92%-ы вербалды емес сигналдарды қамтитыны туралы деректер аса белгілі.

А.А.Горелова, Е.А.Петрова және басқаларының зерттеулерінде вербалды емес қарым-қатынастың әртүрлі классификациялары жасалған, оларға: дененің бүкіл қимылдары, дауыстың интонациялық сипаттамалары, тактильдік әсер ету, қарым-қатынастың кеңістікте ұйымдасуы жатады [2].

Вербалды емес қарым-қатынастың негізгі құрамдас бөліктері

Қарым-қатынастың кеңістіктік құрылымы

Американдық антрополог Э.Холл алғашқылардың бірі болып, адамның адамға жақындасуының нормаларын сипаттаған:

- интимді қашықтық (0-45см) – ең жақын адамдар арасындағы қарым-қатынас;
- жеке даралық (45-120см) – әртүрлі мәртебеге ие адамдардың серіктестік қатынастары;
- әлеуметтік (120-400см) – ресми қарым-қатынас, мысалы, басшы мен қызметкер арасындағы қатынас;
- көпшілік (400-750см) – аудитория алдында сөз сөйлеген кездегі қарым-қатынас.

Әңгімелесушілердің өзара орналасуы

- бетпе-бет позиция, бір-біріне қарама-қарсы орналасу – қызу және шиеленіскен қатынастарды білдіреді;
- «іргесі тиіп тұру» позициясы – ынтымақтастық пен достық қарым-қатынасты білдіреді.

Мимика

Мимика ақпаратпен алмасу процесінде орасан зор рөл атқарады. Бет – адамның психологиялық күйі туралы ең басты ақпарат көзі, өйткені мимикалық белгілер, денеге қарағанда, әлдеқайда жақсы саналы түрде басқарылады. Мұғалімнің беті қозғалмайтын күйде болғанда 10-15% ақпарат жоғалатыны туралы факт аса белгілі.

Эмоциялық күйлердің алты негізгі түрі бар: қуаныш, қорқыныш, таң қалу, ашу, жек көру және уайым. Бұл күйлердің мимикалық көрінуінде бет бұлшық еттерінің барлық қимылдары үйлестірілген. Негізгі жүктемені қас, көз айналасы аймағы және көзқарастың өзі атқарады. Психолог-ғалымдардың айтуынша, қарым-қатынас кезіндегі көзқарас бағыты жеке даралық ерекшеліктерге, қарым-қатынас мазмұны мен бұл өзара қатынастың бұдан бұрынғы дамуына байланысты. Адам ой қалыптастырғанда жиі көзін басқа жаққа бұрады, ал ой дайын болғанда, көзқарасы әңгімелесушіге бұрылады.

Визуалдық байланыс қарым-қатынасқа деген ықыласының дәлелі болады. Егер оқушылар сабақ кезінде мұғалімге мұқият қарап отырса, бұл – сабаққа деген қызығушылығының, мұғалімге және оның айтып отырған сөзі мен істеп жатқан қимылдарына жақсы қатынасының көрсеткіші. Және керісінше. Көз арқылы адам күйлері туралы ең дәл сигналдар беріледі, өйткені көз қарашығының кеңеюі мен тарылыуы саналы түрде басқарылмайды. Мысалы, оқушы қызығушылық танытып, көтеріңкі көңіл-күйде болса, оның көз қарашықтары төрт есе кеңейеді. Керісінше, ашулы, жабыңқы көңіл-күй көз қарашығын тарылтады.

Кейіп

- жабық (адам дененің алдыңғы бетін жабуға және кеңістікте мүмкіндігінше аз орын алуға тырысады) – сенімсіздікті, келіспеушілікті, қарсылықты, сынды білдіреді;
- ашық (тұрған кезде: қол алақанмен жоғары бағытталған, отырған кезде: қолдары екі жаққа жазып жіберілген, ал аяқтары созылған) – сенім, келісім, ақкөңілдік, психологиялық жайлылық.

Ымдар

Қоштасу, сәлемдесу, зейін аударту, жағымды, жағымсыз, сенімділік, абыржушылық ымдары ерекшеленеді.

Алаңдау, күйзеліс, қобалжу күшейгенде ымдардың саны көбейеді, абыржушылық туындайды.

Дауыс

Тембр, жоғарылық, дауыс қаттылығы, акценттер сияқты дауыс сипаттамалары адамның бейнесін және оның эмоциялық күйін жасайды:

- ❖ көтеріңкі дауыс – энтузиазм, қуаныш;

- ❖ жұмсақ, бәсеңдетілген дауыс – қайғы, уайым, шаршағандық;
- ❖ баяу сөйлеу – жабырқаңқы көңіл, уайым, тәкаппарлық;
- ❖ жылдам сөйлеу – қобалжушылық, мазасыздық, жеке мәселелерді бастан кешіру.

Осыдан, мұғалім тек тыңдап қана қоймай, баланың интонациясын, дауысының күші мен тонын, жылдамдығын ести білуі керек. Бұл оған оқушылардың сезімдерін, ойларын, ниеттерін түсінуге көмек көрсетеді.

Тактильдік әсер етулер

Оларға қол алысу, шапалақтау, жанасу, сүйісу, және т.б. жатады. Олар басқа вербалды емес құралдардан гөрі рөлдік қатынастар индикаторы қызметін атқарады. Тек сөз арқылы ғана мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынасын елестету мүмкін емес. Ым, мимика, көзқарас, кейіп кейде, сөздерге қарағанда, аса күшті әсер қалдырады. Американдық психолог Ф.Селженің пікірінше, әңгімелесу кезінде сөздердің маңыздылығы тек 7%-ды, ал интонация 38%, ым және мимика – 55%-ды құрайды.

Вербалды емес қарым-қатынас мәселесі психологияда таяудағы күннен бастап қана қарастырылады. Оған Х.Миккин, И.Н.Горелов, А.Пиз және Б.Пиз және т.б. жүгінген [3]. Ол қазіргі мектепке де өзекті болып қала береді және педагогикалық қарым-қатынастың бөлігі болып саналады. Әдебиеттерді талдау көрсетіп отырғандай, вербалды емес мінез-құлық:

- ✓ айтылған сөздің эмоциялық қанықтығын күшейтеді;
- ✓ рөлдік қатынастардың көрсеткіші болып саналады;
- ✓ мұғалім мен оқушының бейнесін жасайды;
- ✓ сабақ кезінде тиімді психологиялық климатты сақтайды.

Педагогикалық қарым-қатынас

Ш.А.Амонашвили педагогикалық қарым-қатынасты бүкіл тәрбие сүйенетін негіздердің бірі деп айтқан [1]. Осыдан, тек педагогикалық қарым-қатынас түсінігі ғана құрылым, қызметтер, мақсаттар және т.б. жан-жақты сипаттауға көмектеседі.

Бүгінгі күні педагогикалық қарым-қатынас деп мұғалім мен оқушының өзара әрекетінің тәсілдері мен ептіліктерінің жүйесі түсініледі, ал оның мазмұны ретінде ақпарат алмасу, тұлғаны тану, өзара қатынасты ұйымдастыру болып саналады. Педагог оқыту процесін белсендіруші ретінде шығады, оны ұйымдастырады және басқарады.

Педагогикалық қарым-қатынас педагогтың қандай да бір дағдыларының болуын талап етеді:

- сабақтың өзгермелі жағдайларына дұрыс және жылдам бейімделу;
- сөздік әсер етуді дұрыс жүзеге асыру;
- оқушының жеке даралық ерекшеліктеріне сәйкес келетін коммуникативтік құралдарды тез арада табу.

Әлеуметтік психологияның авторларының бірі А.Маслоу байланыстарда, махаббатта, қадірін арттыруға деген қажеттіліктерді бастапқы адамдық қажеттіліктерге жатқызады. Эмоциялық қолдау мен жеке өзін-өзі танытуда қажеттілікті тек оқушылар ғана сезінбейді. Мұғалімге де балалардың қолдауы, беделін ашық түрде мойындауы маңызды. Ш.Амонашвилидің айтуы бойынша, педагогтың өз оқушыларының қорғанысын қажетсінуі олардың мұғалімнің қолдауын қажетсінуінен әлдеқайда жоғары.

Сабақ кезінде мұғалім мен оқушылардың сәтті қарым-қатынасының көрсеткіші ретінде сыныптағы жағымды моральді-психологиялық климат, шығармашылық және өзара ынтымақтастық атмосферасы болады.

Педагогикалық қарым-қатынастың негізгі құрамдас бөлігі болып кәсіби мораль шығады, ол әрбір баланың ар-намысын, оның тұлғалық бірегейлігін құрметтеуде көрініс табады.

Сабақ кезінде педагогикалық қарым-қатынастың сәттілігі мұғалімнің жеке даралық экспрессивтік мүмкіндіктерін иеленуімен байланысты: мимикалық, ым-ишаралық, пантомимикалық, сөздік. Дауысты көрсете білу қажеттілігі туралы кезінде А.С.Макаренко

да айтып кеткен: « «кел мұнда» дегенді жиырма алты түрлі тәсілмен айтып үйренгенде ғана, нағыз педагог болып атана аласың».

И.А.Рыданова өзінің «Қарым-қатынас педагогикасының негіздері» атты кітабында мұғалімдерді олардың сөйлеу мәнері бойынша үш топқа бөлуге болатыны жайлы айтып кеткен [4]. Біреудің сөйлеуі қалыпты, оны тыңдауға болады. Басқасының сөйлеуі дауысының сипаты жағынан соншалықты жағымсыз болуы, оны тыңдауға болмайды. Үшіншінің сөйлеуі соншалықты әуенді, мәнерлі, оны тыңдамауға болмайды. Мұғалімнің сөйлеу әрекетінің сипаттамаларына сүйене отырып, ол дауыстың үнділігіне, жылдамдығына, сөз сөйлеуіне және тембріне байланысты болады.

Мұғалімнің сөйлеуі тек дыбыстау аппаратының табиғи ерекшеліктерімен ғана байланысты емес, сонымен қатар эмоциялық күйіне де байланысты. Уайым дауысқа бәсеңдетілген дыбыс береді, қуаныш – көтеріңкі. Дауыстың дыбыстауы оның сөз сөйлеудегі мәнерлігіне де байланысты.

Мұғалім сөйлегенде паузаларды, лексикалық акценттерді, ырғақ пен екпінді қолданып, мазмұндық бөліктерді бөле отырып, негізгіге зейін аудартады. Зерттеушілер аллегро-сөйлеуді, престо-сөйлеуді, ритенуто-сөйлеуді бөледі. Сөйлеудің артикуляция және дикция сияқты қасиеттері сөйлеу жылдамдығына байланысты. Сөйлеу жылдамдығын таңдаған кезде мұғалім балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет: бастауыш сынып оқушысы минутына 40-60 сөз естілгенде материалды қабылдай алады, жасөспірім – 60-100 сөзді, ал жоғары сынып оқушысы 80-120 сөзді қабылдай алады.

Педагогикалық қарым-қатынастың маңызды құралы ретінде дауыс динамикасы шығады. Мысалы, әрбір сөйлемнің басында дауысты көтере және күшейте отырып, қарым-қатынастағы инициативаны сақтаймыз, монотонды мәтінді одан да әсерлі етіп, зейіннің шоғырлануын сақтап отырамыз.

Мұғалім оқушылармен тек сөйлеген кезде ғана қарым-қатынас жасамайды, сонымен бірге үнсіздік сақтағанда да қарым-қатынасы жалғасады. Жиі көп уақытқа созылған педагогтың үнсіздігі тым шулап кеткен сыныпқа жақсы тәртіптік құрал ретінде шығады. Вербалды емес сигнал ретінде үнсіздік:

- өзара түсіністіктің болмауын;
- белгілі бір іс-әрекетті орындауға келісімді немесе келіспеушілікті;
- зейін аударуды;
- келесі сөзге салмақтық беруді білдіреді.

Сөйлеу мәнерлігі мұғалімнің вербалды емес қарым-қатынасты – мимика, ым-ишара, пантомимиканы дұрыс қолдануымен тікелей байланысты. Олар естіліп жатқан сөздің әсерін күшейтеді, сабақ уақытын үнемдейді, мазмұндық реңктер қосып, негізгіні ерекшелеуге мүмкіндік береді.

Мұғалімнің көзқарасы маңызды вербалды емес қызметті атқарады. Көзқарас арқылы сөйлемнің басталуын көрсетуге, акценттер жасап, маңызды бөліктерді белгілеуге, оқушыларға деген қатынасты көрсетуге болады. Қадалған көзқарас сөздің иландырушы әсерін күшейтеді, ал қатал көзқарас алаңдатады және жиіркеніш сезімін тудырады. Әрбір бала мұғаліммен визуалды байланыс орнатуды, оның зейінін аударуды қажетсінеді. Дегенмен, 10 секундтан ұзақ көзқарас кез-келген әңгімелесушіде жайсыздық сезімін тудыратынын ұмытпау қажет.

Л.Н.Толстой күлімсіреудің 100-ге жуық түрлерін сипаттаған. Мұғалім мысқылды, келемеж, өзін-өзі жоғары көрсететін мимикалық экспрессия балаларда жиіркенішті тудыратынын, және керісінше, ашық, шынайы, жайдары күлімсіреу баланы баурайтынын үнемі ойда ұстағаны жөн.

Мұғалімнің сыртқы келбеті жалпы әсер етуде маңызды рөл атқарады. Визуалды тартымдылық, әсерлілік балалармен эмоциялық байланыстарды орнатуды жеңілдетеді, негативті әсер ету қарым-қатынасты қиындатады. Вербалды емес мінез-құлықтың құрылымына, сонымен қатар, ольфакторлық көріністер жүйесі, яғни иістер де кіреді –

табиғи және жасанды, олар педагог мәдениетінің қосымша индикаторы болып табылады. Ондай иістерге: дене иісі және косметика иісі жатады.

Осыдан, вербалды емес қарым-қатынас құралдары ішінде келесі маңызды факторларды бөліп көрсетуге болады:

- ✚ интонация (бірсарынды-монотонды, өзгермелі-динамикалық);
- ✚ дикция (анық, анық емес);
- ✚ сөйлеу екпіні (қалыпты, баяу, жылдам);
- ✚ сөйлеу тембрі (жағымды естілетін, қатаң, ұяң);
- ✚ мимика (статикалық, динамикалық, әсерлі);
- ✚ көз байланысы (сақталады, сақталмайды);
- ✚ ым-ишара (біқалыпты, ұстамды, тым артық);
- ✚ кейіптер (босаңсыған, еркіндігі жоқ, еркін);
- ✚ сыртқы келбет (эстетикалық, эстетикалық емес).

Педагогикалық қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын қолдану мәдениеті мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің деңгейін көрсетеді. Педагогикалық қарым-қатынастың негіздерін кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу процесінде меңгеруге болады. Шебер-педагогтардың жұмысын бақылай отырып, біз педагогикалық әсер ету тәсілдерінің шындалғандығын байқаймыз. Мұнда оқушыларды танымдық әрекетке жұмылдырудың, дұрыс сұрақ қоя білудің, жеке оқушымен және бүкіл сыныппен қатынас жасай білудің, бақылау жасап, өз мінез-құлқын, көңіл-күйін, дауысын, мимикасын, қимылдарын игере білудің арнайы ептіліктеріне маңызды рөл бөлінеді. Педагогикалық техника – бұл тәсілдердің жиынтығы. Оның құралдары – қарым-қатынас және оның вербалды емес құралдары. Ал мұндай тәсілдерді дұрыс әрі жетік пайдалана білу кез-келген оқыту процесін жеңілдетіп қана қоймай, сонымен бірге мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара қатынасты байыта түседі. Мұндай жағдайдың орасан зор ұтымды жақтары педагогикалық процесті әлдеқайда дамыта түседі.

Көптеген зерттеулердің пәні ретінде педагогтар мен оқушылардың арасындағы өзара қатынастың психологиялық сипаты, олардың вербалды емес қарым-қатынастың тәсілдері мен белгілерін қаншалықты білетіні, ажырататыны және күнделікті өмірде қолданатыны болып отыр. Әсіресе, мұғалімдердің оқушылардың вербалды емес қарым-қатынастағы мәселелері туралы білуінің деңгейі, педагогтар мен оқушылардағы бұл қарым-қатынастағы қабылдаудың қалыптасқан таптаурындары, сонымен қатар, ұжымда сенімді қатынастарды орнатуға деген олардың әсері аса қызықтыратын жәйт болып табылады [5].

Әдебиеттер:

1. Амонашвили Ш.А. Педагогическое общение. – М., 1989.
2. Горелов И.Н. Невербальные коммуникации. – М., 1980. – 104 с.
3. Миккин Х.Х. Роль коммуникативных движений в межличностном общении. Автореф. Дисс. ... к. псих. н. – М., 1979. – 172с.
4. Рыданова И.А. Основы педагогики общения: (Учебное пособие). – Минск: Беларус. навука, 1998. – 319с. – Библиогр.: с. 317.
5. Смирнова Е.Е.. Психология общения: Курс для старших классов средней школы. – СПб: КАРО, 2005. -336 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шукатаев Ерасыл, Тілеуке Айгерім, Қызылгүл Мәдина
«Психология» ББ-ның 4-курс білімгерлері

Бүгінгі таңда жүздеген миллион адамдардың кәсіби және күнделікті өмірінде Интернет кеңінен қолданыс тауып отыр. Интернет арқылы сауда жасалып, өмірдің барлық жағынан мәліметтер алынып, бір - бірімен қарым - қатынастар жасалынууда. Бұл жағдайды израиль психологтары Y. Amichai-Hamburger мен E. Ben-Artzi , дұрыс байқаған «өмірдің Интернет қамтымаған аспектілері қалмаған сияқты» - дейді олар. Осының бәрі - Интернетті патологиялық қолдану мәселесінің көкейтесті болуына алып келді. Шет елдерде бұл мәселе 80-ші жылдардың аяғында көтеріле бастады. XX ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында бұл құбылысты белгілеп көрсету үшін I. Goldberg «Интернет - аддикция» (қазіргі синонимдері: нетоголизм, виртуалды аддикция, Интернет-әрекеттік (поведенческая) тәуелділік, интернетті шектен тыс (патологиялық) пайдалану және т.б. терминдерін және (гемблингтің) құмар ойындарына патологиялық құнығу белгілерінің негізінде жасалған Интернетке - тәуелділікті анықтауға арналған диагностикалық критерийлердің топтамасын ұсынды.

Аддиктивті іс - әрекеттің мәні, шынайы өмірдегі жағдайлардан қашуға талпынып, адамдар қауіпсіздік, тепе-теңдікті қалпына келтіру иллюзиясын беретін жағдайға өзінің психикалық жағдайын жасанды түрде өзгертуге тырысады. Аддиктивті іс-әрекеттің фармакологиялық және фармакологиялық емес сипаттағы түрлері бар. Олардың аддиктердің ғана емес, сонымен қатар олардың айналасындағылардың да денсаулығына (физикалық және психикалық) қауіпі зор. Олар тұлға аралық қатынастарға айтарлықтай зиян келтіреді.

Ғылыми мақалаларда жарияланған зерттеу нәтижелері Интернет-тәуелділер арасында депрессиясы басым аффективті және абсессивті-компульсивті бұзылыстар екендігін, және азпрогрегредиенттік шизофрения шеңберіндегі бүркемеленген депрессияның деңгейінің өте жоғары екендігін көрсетіп отыр. Ал Корей зерттеушілері Интернет-аддикциясы бар жоғары сынып оқушыларында өзіне-өзі қол жұмсау қатері жоғары болатын депрессияның көп болатындығын анықтаған. Y. Hamburger и E. Ben-Artzi Интернетке тәуелділікті қолданушылардың тұлғалық ерекшеліктерін Айзенктің сұрақтамасының көмегімен зерттей отырып, интроверттер мен экстрроверттердің Интернеттің әртүрлі ресурстарын пайдаланатындығын, және де ерлерде экстрроверсия Интернетті «көңіл көтеру үшін» пайдаланумен оң корреляцияланатыны, ал нейротизм ақпараттық сайттарды пайдаланумен теріс байланысқандығын анықтаған. Ал әйелдерде экстрроверсия Интернеттің ақпараттық ресурстарын пайдаланумен теріс, ал нейротизм оң корреляцияланған. Кейіннен осы авторлар көбіне әйел жынысты Интернет-аддиктер үшін олар чаттарда қарым-қатынас жасай отырып төмендетуге тырысатын жалғыздық сезімі тән екендігін анықтайды. Ал американдық ғалым Интернетке-тәуелді адамдардағы келесі ерекшеліктерді бөліп көрсетеді: депрессия, жалғыздық, сыпайылық және намысшылдық. Н.В. Чудова әртүрлі зерттеушілердің нәтижелерін жалпылай келе Интернет-аддиктің келесі сипаттарын келтіреді: өзінің физикалық «Менін» (өз денесін) қабылдаудағы қиындықтар; тікелей қарым-қатынастағы қиындықтар (тұйықтық); зиянкерлендіруге (интеллектуализациялауға) бейім болуы; жалғыздық сезімі және өзара түсіністіктің жеткіліксіздігі (қарама -қарсы жыныстағы адамдармен қарым-қатынас жасаудағы күрделіліктерге байланысты болуы мүмкін); агрессивтіліктің төмендігі; эмоционалдық қысым және негативизмге бейімділік; ең болмаса бір фрустрацияланған қажеттіліктің болуы; тәуелсіздік ерекше құндылық болып табылады; идеалды «Мен» туралы түсінік дифференцияцияланбаған, өте жоғары немесе шындыққа сай емес; өзін-өзі бағалауы төмен; мәселеден және жауапкершіліктен қашуға бейімділік.

Аддиктивті іс - әрекет – интенсивті эмоциялардың дамуымен сүйемелденетін, өзінің психикалық жағдайын кейбір заттарды қабылдап немесе өз зейінін тұрақты түрде белгілі бір заттарға немесе белсенділіктерге (қызмет түрлеріне) шоғырландыру арқылы өзгерту жолымен шынайы өмірден қашуға тырысудан көрінетін деструктивті іс-әрекет формаларының бірі. Бұл үрдістің адамды өзіне тартып алатындығы соншалық, ол оның өмірінің өзін де басқара бастайды .

Аддиктивті тұлға өз ұмтылыстарында мәселеден құтылудың – жан сақтаудағы өзінің әмбебап, бірақ біржақты тәсілін іздейді. Аддиктің табиғи бейімделушілік мүмкіндіктері психофизиологиялық деңгейде бұзылған. Бұл бұзылыстардың бірінші белгісі психологиялық ыңғайсыздық (дискомфортты) сезімі. Психологиялық комфорт әртүрлі, ішкі және сыртқы себептерден бұзылуы мүмкін. Өмірде әрқашан көңіл - күй бір түсіп, бір көтеріліп отырады, бірақ, бұл жағдайларды индивидтер әртүрлі қабылдап оларға әртүрлі жауап береді. Біреулері тағдыр тәлкегіне қасқая қарсы тұрып, болып жатқан істер үшін өзіне жауапкершілік алып, шешім қабылдаса, басқалары көңіл-күйі мен психофизикалық тонусының қысқа уақыттық және болар болмас өзгеруін басынан әрең өткізеді. Мұндай адамдардың фрустрацияны бастан өткізуі төмен болады. Шындықпен күресудің мұндай тәсілі адамның іс-әрекетінде бекіп шындықпен қарым-қатынас жасаудың тұрақты стратегиясына айналады.

Тәуелділік психологиясының (немесе аддиктологияның) тәуелділіктердің (аддикцияның) іс - әрекеттік формаларын бөліп алуға тырысумен байланысты қазіргі заманғы проблемалары қарастырылады. Талдау қазіргі кезде белсенді түрде талқыланып жүрген және проблемалық Интернетке - тәуелділік мәселесіне жүргізіледі. Осы проблема бойынша әртүрлі көзқарастар берілген: Интернетке - тәуелділікті іс - әрекеттік феноменнің тәуелділіктерінің клиникасымен ортақтығы аз іс - әрекеттік аддикция ретінде квалификациялау, бұл феноменді тәуелділіктердің өзінше бір формасы ретінде қате түсінетін психологтардың адасуы.

Психологтардың зерттеу және терапевтикалық практикасындағы ең көрнекі салаларының бірін тәуелділік психологиясы алады. Тәуелділіктер туралы ілім немесе аддиктология психология мен медицинаның түйісінде қалыптасты, айтарлықтай үлесін педагогика мен әлеуметтануда қосуда. Эпидемиялық модел бойынша дамып отырған тәуелділіктің дәстүрлі түрлері наркотиктік (токсикоманияны қоса), алкогольдік немесе темекі тәуелділіктерімен күрес құралдарын іздеу мен жетілдірумен қатар, тәуелділік туралы кеңірек түсінік қалыптастыруға деген айқын тенденция байқалады. Шынайы өмірден сананың жағдайын өзгерту жолымен «кету» әдістерінің алуан түрлілігі жайлы мәселе қойылады. Сананың өзгертілген жағдайлары проблематикасы психологияда кеңінен танымал.

Аддикция және тәуелділік терминдері отандық ғылым үшін айтарлықтай жаңа терминдердің бірі – бұл терминдер осыдан он жылдай бұрын А.Е. Личко мен Н.Я. Иванов құрастырған «қазіргі заманғы американдық психотерапевтикалық терминологиясы сөздігінде Ресейде қабылданған өзгешеліктерімен» қолданылды дейді. Шет елдерде олар айтарлықтай кең қолданылады. Терминологиялық келіспеушілік жағдайында бір автолар аддикцияны ауыру ретінде ал тәуелділікті іс - әрекеттің ілеспелі формасы ретінде түсінеді, басқалары қарама - қарсы ойды ұстанса, үшіншілері бұл терминдерді айырмайды немесе оны ретімен жасамайды.

Физикалық тәуелділікті сүйемелдемейтін тәуелділіктің психологиялық формалары, негізгі көзқарастар мен парадигмаларды қайта қарау керектігі туралы мәселені қоюға негіз береді: аддикцияны квалификациялау үшін адамның іс - әрекеттің аддиктивті формаларын ұстануы сыйлайтын сезімдерге эмоционалдық бауыр басуы жеткілікті болуы мүмкін. Ресей мамандарының арасында тәуелділіктің психологиялық формаларының өзіндік жеткіліктілігін (аддикцияны) Ц.П. Короленко біртіндеп жақтап жүр. Ол Н.В. Дмитриевамен бірге былай дейді – «Аддиктивті іс - әрекеттің элементтері – шындықтан, өзінің психикалық жағдайын өзгерту жолымен кететін кез - келген адамға тән. Аддикция

проблемасы психикалық жағдайының өзгеруіне байланысты шындықтан қашуға ұмтылу өмірге басып кіретін басты идеяға айналып шындықтан кетуге апаратындай санада басымдық пайда бола бастайды. Олар химиялық емес аддикциялардың келесі түрлерін талдаған: құмар ойындарға (басқаша айтқанда гемблинг), жұмысбастылық аддикция, ақша жұмсағыштық аддикция, басқа адамдармен қарым - қатынастағы аддикция, ургенттік (үнемі уақыт жетіспеушілік) аддикция [1].

Аддикцияның тартымдылығы - оның ең аз қарсыласу жолынан тұратындығы. Аддиктивті жүзеге асырулардың әртүрлі нұсқаларын қолданып қандай да бір заттарға немесе әрекеттерге қадала қарау арқылы өз проблемалары жайлы ойламай, үрейлерін ұмытып, қиын жағдайлардан құтылуға болады деген субъективті әсер пайда болады.

Көңіл - күйді аддиктивті механизм бойынша өзгерту ойы, әртүрлі аддиктивті агенттер көмегімен жүзеге асырылады. Мұндай агенттерге психикалық жағдайды өзгертетін заттар: алкоголь, наркотиктер, дәрілік препараттар, улы заттар жатады. Көңіл - күйді жасанды өзгертуге сондай-ақ, қандай да бір белсенділіктер түріне: құмар ойындар, компьютер, тәттіге құмарлық, тоя тамақтану немесе ашығу, жұмысқа құмарлық, ритмикалық әуендерді ұзақ уақыт тындауға құмарлық септігін тигізеді[2].

Аддикцияның күйретушілік сипаты, аддиктивті жүзеге асыру тәсілі, құралдан біртіндеп мақсатқа айналады. Қиын жағдайларда күмән мен уайымды анда - санда ұмытып, сейілу адам баласының бәріне қажет нәрсе, бірақ, аддиктивтілік жағдайында ол өмір сүру стиліне айналып, осы процесте адам нағыз шындықтан тұрақты қашу қармағына түседі [3].

Аддиктивті іс - әрекеттің жүзеге асуы достықты, махабатты, белсенділіктің басқа түрлерін ауыстырады. Ол аддиктің өмірдегі тепе - теңділікті сүйемелдеуге қабілетсіз болатындай, белсенділіктердің басқа формаларына кірісе алмайтындай, адамдардан қарым - қатынас жасағаннан ляззат ала алмайтындай, бірдеңемен айналыса алмайтындай, босаңсый алмайтындай, тұлғаның басқа жақтарын дамыта алмайтындай, біреудің мейіріміне, қайғысына ортақтасу және эмоционалды қолдауын жақын адамдарына да білдіре алмайтындай дәрежеде уақытын, күшін, энергиясын және эмоциясын жұтады.

Басқа адамдармен қарым - қатынас жасау арқылы жалпы адамзат тәжірибесі, әлеуметтік нормалар, құндылықтар, білім мен қызмет тәсілдері игеріледі және тұлға қалыптасады. Аддикт өзін бұл процесстерден бөліп, өзінің өмірлік тәжірибесін байытуды тоқтатып сонымен, бірге қарым - қатынас жасаудың маңызды функцияларын бұзады. Аддиктің басқа адамдармен бірге қызмет ету процессінде өзара қиындықтар туындайды. Аддиктивті ерекшеліктері бар адам өзін - өзі тану, өзіне деген сенімділігін нығайту мен дәлелдеу қажеттілігін адамдармен қарым - қатынас жасауда емес ең алдымен аддиктивті агенттермен контактіде жүзеге асырады. Аддиктер туралы, олар өзінің тіршілігінде және өзінің құнды екендігін нық орнықтыруға тырысып басқа адамдардан сүйеніш іздейді деп айтуға болмайды. Сүйеніш іздеу аддиктивті жүзеге асудың шегінен аспайды. Қарым - қатынас жасаудағы дисфункционалды процесстермен қатар, тұлға аралық перцепцияның идентификация, эмпатия, рефлексия сияқты маңызды механизмдері бұзылады, өзгертіледі және құндылығын жоғалтады. Сондықтан да, өзін әріптесінің орнына қойып, бірге уайымдап, сені айналаңдағылар қалай қабылдайды деп ойлау қабілетін жоғалтады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бабаева Ю.Д., Войскунский А.Е., Смылова О.В. Интернет: воздействие на личность // Гуманитарные исследования в Интернете / Под ред. А.Е. Войскунского. – М., “Можайск-Терра”, 2000, с. 11-40
2. Бабаева Ю.М., Войскунский А.Е. Одаренный ребенок за компьютером. М., 2003.
3. Войскунский А.Е. *Психологические исследования феномена Интернет-аддикции* // Тезисы докладов 2-й Российской конференции по экологической психологии. М.: Экопсицентр РОСС. 2000 С. 251-253.

СОВОКУПНОСТЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ПРИЗНАКОВ ЛИЧНОСТИ ПРЕСТУПНИКА

Еркинбекова М.А.,

к.псих.н., доцент, Академия Кайнар

Рәпілбек А., Ерматов С.,

Студенты 2-курса, ОП «Психология»

Понятие личности преступника включает в себя комплекс социально-демографических, социально-ролевых (функциональных), социально-психологических признаков, которые в той или иной мере связаны с преступным деянием, характеризуют его общественную опасность, объясняют причины его совершения [1].

В настоящее время в научной литературе наиболее широкое распространение получил подход к изучению личности преступника, предполагающий наличие в ней следующих двух крупных подсистем, объединяющих различные более мелкие признаки, отдельные характеристики личности, а именно: социально-демографической и социально-психологической подсистем личности преступника.

Социально-демографическая подсистема личности преступника включает: пол, возраст, семейное положение, образование, профессиональную принадлежность, род занятий, социальное, материальное положение, наличие судимости (иных связей с криминальной средой). Сюда же относятся признаки, характеризующие личность преступника с точки зрения выполнения им определенных функционально-ролевых обязанностей [2].

Например, среди преступников значительно больше мужчин, чем женщин. Наибольшей криминогенной активностью отличаются представители возрастных групп от 25 до 29 лет, затем следуют 18—24-летние, 14—17-летние и, наконец, 30—45-летние. Основная масса таких преступлений, как убийства, умышленное причинение тяжкого вреда здоровью, разбои, грабежи, кражи, хулиганства, изнасилования, совершаются лицами до 30 лет. Многие из тех, кто совершал хулиганство, разбойное нападение, грабежи, кражи, часто меняли места работы, периодически имели длительные перерывы в трудовой деятельности, т. е. не занимались общественно полезным трудом. Самый низкий уровень образования зарегистрирован у лиц, виновных в совершении насильственных, насильственно-корыстных преступлений, хулиганства; наиболее высокий — у совершивших должностные преступления и хищения путем присвоения, растраты или злоупотребления доверием и т. д. [].

Личность преступника характеризуется совокупностью следующих признаков:

1) видом совершенного преступления: объектом преступного посягательства, тяжестью и характером преступных последствий, совершением преступления впервые, случайно, повторно, систематически;

2) формой вины, мотивом и целью преступления;

3) способом совершения преступления как показателем интенсивности антисоциальной направленности преступника;

4) ситуацией и поводом совершения преступления;

5) отношением преступника к совершенному деянию — поведением после совершения преступления (явка с повинной, уклонение от следствия и суда, оговор невинных, помощь или противодействие следствию, поведение во время отбывания наказания).

Совокупность указанных признаков характеризует тип личности преступника.

Из этого понятия необходимо исходить для понимания механизмов поведения преступника.

Исследователи выделяют следующие аспекты отчуждения личности, значимые для понимания социально-психологических причин преступного поведения [3].

1) Отчуждение затрудняет усвоение человеком социальных норм, регулирующих поведение. Поскольку эти нормы не усвоены личностью, не стали составной частью ее внутреннего мира, они являются для нее «чужими», не обязательными для исполнения. Не случайно многие преступники не понимают, за что, собственно, их наказали, хотя знают, какой закон нарушили. Отсюда их несогласие с наказанием, что резко снижает его воспитательное воздействие.

2) Отчуждение личности в раннем детском возрасте вследствие невыполнения семьей своей основной функции - включения ребенка в структуру общества посредством интернализации им нравственно-правовых норм по механизму подражания родителям - может заложить основы асоциальной личности, изолированной от социально-позитивной микросреды - семьи, учебных и трудовых коллективов, других малых групп. При отсутствии компенсирующего воспитания это может привести к дезадаптивному противоправному поведению, во многом провоцируя рецидив преступлений.

3) Отчуждение личности может приводить к формированию у нее устойчивой антисоциальной установки, проявляемой в негативном или даже враждебном отношении к среде, что по механизму проекции способно провоцировать у таких лиц агрессивное поведение.

4) Отчуждение человека, изоляция от социально-позитивной микросреды побуждает его к поиску микросреды, где он мог бы найти признание и поддержку. Такой микросредой являются группы антиобщественной направленности, состоящие из таких же отчужденных и дезадаптированных личностей. Длительное нахождение в таких группах приводит к криминализации личности с последующей ее деградацией.

5) Разрыв связей человека с нормальной микросредой приводит к нарушению социального контроля, несоблюдению установленных норм поведения. Застревание в антисоциальной группе, являющейся для человека референтной, формирует чрезмерную привязанность его к данной группе, идентификацию с ней, готовность совершить любое групповое преступление.

6) Изоляция, обособление от других, уход в себя оборачивается нравственным оскудением, отсутствием эмпатии, т. е. способности чувствовать, переживать эмоциональные состояния другого человека, сопереживать ему, что содействует совершению особенно тяжких насильственных преступлений.

Как показывают исследования, наиболее отчужденными являются бродяги, а среди них - алкоголики. Другая категория отчужденных - осужденные к длительным срокам лишения свободы. Многие из них раньше были достаточно хорошо адаптированы к обществу, но за время пребывания в местах лишения свободы способность к адаптации значительно утрачивается. Практические работники исправительных коллективов давно обратили внимание на такое парадоксальное, на первый взгляд, явление: отдельные неоднократно судимые рецидивисты, не имеющие устойчивых семейных и иных эмоциональных связей, после освобождения вновь стремятся вернуться в «зону» [4].

По мнению ученых, «... в целом психологическое отчуждение личности можно определить, как развившуюся чаще всего в результате эмоционального отвергания родителями (психической депривации), из безразличия, социально-психологической дистанции между индивидом и средой изолированность от ценностей общества, невключенность в эмоциональные контакты. Психическая депривация и порождаемое ею отчуждение могут рассматриваться в качестве причины преступного поведения. Сами по себе эти факторы фатально не ведут к совершению преступлений. Однако они формируют общую нежелательную направленность личности, ее бессознательные установки, предопределяющие уголовно наказуемые формы реагирования на конкретные конфликты».

В заключении хотелось бы сделать вывод. Во-первых, вопрос о личности преступника имеет большое значение, как для криминологов, так и для психологов. А

разработка этой проблемы играет большую роль в профилактической деятельности по предупреждению преступлений, где учет личного фактора имеет решающее значение.

Во-вторых, причины и условия совершения конкретного преступления неразрывно связаны с личностью обвиняемого. Поэтому необходимо тщательное изучение социальной микросреды формирования личности, конкретной ситуации совершения преступления.

В последние годы в деятельности правоохранительных органов стал применяться метод формирования психологического портрета, составление которого, несомненно, напрямую зависит от исследований в области личности преступника.

Этот метод основан на положении о том, что в преступлениях, как правило, особо тяжких, проявляется психология и психопатия преступника. Состоит этот метод в том, что на основе обработки оперативных и следственных материалов составляется портрет предполагаемого преступника, в котором указывают его предполагаемые психологические, физические и социальные характеристики, как-то психологический тип, наличие психических отклонений, физические данные, уровень образования, культуры и т.д. [5].

Подводя итог вышеизложенному можно подчеркнуть, что психологическая характеристика преступника имеет важное значение при решении правовых, розыскных и профилактических задач. Поэтому ее необходимо шире использовать на практике. Оценивая личность человека, совершившего преступление необходимо выявить доминирующие побуждения и обобщенные способы его жизнедеятельности, образующие общую схему его поведения, стратегию его жизнедеятельности. Человеческое поведение организуется определенными исходными ценностными позициями личности. Человеческий выбор целей и средств их достижения определяется самосознанием субъекта, самосанкционированием избираемых целей и способов поведения.

Список литературы

- 1) Шиханцов Г.Г. Юридическая психология. Учебник для вузов. – М.:Зеркало,1998.
- 2) Еникеев М.И. Основы общей и юридической психологии. Учебник для вузов. – М.: Юрист, 1996.
- 3) Антонян Ю.М., Голубев В.П., Квашис В.Е., Кудряков Ю.Н. Некоторые отличительные особенности личности неосторожных преступников//Личность преступников и индивидуальное воздействие на них. Сб. научных трудов. М., 1989.
- 4) Антонян Ю.М., Еникеев М. И., Эминов В. Е. Психология преступника и расследования преступления. М., 1996.
- 5) Ратинов А.Р., Ефремова Г.Х. Психологическая защита и самооправдание в генезисе преступного поведения//Личность преступника как объект психологического исследования. М.,1979.

ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕЛІНУІ

Сейтжаппарова А.Б.,

Әлеуметтік ғылымдар магистрі, аға оқытушы

Абдуллаева А., Умиртаева А., Гауред Р.,

Психология мамандығы б/ша 4-курс студенттері

Суицид (ағылшын тіліндегі «suicide» сөзінен шыққан, өзіне-өзі қол жұмсау) - бұл мақсатқа бағытталған өз бетімен өмірден кету, саналы түрде жоспарланып, іске асатын адамның өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті. Суицидті мінез-құлық - тұлғаның маңызды

қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында кездесетін кедергілерге қарсылық көрсетуге қабілетсіздіктің нәтижесінде туындайтын әрекет. Күшті эмоционалды дағдарыс қарқынды сипат алған кезде тұлға жағдайдан шығатын жолды дұрыс таба алмайды. Ол үшін өмір маңызын жояды. Суицидті мінез-құлық ауқымды ұғым. Оның құрамына суицид әрекетімен қатар өліммен аяқталмаған суицидті талпыныстар, өзіне-өзі қол жұмсауға даярлықты білдіретін пікірлер, ойлар, ниеттер енеді. Бұл барлық мәдениетке тән құбылыс. Қазіргі таңда суицид дүние жүзінде өлімнің басты себебінің бірі ретінде қарастырылады. Өзін-өзі өлтірудің себептері әр түрлі. Көп жағдайда өзін-өзі өлтіруге себеп болатын нәрсе өмір жағдайының шынайы қиындылығы және өмір оңалмайды деп есептеу.

Суицид термині итальян психологы Г. Дэзен 1947 жылы енгізіп, оны “өзін-өзі өлтіруге әрекет ету” - деп түсіндіреді. Қазіргі кезде Суицидалогия деп аталатын үлкен бір ғылыми бағыт бар, ол социология, психология, медицина, демография, психиатрия тоғысында пайда болып осындай әрекетке баратын тұлғалардың ерекшелігін, әрекетін, себептерін зерттеуге тырысты.

Суицидуалды жүріс-тұрыс– адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін тұлғаның мінез-құлқының бір түрі деп есептеді. Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесінде адамның суицидтік көріністерін зерттеу және профилактикалық шараларды жасау мақсатында суицидтік тәуекелдің факторларын анықтау үшін суицидтік жүріс-тұрыстың мотивтерін, жағдайларын және себептеріне терең жан-жақты ғылыми негізде әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық талдау жасап, жинақтау аса өзекті болып отыр.

Сондықтан да саяси тұрақсыздық және әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайларында адамдар арасындағы әлеуметтік-психологиялық атмосфераның ерекшеліктерін ескере отырып, суицидалды адамдармен әлеуметтік-профилактикалық және әлеуметтік-терапевтік іс-шараларды ұйымдастыру туралы жауапкершіліктерді арттыруда. Адамдардың осындай психикалық күйіне әлеуметтік әсер етулердің елеулі екендігі туралы өзін-өзі өлтірумен аяқталған көрсеткіштер бойынша пікір айтуға болады. Соңғы жылдары өзін-өзі өлтірулердің күн санап таралғандығы, бүкіл әлемдік қауымдастық үшін маңызды әлеуметтік және қоғамдық мәселенің өзектілігін көрсетіп отыр.

XX ғасырда дүние жүзінің ғалымдарын толғандыратын мәселе ол қазіргі кезде жасөспірімдер арасында жиі кездесетін-суицид. БӘДСҰ-ның соңғы мәліметтері бойынша 15-24 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында өзін-өзі өлтіру екі есе артып кетті. Ол мемлекеттегі экономикалық жағдайларға байланысты. Мәселен Францияда соңғы 10 жылда суицидтен өлген балалар саны үш есе артқан. Енді бұл өлімдер жол апатынан қайтыс болған адамдар санымен теңеліп отыр. АҚШ-та 15-19 жас аралығындағы өзін-өзі өлтіру саны 1 жылда 5000-ға дейін көтерілді. Қазіргі кезде АҚШ-та ең маңызды өлімдердің арасында суицид 10-шы орында тұр. Онда 1978 жылда 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 29000 суицид тіркелген. Бұнда соңғы 30 жылда суицид 15-19 жас аралығындағы қыздар арасында 200%, ал бозбалалар арасында 300%-ға дейін көтерілген\1\). Суицид термині итальян психологы Г. Дэзен 1947 жылы енгізіп, оны “өзін-өзі өлтіруге әрекет ету” - деп түсіндіреді.

Қазіргі кезде Суицидалогия деп аталатын үлкен бір ғылыми бағытты бар, ол социология, психология, медицина, демография, психиатрия тоғысында пайда болып осындай әрекетке баратын тұлғалардың ерекшелігін, әрекетін, себептерін зерттеуге тырысты.

Суицидалды жүріс-тұрыс– адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін тұлғаның мінез-құлқының бір түрі деп есептеді [2].

Адамзат тарихында өзін-өзі өлтіру әрекеті әр түрлі бағаланады. Европа халқында өзін-өзі өлтіретін адамдар – вампирға айналады деген. Ал көне Греция, Спарта, Афинада өзін-өзі өлтірген адамдардың мәйітін өртеп жіберген. Орта ғасырда Австрия, Пруссия,

Францияда өзін-өзі өлтіруші адамдарды діни көзқарас бойынша – қылмыскерлер деп санаған [3].

Суицидент тұлғасының мінез – құлық сапалары келесідей:

Нақты ситуацияларға терең психологиялық талдау нәтижесінде анықталғандай өзін – өзі өлтірушілер келесідей жеке психологиялық ерекшеліктерге ие: сезімталдық, инфантильдік, өзін – өзі талдауға бейім болу, ұялшақтық, рефлексивтілік, өзін – өзі басқарудың жетіспеушілігі, импульсивтілік, күмандануға бейімділік, эмоционалды сферасының тұрақсыздығы, өз – өзіне сенімсіздік қоршаған ортадағы адамдарға тәуелді болу, құндылықтар жүйесінің қалыптаспаушылығы тұлғаралық қарым – қатынас сферасындағы конфликтілерді саналы түрде сезінуге қабілетсіздік тез әсерленгіштік, интроверттік, қозбалылық көңіл күйдің тұрақсыздығы, депрессивті бұзылысқа бейім болу.

Өзіне – өзі қол жұмсаудың тұлғалық мәні бойынша келесідей классификация жасауға болады:

1. қарсылық көрсету және кек алу. Тұлға өзін ешкім сүймейді деп шешеді. Ол өзін ренжіткен адамдарға бағытталған агрессиясын өзіндік агрессияға айналдырады.

2. шақыру. Тұлға өзін ешкімге қажет еместігін сезініп, өзін – өзі бұзушылық әрекетті қоршаған ортадағы адамдарды көмекке шақыру деп біледі. Мұндай суицидтің мақсаты – өзге адамдардың көмек беруі арқылы ситуацияны өзгерту. Осы суицид түрін қолданушы тұлғаларға эгоцентризм, негатизм және эмоционалды тұрақсыздық тән болады.

3. қашу. Тұлға белгілі бір қайғылы жағдайды басынан кешіреді де, кейін оған бұдан да қиын болуы мүмкін деп ойлайды. Осындай жағдайдан қашудың жалғыз тәсілі – суицид деп шешеді.

4. өзін – өзі жазалау. Тұлға өзін – өзі кешіре алмайтындай әрекетке барады. Бұл кезде тұлға құрылымы «соттаушы мен жазаға тартылушы» болып екіге бөлінеді. Тұлға өзін жазалай отырып, осылайша өзінің күнәсін шаямын деп есептейді.

5. бас тарту. Тұлға одан әрі өмір сүруден бас тартады. Себебі оның ойынша ол өзі үшін ең маңызды, құнды нәрсені жоғалтты және оны кері қайтару мүмкін емес.

Өмірден өту тәсілдері:

- дәрі – дәрмек қолдану арқылы. Бұл тәсілді көбіне әйелдер қолданады. Көптеген суициденттер осындай тәсілді оларды құтқарып үлгереді деген үмітпен таңдайды. Ұйықтатқыш дәрілер мен өзге дәрілерді суицидент айналасындағы адамдарды үрейлендіру үшін демонстративті суицидті жасаған кезде пайдаланады.

- тамыр кесу. Көбіне ер адамдар қолданады, себебі тамырды кесу өте қиын және үлкен батылдықты талап етеді. Бұл тәсілді де демонстративті суицид жасаушы адамдар қолданады. Оларды өзгелерден ажырату оңай: олар айналасында көпшілік болған кезде тамырларын кесуге әрекет жасайды. Егер тамыр 5 см етіп терең кесілген жағдайда қан өте тез ағып кетіп, бұндай жарақатты емдеу қиынға түседі.

- өзіне – өзі өртеу арқылы. Бұл әдісті көбіне қарсылық көрсету ретінде діни және саяси фанатиктер немесе психикалық науқас адамдар қолданады.

- өлімнің экзотикалық түрлері. Өте сирек қолданылады. Онда қопарғыш заттар, улы жыландар, автомобиль, азот, гелий, электр тоғы секілді нәрселер қолданылады.

Түрлі мәдениеттерде суицидке қатысты әр түрлі көзқарастар қалыптасты. Ежелгі Греция жерінде суицидке негативті көзқарас қалыптасып, ол заңмен жазаланатын қылмыс ретінде саналып, суицидке әрекет жасаушы тұлғаның қолдарын шауып тастау қажеттілігі туралы да айтылып жүрді. Қытайда жағдай керісінше болды. Бұл елде суицид жасаушы адам өзінің жанын азат етеді деп есептелді. Шамамен осындай көзқарас ежелгі Үнді елінде де орын алды. Қартайған шақта немесе ауруға ұшыраған кезде өзін – өзі өлтіруді даналықтың белгісі деп білген. Жапонияда бүгінгі уақытқа дейін харакири салты орындалып келді. Олардың ойынша өзін – өзі өлтіру бұл ақылдылықтың, даналықтың жоғарғы көрінісі. Харакиридің ерікті және еріксіз түрлері болады. егер адам өмірден ерікті

түрде кетуді ұйғарса ол отбасы мүшелерін жиып, ақ киім киіп олардың көзінше өз қарнын жаратын болған. Ал осы мезетте оның ұлы немесе жақын досы оны басын шабады.

Осындай тарихи фактілер бойынша суицидтің бес категориясын бөліп қарастыруға болады:

1. қарт адамдар мен науқас адамдардың өзін – өзі өлтіруі;
2. жолдасының өлімінен кейін жесір әйелдердің өзін – өзі өлтіруі;
3. қожайынның немесе бастығының өліміне кейін құлдардың өзін – өзі өлтіруі;
4. өзін – өзі өлтірудің стреске реакция ретінде қолданылуы;
5. өзін – өзі өлтірудің психопатологиялық көрініс ретінде көрінуі.

Жалпы суицидті мінез – құлықтың үш негізі концепциясын көрсетуге болады:

- психопатологиялық;
- психологиялық;
- әлеуметтік.

Психопатологиялық концепция бойынша барлық өзіне – өзі өлтіруші адамдар бұл түрлі психикалық ауруға шалдыққан адамдар, ал барлық суицидті әрекеттер түрлі психикалық бұзылыстардың көрінісі. Бұл концепцияның Ресейлік өкілдері психиаторлар В.К.Хорошко, Л.А.Прозоров, Н.П.Бруханский, және т.б [5].

Бүгінгі күні психопатологиялық концепция тарихы қызығушылық қана тудыруда деп айтуға болады. алайда кейбір шетелдік зерттеушілер суицидті іс-әрекетті психикалық ауру көрінісінің бір формасы деп есептейді.

Көптеген шетелдік зерттеушілердің ойынша суицидті мінез – құлық психикалық науқас және дені сау адамдарға тән . Әрине суицидті мінез – құлық көріністері байқалатын науқас адамдар ең алдымен дәрігердің назарын қажет етеді. Ал егер суицидті дені сау адамдар қалыптасқан психотравмалық қиындықтарға жауап ретінде қолданса, бұл жерде дәрігердің біліктілігі жеткіліксіз. Сондықтан алдымен суицидті мінез – құлықтың себептерін анықтап алу қажет. Бұндай тұлғаларға тек медициналық сипаттағы көмек тиімсіз және жеткіліксіз және бұл проблеманы шешпейді.

Психологиялық концепция. Бұл концепцияға сәйкес тұлғаның суицидті тенденцияларының қалыптасуында басты орынға психологиялық факторға ие. XX ғасырдың басында З.Фрейд суицидтің алғашқы психологиялық теориясының негізін салды. Онда ғалым адамның өзін – өзі өлтіруіне бағытталған агрессияның рөлін атап көрсетті. Американдық психиатр К.Меннингер Фрейд идеяларын өндеді. Оның ойынша барлық суицидтер үш өзара байланысты санасыз себептерден болады: кек, жек көрушілік (өлтіру тілегі), депрессия, үмітсіздік (өлу тілегі), өзін – өзі кіналау сезімі (өліп қалу тілегі).

Психологиялық концепцияларға сай суицидті тенденциялардың қалыптасуында негізгі фактор ретінде психологиялық фактор саналады.

А.Г.Амбрумова, Е.М.Вроно жасөспірімдік шақтағы суицидті мінез – құлыққа тән тұлғалық ерекшеліктерді зерттей отырып, олардың көп бөлігіне импульсивтілік тән деген. Барлық суицидент жасөспірімдер эксплозивтілік және эмоционалды тұрақсыздықпен сипатталады. Бұндай жасөспірімдердің көңіл – күйлерінің өзгеруі бір сәт пен мәнсіз әсерлерге тәуелді. Дау – жанжалды ситуацияларда оларда үрейлену элементтері бірге жүретін шашыраңқылық күй, вегетативті бұзылыстар (тахикардия, гипергидроз және т.б.) пайда болады [6].

Импульсивтілік, эмоционалды тұрақсыздық көптеген жасөспірімдерге тән. Оларда өзіндік талдау сезімі өрістей түседі, өлім мен өмір проблемаларына деген қызығушылық жоғарылайды. Осы бағыттағы философиялық сұрақтармен айналысу күшейе түседі. Жасөспірімдер «құндылықтарды асыра бағалауға» бейім, қоғамда өз орнын іздейді, «өмірдің мәнін» түсінуге тырысады. Компромисске бармау, эгоцентризм, өмірлік тәжірибенің болмауы қарсылық көрсету реакциясын қалыптаспаған «мен» мен олардың ойынша қатыгез, әділетсіз деп табылатын қоғамның арасындағы дау – жанжалды күшейтеді.

Ц.П.Короленко, А.Л.Галин суициденттердің келесідей психологиялық ерекшеліктерін бөліп қарастырады: ойлаудың формальды логикалық типінің басымдылығы, аффективті сфераның күшеюі және белсенді қиялдың жетіспеушілігі. Автордың ойынша суицидті тенденциялы тұлғалардың ойлауы формальды логиканың заңдарына сәйкес дамиды. Жеткіліксіз деңгейде дамыған қиял фрустрацияны күтпеген жағдай етеді. Тұлғаның өз іс – әрекетінің нәтижесін жоспарлау мүмкіндігін қиындатады, психологиялық қорғаныс механизмдерін төмендетеді. Короленко Ц.П., Галин А.Л. К вопросу о выделении больных с повышенным суицидальным риском по психологическим критериям [7].

А.Е.Личко жасөспірімдік кезеңдегі суицидті мінез акцентуация типтерімен байланысты болады деп есептеді. Автордың мәліметтері бойынша демонстративті суицидті мінез – құлық жасаған жасөспірімдердің 50% - ы истероидты, истероидты тұрақсыз, гипертимді – истероидты типтер, 32 % - ы эпилептоидты және эпилептоидты – истероидты акцентуациялы тұлғалар және 18% - ы өзге де мінез акцентуациялы типті тұлғалар /8/.

Әлеуметтік концепция. Әлеуметтану саласында зерттеулер жүргізген көптеген ғалымдар әлеуметтік құрылым мен өмірлік құндылықтар суицид жиілігіне әсер ете алады деп сенеді. Француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгейм өзін – өзі өлтіру жиілігі индивидтің өзін үлкен топтың бөлшегі ретінде сезінуінің деңгейімен байланысты деп есептейді. Ғалымның ойынша суицид адам әлеуметтік қарым – қатынастардың кемшілігін сезінген кезде орындалады. Қазіргі ғалымдар әлеуметтік фактор суицидті мінез – құлықтың себептері арасында ерекше орын алатынын растайды, бірақ өзін – өзі өлтіру проблемасын адамға әлеуметтік ортаның әсер етуі тұрғысынан ғана зерттеуді бір жақты деп санайды. Бұл концепцияның негізгі кемшілігі әлеуметтік ортадағы қарым – қатынастар жүйесінде тұлғаның рөлін бағаламау.

Әлеуметтік және психологиялық концепциялар А.Г.Амбрумованың еңбектерінде дамытылды. Бұл зерттеулерде суицидті мінез – құлық микроәлеуметтік дау – жанжал жағдайындағы тұлғаның әлеуметтік – психологиялық дезадаптацияның нәтижесі деп қарастырылады. Автор дезадаптацияның объективті (нақты себептер) және субъективті (психологиялық қобалжулар) жақтарын бөлді. Дезадаптация сыртқы (экстроперсоналды) және ішкі (интроперсоналды) критерийлері болатын дау – жанжалмен байланысты. Сонымен қатар автор «дезадаптация табалдырығы» ұғымын енгізген. Дезадаптация табалдырығынан жоғары болатын дау – жанжал дағдарысты деп есептеледі [9].

А.Г.Амбрумова, В.А.Тихоненко психикалық денсаулығы қалыпты ересектердің акцентуацияланған суицидті реакциялардың келесідей басты типтерін бөліп көрсетті: эгоцентрлік ауысу реакциялары, психологиялар негативті интроперсоналды қарым – қатынас реакциялары. Жасөспірімдік кезеңде көбіне болатын эгоцентрлік ауысу реакциялары күрделі дау – жанжалға қысқа мезеттік жауап реакциясы ретінде көрінеді. Бұл кезеңде өлім туралы ойлар лезде пайда болады және өзге ойлардан басым болады. Суицидті ойлардың пайда болуынан оның жүзеге асуына дейінгі уақыт минуттармен өлшенеді де «суицидті әрекетке талпынуға дейінгі» кезең болмауы мүмкін [10].

Кейін А.Г.Амбрумова психикалық денсаулығы қалыпты ересектерде көрінетін патологиялық емес ситуациялық реакциялардың алты типін бөліп көрсетті:

- 1) Эмоционалды тепе – теңсіздік реакциясы;
- 2) Пессимистік ситуациялық реакция (тұлға дүниетанымының өзгеруі, қалыптасқан ситуация шешімі жоқ болып елестеп, болашаққа қатысты перспективалар болмайды);
- 3) Жағымсыз тепе – теңдік реакциясы «өмірлік қорытындылар»жасалады, жоғары деңгейлі сыни көзқарасты талап ететін перспективалар);
- 4) Демобилизация реакциясы (жалғыздық, үмітсіздік сезімдермен шартталған күнделікті қызметтен, қарым – қатынастан бас тарту);

5) Оппозиция реакциясы (аутоагрессияға ауысқан жоғары агрессивтілік, суицид қаупі жоғары болады, суицидті әрекеттер демонстративті сипатта болады);

6) Ұйымдаспаушылық реакциясы (үрейлену көріністері, соматовегетативті бұзылыстар).

А.Г.Амбрумова, Е.М.Вроно жасөспірімдік кезеңге тән суицидті қауіпті ситуациялық реакцияларды бөліп көрсеткен: депривация реакциясы, эксплозивті реакция және өзін – өзі жоюшылық реакциясы [11].

1. депривация реакциясы. Кіші және орта жастағы пубертатты кезеңде (12 – 16 жас) байқалады. Эмоционалды белсенділіктің төмендеуімен, бұрынғы қызметке қызығушылықтың жоғалуымен, негативті түске боялған қобалжулармен сипатталады. Қобалжудың негізгі мазмұнын оқудағы үлгермеушіліктен қорқу құрайды. Суицидті мінез – құлық тұрақты және айқын көрінетін өлім тілегімен сипатталады және бұл ситуация дау – жанжал шешімін тапқан кезде тез жоғалады.

2. эксплозивті реакция үлкен жастағы пубертаттық кезеңде (16 – 18 жас) көрініс табады. Аффект күйі қысымдылық, қоршаған ортаға, әсіресе дау – жанжалға деген өшпенді қатынаспен, девиантты мінез – құлықтың өзге де формалармен бірлікте көрінеді. Суицид аффект күйінің ең жоғарғы деңгейінде, дау–жанжалдың шыңында, қарсыластарының көзінше орындалады. «Суицидті әрекетке ұмтылудан кейінгі» кезеңде қайталанбалы суицидті әрекеттер болуы мүмкін, әсіресе егер жасөспірім алғашқы рет суицидті әрекет арқылы ситуацияның шешімін таба алмаған болса қайталау қаупі жоғарылай түседі.

3. өзін – өзі жою реакциясы көбіне әлеуметтік және психикалық дамымаушылық сапалары бар жасөспірімдерде кездеседі (созылмалы соматикалық аурулар, интеллект деңгейінің қалыптыдан төмен болуы). Өмірлік стереотиптердің лезде ауысуынан пайда болады және қалыптасқан қиыншылықтардан кетуге деген талпыныстармен сипатталады. Жасөспірім мәнсіз сәтсіздік немесе дау – жанжал орын алса тығырыққа тіреледі. Мұндай жасөспірімдер тез сенгіш және олардың өзбеттілігі төмен болады. олар суицидті мінез – құлықты қалыптасқан дау – жанжалды ситуациядан шығудың тәсілі ретінде бағалайды. Алайда кейде жасөспірімдер белсенді түрде көмек сұрап, өлімнен үрейленеді және өз әрекеттерінен қысылады.

Суицидуалды жүріс-тұрыс белгілі бір формасы, тәсілі, даму стадиясы, тәуекел факторлары болады. Суицидуалды жүріс-тұрысқа адамның жас ерекшелігі, жынысы, кәсіби ерекшелігі, өмірлік жолының ерекшелігі де әсер етеді.

Әр бір жас кезеңдеріне сай суицидуалды белсенділік тән болады.

- Балалық шақ – 12 жасқа дейін;
- Жеткіншектік кезең – 12-17 жас;
- Жастар арасы - 17-29 жас;
- Ересектер арасы – 30-35 жас;
- Қарттық кезең – 55-70 жас.

5 жасқа дейінгі балаларда өзін-өзі өлтіру әрекетіне бару өте сирек кездеседі. Жанұялық қақтығыстарға байланысты 9 жасқа дейін 2,5%, ал 9 жастан кейін 80% өзін-өзі өлтіру әрекетіне барады екен. Жеткіншек кезеңінде суицидалды әрекеттің себебі болып ата-анасымен мұғалімдерімен қақтығысқа бару салдары болып табылады. Жастар арасында әсіресе қыздар арасында әсіресе қыздарда өздерінің жігітеріне байланысты суицидальді әрекеттерге баратыны анықталды.

Суицидтың ең жиі кездесетін кезі 15-24 жас аралығы. Өзін-өзі өлтіруге бармас бұрын, суициденттердің көбі дайындық кезеңі – суицидалды кезеңінен өтеді, ол адамның бейімделу қабілетінің төмендеуімен сипатталады. Ол қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі, мазасызданғыш, эмоционалды тұрақсыз болуы т.б.

Японияда тек 1986 жылы ғана 25524 жағдай тіркелген. Швейцарияда әскер қатарына шақырылған боз балаларды психологиялық тексеруден өткізген кезде олардың 2% өзін- өзі өлтіруге барған, ал 24%- де суицидальді ойлар айқын көрінгені мәлім болған.

Польшада соңғы 10 жыл ішінде 12-20 жас арасындағы суицидтен өлген балалар саны 4 есеге көтерілген, ал оның 21% қыздар алса, қалған 79% ұлдар құрайды.

Дюркгеймнің суицид теориясына байланысты адам бір проблемаға тірелген кезде немесе ол бейімделген орта немесе әлеуметтік топ одан бас тартқан кезде ол өзін-өзі өлтіруге барады деген. Әлеуметтік байланыстардың ерекшеліктерін ескере отырып ол келесі суицид түрлерін бөліп көрсетті: эгоисттік және альтруисттік. Тағы да психопатологиялық жағдай негізінен балалармен жас өспірімдердің социализация деңгейімен қоғамда алатын орнына байланысты да болады. Психоанализдік зерттеулер барысында суицид ол жеке тұлғаның сексуалды бұзылысына байланысты деген тұжырымдарға келді [12, 12-17 б].

Көктем, жаз жыл мезгілдерінде сейсенбі күні суицид жасалу күні жоғары болады. Күз, қыс мезгілдерінде сәрсенбі, бейсенбі күндері суицидтің жасалуы төмен болады деп қарастырады.

Суицидуалды жүріс-тұрыс көбінесе депрессия кезінде, алкогольдік токсикомания, психопатия және аффект кезінде жиі кездеседі. Өзін-өзі өлтіруге көбінесе индивидуалды проблемалар итермелейді. Қазіргі кезде жастар өздерінің өмірлерін бағалай алмайды. Егер бір проблеманы шеше алмай жатса, олар өз өмірлерін қиюға даяр болады, өйткені олардың ойларына олар тек осылай ғана тыныштық, уайым-қайғысыз өмір және махаббат табатын сияқты. Көбінесе жасөспірімдер мен балалар жерлеу рәсімін көз алдарына елестетіп, ата-аналарының жылағандарын елестетіп, олардан өш алмақ болады. Адам өліміне әлеуметтік жағдайлар, жалғыздық та үлкен әсерін тигізеді. Бірақ кей біреулер ұрсысып өзін-өзі өлтіретін болса, енді біреулері түрмеде отырып бостандықты аңсайды. Сондықтан қоғамда өмір нашарлаған сайын суицидте көбейе түседі.

Қолданылған әдебиеттер

1. Леопарди Дж. Нравственные очерки. Дневник размышлений. М., 2000.
2. Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков, Л., 1983
3. Мухина В.С. Возрастная психология: Учебник для студентов вузов. – М.:Издательский центр «Академия», 1999. – 592 с.
4. Психология экстремальных ситуаций: Хрестоматия / Сост. А.Е. Тарас, К.В. Сельченко. Мн., 2000.-с.277-299.
5. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. - СПб., 2002.
6. Реан А.А. Психология изучения личности: Учеб. пособие. СПб.: Издательство Михайлова В.А., 1999.
7. Ревяко Т.И., Трус Н.В. Катастрофы сознания. Самоубийства религиозные, ритуальные. Бытовые способы самоубийств. - Минск, 1996.
8. Ромек В.Г., Конторович В.А., Крукович Е.И. Психологическая помощь в кризисных ситуациях. - СПб., 2004.
9. Савельев А.В. Акцентуации характера как фактор суицидальной опасности в подростковом возрасте // Материалы Пятой межрегиональной научной конференции «Студенческая наука –экономике России».- Ставрополь, 2005.
10. Смулевич А.Б. Депрессии при соматических и психических заболеваниях. М.: Медицинское информационное агентство, 2003.
11. Старшенбаум Г.В. Суицидология и кризисная психотерапия. - М.: «Когито-Центр», 2005. - 376 с.
12. Гилинский Я.И. Социология девиантного поведения как специальная социальная теория.- СПб.: СОЦИС, 1991. - 468 с.

АДАМНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ПРОБЛЕМАСЫН ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Есимбаева М.Д.,

Қайнар академиясының магистранты

Психикалық денсаулық психологиядағы, теориялық және практикалық психотерапиядағы және психиатриядағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. «Психикалық денсаулық» ұғымы ежелгі дәуірден бастап көптеген ғалымдардың тұжырымдамаларында кездеседі. Ол философтар Алькмеон, Цицерон, Эпикур, әртүрлі мектептер мен бағыттардың психологтары: З.Фрейд, А.Адлер, К.Г. Юнг, Ф.Перлс, А.Маслоу, В.Франкл; ресейлік зерттеушілер арасында бұл проблеманы П.Б. Ганнушкин, А.Е. Личко, Т.Ф. Акбашев, В.И. Белов, Б.С. Братусь және т.б. қарастырған. Бірақ денсаулық категориясының көптеген теориялық және практикалық әзірлемелеріне қарамастан, оның қазіргі кездегі жағдайы өте екіұшты. Бұл құбылыстың көп өлшемділігі және оны зерттеу тәсілдерінің алуан түрлілігі әлі күнге дейін оған жан-жақты анықтама беруге, оның құрамдастарының жеткілікті және сонымен бірге ең аз жиынтығын бөліп алуға, жарамды және сенімді критерийлерді әзірлеуге мүмкіндік бермейді. психикалық денсаулық деңгейін бағалау үшін. Бұл ұғымның мазмұны көбінесе тарихи дәуірге, қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымына, тұлғаның ұлты мен әлеуметтік шығу тегіне, адамгершілікке және басқа да көптеген факторларға байланысты.

Адам денсаулығына тікелей немесе жанама қатысы бар кез келген әлеуметтік тәжірибеде маман міндетті түрде іргелі сұрақтарға тап болады: денсаулық дегеніміз не және аурудың ең жалпы анықтамасы қандай? Бүгінгі күні бұл сұраққа нақты және өте дұрыс жауап таба алмаймыз.

«Денсаулық» ұғымы құрамның күрделілігімен, анық еместігімен және біркелкі еместігімен сипатталады. Күнделікті түсінудің қиялдағы қарапайымдылығына қарамастан, ол адамның биологиялық, әлеуметтік, психикалық және рухани болмысының іргелі аспектілерін көрсетеді.

Ұзақ уақыт бойы денсаулық мәселесі психология ғылымында дерлік қарастырылмады. ХХ ғасыр психологиясы адам табиғатының аномалияларына бағытталып, қасірет, ішкі жанжал, дағдарыс сияқты құбылыстарға құрмет көрсетті; сонымен қатар жеке адамның психикалық денсаулығы сирек мұқият зерттеу нысаны болды. Тек өткен ғасырдың екінші жартысында ғана, негізінен гуманистік және трансперсоналды психология шеңберінде зерттеуге ірі ғалымдардың (Г. Олпорт, А. Маслоу, К. Роджерс, С. Гроф және т.б.) күш-жігері шоғырландырылды. психиканың толыққанды қызмет етуінің негіздерін ашып, денсаулықтың психологиялық концепцияларының жүйеленген дамуын бастады. Содан кейін психологиялық пәндердің жалпы жиынтығында денсаулық психологиясы (денсаулық психологиясы) деп аталатын – денсаулықтың әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-психологиялық мәселелерін зерттеуге арналған ғылыми-практикалық бағыт ерекшеленді.

Психикалық денсаулық проблемасын мазмұнды талдау психикалық денсаулықты, оның көздерін, деңгейін бағалау критерийлерін, оның жағдайына әсер ететін факторларды түсінуге зерттеу тәсілдерін жүйелеуді талап етеді; сондай-ақ адамның психикалық денсаулығының жеке көрсеткіштерінің деңгейін бекітуге мүмкіндік беретін психодиагностикалық құралдарды таңдау. Белгілі теориялық және практикалық шешімдер мен идеяларды қайта қарау психикалық денсаулық табиғатының ерекшеліктері мен заңдылықтарын көрсетеді.

«Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» белгілі анықтаманы оқуға болады: «Денсаулық – бұл дұрыс жұмыс істейтін, бұзылмаған организмнің қалыпты жағдайы» немесе «организмнің дұрыс, қалыпты қызметі». Осы логикаға сүйене отырып, кең мағынада психикалық денсаулық - бұл психиканың дұрыс жұмыс істейтін, бұзылмаған

қалыпты жағдайы немесе психиканың дұрыс қалыпты әрекеті. Дегенмен, бұл критерийлер зерттелетін құбылысты адекватты сипаттау үшін жеткіліксіз сияқты. Психикалық денсаулықтың табиғатын зерттеу осы құбылыстың көптеген компоненттерін егжей-тегжейлі қарастыруды талап етеді.

Психикалық денсаулықтың шарттарын, шекараларын, детерминанттарын анықтау өте күрделі міндет болып табылады, бұл өте бастапқы түсініктің жан-жақтылығына байланысты - психикалық денсаулық. Осы категорияны анықтауға әрекет жасай отырып, бүгінгі күні белгілі психикалық денсаулық анықтамаларын, сондай-ақ қандай адамды психикалық сау деп санауға болатынына қатысты әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді қарастырған жөн сияқты?

«Қалыпты адам» (адекватты, сау деген мағынада), «қалыпты, сау ақыл» т.б. тіркестерді пайдалана отырып, сөйлеушілер осы контексте синоним ретінде әртүрлі мағынадағы сөздерді қолданады. Көбінесе «дені сау» және «қалыпты» ұғымдарының сәйкестендіруі бар. Бұл сөздерді осы мағынада қолданып, егер адам дені сау болса, онда ол қалыпты (психикалық құрылымдардың жұмыс істеуі бойынша), ал керісінше, егер ол қалыпты болса, онда ол сау болуы мүмкін дегенді білдіреміз. Маңызды болып көрінетін келесі пайымдау біріншіден логикалық түрде шығады - бұл жалпы қабылданған психикалық нормаға сәйкестікті немесе одан ауытқуды анықтайтын белгілі бір норманың міндетті болуы.

Бұл психикалық норма, оның әртүрлі формалары мен көріністерінде денсаулық пен ауру арасындағы негізгі су айдыны болып табылады. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, норма ұғымын анықтау өте күрделі мәселені шешуді білдіреді. Мұның басты себебі – бір ғана ортақ белгіге келтіруге болмайтын сан алуан адамзат. Дегенмен, адам ғылымының әртүрлі салалары осы көп қырлы мәселені шешуге тырысады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Конституциясының жалпы анықтамасы бойынша денсаулық – бұл аурудың немесе кемістіктің болмауы ғана емес, толық физикалық, психикалық және әлеуметтік салауаттылық жағдайы. Денсаулық өлшемі (толықтығы) үшін біліктілік негізі норма туралы ойлардың жиынтығы болып табылады.

Теориялық норма – объектінің жағдайын талдауға және бағалауға мүмкіндік беретін эталондық жүйенің бір түрі, стандарт; практикалық норма – зерттеу объектісінің өзекті күйлерінің бірі. Медицинада норма адам ағзасының дұрыс (оңтайлы) күйі мен жұмысының мысалы болып табылады. Тарихи тұрғыдан алғанда, «денсаулық» категориясы тар медициналық ұғымның шегін еңсерді. Осылайша, психикалық денсаулық мәселелері (психологиялық денсаулық тақырыбына ең корреляциялық) мәселені түсіну мен шешудің әртүрлі тәсілдерін жинақтай отырып, ғылым мен тәжірибенің әртүрлі салаларындағы зерттеушілердің назарын аударды және тартуда. Психикалық норма және патологияның критерийлері туралы инструменталды идеялар медицинадан басқа психологияда, әлеуметтануда және философияда бар.

Медициналық-психологиялық әдебиеттерде психикалық денсаулық ауруды психикалық құбылыстардың болмауымен сипатталатын және қоршаған шындық жағдайларына мінез-құлық пен белсенділіктің барабар реттелуін қамтамасыз ететін психикалық салауаттылық жағдайы ретінде қарастырылады. Мазмұны жағынан психикалық норма логикалық критерий арқылы белгіленеді. Оң логикалық критерий – бұл психикалық денсаулық белгілерінің сипаттамалық жиынтығы, теріс немесе синдромдық – психикалық ауру белгілерінің жиынтығы.

Теріс логикалық критерийге негізделген психикалық денсаулық формуласы: «-N» (a,b,c) емес кез келген нәрсе «N» болып табылады. Синдромдық принцип ауытқуларды алып тастау арқылы норманы белгілеуді көздейді: өзіне тән белгілері бар (a, b, c) «-N» ауытқу болып табылмайтынның бәрі «N» нормасы болып табылады. Мұндай интерпретация нозологиялық парадигмаға және психикалық денсаулық мәселесіне сәйкес клиникалық көзқарасқа ең тән.

Кіші психиатрияда дифференциалды диагноз қоюда, адам психикасының шекаралық күйлерін болжауда, алдын алуда және түзетуде шекаралық күй формуласы модельденеді: «N» белгілерімен (a *, b *, c *) әлсіз дәрежесі бар. тән белгілері бар «-N» ауытқуының ауырлығы (a,b,c). Мұндай идея қалыпты және патологиялық жағдайларда психиканың қызмет етуінің құрылымы мен механизмдерінің ұқсастығына негізделген.

Жалпы гуманистік көзқарас үшін психикалық денсаулықтың квалификациясы жеке болмыстың оң логикалық критериймен корреляциясына негізделеді: сапаға ие (a, б, в) барлық нәрсе «N» нормасы болып табылады.

Психодиагностикаға психикалық норма мәселесіне статистикалық көзқарас ең тән. Статистикалық тәсілге сәйкес норма типтік, орташа, кең таралған үлгі болып табылады. Диагностикалық деректерді бағалау үшін медицина, биология және психология ұғымдары негізінде модельденген формальды критерий қолданылады. Статистикалық норма негізгі критерий бойынша орташа көрсеткіштер жиынтығымен белгіленеді. Мұндай диагностикалық процедураның мақсаты стандарттау үлгісінде жазылған көрсеткіштердің топтық таралуымен жеке деректерді салыстыру болып табылады. Бұл процедураның негізгі нәтижесі топтағы жеке тұлғаның салыстырмалы орнын анықтау және «басқалардың фонында ол қалай көрінеді» принципі бойынша түсіндіру болып табылады.

Психикалық мәртебені квалификациялаудың мағыналы және статистикалық әдістерінің вариацияларының әрқайсысы психикалық формальды, тар корпоративтік теориялық анықтамалар үшін және кәсіби қызметтің белгілі бір түрінің міндеттерінің ерекшеліктеріне бағытталған. «Психикалық норма – патология» дихотомиясының негізгі теориялық тәсілдеріне барынша егжей-тегжейлі талдау А.Маслоудың «Мотивация және тұлға» (1999) және Б.С. Братус «Тұлға аномалиялары» (1988).

Статистикалық-бейімделу тәсілінің аспаптық критерийлері психологиялық және психотерапевтік практика үшін ең сұранысқа ие болып қала береді: норма, біріншіден, ортадағы нәрсе, бекітілген, екіншіден, ең бейімделген, қоршаған ортаға бейімделген. Бұл көзқарасқа сәйкес адамның мінез-құлқы мен өмір салты қоршаған ортамен анықталады және қалыптасқан әлеуметтік құрылымның талаптарымен қатаң түрде шартталған. Үстем әлеуметтік канондардан алшақтықтың кез келген түрі қалыптыдан тыс априори болып табылады.

Ал мәдени релятивизмнің ережелеріне сәйкес норма мен патологияны тек зерттелетін адамдар жататын белгілі бір этникалық әлеуметтік топтардың мәдени ерекшеліктерін корреляциялау негізінде ғана бағалауға болады: бір топ үшін әбден қалыпты нәрсе екінші топ үшін патология болып көрінеді. Психикалық денсаулық мәселесіне және оның әлеуметтік-мәдени детерминациясына ғылыми қызығушылық айтарлықтай артуда.

Бастапқыда әлеуметтік-мәдени контекст пен әлеуметтік факторлардың әсері негізінен психопатология саласында зерттелді: мәдениеттің «патогенді» деп аталатын факторлары мен өркениеттің «аурулары» анықталды (Г. Маркузье, 1961, 1995; В.Рейх, 1942, 1997; З.Фрейд, 1927, 1992; К.Ясперс, 1955, 1997); психоаналитикалық концепциялар аясында әртүрлі психикалық бұзылулардың генезисінде мәдени нормалар мен тыйымдардың рөлі қарастырылды (З.Фрейд, 1927, 1992; Э. Фромм, 1955, 1998; К. Хорни 1993, 1995); сайып келгенде, кросс-мәдени талдау арқылы денсаулықтың ерекше бұзылыстары нақты қауымдастықтардың мәдени сәйкестігімен анықталатыны дәлелденді (Н.М. Лебедева, 1999; А.Б. Холмогорова, Н.Г. Гараян, 1999; Дж.В. Итон, Р.Л. Вайл, 1955, С. Паркер, 1962).

Қазіргі кезеңде денсаулық ең алдымен «әлеуметтік-мәдени өзгермелі» ретінде түсініледі. Адам денсаулығы түсіндірілетін күрделі әлеуметтік-мәдени контекстті қайта құру осы құбылысты зерттеудің қажетті кезеңі болып табылатыны танылады (М. Розин, 2000). Әлеуметтік конструктивизмнің теориялық постулаттары бойынша (П. Бергер, Т. Лакман, 1996, 1995; Дж. Searle, 1995), денсаулық пен ауру «табиғи», табиғи құбылыстар (яғни, дененің күйлері және ақыл-ой), бірақ қазіргі мәдени дискурстармен,

тұжырымдамалармен, дүниетанымдармен, сондай-ақ әлеуметтік институттар мен технологиялармен шартталған күрделі әлеуметтік құрылымдар немесе артефактілер ретінде (В.М. Розин, 2000; П.Д. Тищенко, 2000; К.К. Шоу, Дж. Хьюисон, 1998, У. Флик), 2000). Сонымен қатар, көптеген зерттеушілер әлеуметтік (интерсубъективті) сипатқа ие және субъект өзінің әлеуметтік тобының немесе мәдени қауымдастықтың басқа өкілдерімен бөлісетін басым идеялар мен құндылықтардың жеке адамның денсаулығына әсерін атап өтеді.

Бірқатар байыпты ғылыми зерттеулер мәдениетаралық айырмашылықтарды, соның ішінде бір қоғамның жекелеген топтары мен әлеуметтік топтары арасындағы айырмашылықтарды сенімді түрде көрсетеді. А.Маслоу мәдени стереотиптер біз жақсы, жақсы және денсаулық деп атайтын нәрселерден тым тәуелсіз, этноцентризм қаупіне толы және сондықтан норманы анықтау үшін негіз бола алмайды деп санайды (1999, 352 б.).

Әлеуметтік қауымдастықтардың көптігі, жеке адамға қойылатын әлеуметтік-мәдени талаптардың біркелкілігі мен сәйкессіздігі қалыпты және қалыптан тыс мінез-құлықты бір мағыналы анықтауға мүмкіндік бермейді. Б.С. Братустың мәдени релятивизм тұрғысынан көзқарасы шын мәнінде статистикалық-бейімделу тәсілінің вариациясы болып табылады (1988, с.10). Бұл тәсілді әлеуметтік ортаның барған сайын кішірек бөліністері арқылы қатаң қолдану норманы жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігі ретінде бекітуге әкеледі.

Ғылыми тілмен айтқанда, «кез келген индивид өзінің бірегейлігінің арқасында қалыпты болып табылады» деген түсінік норма мәселесін айқын алып тастау болып табылады. Бұл көзқарас ең дәйекті түрде психикалық ауруға экзистенциалистік көзқараста және антипсихиатрия ағымы деп аталады. Экзистенциалистер адамның ішкі дүниесінің бірегейлігін клиникалық тәжірибе үшін де, ғылыми зерттеулер үшін де сөзсіз құндылық ретінде қорғайды. Бұл ағымның өкілдері психикалық ауруларды диагностикалау мен емдеудің дәстүрлі тәжірибесі қайшылыққа қатысты озбырлықты тудыратын реакциялық, патогендік қоғамның саяси өнімі екенін айтады. Психиатрия қоғамға қарсы адамдарды қуғындау және оқшаулау құралы ретінде қарастырылады.

Кіші психиатрия саласында норма идеясы көбінесе жасырын, жасырын түрде сақталады. Бұл адамның жасырын патологиялық психикалық процестердің тасымалдаушысы бола тұра, невроздың немесе психопатияның шектен шығуынан аулақ болғаны сияқты сау екендігінде. Р.В. Ганнушкин норма шекараларының салыстырмалылығын бірнеше рет атап өтті, «гармоникалық» табиғаттар көбінесе қиялдың туындысы» (Б.С. Братусь, 1988, 12-бет). Кіші психиатрия позициясынан психикалық жағдай көбінесе жеке тұлғаның бейімделу өлшемімен анықталады.

Қарастырылған тәсілдер әдістемелік және аспаптық шектеулермен сипатталады: олар адам болмысының күрделі онтогенезіне барабар психикалық норманың қиылысу критерийін ашпайды. Белгілі патологияның болмауы, статистикалық қолайлылық, жоғары бейімделушілік, мәдениет талаптарына сәйкестігі ақылға қонымды және дәлелді сын тудыратын психикалық норма мәселесін шешудің нақты әдістері болып табылады.

Рационализм мен формальды логика адам болмысының күрделі құбылыстарын нақтылау және түсіндіру құралы ретінде әрқашан адекватты және жеткілікті бола бермейді.

Гуманитарлық дәстүр логикалық критериймен қатар интуитивті критерийді – адамның психикалық өмірінің құбылыстарына (К. Ясперс) деген интимдік эмпатияға негізделген, «белгілі және анықталатынның белгісіздікпен корреляциясына негізделген интерпретацияны» енгізеді. және анықтау мүмкін емес» (Б.С. Братусь, 1997, 73-бет). Интуитивтік түсінудің негізі маманның кәсіби еңбегі (біліктілік, тәжірибе, эрудиция) мен субъективтік қасиеттерінің (эмпатия, сезімталдық, рефлексия) жиынтығы болып табылады.

Жаратылыстану парадигмасы үшін логикалық және интуитивтік критерийлер ғылыми және күнделікті-эмпирикалық психологияның антитезасы болып табылады;

Гуманитарлық дәстүр үшін ұтымды және интуитивтік негіздердің бірлігі кез келген нақты адамның ішкі дүниесінің тұтастығы мен күрделілігін, жеке болмыстың нақты толық еместігін, сонымен бірге кемсітушілікке, «сәйкестікке» түбегейлі қанағаттанбауды білдіреді, адам тұлғасы туралы білімді «өлітетін» (М.М. Бахтин, 1982; Б.С. Братусь, 1997).

Адам психикасы тарихи тұрғыдан психология ғылымының бірінші (бірақ толық емес) пәні болып табылады. Материализм тұрғысынан адамның ішкі дүниесі зерттеу объектісі ретінде психикалық өзін-өзі реттеудің функционалды жүйесі ретінде түсіндіріледі. Психикалық норма, өз кезегінде, психикалық өзін-өзі реттеу жүйесінің оңтайлы жағдайы мен қызметі ретінде қарастырылады (А.Ф. Ануфриев, 1994), ішкі және психикааралық процестердің жүйелілігімен сипатталады. Психикалық өркендеген адам басқалар сияқты, қоршаған ортаға жақсы бейімделген және теңдестірілген, ауырмайтыны анық.

Соңғы жылдардағы көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижелері, дәрігерлер мен психологтардың практикалық жұмыс тәжірибесін талдау психикалық денсаулықтың негізі онтогенездің барлық кезеңдерінде адамның психикалық құрылымының толық дамуы болып табылады деп бекітуге мүмкіндік береді. Психикалық норма мәселесі үшін дамудың әдіснамалық принципінің ерекше маңызын танудың себебі осында. Психикалық денсаулық мәселесіне белгілі тәсілдер психиканың дамуының, оның құрылымдары мен функцияларының қалыптасуының жалпы заңдылықтарын түсіндірумен үзілді-кесілді корреляциялануы мүмкін. Слободчиков пен Е.И.Исаев классикалық психологтардың адам психикасының мәні және оның даму заңдылықтары туралы ой-пікірлерінің диспозициясын анықтайтын реттелген парадигматикалық негіздердің жиынтығын ұсынады: натурализм, социоморфизм, гносеология, мәдениеттану және теологизм (1998). Әрбір парадигма орнату ықтималды психикалық денсаулық мәселесін шешу үшін бастапқы теориялық негіз болып табылады.

Сонымен, психикалық денсаулық мәселесін мазмұнды талдау (біздің жергілікті зерттеу форматында берілген) психикалық құрылымдардың оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ететін саногендік механизмдер туралы идеялардың жалпы тұжырымдамамен біріктірілмейтінін және әртүрлі екенін көрсетті. Психология ғылымының қазіргі даму кезеңінде бұл мәселенің ерекше маңыздылығын идеялардың, теориялар мен концепциялардың сан алуандығы айғақтайды.

Жалпы, ғылыми көзқарастардың алуан түрлілігін психикалық норманы анықтау мәселесіне екі негізгі көзқарасты бөлуге болады:

1. Норманы түсіндірмелі (ғылыми-табиғи) парадигма аясында қарастыру, мұнда ол стандарт ретінде ұсынылып, ең жақсының, идеалдың үлгісі болып табылады, неге ұмтылу керек және нені сәйкестендіру керек.

2. Норманы гуманитарлық (сипаттамалық, феноменологиялық) парадигма контекстінде қарастыру, мұнда норматиптік көпшілікпен ортақ норманың сипаттамасымен бейнеленеді, ол анықталатын және адам өмір сүретін белгілі бір әлеуметтік-мәдени жағдайлардың заңдылығы болып табылады.

Список литературы:

1. Абрамов В.А. Нравственность и презумпция психического здоровья (По поводу статьи В.А. Тихоненко и Г.М. Румянцевой). // Журнал невропатологии и психиатрии им. С.С. Корсакова. 1992. т. 92. вып. 2. с. 130-132.

2. Абульханова-Славская К.А. Социальное мышление личности: проблемы и стратегии исследования. // «Психологический журнал», 1994. №4. - С.35.

3. Авдеев А.А. Проблемы изучения структуры самосохранительного поведения. // Социальные проблемы здоровья и продолжительности жизни./ Под ред.: И.В. Журавлевой, Л.С. Шиловой. М. ИС АН СССР. 1989. с. 25 - 30.

4. Авдеева Н.Н., Ашмарин И.И., Степанова Г.Б. Здоровье как ценность и предмет научного познания. // «Мир психологии», Москва - Воронеж, 2000, №1 (21). - С. 54 - 71.

5. Адлер А. Понять природу человека. - СПб.: «Белый Кролик», 1997. - С. 20-38.
6. Александровский Ю.А. Состояния психической дезадаптации и их компенсация (пограничные нервно - психические расстройства). М. Наука. 1976. - 272 с.
7. Братусь Б.С. Аномалии личности. - М.: «Мысль», 1988. - С. 6 - 82.
8. Братусь Б.С. Психологические аспекты нравственного развития личности. М., 1997. С. 5 - 21.
9. Elderkin V. Silver R.C., Waitzkin H. Narratives of Somatizing and nonsomatizing Patients in Primary Care Setting. // Journal of Health psychology. - 1998, volum 3, number 3. - P. 62 - 71.
10. Flick U. Qualitative Inquiries into Social Representaion of Health. // Journal of Health psychology, July 2000, volume 5, number 3. - P. 101 - 107.
11. Marks D., Murray M., Evans B., Willing C. Health psychology: Theory, Research and Practice. London: Sage, 2000. - P. 7 - 28.
12. Murray M., Chamberlain K. Qualitative Research in Health psychology. Developments and Directions. // Journal of Health psychology, 1998, volume 3, number 3. - P. 99 - 116.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТҮЛҒАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЖЕТІЛУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН БІРДЕН-БІР ФАКТОР

Бекпауов Д.М.,

Әлеуметтік ғылымдар магистрі, аға оқытушы

Башаранұлы Н., Секер Н.,

Психология білім беру бағдарламасы арнаулы орта білім негізінде 3-курс
студенттері, Қайнар академиясы

Тұлғаның қарым-қатынас белсенділігін өрістету олардың тұлға ретінде қалыптасуының маңызды факторы болып табылады. Сондықтан қарым-қатынас стильдері, техникалары және әдістерімен таныстырып қаруландырудың жолдарын анықтауды қажет етеді. Бұл мәселелердің маңыздылығы және оны шешудің қажеттігі бірлескен іс-әрекеттің басты құралы ретінде қарым-қатынас арқылы танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыру қажеттілігін қарастыру болып табылады. Профессор С.М. Жақыповтың мазмұны бойынша танымдық және формасы бойынша бірлескен-диалогтық іс-әрекеттің қалыптасу процесі индивидуалды іс-әрекет мақсаттары, мағыналары және мотивтерінің өзара бір-бірімен байланысуы мен түйісуі барысында жүзеге асатындығы туралы негіздемесі бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынастың бірлігі болып саналады [1, 18 б.]. Бұдан тұлғаның танымдық іс – әрекетінің дамуына қарым – қатынастың тікелей ықпалының маңыздылығы анықталады.

Қарым-қатынас – бір адамның басқа адамдармен қоғам мүшесі ретінде өзара әрекеттесуінің арнайы формасы. Олай болса біздің зерттеу жұмысымызда қарым-қатынастың тұлғаның танымдық іс-әрекетіне ықпалының психологиялық ерекшеліктерін ашу үшін «қарым-қатынас», «тұлға», «танымдық іс-әрекет» ұғымдары және олардың өзара байланыстары туралы талдауды қажет етеді. Қарым-қатынасқа түсудің өзі бірнеше кезеңдерден өтеді:

- қарым-қатынасқа түсу қажеттігі→басқа адамдармен байланыс;
- қарым-қатынас мақсаты → өзімен қарым-қатынасқа түсетін адамның тұлғасын бағдарлау;
- айтылатын мәліметтің мазмұны→ не айтатыны туралы ойлау;
- нақты сөздерді таңдау→сөзді жеткізу және өзін ұстау;
- жауапты қабылдау → кері байланыс (баға беру, тиімділігін бақылау);

– қарым-қатынас стилін, тәсілін, бағытын өңдеу.

Адамның басқа адаммен тиімді қарым-қатынас орнатуы осы актілердің бұзылмай бірізді орындалуында ғана қол жеткізуге болады. Ал қарым-қатынастың сәтті болуы үшін адамдардың бірін-бірі түсінгені, қалай қабылдағаны және мәселеге қалай қарайтындығы маңызды. Тұлғаның танымдық іс-әрекетін қарым-қатынас арқылы басқа да әлеуметтік қауымдастықтар жүйесіне олардың араласуы, олармен әрекеттесуі, дербестенуі оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырылады. Бұл өзіндік танымдық қажеттіліктерін іске асырудағы қиындықтарды жеңе отырып тәжірибе жинақтау, бірлесе еңбек ету, қарым-қатынас жасау біліктеріне ие болу сияқты субъект позицияларын қалыптастыру мүмкіндігімен әрбір тұлғаны қамтамасыз ететіндей ұйымдастырылған болашақ маман иелерінің бірлескен танымдық диалогтық іс-әрекеті болып табылады.

Тұлға құрылымында қарым-қатынастың түрлі жағдайларында басқа да маңызды жақтары оның мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттайтын коммуникативті қасиеттері, сонымен қатар қарым-қатынаста оның жүзеге асу мүмкіндіктері орталық құрылымдарының бірі. Белгілі бір стильде және қалауы бойынша белгілі бір типімен қатынас құруға дайындығын қамтамасыз ететін, тұлғаның коммуникативті нұсқаулары коммуникативті қасиеттердің психологиялық базисі болып табылады.

И.Б. Ханін зерттеуінен тұлғаның мамандықты меңгеруі, маманның кәсіби іс-әрекетімен жүзеге асырылатын әлемнің көрінуі кәсіпкерлікпен құралған қарым-қатынас арқылы қалыптастыру болып табылады [2, 2 б.]. Кәсіби іс-әрекет адамның жеке және қоғамдық тәжірибесіне негізделген, сондықтан мамандықты меңгеруде когнитивтік кестелерді, шеберлікті, заттық жүйенің мағынасын, ойлаудың арнайы тәсілін меңгеруден басқа субъективті тәжірибе құрылымы мен жеке құрылымының тереңірек қайта жасалуын пайымдау анықталған.

Г.А. Денисенконың зерттеуінен диалогтік өзара әрекеттесудің тиімді көрсеткіштерін жіктеуге болады. Олар: әңгімелесушілердің біріне-бірі дербес және тең құқылы тұлғалар ретінде диалог орнату қатынасы; өзара түсінісуге қол жеткізуге талпынысы; даму мен шығармашылыққа бағдарлануы; өзара сыйластық, көңіл аудару, бір пікірден кейін басқа да пікірге құқылы екенін мойындауы, басқалардан ерекшеленуі, серіктесінің сезіміне үн қата білу шеберлігі болып табылады [3, 4 б].

Психология саласында қарым-қатынас процесіндегі қақтығыстарды шешудегі Э. Берн негізін салған трансактілік талдау сол жағдайда болатын өзгерістер эмоционалды күймен байланысты, тұлғалардың мінез-құлықта болатын өзгерістері сананың белгілі бір күйін білдіреді. Оның тұжырымы: тұлға құрылымы өте күрделі, онда мүмкін деген үш түрлі эгокүйдің даму жолдары жүзеге асады, тұлғааралық қарым-қатынастың сипатын шарттандырады. Ол тұлғаның қарым-қатынаста қандай позицияда болуын анықтайды.

Қарым-қатынастың барлық жақтары, атап айтқанда қарым-қатынастық тұлғалар арасындағы пікір алмасу, бір біріне ықпал ету ұжымы және бірін-бірі қарым-қатынас арқылы қабылдау мен тікелей осының негізінде түсінісушілікті қалыптастыру белгілі бір жүйеліліктің бар болуын талап етеді. Сондықтан қарым-қатынас іс-әрекеттік тұрғысынан, С.М. Жақыпов көрсеткендей бұл – бірлескен іс-әрекетке деген қажеттіліктен туындайтын және ақпарат алмасуды, өзара әрекеттің, басқа адамды қабылдау мен түсінудің ортақ стратегиясын өндіруді қамтитын, адамдар арасында байланыс орнату мен дамытудың күрделі, көп жақты процесі болса, кез келген қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетке қатысушылардың өзара әрекеттесу, ынтымақтастық формасы. Осы процестегі байланыс және бірлескен іс-әрекетті орындау қарым-қатынастың пайда болу себептері мен қоғамдық ортадағы өмірдің қажеттілігі болып табылады. Осы бағытта болашақ мамандардың кәсіби құзырлылық қасиеттерінің қалыптасуы ерекше назар аударып отыр.

Қарым-қатынас жүйесіндегі сөздің белгі рөлін тіл орындайды, ал оның нәтижесі немесе өнімі сөз болып табылады. Ә.Ж. Алдамұратовтың пікірінше шәкірттердің тіл грамматикасының ұғымдарын меңгеруі, бір қырынан қарағанда, оқыту әдісінің тиімді жолдарын педагогикалық тұрғыдан білім беру процесі деп санаса, ал сол ұғымдарды

игерудің саналы әрекет ретінде ішкі факторға айналуы психологиялық процесс болып саналады [4, 16 б.]. Мұндай бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру баланың дүниетанымдық әрекетін өрістету мақсатын көздейді.

Адамда іс-әрекеттің мақсаты болып оның жасалатын нәтижені алдын-ала көру бейнесі ретінде пайда болады. Іс-әрекеттің қайта жасаушы және мақсат қоюшы сипаты оның субъектісіне кез келген жағдай шеңберіне шығуға және оны қоғамдық-тарихи болмыстың кең контексіне ене отырып, оның ұсынатын кез келген детерминанттарын құруға, сонымен қатар осылайша берілген детерминанттар шеңберінен шығатын құралдарды табуға мүмкіндік береді. Адамның іс-әрекеті үнемі саналы түрде орындалады. «Сана» түсінігінің мазмұнын ашу үшін, адам іс - әрекетінің қоғамдық сипатын және оның идеалды тіршілігінің болуын екеру қажет. Іс-әрекет тікелей ұжымдық, сол сияқты индивидуалды формада болады. Ал адам өзін қоғамдық тіршілік ретінде сезіне отырып, кез келген ортаға бейімделіп, тіршілік әрекетін жасайды [5, 3 б.].

Қарым – қатынаста адамның танымдық белсенділігі сол әрекетке тікелей бағытталады. Олай болса қарым - қатынастың белсенді орындаулына ойлау процесі негізгі рөлді атқарады. Ал ойлау процесінің жүзеге асу шартына адамның бұрынғы тәжірибесі мен бағыты, сонымен қатар ойлануға итермелейтін мотивтері жатады. Н.Қ. Тоқсанбаева өзінің зерттеуінде ойлауды оның логикалық және психологиялық жақтарының бірлігі ретінде қарастырған. Ол: «Біріншіден, ойлау таным объектісі туралы түсінік қалыптастыруға бағытталады және ішкі қажетті байланыстар мен оның мәнінде көрінеді. Екіншіден, ойлауды бала таным объектісінің көмегімен талдау және біріктіру негізінде оның мәнді байланыстарын қолданады. Үшіншіден, ойлау негізінде бала танымдық объектінің мәнді қатынасын талдау мен біріктіру нәтижелерінің бағалануын бақылайды»- деген [6, 44 б.]. Қарым-қатынас кең мағынада – бұл адамның ұйымдастырушылық – коммуникативтік іс-әрекетке психикалық дайындығы болып табылады. Сондықтан қарым-қатынас серіктердің коммуникативті іс-әрекетінсіз болмайды. Ал, коммуникативтік іс-әрекеттің өзі екі немесе одан да көп адамдардың үйлесімді қатынас орнатуы мен ортақ бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған өзара бірлескен әрекеті (А.А. Леонтьев, К.А. Абульханова-Славская). Нәтижесінде қарым-қатынас пен коммуникативтік іс-әрекет – бұл бүтін мен бөлшек құрылымдар қатынасы.

Тұлғаның дамуы, оның іс-әрекет кезінде жинақталатын тәжірибесіне және біліміне байланысты. Себебі білім адамның дүниетанымына, құбылыстар ерекшеліктерін айқындауға және іс-әрекетті ғылыми негізде құруға әсер етеді. Сондықтан тұлға Қ.Б. Жарықбаевтың «Қандайда болмасын бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибесі, білімі мен дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі мен талғам мұраты, бағыт-бағдары бар адамды тұлға деуге болады» деген анықтамасында қуатталады [7, 56 б.].

Кез келген жаңа ортаға келген тұлға бейімделу кезеңінен өтеді. Сол сияқты қарым-қатынас жүйесінде сәтті бейімделген тұлға өзінің тереңдігімен, ішкі жайсыздығымен, қобалжуымен, әсіресе коммуникативтік сапаларын бағалауда өзіндік бағалаудың қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Тұлғаның жоғарғы оқу орындарында дамуы мен қалыптасуының жетістігі таным және қарым-қатынастағы даму нәтижесі деңгейінің барлық психикасының негізгі құрылым астымен байланысты болып табылады. Олар: интеллектуалды, эмоционалды, мотивациялық және тб.

Тұлғаның бейімделу жетістігінің тәуелділігін /негізгі тиімділік көрсеткішінен/ психикасының құрылым астынан біреуден, кейде сирек екеу-үшеуден ашады. Мұнда, ережеге сай, тұлғаның бейімделуінің кез келген біреуін зерттеуде психикалық сапаларының бәрінен бұрын танымдық көрсеткішпен сипаттауға болады.

В Казахстане не существует государственной программы или системы регламентирующие дальнейшее формы существования заключенных, если даже существует органы пробации, то они как структура контролирующая и только, они не имеют полномочия организации быта осужденных законом и нормами права это не предусмотрено современными протоколами и остаётся только воспринимать как очередной надзорный орган. Этим и ограничены полномочия пробационной службы.

Некоторые аспекты теории пенитенциарной социальной работы обсуждаются в различных аспектах права, педагогики, психологии, психиатрии, социологии, однако, тем не менее, единой теории пенитенциарной работы не существует. [6] Это проблема касательно решению и систематизации, для этого необходима полная регламентизация УИК и Правил внутреннего распорядка учреждений уголовно-исполнительной системы.

Необходимо разрабатывать рамочную программу и План мероприятия по совокупности международных норм на практике содержания осужденных и обучить большинство сотрудников всех учреждений реальной пенитенциарной практики применением реальной практики динамической безопасности только для оценки преимущества применения методов динамической безопасности. В то же время рекомендуем использовать эти подходы в отношении эффективности и считает их значимыми и важными. На этом фоне имеются стратегические и оперативные достижения в области цифрового контроля над осужденными, которые могут обеспечить потенциальный доступ к реальным результатам системы. Это даст следующее ожидаемые результаты: это данные реальной сравнительного эксперимента сформирует навыки и практики сотрудниками сбора первичной информация о состоянии намерении осужденных, систематизация и анализ полученных результатов из различных учреждений участников эксперимента исследований по написанию рекомендационной методической пособия по данной проблеме.

Существуют разные взгляды и неоднозначное понимание термина «данные практики динамической безопасности» и доказательств, построенных на них. Это связано с продолжающимся интенсивным развитием данного направления в мире. В большинстве определений данные реальной практики применения метода динамической безопасности для положения в Республике Казахстан достигается через создание закона и отдельной структура Агентства исполнения наказания и пробации, через создание самостоятельного органа которая действительно обеспечивает общественную безопасность. Ведь преступников содержим в пенитенциарных учреждениях не вечно. Помимо всего данное агентство способна будет разработать механизм дальнейшей социализации осужденных на воле.

В свою очередь, доказательства, собранные при реальной экспериментальной практики даст возможности написанию аналитических справок об использовании и

потенциальных выгодах или рисках применения методов динамической безопасности, для рекомендации по изменению закона УИК.

Доказательства из реальной экспериментальной практики характеризуются фактическим использованием примеров и выводов, которые можно обобщить для целевой популяции. При формулировании указанных выше определений подчёркивается разница между терминами «данные» и «доказательства».

Смысл заключался в том, что «данные по применению практик динамической безопасности» предполагают лишь фактическую информацию, в то время как «доказательства, выявленные в процессе эксперимента по применению методов динамической безопасности» означают организацию информации для обоснования заключения или принятия решения. Так, доказательства формируются в соответствии с Планом исследования, Планом анализа и интерпретируются соответствующим образом, тогда как данные являются лишь одним из компонентов Плана исследования. Доказательства формируются, в то время как данные просто являются источником и сами по себе неинформативны. Это примерные перспективы дальнейших работ по проблемам обеспечения динамической безопасности в пенитенциарных учреждениях основные и пути ее решения проблем.

При корпоративном фонде народного благосостояния «VCG», работает отдельная структура на пути решения проблем пенитенциарных систем Казахстана, ведется колоссальная коллегиальная работа по организации научно исследовательских работ с юристами, философы, психологи, педагоги, этнографы, диетологов по разработке методических рекомендации и написании пособия по дисциплине «Динамическая безопасность в пенитенциарных учреждениях Центральной Азии в свете международных норм и стандартов» которая систематические занимается вопросами осужденных. Разработана универсальное учебное пособие, мировоззренческая книга «Читал!?!», удовлетворяющая квазипотребности человека, эта книга может стать инструкцией к жизни как осужденного, так и сотрудников УИС.

При Академия «Intellect 7G» планируется сформировать академические курсы для обучения оперативных работников УИС теологов, психологов для решения вопросов радикализации осужденных с религиозными и экстремистскими преступлениями в пенитенциарной системе. На старте разработки по пенитенциарной психологии и пенитенциарной перагогики. Все эти работы должны осуществляться в Республиканском масштабе, а пока только подписан меморандум с Кустанайской академией МВД имени Шракбека Кабылбаева.

Использованная литература:

1. Каптерев П.Ф., Избранные педагогические сочинения /Под ред. А.М. Арсеньева. – М.: Педагогика, 1982. – 704 с.
2. Справочник по обеспечению динамической безопасности и сбору оперативной информации в пенитенциарных учреждениях ООН Нью-Йорк 2015
- 3 Биекенов Н.А. Концепция динамической безопасности пенитенциарной системы: вопросы понимания / Н.А. Биекенов// Ғылым. – 2022. - № 2. - С. 4-9=Наука
4. Смыковский В.В., Кузнецов М. И. Организация деятельности пенитенциарных учреждений Норвегии: на опыте тюрьмы города Тронхейм. //Ведомости уголовно-исполнительной системы - 2021. - №10 (233): - С.44-805. Международный пакт о гражданских и политических правах, статья 10; Минимальные стандартные правила ООНв отношении обращения с заключенными (Правила Нельсона Манделы), правила 1 и 5 (1); Свод принципов защиты всех лиц, подвергаемых задержанию или заключению в какой бы то ни было форме, принципы 1 и 6; Европейские тюремные правила, правила 1 и 72.1; Принципы и наилучшая практика защиты лишенных свободы лиц в странах Америки, принцип I; Кампальская декларация об условиях содержания в тюрьмах Африки, рекомендации 1–3; Рекомендация CM/Rec(2014)3 Комитета министров

государствам-членам в отношении опасных преступников, принятая Комитетом министров 19 февраля 2014 года на 1192-м заседании заместителей министров, пункт 3.

6. Иксатова С.Т. Понятие, сущность, методы социальной работы в пенитенциарной системе Республики Казахстан / С.Т. Иксатова// Қазақстанның ғылымы мен өмірі = Наука и жизнь Казахстана. – 2010. - №1. - С.68-75

ПСИХИКАЛЫҚ КҮЙЛЕР МЕН КОГНИТИВТІК ПРОЦЕСТЕР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ЖҮЙЕЛІК ТӘСІЛ

Манасова Б.,

Қайнар академиясының 2-курс магистранты

Куланова С.Ш.,

Қайнар академиясының доценті

Психикалық күйлер мен когнитивтік процестердің өзара байланысын зерттегенде бірқатар қиындықтар туындайды, олардың шешімі эмпирикалық зерттеулердің логикасын анықтайды. Біздің ойымызша, ең маңызды мәселе – екі психикалық құбылыстың конъюнктивтілігі. Шынында да, психикалық күйлер мен когнитивтік процестер дәстүрлі түрде психикалық құбылыстардың жеке категориялары ретінде қарастырылады, сонымен бірге зерттеушілердің көпшілігі когнитивтік процестерді психикалық күйлердің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл когнитивті процестердің күйлердің құрамдас бөлігі ретінде жалпы күйді сипаттайтындығына байланысты, ал күйлерді зерттеу үшін когнитивтік процестерді диагностикалау әдістері қолданылады. Мысалы, А.Б.Леонованың зерттеулері шаршаудың ең айқын және маңызды белгілері зейіннің бұзылуы болып табылатынын көрсетті - дыбыс көлемі азаяды, зейіннің ауысу және бөлу функциялары бұзылады.

Сондықтан психологиялық деңгейде бұл жағдайды тұлғалық-когнитивті синдром ретінде қарастыруға болады.

Сонымен бірге әрбір жеке процестің психикалық күйлердің құрылымына қосылу дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Бұл ұстаным А.О.Прохоровтың эмпирикалық зерттеулерінде көрсетілген, онда мемлекет қызметтің тиімді орындалуына қажетті процестер мен қасиеттерді біріктіретін функционалдық жүйе ретінде қарастырылады [1].

Біздің ойымызша, екі категорияның қарым-қатынасын зерттегенде «өзара әрекеттесу» және «психикалық дисъюнктивтік емес» қағидаларын басшылыққа алу қажет. С.Л.Рубинштейннің тұжырымдауындағы соңғы принцип келесідей: «Психологияда олар көбінесе эмоциялардың, аффект пен интеллекттің бірлігі туралы айтады, бұл психологияны бөлек элементтерге немесе функцияларға бөлетін абстрактілі көзқарасты жеңеді деп есептейді ... Шындығында жеке адам өміріндегі эмоция мен интеллект бірлігі туралы жай ғана емес, эмоцияның өзіндегі, сондай-ақ интеллекттің ішіндегі эмоционалдық немесе аффективті және интеллектуалдық бірлігі туралы айту керек» [2].

Осы принциптерге сәйкес психикалық күйлер танымдық процестерді біріктіріп қана қоймайды, керісінше. Мысалы, О.К.Тихомиров зерттеулерінде ойлау процестері бағдарлау және эвристикалық функцияларды орындайтын белгілі бір эмоционалдық күйлердің интеграторы болып табылады [3]. Интеграция функциясын жұмыс есінің, елестетудің, зейіннің когнитивтік процестері де атқара алады.

Бұл принциптерді тәжірибеде жүзеге асыру жүйені өзара әрекеттесетін құрамдас бөліктердің жиынтығы ретінде қарастыратын жүйелік тәсілмен жәрдемдеседі. Сонымен, когнитивтік процестер мен психикалық күйлер психикалық құбылыстардың дербес категориялары болып қала отырып, бір мезгілде өзара әрекеттесетін біртұтас жүйе ретінде қарастырылуы мүмкін.

Философиялық категория ретінде «өзара әрекет» түсінігі әртүрлі объектілердің бір-біріне өзара әсер ету процестерін, олардың өзара тәуелділігін білдіреді. Онтологиялық тұрғыда бұл ұғым объективті шындықтың басқа да ажырамас қасиеттерімен қатар атрибуты болып табылады: қозғалыс, кеңістік, уақыт, рефлексия, құрылым және т.б. «Өзара әрекеттесу» кез келген материалдық жүйенің құрылымдық ұйымдастырылуын анықтайды және олардың қасиеттерін ашады [4].

«Өзара әрекеттесу» ұғымы заттар мен құбылыстардың бір-біріне тікелей және кері әсерін, объектілер арасындағы тікелей және жанама қатынастарды, заттың, энергияның және ақпараттың өзара алмасуын бекітеді. Өзара әрекеттестік ұғымының нақтылануы «өзгеріс», «қалыптасу», «процесс», «даму» ұғымдары арқылы жүзеге асады [5].

Математикалық статистикада «өзара әрекеттесу» екі айнымалының өзара тәуелділігінің әсерін білдіреді, мысалы, тапсырманың қиындығы мен қозу деңгейі көбінесе қозудың жоғарылауы табыстың артуына әкелетіндей өзара әрекеттеседі. қарапайым есептерді шешу, бірақ күрделі есептерді шешу табысының төмендеуі.

Психологияда «өзара әрекеттесу» өзара шарттылық пен өзара байланысты тудыратын өзара әсер ету процесі, сондай-ақ құрылымдардың қалыптасуына ықпал ететін интеграциялық фактор ретінде қарастырылады [6, б.51].

Жалпы психологияға қолданылатын «өзара әрекеттесу» категориясының мәні олардың С.Л.Рубинштейн мен Я.А.Пономарев еңбектерінде барынша толық ашылған [7, 8, 9]. «Өзара әрекетке» анықтама беру үшін олар «шағылу» түсінігін пайдаланды - заттардың басқа объектілердің құрылымдық сипаттамалары мен қатынастарын жаңғырту қабілетінен тұратын әмбебап қасиеті. Өзара әрекеттестік – кейбір құбылыстардың басқалармен бейнеленуі [9, 49 б.].

Б.С.Алишевтің пікірінше, әрекет категориясы әрекет категориясына қарағанда кеңірек, өйткені соңғысы субъектінің қоршаған ортамен тығыз байланысынсыз жүзеге асырылмайды. «...Тіпті ішкі, ақыл-ой, мысалы, ақыл-ой әрекеті бір нәрсе туралы пайда болады және бейнелеудегі өзара әрекет (бейнелі немесе концептуалды түрде) болып табылады. Сондықтан біз өзара әрекеттесу ұғымын әдістемелік тұрғыдан дұрыс деп санаймыз. белсенділік: ол субъект пен объект арасындағы ажырамас байланысты бейнелейді» [10, 70 б.].

Сондай-ақ автор өзара әрекеттесу әрқашан белгісіздікті жеңумен байланысты екенін атап өтеді, сондықтан филогенезде белгісіздікті белгілілікке түрлендіруге немесе болашақта белгісіздік ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік беретін шешім қабылдау, түсіндіру, рефлексия, жоспарлау, болжау механизмдері қалыптасады. Ақпараттық-энергетикалық тосқауыл ретінде белгісіздікті жеңу биологиялық және әлеуметтік жүйелердің дамуына әкеледі, ал тұлға психика мен сананың белгісіздікті жеңудің өнімі және құралы ретінде қарастырылады, өйткені жағдаймен өзара әрекеттесу кезінде белгісіздікті жеңу тек осы жағдайда ғана мүмкін болады. субъектінің «ішкі» сенімділігінің негізі.

Практикалық қолдану тұрғысынан өзара әрекеттесу мәселесі белгілі бір құбылыстың басқарылатындығына, сондай-ақ оның мақсатты түрде өзгеру мүмкіндігіне келіп тіреледі. Психикалық құбылыстардың өзара әрекеттесуін немесе жүйелі шарттылығын ашуды зерттеу кейіннен оларды қалыптастыру, тәрбиелеу және өзін-өзі басқару жолдарын іздеуге кірісуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың эмпирикалық бөлігінде қолданылатын өзара әрекеттесуді зерттеудің жүйелік тәсілін қарастырайық.

Жүйелік тәсіл. Психикалық күйлерді полифункционалды, тұтас, көп деңгейлі құбылыс ретінде зерттеу адекватты әдістемелік аппаратты қажет етеді. Бұл талаптар «нақты объект өзара әрекеттесетін компоненттердің жиынтығы ретінде сипатталатын әдістер тобы» ретінде түсінілетін жүйелік тәсілмен қанағаттандырылады.

Жүйелік тәсілдің бір түрі Я.А.Пономаревтің жүйелік-аналитикалық тәсілі болып табылады, оның контекстінде өзара әрекеттестіктің авторлық концепциясы берілген.

Зерттеушінің пікірінше, «тек өзара әрекеттесетін жүйе ғана ғылыми талдаудың шынайы пәні бола алады» [8, б. 19].

Я.А.Пономаревтың көзқарасы бойынша кез келген өзара әрекеттесетін жүйені функционалдық тұрғыдан талдау, оның спецификалық белгілеріне қарамастан, «өнім» және «процесс» категорияларын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Біріншісі жүйенің статикалық, кеңістіктік жағын көрсетеді. Екіншісінде – динамикалық, уақытша жағы [8, 20 б.]. Өзара әрекеттесетін жүйелердің жұмыс істеуі процестің өнімге өзара ауысуы және олардың элементтерінің дифференциациясы мен реинтеграциясы арқылы құрамдастардың құрылымдарын қайта құру арқылы жүзеге асырылады. Процестің нәтижесінде пайда болатын өзара әрекеттесу өнімдері өзара әрекеттесудің барлық барысына қарама-қарсы бағытта әсер ете отырып, жаңа процестің шарттарына айналады. Компоненттерге тән қасиеттерге байланысты өзара әрекеттесу әдісі қалыптасады, оның негізінде жүйені бір немесе басқа формаға жатқызуға болады. Өзара әрекеттестіктің сапалық бірегей формаларын саралау үшін Я.А.Пономарев екі критерийді ажыратады: өзара әрекеттесетін жүйенің құрылымын ұйымдастыру (сапалық критерий) және уақыттың табиғи бірлігін көрсететін жасырын кезең (сандық критерий). өзара әрекеттесудің ерекше формасы. Осылайша, уақытты өзара әрекеттестіктің процедуралық аспектісі ретінде қарастыруға болады.

Автор «сыртқы» және «ішкі» өзара әрекеттесуді ажыратады. Сыртқы буындар ішкі буындар арқылы құрамдас құрылымдарды қайта құруды қамтиды. Кез келген әрекеттесу процесінің шарты - қазіргі уақытта қалыптасқан құрамдас бөліктер жүйесіндегі кейбір теңгерімсіздік. Ол сыртқы әсерлерден де, компонент ішіндегі процестерден де туындауы мүмкін. Компоненттердің бірінің күйінің кез келген өзгерісі олардың өзара әрекеттесу себебі ретінде әрекет ететін компоненттер арасындағы қатынастың өзгеруіне әкеледі.

Я.А.Пономарев сипаттаған өзара әрекеттесу ерекшеліктері жүйенің даму тенденциясын қамтиды, өйткені оның тепе-теңдігі ешқашан статикалық болып қалмайды, тек динамикада сақталады. Автор «Даму» ұғымына былайша анықтама береді: «Даму — белгілі бір жүйені қайта құрылымдаумен, сапалы жаңа уақыттық және кеңістіктік құрылымдардың қалыптасуымен байланысты өзара әрекеттесетін жүйелер жүйесінің өмір сүру тәсілі» [8, б. .24].

Қорытындылай келе, өзара әрекеттесу үшін қажетті ең жалпы шарттарды келтірейік: біріншіден, өзара әрекеттесуге түсетін нәрсе белгілі бір құрылымдық деңгейге қатысты болуы керек: биологиялық, психикалық, физикалық және т.б. (ұқсастық заңы); екіншіден, өзара әрекеттесетін құрылымдар бірдей болмауы керек, өзара әрекеттесу пайда болуы үшін олар қандай да бір түрде ерекшеленуі керек (айырмашылық заңы).

Осы шарттарды орындау нәтижесінде өзара әсер ету, өзара алмасу және өзара әрекеттесу өнімін тудыру орын алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Прохоров, А.О. Психические состояния и их функции / А.О.Прохоров. - Казань: КГПИ, 1994.- 168с.
2. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии / С.Л.Рубинштейн. - СПб.: Питер, 2002. - 720с.
3. Тихомиров, О.К. Психология мышления: учебное пособие для студ. высших учебных заведений / О.К.Тихомиров. - М.: Академия, 2002. - 288с.
4. Философский словарь / под ред. И.Т.Фролова. - 7-е изд., перераб. и доп. - М.: Республика, 2001. - 719с.
5. Современный философский словарь / под общ. ред. В.Е.Кемерова. - 3-е изд., испр. и доп. - М.: Академический проект, 2004. - 864 с.
6. Психология. Словарь / под общ. ред. А.В.Петровского, М.Г.Ярошевского. 2-е изд., испр. и доп. - М.: Политиздат, 1990. - 494с.
7. Пономарев, Я.А. Методологическое введение в психологию / Я.А.Пономарев. -

М.: Наука, 1983. - 205с.

8. Пономарёв, Я.А. Психология творчества / Я.А.Пономарев. - М.: Наука, 1976.- 303с.

9. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии / С.Л.Рубинштейн. - СПб.: Питер, 2002. - 720с.

10. Алишев, Б.С. Психологическая теория ценности (системно-функциональный подход): дис. ... докт. психол. наук / Б.С.Алишев. - Казань, 2002. - 367с.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ДАМУҒА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СТИЛДЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Матаева Г.,

Республикалық жоғары медициналық колледж,
оқытушы, психология магистрі

Қандай да бір қызметте іс-әрекеттің жеке стилі – кәсіби еңбектің жеке даралану үдерісінің негізгі сипаты болып табылады. Кәсіби маманның өз стилінің болуы, бір жағынан - оның кәсіби әрекеттің объективті нақтыланған құрылымына бейімділігін көрсетсе, екінші жағынан - өз жеке даралығының толық ашылу мүмкіндігін сипаттайды.

Педагогикалық әрекет – күрделі, әрі көпжақты. Оның көптеген компоненттерінің ішінен үш негізгісін бөліп көрсетуге болады: мағынасы, әдістемесі және әлеуметтік-психологиялық компоненттері. Осы үш компоненттің біртұтастығы мен өзара байланысы педагогикалық жүйенің міндеттерінің толық жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бұл бірліктегі негізгі компонент - әлеуметтік-психологиялық, яғни педагогикалық қарым-қатынас, соның негізінде қалған екеуі жүзеге асады. Негізгі тәрбиелік өзара қатынастардың жүйесі қарым-қатынас үдерісінде қалыптасады, тәрбие және оқыту үрдісінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Қарым-қатынас педагогикалық әрекеттің негізгі әсер етуші құралы болып саналады.

Оқу-тәрбие үдерісіндегі педагогикалық қарым-қатынастың ролі мен мағынасы туралы көптеген белгілі ғалымдар ой-пікірлер айтқан. Мысалы, А.С.Макаренконың мұғалімге педагогикалық шеберлік пен педагогикалық қарым-қатынас техникасын меңгеру қажеттілігін көрсете отырып: «...адам, бала келбетін (бет-әлпетін) оқи білу қажет. Жан дүние қозғалыстарының белгілері туралы келбеттен оқи білудің еш құпиясы, таң қаларлығы жоқ. Педагогикалық шеберлік тәрбиешінің дауыс ырғағы мен өзінің бет-әлпетін басқара алуында... Ролге кіре алмайтын адам мұғалім бола алмайды. Бірақ ол шынайы болуы тиіс...» деген пікірлерін ескермеуге болмайды /1/. Ал ғалым В.А.Сухомлинский: «Абай болыңыздар, сөздеріңіз нәзік тәнді осып өтетін қамшы ретінде болмасын, оның нәтижесінде бала жанында мәңгілік жара қалуы мүмкін...» дей отырып, педагогикалық қарым-қатынас үрдісінде кездесетін «адаспа» мұғалімдердің «ашы дауысын» бәсеңдетуді сұранады /2/.

Педагогикалық қарым-қатынас оқу-тәрбие үдерісінде оқушы тұлғасына әсер етуші құрал ретінде қызмет етеді. Педагогикалық қарым-қатынас - өзіндік ақпарат алмасуы бар, коммуникативтік құралдардың көмегі арқылы өзара қатынастар мен тәрбие құралдарын жүзеге асырушы біртұтас жүйе болып табылады. Мұндағы күрделі міндеттердің бірі – нәтижелі қарым-қатынасты жүзеге асыру, ол үшін педагог бойында коммуникативтік біліктерді дамытудың маңызы зор.

Қарым-қатынас басқа біреудің жан дүниесіне, «мен» ұғымына ену. Бұл оңай емес, өйткені өзіне ұқсамайтын басқаның жан дүниесіне ену үшін психологиялық дайындық қажет. Сондықтан қарым-қатынасты ұйымдастыруда субъектінің психологиялық жағдайын ескеру өте маңызды болып табылады. Өйткені, субъектілердің кез келген

қарым-қатынасы психологиялық кеңістікте өзгеріс туғызады. Кез келген ересек адам баламен қарым-қатынаста оның психологиялық ерекшелігін ескеріп, оған уақыт беруі керек. Қарым-қатынас көлденең жазықтықта (мұғалім мен оқушы бірдей) және тік жазықтықта (мұғалім оқушыдан биік) болады. Көлденең қарым-қатынас жемісті, ал тік қарым-қатынас үнемі оқушыны қарама-қарсылыққа итермелейді. Көлденең қарым-қатынасқа жету үшін біріншіден, оқушыны ойша қатар қою, екіншіден, оқушыға жоғарыдан төмен қарамауға дағдылану қажет. Біріншіні іске асыру жеңіл, ал екіншісі ыңғайсыз, өйткені мұғалімдер оқушыларды бақылау үшін орындарынан тұрып қарым-қатынас жасайды. Бірақ, ересектер көлденең қарым-қатынастың аса қажет екенін іштей сезеді, олар баламен еңкейіп сөйлеседі, олармен қатарласып отырады, алдына отырғызады.

Сырттай қарағанда қарым-қатынас деңгейіне ешкім көңіл аударма қоймағандай болып көрінуі мүмкін. Сөйтсе де, екінші адамның өзіне деген қарым-қатынасын бірден сезесің және қабылдайсың, ал егер оны тануда қателессең, қарым-қатынас күрделене түседі немесе оның бұзылуына әкеп соғады. Қарым-қатынаста арақашықтықты сезу қиын емес. Бұл үшін сөйлесіп отырған адамдарды бақылап отырып, олардың бір-біріне деген көзқарасын аңғаруға болады. Арақашықтық - өзгермелі құбылыс, ол оқушылардың жасының өзгеруіне қарай жылжымалы болады.

Соңғы кездерде психологиялық зерттеулерде қарым-қатынас жасаушылардың аралығындағы қашықтықтың, серіктестің отырысының коммуникативтік мәніне көңіл аударуда. Америкалық қарым-қатынас психологиясында бұл бағыттағы зерттеулерге проксемика – деп ат қойылды. Проксемика бойынша қарым-қатынасты төрт түрге бөлуге болады, олар: көңіл-күйлік, жеке бастық, әлеуметтік, көпшілік. Алғашқы екі ара-қатынас жақын достық байланысты аңғартады, ресми қатынастағы адамдар әлеуметтік тұрғыны ұстанады, ал көпшілік ара-қатынас бөтен адамдармен араласу болып табылады. Әрбір адамның өзіне ғана тән қалыптасқан қарым-қатынас стилі болады /3/.

Қарым-қатынас стилі дегеніміз не? Ол қалай қалыптасады?

Осы тақырыптағы ең алғашқы тәжірибелік зерттеулерді 1938 жылы неміс психологы Курт Левин жүргізген. Ал қазіргі кезде педагогикалық қарым-қатынас стилінің көптеген түрі анықталған, солардың негізгілеріне тоқталып өтейік.

Авторитарлық стиль – қатаң басқару тенденциясы және бақылау формасымен сипатталады. Басқа әріптестеріне қарағанда бұйрық беру жолын көп қолданады. Мұндай стилді педагог жұмыс мақсатын тек өзі анықтап қана қоймай, сонымен қатар тапсырманың орындалу жолдарын, кім кіммен және қай топта жұмыс жасау керектігін нақты анықтап береді. аталмыш стиль ынталану әрекетін бәсеңсітеді, себебі оқушы орындап отырған жұмысының мақсатын, жұмыс кезеңдерінің функцияларын және алда не күтіп тұрғанын ұғына алмайды. Бұл стиль жалпы алғанда тиімсіз болып табылады. Педагог ұжымы және оқушылар айтқанды жасауға үйреніп; белсенділік, инициатива көрсетуге дағдыланбайды: көбіне жалтақ болып, жағымпаздық жолға түседі. Оқушының позитивті мүмкіндіктеріне мұғалімнің сенімсіздік танытуы жұмысқа деген қызығушылығын күрт төмендетеді. Оқушы тарапынан көрсетілген әрбір ынталану үрдісін авторитарлы педагог «өз бетімен кету» деп қабылдайды. Зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей мұндай мінез-құлық өз беделін жоғалтып аламын деген қорқыныштан туындайды.

Немқұрайлық стилі – оқу-тәрбие үдерісінде болып жатқан құбылыстардан, жауапкершіліктерден өз басын алып қашу. Зерттеу нәтижелері бұл стиль барысында жұмыстың ауқымының төмен орындалуы мен сапасының болмауын көрсетеді. Бұл жағдайда педагог оқушының әрекетіне араласпауға тырысады, тапсырмаларды тек формалды тұрғыда бере отырып, басқару жауапкершілігінен бас тартады. Мұғалімнің сөзі бір жақта, ісі екінші жақта, қойған талаптары тұрлаусыз болып, ұжым мүшелері мен оқушыларды ашу мен ызаға толтырады.

Демократиялық стилде ең бірінші орында фактілер бағаланады. Бұл стилдің ерекшелігі жұмыс және оны ұйымдастыру барысында топ талдауға немесе тағы басқа да тапсырмаларға белсенді қатыса алады. Нәтижесінде субъектілердің өздеріне деген сенімділіктері артып, өзін-өзі басқаруға деген сенімділіктері артады. Егер авторитарлық стилде топ мүшелері арасында бір-біріне деген қарама-қарсы қатынастар болса, демократиялық стиль керісінше ұжым мүшелерін жақындатып, өзара түсініспеншілікке шақырады. Педагог жұмыс барысында ұжымға арқа сүйеп, оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау қабілеттерін ынталандырады, оқушы тарапынан айтылған сын-пікірлерді дұрыс қабылдап, шыдамдылық танытады. Демократиялық стильдегі педагогикалық қарым-қатынас пайдалы келеді. Оқушылар өзбетімен инициатива, белсенділік көрсетіп, мұғалімнен үрікпей, жасқанбай, еркін ұстап, онымен бірігіп жұмыс жасауға әдеттенеді.

Бірлескен шығармашылық әрекетке қызығушылық негізіндегі қарым-қатынас стилі. Аталмыш стиль педагогтың жоғары кәсіби шеберлігі және оның этикалық ұстанымдарының бірлігі негізінде жүзеге асады. Бірлескен шығармашылық әрекетке қызығушылық тек мұғалімнің коммуникативтік әрекетінің нәтижесін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар оның тұтас педагогикалық әрекетке деген қатынасының деңгейін байқауға болады. Бұл стилдің артықшылығын М.О.Кнебель, В.А.Сухомлинский, В.Ф.Шаталов, Ш.Амонашвили және т.б. педагогтар атап көрсетеді. Аталмыш стиль бірлескен оқу-тәрбие әрекетінің алғышарты болып табылады.

Қашықтықтағы қарым-қатынас стилі. Бұл стилді қолданылатындар әрі тәжірибелі, әрі жаңадан жұмысқа орналасқан мұғалімдердің ішінен де кездесе береді. Бұл стилдің басқалардан ерекшелігі – субъектілер арасындағы қарым-қатынас қашықтығы. Бірақ мұнда да өлшем қажет. Қашықтықты аса алыс ұстау субъектілердің өзара тұтас әлеуметтік-психологиялық жүйесін формалды жағдайға ұшыратады, шынайы шығармашылық ахуалдың туындауына септігін тигізбейді. Білім беру жүйесі субъектілері арасында қашықтық болуы тиіс, ол қажетті болып табылады. Ол өзара қатынастар негізі ретінде бұйыру емес, бір субъектінің екінші субъектіге жалпы қатынас логикасынан туындауы қажет. Қашықтық педагогтың басқы ролінің көрсеткіші ретінде, оның беделі арқылы қалыптасады.

Қорқыту стилі – бұл қашықтықтан қарым-қатынасқа түсу стилінің ең тығырыққа тірелген формасы. Стилді көбіне жас мамандар бірлескен шығармашылық әрекетке екінші субъекті тарапынан нәтиже, тіпті қызығушылық тудыра алмаған жағдайда қолданады. Шығармашылық қатынаста бұл қарым-қатынас стилі мүлде өміршең емес. Себебі, педагог жағымды коммуникативтік ахуал жасаудың орнына, керісінше оларды тиып тастап, педагогикалық қарым-қатынасты достық сипаттан айырып отыруға бейім болады.

Ойнақы қалжыңға бағытталған қарым-қатынас стилі – педагогикалық қарым-қатынасты нәтижелі ұйымдастыра алмайтын тәжірибесіз педагогтарға тән. Педагогикалық әдеп ережелеріне қарама-қайшы келетін стиль. Мұндай стилді педагогтар балалардың арасында арзан, жалған беделге ие. Көбіне тәжірибесіз жас мамандар сынып ұжымына тез ұнау үшін және балалармен жедел түйісу нүктесін орнату мақсатында, ал екінші жағынан педагогикалық қарым-қатынас этикасының жетіспеуінен пайдаланады. Бұл стиль тәрбиеші мен тәрбие үдерісіне үлкен зиянын тигізеді. Пайда болу себептері:

өз алдында тұрған жауапты педагогикалық мәселелерді дұрыс түсінбеу;

қарым-қатынас біліктілігінің жетіспеуі;

сынып ұжымымен қатынастан қорқу мен оқушылармен тез тіл табысу үшін.

Педагог қауымы өз қызметінде көбіне қай стилді пайдаланады?

Осы сұраққа жауап алу мақсатында 16 жалпы орта білім беру мекемелерінде диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Сауалнаманың негізгі мақсаты қазіргі таңдағы педагогтардың басым көпшілігі қандай стилді пайдаланатындығын анықтау. Зерттеу нәтижесі төмендегідей көрсеткіш берді: яғни, тұлғалық-бағдарлы қарым-қатынас моделіне бағытталған демократиялық және бірлескен шығармашылық стилдерімен педагогтарымыздың 54,6 %-ы жұмыс жасаса, қалған 45,4 %-ы оқу-пәндік қарым-қатынас

моделіне бағытталған авторитарлық, немқұрайлық, қашықтықтан қарым-қатынас жасау, қорқыту және ойнақы қалжыңға негізделген қарым-қатынас стилдерін қолданатындығын көрсетеді. Бұл әрине, педагогикалық қарым-қатынастың ұтымды болуына қарама-қайшылық.

Педагогикалық қарым-қатынас ұтымды болу үшін педагогикалық ұжым мүшелері мен оқушылардың қадірлейтін заттарын, идеяларын, қажеттіліктерін ескеріп отыру қажет. Сонымен қатар осының бәрі басшы және оқушылармен тікелей қарым-қатынасқа түсетін педагогтың ішкі көкейінен маңызды орын алуға тиіс. Тек сонда әрбір субъектімен жеке жұмысын жүргізуге тиімді амал-тәсілдерді қолдана алады.

Әдебиеттер:

1. Макаренко А.С. Шығ. 7 томдық., М., 1958.
2. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. Киев, 1975.
3. Леонтьев А.А. Психология общения. -3-басыл. М.,1999.

ADVANTAGES OF MODERN TECHNOLOGY IN PSYCHOLOGY: ART THERAPY

Tileubayeva M.S.,

KazUIR&WL Associate Professor of the Department of Pedagogy and Psychology of the Pedagogical Faculty of Foreign Languages, PhD

Abzhan S.N.,

1st year bachelor's student, Faculty of Two Foreign Language, Pedagogical Institute, KazUIR&WL

Even in a calm and stable time, people suffer from psychological problems — self-doubt, anxiety, burnout, misunderstanding in the family, childhood traumas, various fears. During a crisis, panic increases and the realization comes that a sincere conversation with a loved one will not help to cope with inner feelings. In this case, they turn to a psychologist for help. A psychologist is a specialist who works with people without mental disabilities.

How does a psychologist work? As a rule, the psychologist conducts sessions with the client in the “question — answer” mode. In the dialogue, he analyzes the emotional state of a person, determines the causes of anxiety or conflict situations, develops recommendations for resolving these problems.

But the problem is that these methods and technologies do not work for everyone. With deeply traumatized and closed people, you can not hold a psychological session “question and answer”. It is necessary to find an approach to such people and a good solution to this problem will be the use of new techniques in psychology. In our case, this is art therapy, which I'm going to introduce you to in this article.

First of all, The History of Art Therapy. In 1938, British doctor and artist Adrian Hill was treated for tuberculosis at the Midhurst resort. In parallel with the main procedures, Hill painted the landscapes around him and found that creativity is a great distraction from illness and improves mood. The following year, he was invited to teach drawing and painting to other Midhurst patients—among them were many soldiers who had returned from the war. Classes noticeably helped to reduce their psychological stress. Hill coined the term “art therapy” in 1942, and later described his work with patients in the book “Art against Diseases”.

Drawing treatment is an effect on the psyche with the help of visual arts: drawing with paints, pencils, wax crayons, felt-tip pens, creating collages. Using these methods, a person is able to express an internal emotional state. The theoretical basis of creative treatment is the theories of Freud and Jung. Psychologists explore the unconscious layers of personality, observing the creativity of the client. The person manages the therapy process independently.

The images have an individual, unique character. Isotherapy has two directions: active and passive. With active activity, the client gets complete freedom of action: he chooses the plot of the drawing, the material himself. Passive activity provides a person with ready-made motives, themes and templates.

One of the creative methods of correcting the psycho-emotional state is art therapy. This method is applicable to all age groups and does not require special training on the part of the client. Art therapy allows a person to adapt to life in society, get rid of negative emotions, develops thinking and memory, helps to reveal creative abilities and talents.

According to a 2016 study published in the journal of the American Art Therapy Association, less than an hour of creative activity can reduce stress and positively affect your mental health, regardless of artistic experience or talent.

The main goal of art therapy is to harmonize the development of personality through the ability to self-expression, self-knowledge. In addition, artistic activity during art therapy sessions gives the client a socially acceptable outlet for negative feelings and emotions, which also has a positive effect on the client's personality. In the process of creativity, a person concentrates on his inner world, there is a study of suppressed emotions, desires, etc., a sense of internal control is formed and develops. All these processes occurring within the framework of art therapy classes lead to an increase in the adaptive abilities of the body and psyche and, as a result, to a decrease in the impact of stress.

Therefore, art therapy is good because it helps a psychologist not only to understand his patient, but also to find a suitable method for treatment, relieve stress and find the patient's peace of mind.

Literature:

1. Karvasarsky B. D. Psychotherapy. St. Petersburg, 2002. 672 p.
2. Kaymal G., Ray K., Munis J. Reduction of cortisol levels and the reaction of participants after the creation of works of art. Art therapy. 2016;33(2):74-80.
3. Kitaev-Smyk L. A. Factors of tension of the creative process // Questions of psychology. 2007. No. 3. Pp. 69-82.
4. Kopytin, A. I. Theory and practice of art therapy / A. I. Kopytin. – St. Petersburg, 2002. – 368 p.

Қолданбалы ғылыми зерттеулер: өзекті мәселелері,
жетістіктері мен жанаалықтары

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ФИЗИКА САБАҒЫНДА ДАМУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Турсумбаева Улсерик Пазилбековна

Тараз қаласы, Ш.Муртаза атындағы мектеп –гимназия,
физика пәнінің мұғалімі

Қоғамның қазіргі жағдайында интеллектті және интеллектуалдық мәдениеттің психологиялық механизмдерін зерттеу - бірден-бір ғылыми бағыт болып саналады.

Біріншіден, адамдардың интеллектуалдық қабілеттілігінің (ИҚ) жоғары дамуы адамзат өркениетінде маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, қазіргі жағдайда экономикалық дамудың шешуші факторы интеллектуалдық өндіріс болып табылады.

Үшіншіден, интеллектуалды адам – руханилықтың ажырамас бөлшегі әрі жеке бостандықтың шарты.

Төртіншіден, интеллектуалдық жұмыс қана білімдердің пайда болуын қамтамасыз етеді.

Ал интеллектуалды адам дамуы және интеллектуалдық жұмыс ең алдымен орта метептен басталуы керек. Білім беру - осы стратегия аясындағы бірінші басымдық болып табылады. Ол білім алуға деген сұранысты арттыруға ықпал ететін және озық ақпараттық технологияларды белсенді қолдануға негізделген білім беру жүйесін құруға бағытталған. Бұл бағытта бүгінгі барлық мектептеріміз интернетке қосылды және халықты компьютерлік сауаттылыққа оқытуда кең ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Сонымен бүгінгі таңда Қазақстанда интернетті пайдаланушылардың саны 2 пайыздан 30 пайызға дейін ұлғайды. Ал қазір ақпараттық технологиялардың көмегімен оқытудың заманауи әдістемелері, білім беретін порталдар әзірленіп, пайдаланылып, интерактивті сабақтар өткізіліп, қашықтан оқытылып жатқаны мәлім. Білімге осындай технологияларды енгізу бүгінде республикамыздың барлық өңірлерінде құрылған және құрылып жатқан интеллектуалды мектептер желісін қалыптастыруды қамтамасыз етілуде. Тағы бір үлкен мәселе жоғары педагогиканың алдында тұрған әлемдік деңгейдегі кадрларды дайындау болып тұр[1]. Соның ішінде Ай-Ти саладағы мамандарды дайындау, 2030 жылға қарай Қазақстанда интеллектуалды буынның және инженерлік элитаның тұтастай шоғыры қалыптасуы қажет. Осы жоғарыда қойылған Елбасының міндеттері бүгін қоғам талқысында жан-жақты талқылануда. Нәтижесінде әр сала ғалымдары(философ, саясаткер, педагог, психолог т.б) бұл идеяны нақты білім саласын көтерумен байланыстырады. Мысалы, педагог, ғалым-философ **Ғ.Есім интеллектуалды ұлт идеясын жүзеге асыру үшін** үш мәселені ескеруді ұсынды. Бірінші - ұлттың білімі жоғары деңгейде болуы шарт. Бұл жұмыстар өз кезегінде балабақшадан бастау алып, мектептерде, одан әрі университеттерде жалғасын табуы қажет. Осы тұрғыда Елбасының «Балапан» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқаны мәлім. Екінші мәселе – қазақ тілінің мәртебесін көтеруіне байланысты болып отыр. Үшіншіден - жастар, әсіресе жоғары сынып оқушылары арасында іскерлікті, күзиреттілік қасиеттерді тез арада меңгеруі керек. Ал, саясаттанушы **Ә.Ғали интеллектуалды ұлт қалыптастыру идея туралы төмендегідей мәселелерді қарастыруды ұсынды**. Біріншіден, адамдардың құқығы бәрінен де жоғары болуы және олардың еркіндігі сақталуы қажет. Екіншіден, жоғары технологиялы мемлекеттер қауымдастығына ену. Яғни АҚШ, Еуропалық одақ, Оңтүстік Корея және Жапония сияқты қуатты мемлекеттермен мейлінше жақындасу. Үшіншіден, ауқымды қаржылық ресурстар қалыптастырып алуымыз шарт. Қаржылық мүмкіндік шектеулі болса, интеллектуалды ұлт құру идеясының жүзеге асуы екіталай. Төртіншіден, ұзақ мерзімді бағдарламалар арқылы халықты ынталандыруды қолға алу керек. Яғни биыл бір мәселені басшылыққа алып, келесі жылы тіпті басқа салаға басымдық беру емес. Бағдарлама арқылы жүйелі жұмыс істеуді ұйымдастыру аса қажет[2].

Терең тарихқа көз жүгіртсек, оқушылардың интеллектуалды дамуын қалыптастырудың ілкі бастауы, қайнар көзі- халық педагогикасында. Себебі, тапқыр ой мен ұшқыр қиялдан туындаған қазақтың қара есептер-халық даналығының әрі қысқа, әрі нұсқа жарқын көрінісі.

Оқушылардың білімін жетілдіріп, интеллектуалды дамуын қалыптастыруда қазақ халқының ірі тұлғалары әл-Фараби, М.Қашғари, Ж.Баласағұн өздерінің мұраларында жастарды оқу-білімге шақырып, интеллектуалдықты дамытуда сіңірген еңбектерінің ерекше екендігін ескерген жөн. Мысалы, Шығыстың ұлы ойшылы, әмбебап-ғалым Әбу Насыр әл-Фараби: тәрбие мен білім, педагогика мен психология, этика мен әдістемелік теориялық және практикалық мәселелерін қарастырып, *шын білім – кейде емес, әрдайым ақиқат, анық болатын білім, ақыл, ой мен байланысты* - деген [3].

Баланың интеллектуалдылығын дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология ғылымында зерттеліп келеді. Мысалы, Қ.Жарықбаев: «Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің (музыкалық саңылау, түстерді жақсы ажырата алу, қолдың икемділігі т.б.) қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет» деп атайды [4].

Интеллектінің даралық дамуының жалпы болжамы бойынша туа берілетін және жүре пайда болатын түрлері бар. Туа берілген интеллект – бұл бала біту сәтінен құрылатын әлеует және интеллекттік қабілеттер дамуының негіз болып табылады. Ал, жүре пайда болған интеллект – бұл осы әлеуетті интеллектінің қоршаған ортамен өзара әрекеттесу нәтижесінде қалыптасады.

Жасы келе интеллектінің дамуы іс-әрекеттің жаңама тәжірибесінің функциясы болып табылады.

Оқушының интеллекттік дамуына әсер етуші жағдайлардың бірі – генетикалық фактор болып табылады. Генетикалық фактор – бұл баланың ата-анасынан тұқымқуалаушылық арқылы алған әлеуеті. Осы факторлардан тұлғаның интеллекттік даму бағыты белгілі бір дәрежеде тәуелді. Дегенмен, бала ата-анасымен сәйкес келетін «таза» интеллект деңгейін мұрагерлік ете алмайды.

Интеллекттік дамуға әсер етуші келесі жағдайлардың бірі – қоршаған орта болып табылады. Бала қалыпты дамуы үшін көңіл бөлетін, эмоциялық жағымды қатынас танытатын, заттармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін өзіне жақын адамдардың ортасында өмір сүруі қажет.

Балалардың интеллекттік дамуына білім беру ұйымдарының әсері ерекше. Себебі, балалар өмірінің көбі мектеппен байланысты. Мектептегі іс-әрекеттің барлығы әрбір баланың қабілетінің дамуына жағдай жасайды.

Оқушының физика пәнін оқыту арқылы интеллекттік дамуына әсер етуші келесі факторлардың бірі жекелік қасиеттері болып табылады. Баланың мектептегі қарым-қатынасы дұрыс орнығуында темперамент пен мінез-құлықтың орны ерекше. Балалар импульсивті және рефлексивті (ойланғыш) болып екіге бөлінеді. Ойланғыш балалар тапсырмаларды тереңірек қарайды, асықпайды, тіпті тапсырма қиын болса да қажет болған жағдайда ұзақ уақыт отырып орындайды. Бірақ, олардың негізгі мотивациясы – сәтсіздіктен қашу. Олардың әлеуметтік белсенділігі өте төмен, олар ұжымдағы өмірді аз сезінеді, кездейсоқ әлеуметтік жағдайлардан қашқақтайды. Оқуда үлгерімі жоғары болып саналады [5].

Адамның интеллекттік мүмкіндіктері түрлі проблемалық жағдаяттарда жасап шығаратын стратегияда, оның қабілетінде, кейіннен ізденуші міндеттер жүйесінде жасалынады. Егер интеллектінің бастапқы көріністері ес пен зейін болса, ойлау да оның негізгі құрылымы болады. Терең пайымдау, не қорытынды жасау кемел ес, нәзік талдау мен шебер жинақтау арқылы адам өз интеллектісін жоғары дәрежеде көрсете алады. Интеллект пен ойлау тығыз байланысты, демек ойлау интеллектінің қазығы болып табылады деген тұжырым жасауға болады. Ойлау тәсілдерінің (талдау, жинақтау, жалпылау, абстракция) ерекшеліктері интеллект деңгейін таразылауға мүмкіндік береді.

Оқушының физика пәнін оқыту арқылы дамуы – бұл өте күрделі, ұзақ мерзімді және қарама-қайшылықты үдеріс. Дамудағы қозғаушы күш - қарама-қарсылықтар тайталасы. Қарама-қарсылықтардың арқасында үздіксіз қайта жасалулар мен жаңғыртулар дүниеге келеді. Табиғатынан адамның өзі де қарама-қайшылықты дүние болмысы. Қарама-қайшылықтар барша адамның дамуына ықпал жасаушы ішкі және сыртқы, жалпы (әмбебап), сонымен бірге қарапайым материалдық және ең жоғары рухани қажеттерінің және оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылықтар әмбебап сипатқа ие. Сонымен, адамның дамуы – сандық және сапалық өзгерістердің желісі мен нәтижесі. Даму барысында адам тұлғаға айналып, сана мен өзіндік сана, дербес жаңғыртушы іс-әрекет иесі болып жетіледі. Адамның дамуы ішкі және сыртқы жағдайлармен анықталады[6].

Интеллект қабілеттер бірнеше құрамдас бөлшектерден тұрады. Ол қабілеттер мыналар:

- тілді түсіну қабілеттілігі. Сөз мағынасын түсіну, тілдік байланыстар;
- тілдің жатық болу қабілеті, қажетті сөзді тез таба білу;
- санау қабілеті (оны математикалық қабілетпен шатастырмау керек);
- логикалық ойлау және пайымдау қабілеттілігі;
- қабылдау қабілеті (материалды тез әрі анық қабылдауда көрінеді);
- кеңістікті елестету немесе көлемдік ара-қатынасты ажырата білу қабілеті;
- есте сақтау қабілеті (естің көлемі және тұрақтылығы)[46].

Интеллектіні дамытудың шарты – жоғары сынып оқушысының санқилы іс-әрекетінің тиімді ұйымдастырылуы, әлеуметтік ортаның әсері, адамдардың қарым-қатынасы, тілді меңгеруі, қабылдауы мен түсінуі, берілетін білім сапасы болып табылады.

Интеллектіні дамытудың басты мақсаты – жоғары сынып оқушысына мақсат көздей ықпал ете отырып, болмысты шынайы ақиқат тұрғыды танып-білуін, білім негіздерін игеруін қамтамасыз ету, табиғатқа, қоғамға, адамдарға деген дұрыс қарым-қатынасын қалыптастыру. Тұлғаны рухани – интеллекттік жағынан дамыта, қалыптастыру.

Интеллект - әр жеке адамның ақыл ой болмысының тұрақты көрінісін бейнелейтін, яғни сол жеке адамның ми қызметінің үнемі жоғары дәрежеде болып, не нәрсені шешуде ақылдық асқан шеберлікпен үстемдік етуі.

«Интеллект» терминінің шығу тегі «intelligence» латынның «intellectus» сөзінен болса, аудармасы ақыл, ойлау, адамның ойлау қабілеті дегенді білдіреді. Сәйкесінше, жасанды интеллект (artificial intelligence) – адамның кейбір интеллектуалды функцияларын өзіне алуды білдіреді. «Интеллект» деп мидың алған, қабылдаған білімдерін мақсат етіп қоя отырып қолдануды атайтын боламыз. «Интеллект» ұғымына анықтама беру зерттеушілердің салаларына байланысты көп кездеседі.

Сонмен қорыта айтқанда, интеллект - әр жеке адамның ақыл ой болмысының тұрақты көрінісін бейнелейтін, яғни оқушының физика пәнін оқыту арқылы қызметінің үнемі жоғары дәрежеде болып, не нәрсені шешуде ақылдық асқан шеберлікпен үстемдік етуі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении.- М.: Педагогика, 1972.- 424 с.
2. Якиманская И.С. Требования к учебным программам, ориентированным на личностное развитие школьников // Вопр.психологии. – 1994. - №2 64 с.
3. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Екінші, толықт., түзет. және қайта өңд. бас/ Орыс тілінен аударған М.А.Құсаинова.–М.: Логос; Алматы: TST-company, 2005.– 368 б.
4. Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. Изд. Ростовского университета 1983.

5. Найманбаева К.К. Жаңа типті мектептерде оқушылардың білімге құндылық бағдарын қалыптастыру. П.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. Алматы, 2006.– 27 б.

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Орынова Айнур Садуахасовна
Тилеубаева Меруерт Слямхановна**

Білім беру сатысында мектепке дейінгі және бастауыш мектеп кезеңі-баланың ой-өрісінің қалыптасу кезеңі. Бұл уақытта индивидтің әлемді өзінше тануы, қоршаған ортамен жақынырақ танысуы жүзеге асады. Бұл кезең баланың жаңашыл дүниелерге деген қызығушылығының шарықтап тұрған кезеңі. Сондықтан, балаға өз туған тілінен бөлек, шет тілін, әдетте ағылшын тілін үйретуге қолайлы кезең болып саналады.

Мектепалды даярлық жас кезеңі-баланың ең тәуелсіз кезеңі. Бұл кезең бір сатыдан екінші сатыға қадам басу кезеңіндегі өтпелі аралық. Бұл уақытта индивидте мінез-құллықтың, дүниетанымының, жеке қасиеттердің елеулі дамуы жүзеге асады. Жалпы білім беру жүйесінде мектепалды даярлық кезеңі тәрбиелеу процессін дамытуға, баланың мәдени және эстетикалық дамуына жағдай жасауға арналған өтпелі кезең. Осылайша, бұл кезең мектепке, ондағы жаңа өзгерістер мен ауыртпашылықтарға дайындалу және өзін-өзі тану үшін арналған кезең ретінде сипатталады.

Мектепалды кезеңде баланың қоғамға интеграциялануының алғашқы алғышарттары орындалатын мезгіл. Осылай, бұл кезең мектепке дейінгі білім беру жүйесін қайталамайтын тәуелсіз аралық болып сипатталады. Шет тілін үйренуде бұл кезеңнің маңызы айтарлықтай басым. Себебі, қоғам мен адамның өзара қатынасында баланың интеграцияланған ортасына қарай қызығушылықтары пайда болады. Ол өз ана тілін біле тұра, өзге, оған жат жайттарға, оқиғаларға және сөздерге қатты мән береді. Осылайша, баланың жаңа тілді қабылдауы мен оған деген қызығушылығы, сол беймәлім дүниені үйренуге деген ұмтылыс пайда болады.

Мектепалды кезеңдегі баланың басты қызығушылық бағыттары:

- білімді игерудегі баланың ментальді санасының дамуы(математикалық, эстетикалық);
- логика мен сананың бірігіе дамуы;
- жаңашыл өмір жағдайларына бейімделу(әдетте, жаңа орта мен білім беру жүйесіне);
- қоғаммен интеграция, өзге балалармен тең қатынас орнату;
- өзіндік жеке қызығушылықтар мен таланттар(суретке, жаңа жайттарға, тілге).

Бастауыш кезең мектептегі алғашқы оқу жылдарын қамтиды. Қазақстандық стандартқа сай бастауыш мектеп 1-4 сыныптар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде білім беру орындарында бала базалық білім алады және шет тілі, нақты айтсақ, орыс және ағылшын тілдерін базалық деңгейде үйреніп бастайды. Бұл кезең баланың ой-өрісінің, жан-жақты қасиеттерінің дамуымен сипатталады.

Бастауыш мектепте мұғалімнің шет тілін үйретудегі жүйесі былай сипатталады:

Мұғалімнің қызметі- оқуды ұйымдастыру, оқыту және баланың білім алу процессін бақылау. Мұғалімнің оқыту қызметіне түсіндіру, талқылау және түзету секілді функциялар кіреді.

Білім алушының қызметі- мұғалім ұйымдастырған оқу материалдарымен танысу, оны практикада қолдана білу.

Шет тілін үйренудегі дағдыларды дамыту- сөйлеу, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдыларын меңгеру және оларды одан әрі дамыту.

Сөйлеу дағдыларын дамытудың маңызы:

– баланың ауыртпалықсыз және уақытылы әлеуметтенуі;

– оны жалпы қабылданған қарым-қатынас нормаларына, құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа баулу;

– тыңдау мәдениетін қалыптастыру;

– сөздік қорды дамыту;

– тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету;

– баланың сөйлеу қабілетін дамыту және оны тәжірибеде қолдана білу.

Шет тілін үйренуде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаға теріс әсер ететін мәселелер кездеседі. Олар балаға шет тілін үйренуде айтарлықтай кедергі келтіреді.

Бірінші мәселе-оқытудың дұрыс әрі тиімді әдісін таңдаудағы қателік. Әрбір үйренуші бала бұл жаста өз қабілеттерін ашумен жұмыс жасайды. Педагогтың басты міндеті- балаларға тиімді шет тілін үйрену әдіс-тәсілдерін таңдай білу. Бұл проблеманың баланың қалыптасуындағы басты маңызы-баланың қызығушылығын өшіріп алу қаупі. Дұрыс таңдалмаған әдіс баланың дүниетанымын, шет тілге деген қатынасын, тіпті білімге деген құштарлығын өшіріп алуы мүмкін. Бастауыш мектептегі балалардың жасы шамамен 6-10 жас аралығы, ал бұл жас Монтессоридың жүйесіне сәйкес баланың екінші даму кезеңіне сай деңгей. Монтессоридің жүйесіне сәйкес, бұл кезеңде мәдени, этикалық дамуы жүзеге асады. Ол бұл кезеңді мәдениеттерге, тілдерге деген қызығушылық туатын кезең деп сипаттайды. Бұл кезеңде баланың дүниетанымына, әлемді және жаңа тілді дұрыс қабылдауына жағдай жасайтын әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдай білуі маңызды. Көптеген тәрбиешілер бұл таңдауда қателік жасауы мүмкін, оның басты себебі- балалардың әртүрлі болуы, олардың өмірге деген көзқарасқары, қызығушылықтары әртүрлі болуы. Бұл кезеңде мұғалім дұрыс әдіс-тәсілді байыппен, асқан ұқыптылықпен таңдағаны жөн.

Екінші мәселе- баланың қоғаммен интеграциялану мәселесі. Бала табиғатынан индивид болып саналады. Барлық балалар қоғаммен, әсіресе өзі секілді ортамен оңай байланысып кете алмайды. Әдетте, балалар өз ортасымен тез тіл табысуға бейімделеді, бірақ кей балалардың болмысы жабық, интроверт немесе асоциал болып келеді. Мұғалімнің басты қателігі- сол балалардың қоғамға, өзінің ортасына бейімделуіне жағдай жасамау, олардың тұйық мінезіне немқұрайлы қарау. Тіл үйренуде коммуникация, яғни сөйлесу өте маңызды. Бұл баланың сөйлеу және тыңдалым қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Коммуникацияға бейімделмеген индивидке бұл жағдай теріс әсер етеді. Бұл сәйкесінше, баланың өз ойын ашық айтуға,өзіне деген сенімділігін оятуға кедергі болады.

Шет тілін үйренуде кездесетін мәселелерді шешудің бірнеше жолдары бар. Мұғалім баланың дамуында, оның шет тілін үйренудегі кездесетін қиындықтарды жеңу үшін оқу әдісін оңтайлы ұйымдастыруы оқыту процессінің нәтижелілігін арттырады. Мысалы, оқыту процессінде негізгі әдіс-тәсілдерден басқа, ойындарды, мультфильмдерді және басқа да қызықты әдістерді пайдалану сабақ барысын қызықты етеді және баланың білім алу процессін әсерлі ете түседі. Заманауи білім беру жүйесінде мұғалімдер әдетте ағылшын тіліндегі бейнежазбаларды көрсету, сабақ барысында кішігірім сергіту сәтін ұйымдастыру секілді әдістерді жиі қолданады.

Қазіргі кең таралған әдіс-тәсілдерге Монтессори және Пальмер әдістері жатады.

Монтессоридің айту бойынша баланы ерте жастан оқыту - баланың өмірінің барлық салаларында көмектесетін зейінін шоғырландыру қабілетін қалыптастыра білуі керек.[1]Монтессори баланың нақты әлемді тануы үшін жағдай жасай отырып, оған шығармашылық ізденіс пен осы іздеудің бағыты мен тереңдігін таңдау құқығын қалдыруды дұрыс деп санаған.Сондай-ақ, егер мектепке дейінгі балалық шақта баланы қоршаған заттардың қасиеттерімен және олармен өзара әрекеттесу тәсілдерімен

таныстыруға басты назар аударылса, онда мектеп кезеңінде (яғни 6 жастан бастап) мектепке дейінгі кезеңде қалыптасқан әлем туралы нақты идеяларға негізделген балалардың қиялына толықтай сенім артуға болады [16].

Монтессори әдісі баланың ерте жастағы дамуына тиімді әдіс. Онда әртүрлі жастағы балалар бірігіп, бір ортада топтық жұмыспен айналысады. Топта ересек балалар кішілерге қамқорлық танытып, өзінің лидердік қасиеттерін көрсетсе, кіші жастағы балалар топпен, қоғаммен біріге әрекет етуді үйренеді. Сәйкесінше, олар да кішілерге үлгі болуды үйренеді. Бұл әдісте мұғалімнің басты рөлі-балаға сөз және таңдау бостандығын беру, оған дұрыс жолды таңдауға бағыт-бағдар көрсете білу, бірақ нақты шешімді қабылдауды баланың өз таңдауына қалдыру.

Пальмер әдісінің негізгі қағидасы -шет тілін оқыту ауызша сөйлеуден басталады [56]. Пальмер әдісі негізделген:

-іс-қимыл арқылы(жаттығулар, әртүрлі әрекеттер) түсіндіру;

-тыңдау жаттығуларын көптеп орындау;

-сөйлем үлгілерінде үнемі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің берілуі ауызекі сөйлеуде көптеп қолдану.

Пальмер әдісінің негізгі қағидалары бойынша, шет тілін оқыту ауызша сөйлеуден басталуы керек және оқыту іріктелген материалдар негізінде жүзеге асырылады. Онда сәйкестендірудің 100 кестесі қолданылады:

I	saw	two	books	here	yesterday
You	put	three	letters	there	last week
We	left	a few	keys	on the table	on Sunday
They	found	some	good ones	in this book	this morning

Шет тілін оқыту-мұғалімнің еңбегі мен оқушының оған жауабының тізбектелген жүйесі. Мұғалім бұл жүйеде кездескен мәселелерді тапқырлықпен жеңіп, оқушыға шет тілін үйренуге және қоғаммен қатынасқа қабілетті, қоғам талаптарына лайықты жеке тұлға болып қалыптасуына тиімді жағдай жасай білуі керек. Сонда, педагогтың басты міндеті-балаға тәрбие мен білім беру, оның дұрыс дүниетанымы қалаптастыруы мен әлемді, қоршаған ортаны қабылдауын жүзеге асыру міндеті орындалды деп санауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Амандықова Г.Н. Шет тілін оқыту әдістемесі, 2007ж[1]
2. Монтессори М. Самовоспитание и самообучение в начальной школе,2009г
3. Монтессори М.. 150 занятий с малышом дома, 2018ж

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қалмаханбет Медет Мұратұлы

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы А.Байтұрсынұв орта мектебі
География пәнінің мұғалімі

Бүгінде жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми-педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге, отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере, оқыту мен тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастыруымен көкейкесті мәселе болып отыр.

Қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа сәйкес оқушының ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігін,

ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы Жаңартылған білім беруге көшу екенін әлемдік тәжірибе дәлелдеуде.

Қазіргі таңда республикамызда жаңартылған білім беруге көшуге дайындық жұмыстары жан-жақты талқылануда. Мұндағы біздің басты ұстанымымыз-тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттеліп, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатындағы стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыр жаңартылған білім беру жүйесіне көшу-қоғамдағы елеулі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Жаңартылған оқытудағы басты мақсаты

- қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті;
- өзін-өзі дамытуға;
- өз ойын еркін айта білуге;
- өз қалауымен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім;
- жоғары білімді шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезінде оқу-білімнің, соның ішінде болашағымыз-бүгінгі мектеп оқушысының білімі мен тәрбиесі маңызды мәселе. Еліміздің әлеуметтік экономикасының дамуына өзіндік үлес қоса алатын, өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған, білімді де білікті тұлғаны дайындап, тәрбиелеу-аса құрметті қоғамдық міндет. Себебі, ел тұтқасын жан-жақты білімді ұрпақ ұстанған шақта ғана өркениет алға дамымақ.

Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу-әр ұстаздың, әрбір мектептің ең қасиетті міндеті. Осы міндеттерді орындау мақсатында білім беру саласында да елеулі әрі ауқымды өзгерістер өрістеуде. Осы мақсатта мемлекетіміздің білім сапасын арттыратын түрлі құжаттар қабылданып, бағдарламалар енгізілуде.

Білім беруді жаңарту –үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үрдісі, бұл білім беруде кезең-кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге сәйкес түзету енгізіліп, талданатын өзгерістер. Сонымен қатар білім беруді жаңарту үрдісі салт-дәстүрді, мәдени мұраны, жалпы ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауды талап ететін тұрақты жүйелерден тұрады. Сондықтан да жаңартылған оқытуға көшуді жүзеге асыру – оның қажеттілігі мен тиімділігін әр педагогтың, әр ата-ананың саналы түрде түсінуін, қабылдауы мен оған белсенді түрде араласуына мүмкіндік беруді, асқан ұқыптылық пен сезімталдықты қажет ететін үрдіс.

Жаңартылған білім беру технологияларының ерекшелік жағы ол жеке тұлғалық қасиеттерге бағдарланған оқыту, проблемалық бағытқа және шығармашылық сипатқа ие, оның басты бағдары-білім беру, жаңа дүниені ашу мен іздену арқылы білімді іс жүзінде қолдану; баланың жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту, білім біліктерді игеру мүмкіндіктерімен оларды қолдану жолдарын көрсетеді.

Қазіргі кездегі баланың интеллектісіне, дербес ойлауын дамытуға бағытталған, өз бетімен ізденуге даярлайтын жеке жұмыстар көптеп беруге болады. Балаларды мектепке дайындау, мектепке бейімделуін және оқытудың жетістігін қамтамасыз ететін маңызды құрамы психологиялық дайындық компоненттері болып табылады. Баланың жеке тұлғасының даму мәселесін шешу, оқытудың тиімділігін арттыру, балалардың мектепте оқуының дайындық деңгейін дұрыс ескере отырып, жұмыс жасау керек.

Интеллектуалдық дайындық – баланың мектепке интеллектуалды дайындық компоненті оның ой - өрісін, нақты білім қорын қарастырады. Жалпы айтқанда, мектепте оқытуға интеллектуалды дайындықтың дамуы былай болады:

- Дифференциалдық қабылдау;
- Аналитикалық ойлау;

- Болымсызға рационалды жақындау (фантазия рөлі);
- Есте сақтау;
- Білімге қызығушылық;
- Ести отырып сөйлеу және түсіну, әр түрлі символдарды қолдана білуі;
- Қол қимылдарының, көру, қимыл координацияларының дамуы.



Атақты психологтардың айтуы бойынша «Бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбек үстінде сондай болады» дейді. Сондықтан ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы.

Оқу процесінде ойын технологиясы ерекше орын алады. Ойын технологиясын қолдану – оқушының оқудағы танымдық іс - әрекетін және қалыпсыз жағдайларда өз білімін қолдануға мүмкіндік береді.

Дамыта оқыту технологиясы – шығармашылық ойлауға, сапалы дамуға, қиялдауға, есте сақтау, тіл дамытуға бағытталған. Бұл технологияның ерекшелігі: оқығанын пікірсайысқа салу, сабақ құрылымының тиімділігі, дидактикалық ойындар, өзіндік іс - әрекет қарқындылығы, сабақта әр оқушыға өзін - өзі көрсетуге мүмкіндік беретін педагогикалық жағдай құру. Бұл технологияның бір ерекшелігі «жақсы», «жаман» оқушылар деп бөлмей, барлық баланың ой - өрісін дамыту үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтуы.

Коммуникативті оқыту технологиясы – сабақта диалогтық және монологтық оқытудағы жағдайды жасайды. Коммуникативтік әдіс оқушылардың танымдық оқу іс - әрекетін ұйымдастырудың негізгі құралы болып табылады. Коммуникативтік әдісті қолдану кезінде қарым – қатынас дағдысы, тұлғаның адамгершілік қасиеті, өзінің ортақ мақсаты тілегіне бағына білуін қалыптастырады.

Жоғарыда көрсетілген барлық технологияларды орынды, шеберлікпен қолдана білсе, үлкен нәтижеге жетуге болатынын және жоғары дидактикалық жетістіктерді байқауға болатындығы анық. Осыған орай жеке тұлғаны жан – жақты дамытуда жеке тұлғаға бағытталған сабақ құрылымының технологиясы да, мұғалімге қойылатын талап та өзге болуы тиіс.

Жеке тұлғаға бағытталған сабақ дегеніміз – оқушыға деген құрмет, ізгі қатынас, оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері ашылатын, қасиеттері қалыптасатын, мүмкіндіктері жүзеге асырылатын оқыту жағдаяты, «сахналық алаң». Осындай сабақты жобалау және өткізу технологиясы мұғалімді жаңа, бұрын таныс емес кәсіби позицияға қояды: әр баланың жеке даму процесіне, оның тұлғалық қалыптасуына кешенді педагогикалық бақылау жүргізетін, ол бір мезгілде пән мұғалімі де, психолог та болуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Гоулман Д. Эмоциональное лидерство: искусство управлять людьми на основе эмоционального интеллекта. - М.: Альпина Бизнес Букс, 2005. - 302 с.

2. Журавлев А.Л. Влияние коммуникативных качеств личности руководителя на эффективность руководства коллективом // Психология личности и образ жизни. - М: Наука, 1987. – 219 с.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ДАМЫТУҒА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СТИЛДЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Тулбаев Тургамбек Дуйсешович

Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназияның математика пәнінің мұғалімі,
Алматы

Білім беру жүйесін ізгілендіру қазіргі кезеңдегі даму жағдайында педагог кадрлардың жалпы және кәсіби даярлығына, олардың жеке шығармашылығына жоғары талаптар қоюда.

Қандай да бір қызметте іс-әрекеттің жеке стилі – кәсіби еңбектің жеке даралану үдерісінің негізгі сипаты болып табылады. Кәсіби маманның өз стилінің болуы, бір жағынан - оның кәсіби әрекеттің объективті нақтыланған құрылымына бейімділігін көрсетсе, екінші жағынан - өз жеке даралығының толық ашылу мүмкіндігін сипаттайды.

Педагогикалық әрекет – күрделі, әрі көпжақты. Оның көптеген компоненттерінің ішінен үш негізгісін бөліп көрсетуге болады: мағынасы, әдістемесі және әлеуметтік-психологиялық компоненттері. Осы үш компоненттің біртұтастығы мен өзара байланысы педагогикалық жүйенің міндеттерінің толық жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бұл бірліктегі негізгі компонент - әлеуметтік-психологиялық, яғни педагогикалық қарым-қатынас, соның негізінде қалған екеуі жүзеге асады. Негізгі тәрбиелік өзара қатынастардың жүйесі қарым-қатынас үдерісінде қалыптасады, тәрбие және оқыту үрдісінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Қарым-қатынас педагогикалық әрекеттің негізгі әсер етуші құралы болып саналады.

Оқу-тәрбие үдерісіндегі педагогикалық қарым-қатынастың ролі мен мағынасы туралы көптеген белгілі ғалымдар ой-пікірлер айтқан. Мысалы, А.С.Макаренконың мұғалімге педагогикалық шеберлік пен педагогикалық қарым-қатынас техникасын меңгеру қажеттілігін көрсете отырып: «...адам, бала келбетін (бет-әлпетін) оқи білу қажет... Жан дүние қозғалыстарының белгілері туралы келбеттен оқи білудің еш құпиясы, таң қаларлығы жоқ. Педагогикалық шеберлік тәрбиешінің дауыс ырғағы мен өзінің бет-әлпетін басқара алуында... Ролге кіре алмайтын адам мұғалім бола алмайды. Бірақ ол шынайы болуы тиіс...» деген пікірлерін ескермеуге болмайды /1/. Ал ғалым В.А.Сухомлинский: «Абай болыңыздар, сөздеріңіз нәзік тәнді осып өтетін қамшы ретінде болмасын, оның нәтижесінде бала жанында мәңгілік жара қалуы мүмкін...» дей отырып, педагогикалық қарым-қатынас үрдісінде кездесетін «адаспа» мұғалімдердің «ащы дауысын» бәсеңдетуді сұранады /2/.

Математика пәнінде педагогикалық қарым-қатынасты оқу-тәрбие үдерісінде оқушы тұлғасына әсер етуші құрал ретінде қызмет етеді. Педагогикалық қарым-қатынас - өзіндік ақпарат алмасуы бар, коммуникативтік құралдардың көмегі арқылы өзара қатынастар мен тәрбие құралдарын жүзеге асырушы біртұтас жүйе болып табылады. Мұндағы күрделі міндеттердің бірі – нәтижелі қарым-қатынасты жүзеге асыру, ол үшін педагог бойында коммуникативтік біліктерді дамытудың маңызы зор.

Математика пәніндегі қарым-қатынас басқа біреудің жан дүниесіне, «мен» ұғымына ену. Бұл оңай емес, өйткені өзіне ұқсамайтын басқаның жан дүниесіне ену үшін психологиялық дайындық қажет. Сондықтан қарым-қатынасты ұйымдастыруда

субъектінің психологиялық жағдайын ескеру өте маңызды болып табылады. Өйткені, субъектілердің кез келген қарым-қатынасы психологиялық кеңістікте өзгеріс туғызады. Кез келген ересек адам баламен қарым-қатынаста оның психологиялық ерекшелігін ескеріп, оған уақыт беруі керек. Қарым-қатынас көлденең жазықтықта (мұғалім мен оқушы бірдей) және тік жазықтықта (мұғалім оқушыдан биік) болады. Көлденең қарым-қатынас жемісті, ал тік қарым-қатынас үнемі оқушыны қарама-қарсылыққа итермелейді. Көлденең қарым-қатынасқа жету үшін біріншіден, оқушыны ойша қатар қою, екіншіден, оқушыға жоғарыдан төмен қарамауға дағдылану қажет. Біріншіні іске асыру жеңіл, ал екіншісі ыңғайсыз, өйткені мұғалімдер оқушыларды бақылау үшін орындарынан тұрып қарым-қатынас жасайды. Бірақ, ересектер көлденең қарым-қатынастың аса қажет екенін іштей сезеді, олар баламен еңкейіп сөйлеседі, олармен қатарласып отырады, алдына отырғызады.

Сырттай қарағанда қарым-қатынас деңгейіне ешкім көңіл аударма қоймағандай болып көрінуі мүмкін. Сөйтсе де, екінші адамның өзіне деген қарым-қатынасын бірден сезесің және қабылдайсың, ал егер оны тануда қателессең, қарым-қатынас күрделене түседі немесе оның бұзылуына әкеп соғады. Қарым-қатынаста арақашықтықты сезу қиын емес. Бұл үшін сөйлесіп отырған адамдарды бақылап отырып, олардың бір-біріне деген көзқарасын аңғаруға болады. Арақашықтық - өзгермелі құбылыс, ол оқушылардың жасының өзгеруіне қарай жылжымалы болады.

Соңғы кездерде психологиялық зерттеулерде қарым-қатынас жасаушылардың аралығындағы қашықтықтың, серіктестің отырысының коммуникативтік мәніне көңіл аударуда. Америкалық қарым-қатынас психологиясында бұл бағыттағы зерттеулерге проксемика – деп ат қойылды. Проксемика бойынша қарым-қатынасты төрт түрге бөлуге болады, олар: көңіл-күйлік, жеке бастық, әлеуметтік, көпшілік. Алғашқы екі ара-қатынас жақын достық байланысты аңғартады, ресми қатынастағы адамдар әлеуметтік тұрғыны ұстанады, ал көпшілік ара-қатынас бөтен адамдармен араласу болып табылады. Әрбір адамның өзіне ғана тән қалыптасқан қарым-қатынас стилі болады /3/.

Қарым-қатынас стилі дегеніміз не? Ол қалай қалыптасады?

Осы тақырыптағы ең алғашқы тәжірибелік зерттеулерді 1938 жылы неміс психологы Курт Левин жүргізген. Ал қазіргі кезде педагогикалық қарым-қатынас стилінің көптеген түрі анықталған, солардың негізгілеріне тоқталып өтейік.

Авторитарлық стиль – қатаң басқару тенденциясы және бақылау формасымен сипатталады. Басқа әріптестеріне қарағанда бұйрық беру жолын көп қолданады. Мұндай стилді педагог жұмыс мақсатын тек өзі анықтап қана қоймай, сонымен қатар тапсырманың орындалу жолдарын, кім кіммен және қай топта жұмыс жасау керектігін нақты анықтап береді. аталмыш стиль ынталану әрекетін бәсеңсітеді, себебі оқушы орындап отырған жұмысының мақсатын, жұмыс кезеңдерінің функцияларын және алда не күтіп тұрғанын ұғына алмайды. Бұл стиль жалпы алғанда тиімсіз болып табылады. Педагог ұжымы және оқушылар айтқанды жасауға үйреніп; белсенділік, инициатива көрсетуге дағдыланбайды: көбіне жалтақ болып, жағымпаздық жолға түседі. Оқушының позитивті мүмкіндіктеріне мұғалімнің сенімсіздік танытуы жұмысқа деген қызығушылығын күрт төмендетеді. Оқушы тарапынан көрсетілген әрбір ынталану үрдісін авторитарлы педагог «өз бетімен кету» деп қабылдайды. Зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей мұндай мінез-құлық өз беделін жоғалтып аламын деген қорқыныштан туындайды.

Немқұрайлық стилі – оқу-тәрбие үдерісінде болып жатқан құбылыстардан, жауапкершіліктерден өз басын алып қашу. Зерттеу нәтижелері бұл стиль барысында жұмыстың ауқымының төмен орындалуы мен сапасының болмауын көрсетеді. Бұл жағдайда педагог оқушының әрекетіне араласпауға тырысады, тапсырмаларды тек формалды тұрғыда бере отырып, басқару жауапкершілігінен бас тартады. Мұғалімнің сөзі бір жақта, ісі екінші жақта, қойған талаптары тұрлаусыз болып, ұжым мүшелері мен оқушыларды ашу мен ызаға толтырады.

Демократиялық стилде ең бірінші орында фактілер бағаланады. Бұл стилдің ерекшелігі жұмыс және оны ұйымдастыру барысында топ талдауға немесе тағы басқа да тапсырмаларға белсенді қатыса алады. Нәтижесінде субъектілердің өздеріне деген сенімділіктері артып, өзін-өзі басқаруға деген сенімділіктері артады. Егер авторитарлық стилде топ мүшелері арасында бір-біріне деген қарама-қарсы қатынастар болса, демократиялық стиль керісінше ұжым мүшелерін жақындатып, өзара түсініспеншілікке шақырады. Педагог жұмыс барысында ұжымға арқа сүйеп, оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау қабілеттерін ынталандырады, оқушы тарапынан айтылған сын-пікірлерді дұрыс қабылдап, шыдамдылық танытады. Демократиялық стильдегі педагогикалық қарым-қатынас пайдалы келеді. Оқушылар өзбетімен инициатива, белсенділік көрсетіп, мұғалімнен үрікпей, жасқанбай, еркін ұстап, онымен бірігіп жұмыс жасауға әдеттенеді.

Бірлескен шығармашылық әрекетке қызығушылық негізіндегі қарым-қатынас стилі. Аталмыш стиль педагогтың жоғары кәсіби шеберлігі және оның этикалық ұстанымдарының бірлігі негізінде жүзеге асады. Бірлескен шығармашылық әрекетке қызығушылық тек мұғалімнің коммуникативтік әрекетінің нәтижесін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар оның тұтас педагогикалық әрекетке деген қатынасының деңгейін байқауға болады. Бұл стилдің артықшылығын М.О.Кнебель, В.А.Сухомлинский, В.Ф.Шаталов, Ш.Амонашвили және т.б. педагогтар атап көрсетеді. Аталмыш стиль бірлескен оқу-тәрбие әрекетінің алғышарты болып табылады.

Қашықтықтағы қарым-қатынас стилі. Бұл стилді қолданылатындар әрі тәжірибелі, әрі жаңадан жұмысқа орналасқан мұғалімдердің ішінен де кездесе береді. Бұл стилдің басқалардан ерекшелігі – субъектілер арасындағы қарым-қатынас қашықтығы. Бірақ мұнда да өлшем қажет. Қашықтықты аса алыс ұстау субъектілердің өзара тұтас әлеуметтік-психологиялық жүйесін формалды жағдайға ұшыратады, шынайы шығармашылық ахуалдың туындауына септігін тигізбейді. Білім беру жүйесі субъектілері арасында қашықтық болуы тиіс, ол қажетті болып табылады. Ол өзара қатынастар негізі ретінде бұйыру емес, бір субъектінің екінші субъектіге жалпы қатынас логикасынан туындауы қажет. Қашықтық педагогтың басқы ролінің көрсеткіші ретінде, оның беделі арқылы қалыптасады.

Қорқыту стилі – бұл қашықтықтан қарым-қатынасқа түсу стилінің ең тығырыққа тірелген формасы. Стилді көбіне жас мамандар бірлескен шығармашылық әрекетке екінші субъекті тарапынан нәтиже, тіпті қызығушылық тудыра алмаған жағдайда қолданады. Шығармашылық қатынаста бұл қарым-қатынас стилі мүлде өміршең емес. Себебі, педагог жағымды коммуникативтік ахуал жасаудың орнына, керісінше оларды тыып тастап, педагогикалық қарым-қатынасты достық сипаттан айырып отыруға бейім болады.

Ойнақы қалжыңға бағытталған қарым-қатынас стилі – педагогикалық қарым-қатынасты нәтижелі ұйымдастыра алмайтын тәжірибесіз педагогтарға тән. Педагогикалық әдеп ережелеріне қарама-қайшы келетін стиль. Мұндай стилді педагогтар балалардың арасында арзан, жалған беделге ие. Көбіне тәжірибесіз жас мамандар сынып ұжымына тез ұнау үшін және балалармен жедел түйісу нүктесін орнату мақсатында, ал екінші жағынан педагогикалық қарым-қатынас этикасының жетіспеуінен пайдаланады. Бұл стиль тәрбиеші мен тәрбие үдерісіне үлкен зиянын тигізеді. Пайда болу себептері:

а/ өз алдында тұрған жауапты педагогикалық мәселелерді дұрыс түсінбеу;

б/ қарым-қатынас біліктілігінің жетіспеуі;

в/ сынып ұжымымен қатынастан қорқу мен оқушылармен тез тіл табысу үшін.

Педагог қауымы өз қызметінде көбіне қай стилді пайдаланады, әркім өзі біледі. Математика пәнінде басты мақсат осы қарым-қатынас стилдерінің тиімдісін пайдалана отырып, оқушының бағдарламаны меңгеруі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Макаренко А.С. Шығ. 7 томдық., М., 1958, Ү-т.
2. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. Киев, 1975.

3. Леонтьев А.А. Психология общения. -3-басыл. М.,1999.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Бижанова Гулзия Алмахановна

Жамбыл обылысы, Т.Рысқұлов ауданы, А.Байтурсынов
орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімі

Оқыту — қазіргі заманның талаптарын ескере отырып, оқушылар тұлғасын, білім, іскерлік және дағдыларды меңгерте отырып, мақсатты қалыптастыру мен дамыту процесі. Оқыту -қоғамдық құбылыс түріндегі ересектердің мақсатты бағдарланған жүйелі ұйымдастырылған қоғамдық қатынастар тежірибесі, қоғамдық сананың даму нәтижесі, еңбек өндірісінің мәдениеті, қоршаған ортаны қорғау мен оны белсенді қайта өзгерту туралы, білімдерді аға ұрпақтың өскелең ұрпаққа үйретіп, оны олардың меңгеруі. Оқыту ұрпақ сабақтастығын, қоғамның толық құндылықты қызмет атқаруын және тұлғаның соған сәйкес дамуына мүмкіндік жасайды. Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. [1]

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез – құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру атты баяндамада қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіндігі туралы баяндалады.

Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану-дың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Ағылшын тілі сабағында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық - коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше. Ағылшын тілінде эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта ағылшын тілі ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларды ағылшын тілінің қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, ағылшын тілін зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықтың тиімділігі зор. Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық және дипломдық жобаларға нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар берілген түрдегі баспаларды қамтитын электрондық оқу басылымы.

Оқытушы үшін электрондық оқулық – бұл күнбе – күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады. Электрондық оқулық арқылы үй тапсырмасын, жаңа сабақты түсіндіруге және тест тапсырмаларын орындауға болады.

Қазіргі таңда мен өз тәжірибемде оқушыларға физика сабағында электрондық оқулықты пайдаланып келемін. Онда әр тарауда тақырыптың мазмұны, заңдары мен анықтамалары, түсініктеме сөздігі мен қазақша – орысша сөздік, кестелер, ғалымдардың өмірбаяндары, жаттығулар мен есептер, бақылау жұмыстары қамтылған. Тараудағы оқу материалдары бойынша берілген анимациялық тәжірибелер оқушыларға физикалық құбылыстарды көрсете отырып, түсіндіруге ыңғайлы.

Сонымен қатар тақырыпты қорытындылау үшін тест сұрақтары берілген. Бұл тест сұрақтарының нәтижесі әр оқушыға жауап беру деңгейіне қарай пайыздық көрсеткішпен бағаланып беріледі. Бұл әдіс оқушының білімін көтеруге, сабаққа ынтасын қалыптастыруға оң әсер ететіндігі сөзсіз.

Электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу-әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар зерттеуге құштар, өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оқушыны жалқаулықтан құтқарады.

Электрондық оқулықтың бағалық – нәтижелік бөлігі тесттер арқылы жүзеге асады. Тест сұрақтарына жауап бергеннен кейін оқушы диаграмма түрінде өзінің білім деңгейін көре алады. Оқытудың компьютерлік технологиясының оқу үрдісінде кеңінен енуі

оқушылардың өзіндік және шығармашылық белсенділігін дамыта отырып, электрондық оқулық көмегімен олардың өзіндік жұмыс түрлерін орындауға баулиды.

Оқушы тұлғасының дамуына ықпал жасайтын электрондық оқулықпен сабақтар жүргізудің негізгі міндеттері оқушылардың базалық білім, ептілік, дағдыларын игеру жүйесін жетілдіру, оқыту үрдісінде теориялық және өнімділік ой құрастыру әрекеттері арқылы танымдық қабілеттерін белсендіру, танымдық қызығулары арқылы оқуға деген мотивациясын дамыту, оқу материалын игеруде және оқу іс-әрекеттерінде жете ұғынуға талпындыру, өзіндік жұмыстарының ізденісті-зерттеу түрлерін ұйымдастыру, оқу үрдісінде компьютерлік технологияларды қолдану, әр түрлі шапшаңдықпен және әр түрлі көлемді оқу материалын игерудің мүмкіншілігін ашу. Осы міндеттер негізінде дәстүрлі білім беру жүйесінде де оқушы дамуына жәрдемдесетін оқу тобында оқытушылар мен оқушылардың күш-жігерлерін біріктіретін оңтайлы жағдай тудыратын тілектестік жұмыс жағдайын қалыптастыру, оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы әрекеттестік ұстанымы мен жеке тұлғалық түсінісушілік негізінде іске асырылуы, шығармашылық мүмкіншілігін тудырып, қабілеттерінің жан-жақты дамуына ынталандыруды көздеген әр түрлі әдіс-тәсілдерінің кең қолданылуы (диалог-сабақтар, есеп талдау, әр түрлі тәсілмен шығару, кері есеп құрастыру, есепті тексеру, пікірталас, іскерлік ойын сабақтары, т.б), балалардың эмоционалды-сезімділік және абстрактілі, қисынды ой құрастыруын дамытуға ықпал етілуі, танымдық қызығуын арттырып және білім алу нәтижелерін жүйелі талдаудан өткізіп бағалау, өздерінің жетістіктерін өздеріне талдатып, өзіндік бағалау әрекеттерінің ұйымдастырылуы сияқты ерекшеліктері де бар.

Электрондық оқулық пән оқытушылары үшін бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны сабақта қолдану оқытушының шығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мол мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарының даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталады. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Оқу процесінде оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологияларын тиімді пайдалану және қолдану айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, анимациялық практика тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тындатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп есептеймін. Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа ақпараттарды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тестік бақылауға арналған бағдарламалық құрал.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жана нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол –

оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық күзiреттiлiктi қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендiру және оны қолдану бiлiмдерiмен қаруландыру, олардың компьютерлiк технологияны өз қызметтерiне еркiн, тиiмдi пайдалана алу қабiлеттерiн қалыптастыру.

Пән оқытушылары бiлiм беру жүйесiн ақпараттандыруды дамыту бағытында кәсiптiк лицейдiң оқу – тәрбие үрдiсiн ақпараттандыру мен барлық пәндерге ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкiндiктерiн пайдалану және өз пәнiн оқытудың сапасын арттыру жағдайында олардың ақпараттық құзырлығы қалыптасқан тұлға болуы қажет.

Басқаша айтқанда, бұл кеңiстiкке ең алғаш енiп, оны жүйелi және кәсiби бағытта енуiн қамтамасыз ететiн мұғалiм. Бүгiнгi күнi ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшiн кез келген педагог өз ойын жүйелi түрде жеткiзе алатындай, коммуникативтi және ақпараттық мәдениетi дамыған, интерактивтiк тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимiнде жұмыс жасау әдiстерiн меңгерген мұғалiм болуы тиiс.

Сөзiмдi қорытындылай келе төмендегiдей ұсыныстарға тоқталамын:

•кәсiптiк бiлiм беретiн оқу орындарын қазiргi заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивтi тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;

•кәсiптiк бiлiм саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша бiлiм жетiлдiру курстарын жиi ұйымдастыру;

Ақпараттық күзiреттiлiктi қалыптастырудан күтiлетiн нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениетi мен күзiреттiлiгi қалыптасқан, теориялық бiлiмдерiн iс жүзiнде қолдана алатын, информатика пәнiн басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру.

Бiлiм беру жүйесiн ақпараттандыру мен ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқу – тәрбие үрдiсiнде пайдалану оқушының өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабiлеттi мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсiз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының «Бiлiм туралы» Заңы
- 2.“Болашақтың iргесiн бiрге қалаймыз” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл
- 3.Қазақстан Республикасы бiлiм берудi дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттiк бағдарламасы
- 4.“Информатика негiздерi” журналы №1, 2010 жыл
5. «Ағылшын тiлi » журналы №6, 2006 жыл

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ДАМУ

Ошанова Сабина Темірланқызы

Тараз қаласы. Т.Рысқұлов атындағы №48 орта мектебі

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Қазiргi қоғам дамуының ең маңызды факторлары - бiлiм және ғылым. Қазiргi бiлiм беру жүйесiнiң негiзiне салынатын ойдың ең өзектiсi тұлғалық бағдарланған тәсiл, яғни

оның мәні оқушыны тұлға ретінде қалыптастыру, оның қабілеттерін, ең алдымен интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау болып саналады.

Сонымен қатар, тәжірибе көрсеткендей, орта оқу-тәрбиелік мекемелерде оқушыны шексіз тұлғалық дамыту, оқытуды интеллектуалдандыру деп аталатын принциптерін іс жүзінде шынайы жүзеге асыру деңгейінде объективтік пен субъективтік қайшылықтар туындады, атап айтқанда:

- оқушының зияттық потенциалын дамыту үдерісіне оқытушының арнайы дайындығының қажеттігі және оның жетіспеушілігі арасында;

- оқушының әртүрлі деңгейдегі интеллектуалдық қабілеттері және оқу үдерісін жеке дараландырудың жетіспеушілігі арасында;

- оқу үдерісінің негізіне жалпы білім мен оқытулар жатады, ал интеллектуалдық қабілетті дамытуды, әсіресе оқушының шығармашылық қызметін қалыптастыру мен дарынды балаларды табуды талап етеді.

Қазіргі мектептерде оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға көмек көрсету әрқашан ең өзекті және өзекті де бола береді. Осы міндеттердің шешімі барлық елдердің болашағын қамтамасыз ететінін ел басымыз халыққа жолдауында: «өзіміздің назарымызды өскелен жас ұрпаққа аударуымыз» қажет екендігін баса айтқан.

Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне біртіндеп өтуі жағдайында шетел тілдерін оқытудың рөлі артады. Әрине білім беру жағдайында ағылшын тілін оқыту әдістемесінің бірі ойын элементтерімен іс-әрекеттер арқылы оқыту. Ойын элементтері оқытудың бір түрі болып табылады. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың белсенділігін пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруында болып табылады.

Оқудың алғашқы кезінде оқушының тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуіне көмектеседі. Ойын түрлерін дұрыс өткізілген сабақта оқушылардың тілді үйренуіне ынтасы артып, сол тілді білуге қызығады.

Оқушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын тек ойын элементтері болып саналады. Ойын оқушыны бірігіп жұмыс істеуге бағыт береді, іздендіруге дағдысына қалыптастыруына мүмкіндік туғызады.

Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсатта қолдану тиімді.

1. Алфавитті дұрыс меңгерту
2. Орфографияны дұрыс оқыту
3. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру
4. Лексиканы меңгерту
5. Оқушылардың ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс білу дағдысын қалыптастыру.

Оқушыларды шетел тілінде сөйлеуге қарым-қатынас жасауға шет тілін әрбір мұғалім өз сабақтарында жаттығудың бір түрі ретінде ойындарды қолданылып, сабақты қызықты өтуге, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға білім деңгейін тексеру құралы ретінде пайдалануға болады.

Таңдап алынған ойындар оқушылардың сөз байлығына, тіл қорына сай болу керек. Мұғалім кез-келген ойынды өткізу үшін алдын-ала жоспар құрып алуы керек. Сонымен бірге мұғалім ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарын біліп орындауы тиіс.

Ол әдістемелік тұрғыдан алғанда мынадай бөліктерден тұрады:

1. Ойынның өтілетін сабақтарының мазмұны мен тақырыбына сай болуы.
2. Ойынға берілген уақытты нақты белгілеу.
3. Ойынның ойналу түрі топ болып ойнау.
4. Ойынға қажетті материалдардың түгел дайындалып қойылуы.
5. Қолданылған сөздер, сөз тіркестері, өлең таңдау
6. Ойындардың өту барысының жоспарын жасау.

Мұғалім алдымен оқушының оқуға қызығушылығын ояту қажет. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.

Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді пайдаланылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тындап берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Ойындар барлық сыныптарда қолданылады.

Сонымен бірге сынып ішінде ойнайтын ойындар мен іс-әрекеттер арқылы да оқытуға болады. Біз сынып ішінде ойындарды қашан қолдануымыз керек. Мысалы сабақ үстінде жаңа сөздерді қайталау үшін, өтілген жаңа сабақты еске түсіру үшін қолданған жөн.

Сынып ішінде мынадай ойындарды ойнауға болады:

What's in the bag?

Around the world

Board Race

Order Race

Question race

Bingo Go fish ойындарын қолдануға да болады. Бұл ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі.

Ойындар оқушылардың танымын, ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта –ықылыас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, және тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады.

Ойын ұғымына түсінік берсек, бұл баланың мінез –құлқына өзі басқарумен қатар топпен жұмыс жүргізе білу әрекеті, ол баланың бір-біріне көмектесу, тез ойлау қабілетін, алға ұмтылу ісін дамытады. Сондықтан бағдарлама бойынша бекітілген оқыту үрдісінде ойын түрлерін сабақ үрдісінде үнемі пайдаланып отыру керек.

Ағылшын тілі пәнінде көбіне рольдік ойындар, грамматикалық ойындар, танымдық ойындар қолданылады. Ойын-оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. Іс-әрекетті кесте түрінде қарастырсақ, оқушының белсенділігімен білім сапасын көрсетеді.

Баланы еңбек етуге дағдыланады. қалыптастырады. талпындырады Танымдық әрекеттерді Ұйымшылдық қабілеті жетілдіреді. артады. Ойлау қабілеті артады, дамиды.

Осы іс – әрекеттер арқылы оқушыларды оқытуға да болады. Іс-әрекеттің мынадай түрлеріне тоқталсақ:

Matching, Categories, Fill in the blanks, Dialogues, Drawing

Singing осы іс-әрекеттің түрлерін сабақ үстінде қолданса өте тиімді нәтиже береді.

Ойынның өзіне тән мотивтері болады. Мысалы: мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатындығын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл-ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік

сезім түрлерін дамытады. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде сабақта пайдаланылатын танымдық ойындар, сөздік ойындар жан-жақты дамытып білімді толық игеруіне көмектеседі.

Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес келсе, оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығы артады.

Ойын сабақтың әр кезеңдерінде, тақырыбына қарай мұғалім өзі таңдап алып, қолданып отырады. Сондықтан осы баяндамада тілді меңгерту мақсатында сабақта қолданылатын түрлі ойындармен таныстыра кетуді жөн көріп отырмын.

1. What's in the bag? Сумкада не бар ойыны.

Мұғалім алдымен балаларға бір сумка алып келеді. Балалардан сұрайды. Балалар сумкада не бар? Балалар ішінде дәптер, қалам, кітап бар деп айта бастайды. Мұғалім бұл ойынды сабақ соңында қолданса болады. Әсіресе жаңа сөздерді еске түсіру үшін қолдануға болады. Мұғалім сумканың ішіндегі заттармен таныстырады. Сумкада не бар? Мұғалім оқушылардан What's this? Сұрағы арқылы затты көрсету арқылы сұрайды. Мысалы: Pen, copybook, pencil, ruler, rubber деп көрсетеді. Сосын оқушыларға жеке-жеке қайталатады. Сөздерді ұмытпау керек. Сосын оқушыларға сумка ішіндегі заттарды таратып беріп, оқушылардан осы заттарды мына сұрақ арқылы сұрауға да болады. Мысалы: Who has a pencil? Who has a ruler? Жауап бергенде оқушылар кімде екенін табу керек. Оқушылар тапса Janar has a pencil деп табу керек. Бұл ойын оқушының абаққа деген қызығушылығы артып, сөздік қорлары молайып, есте сақтау қабілеті артады.

2. Board race Тақта сайысы ойыны. Бұл ойынның шарты:

Мұғалім оқушыларды екі топқа бөліп, ойынның ережесімен таныстырады. Бұл ойында мұғалім түстер, сандар, сөздер айтады сол айтылған сөздерді, сандарды оқушылар қатесіз жазу керек. Келесі оқушы әрі қарай жалғасын жалғастырып отырады. Соңында оқушылардың жазғанын тексеріп қателерін жөндеп қай топтың жеңгенін анықтайды. Мысалы: P-1 ----P-2, Red ----Red, Ten ---Ten, Stone ----Stone, Winter ---- Winter, Book -----Book

Осылай рет-ретімен оқушылар жалғастырып болған соң қателерін жөндеп қай жақтың жеңгенін айтады. Бұл ойында оқушылар шапшаңдықты, дұрыс жаза білуді, есте сақтау қабілеттері артады.

3. Question Race Сұрақтар сайысы

Бұл ойынның шарты:

Мұғалім сол сабаққа қатысты сұрақтар қойылады. Осы сұрақтар оқушыларға таратылып беріледі. Оқушылар сол сұрақтарға дұрыс жауап беру керек. Мысалы жыл мезгілдерін өткен кезде суреттер арқылы да мынадай сұрақтар арқылы қолдануға болады.

1. How many seasons are there in a year?
2. What are they?
3. How many months are there in a year?
4. What are they?
5. What season is it now?
6. What month is it now?
7. How many days are there in a week?
8. What are they?

Осы сұрақтар арқылы оқушылардың сөйлеу қабілеттері артып, сөздік қорлары молайып, сабаққа деген қызығушылығы артады.

Қорыта келгенде, оқу үрдісінде «ойын түрлерін пайдалану біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген

қызығушылығын көтеру болып табылады. Ойын түрлерін пайдалану мынадай нәтижеге жеткізеді.

Нәтиже

1. Әр оқушының шығармашылығы артады.
2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады
3. Оқушының жеке қабілеті анықталады
4. Оқушы топ жаруға ұмтылады.
5. Оқушының ойлау қабілеті дамиды
6. Әр оқушы өз деңгейімен бағаланады.

М.В.Русалов Психометрикалық интеллект пен шығармашылық қабілеттерге жататын формальды-динамикалық сипаттамаларды талдап шықты. Оның көркетуінше жедел факторлар психомоторлы интеллект үшін (Векслер тесті бойынша өлшенеді) ең қажет компоненттер ретінде жүреді, ал интеллектуалды іс-әрекеттің жұмсақ мінез-құлықтың жаңа формаларының тез пайда болуы және жаңалыққа ұмтылыс сияқты факторлар шығармашылық қабілеттің ең қажетті компоненттерін құруы мүмкін. Мидың биоэлектрикалық белсенділігінің интегралды көрсеткіштері мен пайда болған интеллектуалды іс-әрекеттің формальды-динамикалық сипаттамалары арасындағы заңды байланыстар белгіленеді және олардың негізінде интеллект пен шығармашылық қабілеттің арасындағы байланыстың сапалы психофизиологиялық модельдері ұсынылады.

Бұл Л.С.Выготскийдің интериоризация мәселесіне әкелді. Бір жағынан бұл адамның психикасындағы элеуметтік-мәдени детерминациясаны ашудың жолы еді. Л.С.Выготскийдің ойынша барлық адамдар ойлап тапқан “құралдар” мәдениеттің элементтері болып табылады-осыдан келіп психиканың элеуметтік-мәдени детерминациясын нақты ғылыми түрде талдау нәтижелерін ашуға мүмкіндік туды. Алдымен “психологиялық құралдар” ішкі серіктеске бұрылады. Осыдан соң “өзіне” қайтадан келеді, яғни өзіндік психикалық процестердің бағыттаушысы бола алады бұдан соң “ішке қайта оралады”. Психикалық функция енді іштей жұмысқа кіріседі. Осы процессті Л.С.Выготский толыққанды психикалық функцияның онтогенездегі тарихи-мәдени дамуы деді /4,68/.

Сонымен қорыта айтқанда баланың интеллектуалдық дамуына ойынды білім ретінде ұсынғанда практикалық және теориялық негізде дұрыс пайдалану қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ниренберг Дж., Калеро Г. Как читать человека словно книгу. М., 1990.
2. Абульханова-Славская К.А. Личностный аспект проблемы общения.- В кн.: Проблемы общения в психологии. М., 1981. с. 218-241.
3. Орлов Ю.М. Восхождение к индивидуальности. – М.: Просвещение, 1991.-287 стр.
4. Мерлин В.С. Индивидуальный стиль общения // Психологический журнал Том 3 №4 1982 Стр.26-35.

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТІН ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ДАМУ

Ахамаева Гульзина Жайлауовна

Жамбыл облысы, Тараз қаласы №38 орта мектебінің
орыс сыныптарындағы қазақ тілі мұғалімі

Мектептік кездегі білімді толықтыруды жүзеге асыруға әсер ететін оқушының мінез ерекшелігі болып табылады. Оқушылардың қабілеті көбінесе жақсы жағымен көрінеді. Көптеген белгілі ғалымдар бала кезінен өздерінің ерекше

қабілеттерімен көзге түсе бастаған. Кибернетиканың қалаушысы Н.Винер өз автобиографиясын «Бұрынғы вундеркинд» деп атаған. Ол 15 жасында француз академиясының пікір алған Виктор Гюгода вундеркинд болған. Ал А.Грибоедов пен И.Мечниковты да вундеркинд емес деуге болмайды. А.Грибоедов 11 жасында университетке түсіп, 15 жасында философия факультетінің 2 бөлімін бітірді. И.Мечниковтың табиғатқа деген сүйіспеншілігі бала кезінен ояна бастаған. Сауатын ашар ашпастан ботаникаға арнап шығармалар жазып және құрбыластарымен дәріс оқитын, гимназияда оқып-жүріп ғылыми журналдарда, соның ішінде шетелдік журналдарда көрініп жүрді. Сонымен қатар, бала кезінде вундеркинд болғандар Дубна қаласындағы ғылыми орталықтың жетекшісі Н.Боголюбов 12 жасында орта мектепті бітірген. Қазіргі замандағы белгілі математиктердің бірі Н.Виноградовтың айтуы бойынша, ол 3 жасында өз бетімен оқып, есептеп үйренген. Ал екінші жағынан алып қарасақ баланың аса ақылдылығы мен зеректігі уақытша болуы мүмкін. Жасы үлкейе келе бала ақыл-ойын дамытып, оны жаңа деңгейге көтерумен бірге, кейде оны шектеп, қабілетін жоғалтуы да мүмкін [1].

Мектеп кезеңіндегі дарындылық дегеніміз не? Оның болашақтағы дарын екенін, әлде мектепке жәй жақсы дайындық екенін қалай анықтауға болады? Мектеп жасындағы балалар ақпаратты әсерлі қабылдап, өзін қоршаған айналаға таңданып, түрлі сұрақтар қойып, қызығушылық танытады. Олар сенгіш, ашық мінезді, тәртіпті және айтқанды екі етпейтін орындаушылар. Дамудың осы кезеңінде мұғалімнің қарым-қатынас жасауы жалпы қабылданған ережелер мен нормалар негізін меңгеру арқылы жүргізіледі. Алғашқы түсініктердің басым көпшілігі эмоция негізінде қалыптаса бастайды. Эмоция психологиялық және физиологиялық процестерді жылдам дамытады [2].

Соңғы жылдары бастауыш оқушыларының ерекшеліктері жоқ болуы немесе маңызы төмендеуі мүмкін. Мұғалімнің қарастырылған ерекшеліктері баланың танымдық мүмкіндіктері мен жалпы дамуына әсер етеді. Бұл жағдайда дарындылығы байқалған балалардың жас ерекшеліктерін ескеру керек. Бұл ерекшеліктер әрі қарай жалпы дамудың бағытын көрсетеді.

Қоршаған орта әсерлерін ұғыну ақыл-ойдың маңызды бөлігі болып табылады. Бала кезден байқалған қабілеттердің шындыққа сәйкестігін және оның әрі қарай қалай дамитынын байқау өте қиын. Баладағы қабілеттер тек бастауыш кезде ғана сәтті болып, қоғамдық маңызы бар мәселелерге шын жөн сілтеуші болмайтын жағдайлар да аз емес, дегенмен де ерте жаста байқалған қабілеттер ата-ана мен ұстаздарды бей-жай қалдырмауы керек. Олар шын дарындыны тануы мүмкін. Мұндай балаларды жақсы түсіну үшін алдымен бала психикасының жас ерекшеліктерін білуі тиіс. Өсе келе ақыл-ой деңгейі әр түрлі болады және тез алға ұмтылады. Аз жылда жаңа туған балада үлкендердің көмегімен және солардың қарамағында өзіне тән ақыл-ойы, әдеттері қалыптасады. Психиканың дамуы өскен кезінде қайталанбайтын жылдамдықпен жүреді. Балалық шақтағы ақыл-ойдың тез дамуы қайталанбайтын шақ. Осы жас ерекшелігіне сай дамитын қабілетіне, әсеріне, жүйке жүйесіне басты назар аудару керек. Балаларды бір-бірінен әлсіздігі, төзімділігі, жүйке жүйесі ғана емес, рухани әлемі де үлкендерден де өзгеше болып табылады. Бұл өте маңызды!

Н.Лейтестің еңбектерінде жас ерекшелік механизмін байқауға болады. Жас ерекшелік сезімталдығы бірдей болмауы балалықтың әр кезеңінде психикалық дамудың өзіне қажетті бағыт таңдауына мүмкіндік береді. Бұл жайлы К.Чуковский өзінің белгілі «Екіден беске дейін» шығармасын атап көрсеткен. Бір қызығы тілден шығармашылыққа ұмтылу бала психикасының ерекше жағдайы, тілдің ойлауы түрлі формаларын игеруге мүмкіндік береді де, күрт төмендей бастайды. Сөйлеу формасының қалыптасуы уақытында басталмаса, сөйлеудің дамуы қиындайды. Бұл кезінде сөйлеуді дамыту мүмкіндіктерін жіберіп алу кесірінен болады.

Балалықтың әр кезеңінде ақыл-ой дамуының өз деңгейі болады. Бастауыш мектеп кезінде алдыңғы орында есте сақтау, дайын болу, түсіну қабілеті шығады.

Бастауыш мектеп оқушылары ұстазының айтқанымен жүріп, соған ұқсауға тырысады және бұл да баланың түсінігіне байланысты болады. Осы жастағы балаларды көп сөйлегіштік байқалады. Өз ойымен бөлісу, басынан өткенді айту баланың әсерлілігін байқатады. Осы кезеңдегі оқу мүмкіншіліктерінің ерекшеліктері туралы арнайы фактілер бар. Психологтар 2-ші және 5-ші сынып оқушыларының шет тілін үйренуге қабілеттілігін салыстырғанда бұдан төменгі сынып оқушыларының қабілеті жоғары екенін байқады. Шет тілі сабағында олар жаңа лексика мен фонетиканы пайдалануға ынталы болып келеді екен. Жастың бір кезеңінен екінші бір кезеңіне өтуі психикалық қасиеттерінің көбейюінде болып келеді.

Жасына сай емес ақыл-ойдың өсуі балалықтың әр кезеңіне тән. Балалар ересектерге қарағанда қабілетті, бірақ бұл жерде уақытша көрінетін даму шартын жіберіп алмау керек. Жас ерекшеліктерінің дарындылықты дамытуға қосқан үлесі қандай екенін түсіну үшін оларды бірін-бірі алмастырып қана қоймай, тұрақтап қалатынын есте ұстаған жөн. Бұл әр балада әр жаста болуы мүмкін. Өсіп келе жатқан баланың қабілеті оның әр кезеңінде пайда болған қабілетінің қайсысы сақталатынына және олардың ақыл-ойына қалай әсер ететініне тәуелді болып келеді.

Даму қарқындылығы біркелкі болмайды. Бірқатар психологтар Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Клименко, Н.Лейтес және т.б. бірнеше жылдар бойы оқушылардың ақыл-ой дамуын бақылап, ақыл-ойдың түрлі жаста әр түрлі дамуын, тоқтап қалуы, төмендеуі сияқты мәселелерге кезікті. Бұл жағдай оқу мен тәрбие беру бірдей жағдайда жүргізілгенде байқалған. Осыны негізге алып Н.Лейтес ерекше дарындылықтың келесі гипотезаларын шығарды. Олардың ақыл-ойының ерте жастан жылдам гүлденуінің мәні олардың тез дамып әр кезеңде пайда болатын сезімталдылық қабілеттерінің бір-біріне жақындауы. Ал бұл ақыл-ойдың бірнеше есе дамуына әкеледі.

Осы тұрғыдан балалардың психологиялық ерекшеліктерін қарастырсақ: олардың ақыл белсенділігі ой еңбегіне қызығуында екен. Осының нәтижесінде олардың әрекеті ерекше күшке ие. Әлі жыныстық көзқарасы қалыптаспаған үлкендерге еліктеумен өмір сүретін кезеңде олардың күш жігері ой еңбегіне қызығуынан көрініс береді. Ой еңбегіне қызығушылық балаларда кейбіреуіне сақталынып қалады, ал басқа балаларда төмендеуі мүмкін. Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп оқушыларының есеп шығаруға қызығушылығы көбінесе үмітті ақтамайды.

Белгілі математик, академик А.Колмогоровтың ойы бойынша баладағы қабілеттер үлкендер бақылап жүргенде де оның жоғалуы мүмкін, есеп шығаруға шын қабілеттілік үлкейе келе ғана пайда болады [3].

Орыс сынып оқушыларында ойлау қабілетінің жоғарлылығы байқалғанымен өсе келе ол қабілет төмендей береді. Бірақта сондай қабілет байқалғанда көңіл бөлмеуге болмайды, көпшілігі өз құрдастарының алдына шығып жүрген бала оқуда көп қиындыққа кезікпейді деп ойлайды. Ал шындығына келгенде мүлде олай емес. Ең алдымен қабілет баланың ата-анасы өздерін қалай ұстайтыны маңызды, кейбір жағдайда осындай бала ортақ уайым әкелуіде мүмкін. Кейбір ата-аналар баланың ой еңбегіне ынтазарлығы ауыру ма деп күдіктенсе, басқалары оны мақтан тұтады. Осындай бала құрдастарынан өзін жоғары ұстайтын болады және оның өзіне көп кесірін тигізеді. Ерте жастан қабілетті балалар ересектердің өзіне көзқарасына көп көңіл бөледі. Олар оны мақтаса да, оған назар аудармаса да бала соның бірде-бірін қалыс жібермейді. Қабілетті баласы бар отбасындағы жағдай басқаларға қарағанда қиынырақ болуы мүмкін.

Бала қызығушылығы мен бейімдерін анықтау психодиагностикалық жұмыстар сияқты күрделі жұмыс болып табылады. Ұсынылып отырған әдістемені пайдалана отырып, мұғалім бастауыш сынып оқушылар қызығушылығының бағыты туралы бастапқы ақпараттарды ала алады. Бұл өз кезегінде бала дарындылығының сипаты мен оның қабілеттері туралы шынайы пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Орыс сынып оқушылардың қызығушылық бағыттарын зерттегенде, оқыту мен тәрбиелеу тұжырымдары мен тәжірибелері осы жастағы балалардың көпшілігінде

қызығушылықтарының үйлестіріліп, тұрақтала қоймағанын растайды. Бірақ бұл себеп осы мәселені зерттеуден бас тартқызбауы қажет. Бала қызығушылығы мен бейімділігі туралы мағлұматсыз біздің педагогикалық іс-әрекетіміз шындыққа тура келмеуі мүмкін [4].

Бір жағынан қызығушылық пен бейімділіктер абсолютті сәйкес келмей, екінші жағынан қабілеттер мен дарындылық сәйкес келмеген жағдайдың өзінде, бастысы олардың арасында тығыз байланыс бар. Бұл байланыс тұлға жетілуінің бастапқы кезеңдерінің өзінде жеткілікті түрде қалыптасып үлгереді, яғни бала өзі жақсы игерген ғылым немесе қызмет аясына қызығып, осы жетістіктері үшін үлкендер мен құрбылары тарапынан қолдау көрсетілетіндігіне көз жеткізіп үлгереді. Осылайша, бейімділіктер бір жағынан қабілет пен дарын индикаторы болса, екіншісінен, бағыттаушы нүкте қызмет атқарады.

Енді осы әдістеме бойынша балалар мен олардың ата-аналарынан сауалнама алған жөн. Ол үшін қатысушылар санына қарай жауап парақтарын дайындау қажет. Тексеруді ұжымдық түрде жүргізуге болады. Мұғалімнің нұсқаулары қарапайым әрі зерттеуде аса күш жұмсауды қажетсінбейді. Сонымен қатар нәтижелерді аз уақыттың ішінде өңдеуге болады.

Балаларға нұсқау

Жауап парағының жоғарыдағы оң жақ бұрышына өз аты-жөндеріңізді жазыңдар. Жауаптарыңды ұяшықтарға, мысалы 1 – сұрақтың жауабын 1 – ретті ұяшыққа, екіншісін екіншіге және т.б. түсіріңдер. Барлығы 15 сұрақ. Егер сұрақ мазмұны сізге ұнамаса «-», ұнаса «+», егер өте ұнаса «+ +» белгілерін қойыңдар.

Ата-аналарға нұсқау.

Сізге баланың қабілеттерін дамытуда нақты кеңестер мен ұсыныстар айту үшін біз алдымен баланың бейімділігі туралы мағлұматтардан хабардар болуымыз керек. Сізге 35 сұрақ беріліп отыр, ойлана отырып, балаңыздың мүмкіндігін асырып немесе кемітпей жауап беруге тырысыңыз. Жауабыңыз шындыққа жанасуы үшін балаңызды өз құрбыларымен салыстыра отырып жауап беріңіз. Егер қандай да бір себептермен жауап беруге қиналсаңыз, сол жауап ұяшығын бос қалдырыңыз.

Сұрақ парағы

Әрбір сұрақ «сізге ұнайды ма?» сөздерімен аяқталады.

1) логикалық

Нәтижелерді өңдеу.

Сұрақтар баланың икемділігі бойынша жеті салаға сәйкес құрылған:

- математика және техника;
- гуманитарлық сала;
- көркем-әдеби;
- физкультура және спорт;
- коммуникативті қызығушылықтар;
- жаратылыстану және табиғат;
- үйдегі міндеттер, өзіне қызмет көрсету еңбегі.

Бұл әдістеме, диагностикалық функциялар мен қатар, педагогикалық түзету міндеттерін шешуіне көмегін тигізеді. Алынған нәтижелер баланы одан әрі бақылауда нақты жүйе ретінде өте пайдалы. Осы жұмыстар бала дамуын жан-жақты және үйлесімді болуына себепін тигізеді.

Нәтижелерді өңдеу.

Қосу мен алу амалдарының сандарын тігінен санаңыз. (қосу мен алу өзара қысқартылады). Қай жерде қосу амалы көп болса, сол салада баланың икемділігі басымырақ болып келеді. Қорытындылау барысында зерттелінушінің объективті түрде болғанына түзетулер ендіру керек. Сонымен қатар, дарынды балаларда барлық сала бойынша икемділіктері нақты көрінуі мүмкін, кейбір балаларда қандай да бір сала бойынша икемділіктерінің болмауы да мүмкін екенін ескере кеткен жөн. Бұл жағдайда

баланың қызығушылықтарының бағытына сәйкес қандай да бір нақты типі жайлы әңгімелесу керек.

Қорыта келгенде, осы әдістемелер ата-аналармен де жұмысты белсендіруге мүмкіндік береді. Өз баласының қабілеттері мен қызығушылықтарын зерттеуге ұмтылдыру, оларға осы күрделі мәселе бойынша ойлануға мүмкіндік беру болып табылады. Сонымен бірге, балалардың жауаптарын, ата-аналардың жауаптарымен салыстыру да өте қызық. Бұл бала қызығушылығының бағытында объективті суретін көруге мүмкіндік береді және балаға, сонымен бірге олардың ата-аналарымен де түзету жұмыстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Лейтес Н. Судьба вундеркиндов.//Семья и школа. 1990. №12 - С.27-28.
- 2.Эфроимсон В.П. Загадка гениальности. - М.:Знание, 1991. - 83с.
- 3.Клименко В.В. Психологические тесты таланта.- Харьков: Фолио, 1996. -34с.
- 4.Жексенбаева Ү.Б. Балалардың дарындылығын диагностикалау. - Алматы. – Радиал, 2005.- 39 б.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ - ДАРЫНДЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Нугманова Кайнаркул Алимхановна

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы А.Байтұрсынұв орта мектебі
Музыка пәнінің мұғалімі

Дарындылық дегеніміз не? Сирек кездесетін жеке-дара қасиет пе немесе әлеуметтік шындық па? Және дарынды балаларға қалай қарау керек? Олар ерекше бағыт пен еркеше даму, көзқарасты қажетсіне ме?

Дарындылық көптеген балалар үшін, ата-ана мен мұғалімдер үшін әлі де жұмбақ күйінде қалып отыр. Қалың көпшілік қауым үшін маңызды проблема болып, ең алдымен оның шынайы байқаулары, анықталу тәсілдері, дамуы мен әлеуметтік жүзеге асуы табылады. Дарынды балалар жөніндегі бүгінгі қамқорлық - бұл ертеңгі ғылым, мәдениет пен әлеуметтік өмірдің дамуы туралы қамқорлық. Қазіргі таңда мұндай ерекше балаларды, анықтау тәсілдері, өз қабілеттерін жүзеге асыруға көмек беру бағдарламалары бар. Дегенменен, дарынды және талантты балаларды анықтау және дамыту проблемасы бүгінгі күні де бар, балалардың өз дарындылығы мен оны шығармашылық тұрғыда жүзеге асыруда жеке жауапкершілікті түсінуде әлі де проблема бар.

Балалардың дарындылығы мәселесімен шетелдік және отандық психологтар айналысты. Шығармашылық дарындылық психологиясы саласы бойынша ауқымды зерттеулер жүргізілгені белгілі. Ол американдық психологтар: Дж. Гилфорд, П. Торренс, Ф. Баррон, К. Тейлор. Ал психологтар Дж. Кэрол мен Б. Блумның идеялары негізінде дарынды балаларды оқыту әдістемесі жасалынды. Ерекше дарынды балалар мәселесімен Ж. Брюно айналысты.

Ғылым мен техника дамып, адамзат қоғамы жаңа ғасырдың табалдырығынан қадам басып отырған кезеңде дарынды оқушыларға белгілі көлемде білім, білік, дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды творчестволық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Баланың белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі жас кезеңнен–ақ белгілі болады. Бейімділік, қабілет дегеніміз – бұл адамның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңілінің аууы, яғни оянып келе жатқан қабілетінің алғашқы белгісі. Сондықтан бала кезде байқалған бейімділіктердің келешекте олардың қабілеттерінің көрсеткіштері екенін ұмытпай, дер

кезінде көре білу, дамыту әрбір ұстаздың міндеті. Ең жоғарғы қабілеттілік – таланттылық. Талант дегеніміз не? Бұл сөздің түп төркіні грек, латын тілдерінде өлшемнің ең жоғарғы белгісі делінген. Асылдан да, алтыннан да артық тұратын өлшем. Тарихта әр салада жаңалықтар ашып, керемет істер жасаған дарынды адамдарды қабілеттері үшін аса жоғары бағалаған.

Қабілетті, дарынды балалар көбінесе шапшаң, тез ойлайтын, көп көлемде білім меңгеретін, оны ұзақ уақыт ұмытпайтын болып келеді. Олардың түсінігі өте жоғары, сезімтал, ойға алған нәрсесін, алдына қойған мақсатын қалайда орындауға тырысатын, адамгершілік сезімі ерте дамып, моральдық қасиеттерге өте бай, қиял-күші басым болады /1/.

Дарынды оқушылардың ішкі сезімі жағынан өзгешеліктері:

- айналасындағыларға өте сезімталдықпен қарау;
- айтылатын ойды тез ұғыну;
- жасынан байқалатын идеализм;
- терең сезімталдық;
- кейбір пәндер бойынша өте ерекше үздік үлгерім таныту;
- ықылас қойған бір тақырыпты әр жерден негізгі мәселе етіп қою.

Дарынды балалардың физикалық және одан тыс сезімдері тұрғысынан өзгешеліктері:

- сезім мүшелерінің қабылдауының ерекше болуы (түс, дыбыс);
- физикалық, интеллектуалды дамуда ерекше бір ілгерілеу шапшаңдығы;
- жан дүниесінің тереңдігі;
- теориялық және көркемдік құндылықтарға ерекше мән беруі;
- талап және ішкі күш жігерінің жоғары деңгейде болуы;
- жиі-жиі ойға берілу, қиял күшінің басымдығы.

Дарынды балалардың әлеуметтік тұрғыдан ерекшеліктері:

- өз талап тілектерінің орындауы;
- адамгершілік мәселесінде ерте дамуы;
- әлеуметтік мәселелерде тиімді және нақты шешімдер ұсынуы;
- әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіне білуі, қоғамның әділет, әсемдік, турашылдық сияқты жоғары талаптармен шұғылдануы;
- жоғары моральдық қасиеттерге ие болуы;
- өзіне-өзі сенімділік /2/.

Қабілетті және дарынды оқушыларды ерте айқындау, оларды тәрбиелеу білім беру жүйесін жетілдірудегі негізгі міндет болып табылатынына бүгінгі таңда ешкім шүбә келтірмейді.

Оқушыларды тәрбиелеу және оларға ғылым негіздерін үйретудегі маңызды қарым-қатынас құралы – сөз. Адамның парасаты, ақыл-ойы сөйлеу мәдениетінен көрінеді. Дарынды балалардың қалыптасуында оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың орны ерекше. Мұғалім мен оқушы - әр түрлі екі субъект. Мәселенің негізгісі – осы әр түрлі рухани дүниені бірлестіру. Педагогикалық қарым-қатынас – мұғалімді де, оқушыны да рухани байытады. Өйткені қарым-қатынас басқа біреудің жан дүниесіне, "Мен" ұғымына бойлауды білдіреді. Өзіне ұқсамайтын басқаның жан дүниесіне бойлау оңай емес, ол үшін психологиялық дайындық қажет. Сондықтан, қарым-қатынасты ұйымдастырғанда дарынды балалардың психологиялық жағдайын ескеру, соған сәйкес белгілі бір «арақашықтықты» ұстану өте маңызды.

Психологиялық тұрғыдан қарағанда, қарым-қатынасқа түсуші екінші адамды субъект ретінде қабылдау керек. Балалардың өмірлік дағдысының аздығын, білім дәрежелерінің әлі жоғары еместігін, адамды тануда тәжірибесіздігін ескерген жөн. Субъектіге немесе дарынды балаларға арналған хабардың құндылығы да психологиялық

тұрғыдан бағаланады. Қарым-қатынаста белсенділік көрсету субъект үшін қызық әрі пайдалы /3/.

Мұғалім балалармен қандай жұмыс істесе де, олардың мінез-құлқының, тәртібінің, сана-сезімінің, қарым-қатынасының, этникалық ерекшеліктерінің қалыптасуына ықпал етеді. Сол себепті де мұғалім мен балалардың бүкіл мектеп өміріндегі: сабақ үстіндегі, сыныптан тыс сабақтардағы, қоғамдық Мектепте оқушыларға түрлі жұмыстар жүктелгенде олардың кейбіреулерінің ұйымдастырғыштық, екіншісінің музыкалық, үшіншісінің суретшілік қабілеті еске алынып, бұған ерекше мән беріліп отырады. Бұл мысалдар әр адамның әрекеттің бір түріне жарамдылығын көрсететін дара ерекшелігі болатынын байқатады. Ерекшеліктер іс-әрекетті орындау үстінде, әсіресе оның нәтижесінен жақсы көрінеді. Қандай да болсын бір нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды. Ол біреуде күшті, біреуде әлсіз болып келуі мүмкін.

Адамның өзгеше қасиеттері ана құрсағында пайда болады. Анатомиялық нышан – баланың ата-анасына ұқсап тууы. Физиологиялық нышан – жүйке жүйесінің кейбір анализаторларының ерекшеленуі. Анализаторлардың ерекшелігі қабілеттің көрінуіне себепті тигізеді. Егер адамның туысында нышаны болып, ол тәрбиеленбесе, оның қабілеті дамымайды. Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық деп атайды. Дарынды балалар мектеп бағдарламаларын жылдам меңгереді. Зеректік, байқағыштық қасиеттері жоғары болады. Олардың көпшілігі өз уақыттарын творчестволық жұмыстарға арнайды. Сурет салады, өлең жазады. Дарын өкілдерінің қуат-қабілетінің шарықтайтын шегі болады. Мұндайда олардың санасы барынша өткірленіп, мейлінше айқындалады, бақылампаздығы онан сайын арта түседі.

Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс, жеткілікті бағаламаса, оның өзгелер сияқты болып қалып қоюы мүмкін. Дарынды балаларды анықтағанда және олармен жұмыс істегенде сол бала жанындағы ортаның педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайын баса назар аударуымыз керек.

Сонымен қатар, дарынды балалардың дамуына этникалық сана-сезімінің тигізетін ықпалы орасан зор.

Өзіндік сана бар болса, «мен» бейнесі ешқашан өшпейді. Дарынды балалардың өзіндік сана-сезімінің төмен болуы мүмкін емес.

Осы ұғым жалпы әлеуметтік факторлардың, сол сияқты мәдени факторлардың да әсерінен қалыптасады. Өзіндік сананы бекіту ұлттық топтың өз мемлекеттілігі құруға деген ұмтылысымен, яғни «ұлттық құрылымымен үйлеседі». Осы кезеңде өзіндік сана ұлттыққа ауысуы ықтимал.

«Ұлттық өзіндік сана» түсінігімен бір кезеңдегі және халықтардағы немесе ұлттардағы адамдардың бірлігін және түйсінуінде, олардың қызығуының, психологиялық тұрпатының бірлік мағынасында қолдануға болады /4/.

«Өзіндік сана - адамдардың белгілі қауымға өзінің тиістілігін жете түйсінуі, қоғамдық қатынас жүйесіндегі өзінің жағдайын мойындау, қызығуын, өз ұлтының басқа қауымдармен өзара қатынасын ұғыну.

Дарынды балалардың өзіндік санасы ретіндегі өз ұлтына тиістілігін, қауымдағы олардың орнын, байланыстар жүйесіндегі сезімді, түрткілерді, қызығуларды, әрекеттерді жете түйсіну және олармен байланысты қатынасы деп қарауға болады.

Өзіндік сана сананың кез келген формасы түріндегі, объективті факторлардан пайда болған екінші туынды құбылыс. Сана... ешқашан басқа болуы мүмкін емес, мойындалған болмыс ретінде, ... ал дарынды балалардың болмысы олардың өмірінің іске асатын үрдісі.

Қандай да болмасын «бөтен» этностық тілін білудің өзі, дарынды балаларға сол этностық мүддесі болып жариялануына жеткілікті. Біздің ойымызша, осы пікірді қолдау қажет емес. Себебі, дарынды балалар басқа этностық тілмен қатар сол этностық, тарихи салт дәстүрін, мәдениетін, әдет-ғұрпы, әдебиетін және т.б. терең білуі қажет.

Этникалық өзіндік сана тек тілді немесе әрі мәдени функцияларды білуге толық кепілдік бермейтін феномен екенін тәжірибе көрсетті. Адамның көпшілік сөйлейтін тілді білуі мүмкін болғанымен, өзін сөз топқа жатқыза алады. Басқа халықтың ұлттық дәстүрін, мәдениеті мен тілін білгендіктен, дарынды балалардың ішкі дүние байлығы артады. Бүгінгі психологиядағы бағыт өзіндік сана түсінігін алу, тұлғаның өзіндік санасын ұғынудан шығады.

Қарым-қатынас қызметінің жинағын А.В.Мудрик атаған. Ол қарым-қатынасты дарынды балаларды тәрбиелеу фактірі ретінде зерттеген. Ол қарым-қатынастың танымдық және мақсат қоюшы қызметі мен қатар, жеткіншек және жастық шақта жақсы көрінетін басқа да қызметтерін көрсетеді. Бұл рефлексивті, бейімделуші, компенсаторлы және продуктивті-репродуктивті қызметтері. Л.П.Буева қарым-қатынастың маңызды аспектілері мен қызметтерін былай дейді: "Ол тұлғалық сана мен өзіндік санаың қалыптасуындағы маңызды шарттардың бірі болып табылады, тұлғаның дамуының стимуляторы, мотивациялы-оятушы процеске кіреді. Қарым-қатынаста дарынды балаларды әр жақты өзара әсері мен өзара түсінушіліктері іске асады" /5/.

Б.Ф. Ломовтың қортындысы бойынша қарым-қатынасты ерекше категория ретінде қарастыру керек. Ғалымның айтуынша: "қарым-қатынас дарынды балалардың белсенділігінің өзбетінше және арнайы формасы болып табылады. Оның нәтижесі – бұл басқа адамдармен қатынасы. Қарым-қатынас бұл параллельді дамушы іс-әрекетерді бір-бірінің үстіне қою емес, бұл оған серіктестер ретінде кіретін субъектілердің өзара әрекеттері. Қарым-қатынас болмыстың индивидуалды дегейінде, іс-әрекеттерімен, олардың тәсілдерімен, нәтижелерімен, түсініктерімен, идеяларымен, бағдарларымен, қызғушылықтарымен, сезімдерімен өзара алмасуларынан тұрады" /7/.

Сонымен, қорытындылай келе, дарынды балалардың этникалық ерекшеліктері мен өзіндік сана сезімдеріне ерекше көңіл бөлуіміз керек. Сонымен қатар, дарынды балалардың одан әрі дамуына қарым-қатынастың да маңызы зор екенін ескеруіміз жөн.

Егеменді елімізді дүниежүзі елдерімен терезесі тең болатын дәрежеде өркендететін, негізгі тұтқасын ұстайтын, дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды балалар екені сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Лейтес Н.С. Ранние проявления одаренности. 2000 г.
2. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. 1991 г.
3. Бодолев А.А. Личность в общении. М., 1983 г.
4. Буева Л.П. Человек: деятельность и общение. М., 1978 г.
5. Ломов Б.Ф. Проблема общения в психологии. М., 1981 г.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Омарова Райхан Тұрсынбаевна

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы А.Байтұрсынов орта мектебі,
директордың ғылыми –әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары

Қазақстан Республикасының бүгінгі білім беру жүйесінде ертеңгі жарқын болашағымыз бола алатын – жеке тұлға сапа қасиетін қалыптастыруда: азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны сүюге, мемлекеттік рәміздер мен халық дәстүрлерін құрметтейтін дені сау, білімді де, мәдениетті баланы тәрбиелеп жетілдіру мақсаты басты мәселенің біріне айналып отыр. Осыған орай, өскелең ұрпаққа бастапқы патриоттық тәрбие берудің алғы шарты ретінде мектепке дейінгі кезеңдегі бүлдіршіндерден бастау керектігін өз нысанамызға алып зерделеудеміз. Зерттеу жұмысымыздың оң нәтижесін алу мақсатында

ғылыми әдебиеттерге талдау жасаумен және оның тұжырымдарына сүйену негізінде, зерттеу барысындағы жетекші теориядан туындайтын талаптарға сәйкес бір жүйеге келтірілген қоршаған ортамен таныстыру арқылы мектепалды балаларына бастапқы патриоттық тәрбиені қалыптастыру нобайын жасау қажеттігі айқындалды.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеулерде және тағы басқа ғылым салаларында нобайлау (модельдеу) әдісін қолдану кеңінен орын алуда. «Нобай», «үлгі» - латын тілінен аударғанда (modus, modulus - өлшем, бейне, мөлшер) толық мағынасы «түпнұсқаның орнын басушысы» деген ұғымды білдіреді екен. Ғылымда нобай – қандай болмасын объектінің, үдерістің және құбылыстың үлгісі немесе ұқсас ойдағы шартты жағдайдағы: бейнеленген кесте, сызба және тағы басқа болып қастырылуда. Нобайлау – таным объектілерін үлгілеудің көмегі арқылы зерттейтін тәсіл болып саналады да, алғашқы ұғымдар мен болжамдар арқылы зерттелетін объектінің негіздерін тексеріп алуға мүмкіндік береді. Бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша (С.И.Архангельский, П.К.Анохин, В.А.Штофф, А.Н.Кочергин және т.б.) нобайлау объектінің таныс жақтары мен белгілерін қарастыру және көрнекі бейнелеуден бастап, тікелей бақылаудан жасырын қалған объектілерді зерттеуге дейін болжау болып табылады. Мәселен, нобайлаудың гнесологиялық қызметін анықтай отырып, А.Н.Кочергин нобайлауға: «...зерттеу объектісінің ерекшеліктерін сақтайтын, табиғи және жасанды жүйелердің көмегі арқылы таным әдісі, бұл объектіні белгілі қатынастарда және ол туралы жаңа білім беруге мүмкіндік береді» деген анықтама береді [1]. Ал Г.Клаус: «нобай түсінігінің негізінде фактінің, заттың және білімнің белгілі аймағындағы бейнесі» деп түсіндірсе [2], В.А.Штофф нобайды зерттеу объектісін тудыратын және бейнелейтін материалды таратушы жүйені ойша елестетуші деп түсіндіре отырып, ол нобайды екі түрге бөліп ұсынады: ойлау (бейнелі, аралас, таңбалық) және материалдық (физикалық ұқсасатық, математикалық ұқсастық) [3]. Осыған орай, нобайлау үдерісі нысананы белгілі бір мақсатта зерттеудегі нақты теориялық болжамы бола алады демекпіз. Біздің зерттеуіміздің мәселесіне қатысты, нобайлау қызметінің төмендегідей мүмкіндіктері бар деп тұжырым жасаймыз:

- а) қоршаған ортаның және олардың өзара әсер ету мүмкіндіктерінің негізгі сипатын анықтау мақсатында жоспарланған жүйелі зерттеуге;
- ә) салыстыру мен жалпылауға мүмкіндік беретін, құбылыстардың байланысын логикалық бірінғай бейнелеуге;
- б) нысаналар байланысының көп типті болуына қарай, нысананың бірнеше бөліктерін қамтуға;
- в) «талдау бірлігін» дұрыс құруға мүмкіндік береді.

Нобайды жасауда біз, ғалым Н.Д.Хмелдің «ұстаз үшін нобайлау оның ісі бар болатын құбылыстардың нобайын жасау үдерісі, яғни құбылыстардың нобайы ойдағы идея болатынын және нобайлау арқылы мұғалім теориялық білімді тәжірибелік әрекет тіліне аударады» деген идеясына сүйенеміз [4]. Нобай құруда, мектепалды балаларына қоршаған ортамен таныстыру арқылы бастапқы патриоттық тәрбие берудің психологиялық қалыптасу тетігін ескере отырып, оны тиімді жүзеге асырудың мақсаты, міндеттері, мазмұны, құралдары, ұстанымдары таңдалып, мотивациялық, когнитивті, эмоционалды-сезімдік, іс-әрекеттілік компоненттерінің бірлігінде қаралды. Компонент өлшемдерде көрсетілген психикалық үдерістер – ұмтылысы мен еліктеу тілегі, білуге құмарлығы мен ұғынуы, сезіне білуі мен бірге күйзелу және біліктілік пен дағдылар осы жастағы балалардың психологиялық дамып-жетілуіндегі білу, игеру, үйрену түрткілерін ескеру керектігіне тіреледі.

Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына және серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің біріне қосылу мақсатында қарастырылып отырған «Білім туралы» Заңында [5], 2006-2010 жылдарға дейінгі білім беру бағдарламасында, 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында [6] көрсетілген басты мақсат-міндеттерді ескере отырып, мынандай мақсат қоямыз: Қоршаған ортамен таныстыру

арқылы мектепалды балаларына бастапқы патриоттық тәрбие беру. Аталған мақсатты жетілдіруде, мектепалды балалар бойына бастапқы патриоттық сана-сезім мен мәдени мінез-құлқын қалыптастыру және патриоттық әрекетке дағдыландыру міндеттері анықталды. Қоршаған ортаның мазмұндық көрсеткіштеріне: Отбасына жақындығы, жақынын жақсы көруі; табиғатқа ізгілік қатынас, қамқорлық жасау; халықтың мәдени мұрагерлік дәстүрін мақтан тұту және Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу бағыттары қарастырылды.

Қоршаған ортамен таныстыруда патриоттық тәрбие берудің педагогикалық үдерісінде үздіксіз, табиғилық, ұлттық және жалпыадамзаттық ұстанымдарды басшылыққа алу арқылы үлкен нәтижеге жетуге болады. Мектепке дейінгі ұйымда үздіксіздік ұстаным тәрбиелеу, оқыту және түрлі әрекеттерді ұйымдастыру үдерісінде бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады. Үздіксіз білім берудің қолданыстағы және жаңа құрылған элементтері өзара тығыз байланыста әрекет етуі қажет, оларды біріктіретін ортақ идеялар: білім берудің түпкі мақсаттарының бір болуы, әртүрлі ғылым салаларының әдіснамаларымен қатар танымдық, эмоционалды және практикалық салалардағы іс-әрекетке қатысты пайдаланатын қоршаған орта туралы білімдерінің кешенді сипаты, балалардың шығармашылық әлеуетін іске асыру шарты ретінде оны тануға деген қызығушылықтарын қанағаттандыру. Табиғилық ұстанымы бойынша мектепалды балаларының қоршаған ортаны қабылдауындағы, патриоттық тәрбие берудегі нақты ерекшеліктері мен даму деңгейі педагогикалық үдерістің жетекші буыны бола алады. Ізгілендіру ұстанымның мәні балалардың өзара және ересектермен, қоршаған ортамен қарым-қатынасын ізгілендіруде, адами құндылықтардың өзгелерден барлығынан басым болуында. Патриоттыққа тәрбиелеудің негізі – ұлттық тәрбие. Ұлттық ұстаным барысында балада ұлттық мінезі, санасы, намысы, дүниетанымы біртұтас болып қалыптаса алады. Бұл дегеніміз, саналы азаматтың мінезіндегі ізгі сипаттар. Жалпыадамзаттық ұстаным тұрғысында мектепалды балаларының адамзат баласын сыйлау, дос тұту мен көпшіл болу, жалпы ортаға жақсылық жасауға ұмтылу құндылықтарының орын алуына септігін тигізеді.

Ендігі кезекте, мектепалды балаларының қоршаған ортамен таныстыру арқылы бастапқы патриоттық сана-сезімін дамытудағы психологиялық-педагогикалық сипатта қарастырылған компоненттерге тоқталып өтелік:

- мотивациялық компонент, қоршаған ортаны тануға тілек білдіруі және ынтасын арттыруда балаларға бастапқы патриоттық тәрбие берудің негізгісі болып табылады. Мотив – (лат. moveo – қозғаламын) психологиялық, педагогикалық сөздіктерде «түркі қажеттілігін қанағаттандыруға байланысты, іс-әрекетті тудырушы, ішкі және сырқы шарттардың жиынтығы, субъектінің белсенділігі мен бағыттылығына ықпал етуші» делінген [7]. Іс-әрекет теориясының негізін қалаған психологтар А.Н.Леонтьев пен С.Л.Рубинштейннің мотив – бұл, адам қажеттілігін айқындаушы деп түсіндіруіне сүйене келе, біз осы компоненттің мәніне – мектепалды балаларының қоршаған ортаны тануға ұмтылысы мен еліктеу тілегі түркісін жатқызамыз [8]. Балаларға бастапқы патриоттық тәрбие беруде жас және психологиялық ерекшеліктеріне тән аталған түрткілер негізінде, осы компонент қоршаған орта көрсеткіштерінің мазмұнына: отбасы мүшелерінің өзара жағымды қатынасына еліктеу тілегі; табиғатқа қамқор жасау тілегі; халықтың мәдени мұрагерлік дәстүріне қызығуы; Отанын туралы білуге тілегі ретінде қарастырдық.

- когнитивті компонент, (лат.сөзі «cognition» - білім, тану) қоршаған орта туралы түсінігі және білім жүйесінде психикалық үдерістерінің дамып-қалыптасу мәселелері анықталады. Мұнда білім, білік, іскерліктерінің қалыптасуында бала дамуында оның білуге құмарлығы мен ұғынуын қамтиды. Білуге құмарлық – бұл жаңа білімді меңгеруіне себепші болып, қоршаған орта туралы қарапайым білімдер жүйесін қалыптастырады және осыларды жан дүниесінде сезініп, тұлғаның ұғына отырып дамуына маңызды болып саналады. Когнитивті компонент қоршаған ортаның психологиялық-педагогикалық көрсеткіштерінің мазмұнына: Отбасылық дәстүрді білуі; өлі және тірі табиғат арасындағы

байланысты түсінуі; халықтың мәдени мұрагерлік дәстүрлер құндылығын ұғынуы және Отан туралы ұғымының қалыптасуын жатқызамыз.

- эмоционалды-сезімдік компонент, отбасын, халықтық мәдени дәстүрін, Отан және табиғатқа жағымды эмоциялық қатынасын тудыру болып табылады. Қорашаған ортамен танысуда мектепалды балаларының мейлінше тұрақты сезімдерінің дамуына ықпал етіп, олардың сана-сезіміне бастапқы патриоттық мінез-құлықтарының қалыптасуын тиімді ете алады. Бірқатар психологтардың пікірінше, мектепалды балаларына әлеуметтік эмоция мен адамгершілік сезімі қарқынды дамиды. Атап айтқанда Қ.Б.Жарықбаев: «Баланың жоғары сезімдерінің негізі мектепке дейінгі тәрбиеде қаланады да, одан әрі дами түседі. Осы кезде балада біреуді жақсы көруі, тіл алғыштығы, байқалады. Бала жақсы адамдардай болғысы келеді ...осы жастағы балалардың эмоциялары мен сезімдерін тәрбиелеуде мүмкіндігінше бала өз басынан кешіру керектігін, өзінің айналасындағылардың табысына қуанып, сәтсіздігіне жаны күйзеліп отырмаса, сезім тәрбиесінің пәрменділігі болмайды, Отанды сүю сезіміне тәрбиелеу нақтылы осы іс-әрекеттермен ұштастырылып отыруы тиіс» десе [9], осы тұрғыдағы Л.С.Выготскийдің эмоцияларды субъектінің сезімдік-заттық іс-әрекетін ішкі психологиялық механизмінің байланысы ретінде қарастырды, мұнда субъект тек енжар түрде қоршаған ортаның шындығын танып қана қоймай, өз қызығушылығы мен қажеттілігіне сәйкес сезіне білу мен бірге күйзелу бірте-бірте өзгереді деген ойын А.Н.Леонтьев пен Л.И.Божович толықтыра түсті [10]. Ғалымдардың пікіріне жүгіне отырып, бірге күйзелу мен сезіне білуінің тұрақтануы немесе өзіндік күйзелістерге өтуі – балалардың айналасындағы адамдарға, қоғамдық орта болмысына, табиғат объектілеріне (өлі және тірі) деген ішкі бағдары өзгереді де, өлармен жағымды эмоционалды қатынас жасауда бастамашыл патриоттық сезімнің жетістігін тудырады деуге болады. Осыған орай аталған компоненттің қоршаған ортамен таныстыру көрсеткіштері мазмұнын: отбасына берілгендік сезімі мен сүйіспеншілігі; табиғатқа жағымды эмоцияналдық қатынасы; халықтың мәдени мұрагерлік дәстүріне құрмет, мақтаныш сезімі; Отанға деген сүйіспеншілігі деп белгіледік.

- іс-әрекеттік компонент, жақын адамдарға көмек пен айнала әлемге қамқорлық көрсетуде қалыптасқын жағымды біліктілігі, дағды, әрекеттері баланың қоршаған ортаға деген жағымды қарым-қатынас көрінісі тұрғысында қарастырылды. Психологиялық сөздікте: «Іс-әрекет адамның қоршаған шындықпен белсенді өзара әрекеттесуі, оның барысында адам субъекті ролін атқарып, объектіге мақсатқа бағытталған ықпал жасап және өзінің қажеттілігін қанағаттандыруы» деп анықтама берілген. Демек, адам әрекеттің субъектісі ретінде қоршаған ортамен мақсатты бағытталған іс-әрекет жасай отырып, белгілі тұлғалық сапаларға ие болады. Бастамашыл патриоттық мінез-құлық дағды, әрекеттері баланың ойын, еңбек және оқу мен қарапайым тұрмыстық әрекет барысында қалыптасады. Іс-әрекет компонентінің өлшемдері бойынша қоршаған ортаның мазмұндық көрсеткіштері былай таңдалды: отбасы мүшелерін сыйлау, адамгершілік қарым-қатынас жасау; табиғатты аялау, қамқорлық жасау дағдысы; халықтың мәдени мұрагерлік дәстүрінің қарапайым түрін қолдана алу білігі; Отанға деген жағымды эмоциясын көрсете білу тілегі алынып қаралды.

Қорыта келгенде, біздің зерттеуіміздегі болжамы анықталған мазмұндық-құрылымдық нобай елдігіміздің болашағы болып табылатын бүлдіршіндерге ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаның білімі жоғары, мәдениеті биік патриоттыққа тән қасиетті қалыптастыру мүмкіндігіне өз үлесін қоса алады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Коджаспирова Г.М. Высшее профессиональное образование. Педагогические специальности. - М.: Академия, 2007 - 352 с.
2. Клаус Г. Кибернетика и общество. М.: Знание, 1967. -256с.
3. Штофф В.А. Моделирование и философия. М.: Л., 1966, с.283-284

4. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2003. – 130б.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 2007, 15 тамыз.
6. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарының Мемлекеттік бағдарламасы. (Ел Президентінің 2004жылғы 11-қазандағы №1459 Жарлығы) // Егемен Қазақстан, 2004, 16 қазан.
7. Педагогика және психология. Қазақ тілінің терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі /Төрағасы А.А.Құл-Мұхамед. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256б.
8. А.Н.Леонтьев. Деятельность. Сознание. Личность. М.: Политиздат, 1975.—304 с.
9. Жарықбаев Қ.Б. Жалпы психология. – Алматы: Мектеп, 1982. – 300б.
10. Выготский Л.С. Психология –М.: ЭКСМО-Пресс, 2000. – 555с.

"ЖАҢА" ЖУРНАЛИСТ

Молдабеков Әмір,

филология ғылымдарының кандидаты

Халықаралық ЮНЕСКО сыйлығының иегері, ұстаз

Жаңа технологиялардың қоғамға енуі газет- журналдардың редакцияларының кестелері өзгеруіне әкеліп соқты. Жаңа заманға лайық компьютерлі технологиялар қоғамдағы барлық салаға тікелей қатысты: ақпарат сұрыптаудан дизайнға дейін, ақпараттарды архивке енгізуге дейін. Барлық редакциялар мультимедиялық бағытқа ауысты.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңа технологияның қолданылуы жаңа заман талабына сай техникаларды пайдалана отырып ақпарат алу, оны халыққа тарату сынды жұмыстарды жеңілдетті. Монтаж жасау, кодировка, текст жазу, стендап түсіру сынды дүниелерді жаңа техникамен жасау оңайға соқты. Бұрынғы кезде техника дамымай тұрғанда бұл дүниелерді елестету қиын еді. Бүгінде БАҚ процесіне "әмбебап журналист" немесе "жаңа" журналист идеясы енгізілуде. Мұндай журналист Қазіргі медиа ортаның негізгі жұмыс бірлігі болып табылады. Конвергентті редакцияда жұмыс істейтін журналистер әр түрлі БАҚ өкілдері арасындағы араздық қағидатынан арылуға тиіс. Бұл медиа-өнімді жасау деңгейін арттыруға көмектеседі. "Әмбебап" медиажұмысшының негізгі сапасы-ақпараттық өнімді ұсынудың ең жақсы форматын тез анықтау мүмкіндігі. Қандай мазмұн жақсы екендігі туралы нақты түсінікке ие болу үшін журналист әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеу дағдыларына ие болуы керек және белгілі бір типтегі мазмұн қалай жасалатынын білуі керек. Айта кету керек, "жаңа" журналист бейне түсіріп, мәтін шығарып, Аудио подкасттар жазып, сюжеттер орнатып, айтарлықтай ақпарат жинау үшін блогтармен жұмыс жасап, медиа өнімнің мәнін барынша ашуы керек. Ол үшін "әмбебап журналистке" мультимедиялық ойлауды үйрену маңызды. Конвергентті редакцияда жұмыс істейтін "жаңа журналист":

- * он-лайн ресурстарға арналған жаңалықтар материалдарын шығару;
- * аудио және бейне подкасттарды интернетке жүктеу;
- * бейне репортаждар жасау;
- * суретке түсіру, сонымен қатар оларды өңдеу және интернетке жүктеу;
- * компьютерде жедел жұмыс істеу;
- * Интернет желісінде бағдарлану;
- * SMS-хабарламалар түрінде жаңалықтар хабарламаларын жасау;
- * компьютерлік бағдарламалардың барлық түрлерін қолданыңыз;
- * Wi-Fi арқылы ақпаратты бірден шығарылымға, нөмірге және сайтқа жіберу;
- * блогтардың барлық түрлерін жүргізіңіз;

- * сапалы фактілер мен деректерді таңдау;
- * тәуліктің кез келген уақытында қолжетімді болу.

“Теледидар журналистикасы негіздері” бойынша М.К.Барманқұловтың кітаптары мен оқулықтарына қысқаша шолу, оқулық автор Ә.Ә.Молдабеков.

Журналистика ауада өмір сүрмейді.
Қоғам өмір сүрсе, ол да өмір сүреді

және қоғам өміріне балта шабылса

– тоқтап қалады.
Н.Михайловский

Журналист... Біз журналистика туралы өз ой-пікірімізді осы сөзден бастап тоғыз әріптен тұратын қысқа, бірақ мәні терең сөздің астарында не жатқаны жайлы сөз етеміз. Сонымен бірге журналистің қиын еңбегі нені қамтитыны туралы ой бөлісеміз.

Сөз басында айта кету керек, жақсы журналистикамен қатар, нашар журналистика да болады.

1. Жақсы және нашар журналистика

Біздің өмірлік тәжірибеміз жақсы және нашар журналистердің бар екенін көрсетіп отыр.

- Қандай мағынада айтып отырсыз?- деп сұрауыңыз мүмкін.
- Жақсы, бұл сұраққа мен бір мысалмен жауап берейін.
- Мен Алматыда шығатын газеттің кезекті нөмірін аштым, мысалға 4.12.98 ж. шыққан “Караван” газетін алалық (Бірден айта кетейін, менің “Караван” газетіне еш қарыслығым жоқ. Бұл жерде ол маған көрнекі мысал ретінде қажет). Алғашқы бетін оқи бастағаннан-ақ кейбір мақалалардың қызықты әрі тілі жеңіл жазылғаны жақсы стиль мен ойын айқын жеткізуі байқалады. Кейбір мақалаларды оқу мүмкін емес, себебі жазылған тілі анық емес, яғни журналист мәселені созғылап отыр.

Әрбір журналист өз әдістерімен ерекшеленеді және де бірдей ойлайтын екі адамды таба алмайсың, алайда әрбір журналист өз ойы мен өз мақалаларына қоғамды икемдемей, қоғамға өзі икемделуге тырысуы керек.

Кейбір тақырыптар біздерді жақындастырады, яғни бізге кейбір тақырыптарды жазу ұнайды. Дегенмен бұл қоғам үшін жақсы сөйлеуге немесе жазуға деген біздің жауапкершілігімізді азайтпайды.

Мәдениеттегі өзгешіліктер

Әрбір мәдениетте өзіндік салт-дәстүр, ал әр тілдің өзіндік ерекшелігі болуы мүмкін. Дүние жүзінің жақсы журналистерін біріктіретін нәрсе оларды алшақтататын нәрседен маңыздырақ. Баспасөзге күнделікті мемлекеттік бақылау жүргізіліп жатса да, журналист жұмыс істеуге қабілетті болуы керек.

Жақсы журналист

Жақсы журналист ақпарат күнделікті барлық адамдар мен мекемелерден ағылып жатқан жерде ғана емес, сонымен қатар әрбір факті алтынды іздегендей, қажырлы еңбекпен табылатын жерде де жақсы еңбек етуі тиіс.

Жақсы журналист қай жерде болмасын фактілерге негізделген журналистикаға, істер мен ұмтылыстарында әділ журналистикаға қызмет етеді және оның басты мақсаты оқырманы кім болса да тек қана шындықты жеткізу. Бұл жерде Эпиктеттің дұрыс көзқарас туралы айтқаны есіме түсіп отыр.

Қандай да бір істі дұрыс және жақсы жасау үшін, оны жасай білу керек. Сол сияқты дұрыс және жақсы өмір сүру үшін, дұрыс және жақсы өмір сүре білу және қажет ету керек. (Эпиктет)

Осы мақсаттарға жету үшін жақсы журналистер өз қоғамына жоғарыдағы ең мықты шенеуніктен де зор қызмет жасауы мүмкін. Себебі олар үкіметке емес, азаматтарға қызмет етеді. Сондықтан да үкімет оларға кедергі жасап, оларды сөйлетпеуге тырысып, қоғамның "қолайсыз элементтері" деп жарлық іледі. Солай да шығар, журналистің жұмысы қоғамды қажетті ақпаратпен қамтамасыз еткісі келмейтін басшыларға қарсылық түрінде көрінуі тиіс.

Журналистиканың еркін дауысы естілмесе, қоғам да үнсіз. Себебі бұл дауыс басып тасталынса, барлық мемлекет билігіндегілер халықтан оқшауланып, беделсіз, ортадан тыс қалады.

Жақсы журналист қасиеттері

Жақсы журналистер бүкіл әлемде өз ролін жақсы түсінеді. Осы мәселе жөнінде ағылшын журналисі Дэвид Рэндалл “Әмбебап журналист” деген кітабында жақсы айтқан. Ең алдымен жақсы журналисті мыналарды орындауға тырысатыны анықтайды:

1. Өсектер мен қаңқу әнгімелерді емес, ақпаратты іздеп, басады.
2. Үкіметтің бақылауына қарсылық білдіреді немесе мүлдем болдырмайды.
3. Сайлаушыларға ақпарат беру
4. Үкімет, сайлау өкілдері мен қоғамдық ұйымдардың қызметі және олардың өз қызметін атқаруын мұқият тергеу.
5. Бизнес әлемін, өнім сапасын зерттеп, жұмысшылар және сатып алушылармен қарым-қатынас жасау.
6. Зәбір көрушілердің өмірін жеңілдету.
7. Қоғамға оның жетістіктері мен "ауруларын" көрсететін айна болуы керек.
8. Заңгерлермен қоян-қолтық жұмыс істеп, оның жеңістерін мадақтап, жеңілістерін терең зерттеуге тиіс.
9. Идеологияға қарсы келсе де, идеяларын еркін алмасуына жағдай жасау керек .

Кабинетте отыратын аналитик-шолушылар мен комментаторлар халық батырлары емес. Фактілерді іздеп тапқан журналист және оны басып шығаруға батылдығы жеткен редактор - міне, журналистиканың батырлары осылар.

Журналистер мен репортерлердің арқасында үкіметтің немесе мекеме басшыларының асыра сілтеуі әшкереленіп, жөнделді. Журналистердің ақпараты жаңа заңдар тудырып, ескіргендерін жаңартуға әсер етті.

Сөз өнері

Сөзбен өлтіруге, тірілтуге де, жарақаттауға, емдеуге де, сергелдең мен шарасыздық тудыруға, рух беруге де болады.

В.А. Сухомлинский.

Адам ауасыз қалай өмір сүре алмаса, қарым-қатынассыз да өмір сүре алмайды. Ал журналистің тіптен басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу қабілеті адамға жоғары цивилизацияға жетіп, космосты игеруге, мұхит түбін зерттеуге, жер қойнауындағы байлықты пайдалануға мүмкіндік берді.

Қарым-қатынас адамдарға өз сезімдерін ашуға, қуанышы мен қайғысы туралы, жетістіктері мен кемшіліктері туралы сөйлеуге мүмкіндік береді. Адам үшін қарым-қатынас жасау - өмір сүру ортасы. Қарым-қатынас болмаса адамның тұлғалық қалыптасуы, оның тәрбиесі мен ой-өрісінің дамуы мүмкін емес. Қарым-қатынас жасау адамдардың бірігіп жұмыс істеуіне, өз ісін жоспарлап, оларды іске асыруға көмектеседі.

Қарым-қатынас жасау өнерін, сөз өнерін, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін игеру әрбір журналистке өте қажет.

Жас журналистер көбінесе, камера немесе аудитория алдында сөйлей алмай, кібіртіктеп тұрады. Мұндай журналистке Эмерсон былай деген: Сенің осы бір қалпың мені басқаны соншалықты, мен сенің не айтып тұрғаныңды естімеймін. Жас журналистер өздерінің сырт көрінісінің аудиторияға қалай әсер ететінін бағаламайды. Олар өздерінің қысылуы мен ұялшақтығын камера алдында сөйлегісі келмейтінімен немесе жоғары қызметтегі адамға сұрақ қойғысы келмейтінімен түсіндіреді. Бірақ, керісінше, осындай сөз сөйлеу олардың мінез-құлқын дамытуы мүмкін және дамытады да.

Қарым-қатынас шынайылығы мен оған ұмтылу маңызды болғанымен, ол біліктілік пен қабілетті ауыстыра алмайды.

Өткен ғасырдағы атақты американ актері Джозеф Джеферсон: “Әдемі, жарқын сөз сөйлеу – бір жұмыс, ал оны әдемі, жарқын ету – екінші”. Көптеген іскер адамдар мен мамандар сөйлегенде, өз ойын толық жеткізе алмағандығын қынжыла айтады. Журналистика мектебі - оңай жұмыс емес. Сөздерді мың рет қате айтатын адам бірден дұрыс сөйлей алмайды. Жылдар бойы бүкірейіп жүрген адам бірден тіп-тік жүре алмайды.

Дайындық барысындағы ең бастыларын журналист өзі атқаруы тиіс. Әйтпесе, Линкольннің сөздері дәл келеді.

Халықты әр кез сайқымазақ ете алмайсың.

А.Линкольн

Сөйлемдегі сөздердің, сол сияқты мақаладағы, баяндамадағы сөйлемдердің де өз реті болады. Сөзін бастар алдында қай адам бұл туралы ойланады? Ал қашан журналист ойланбастан сөз бастайды? Бәрі де дағдыға байланысты. Сондықтан жақсы журналист үшін дұрыс, реттелген ойлауға оқыту, үйрету өте қажет. Журналист дұрыс, ретті ойлауға, сөйлеуге үйренсе, онда оның мақалалары да, халық алдындағы сөз сөйлеу де, теледидардағы интервью де аудиторияға қызықты және тартымды болады.

Әйгілі ағылшын философы Ф.Бэкон былай деген екен: "Кейбір кітаптарды тек оқып көруге, кейбіреулерін — жұтуға және тек азғантайын ғана "шайнап" жұтуға болады".

Бұл айтылғанды газеттегі басылымдар туралы да айтуға болады деп ойлаймын.

Уақыт пен кеңістіктің шекарасын жоятын жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) жаһандану процесінің басты "көмекшісіне" айналуға. Ал ол, өз кезегінде, дәстүрлі экономиканы да, әлеуметтік белсенділік нысандарын да, адамдардың менталитетін, өмір салтын, әдетін де өзгертеді. Коммуникация мен ақпараттың түрлі салаларының конвергенция процесі елдер дамуының жаңа деңгейіне өту жағдайын күшейтеді.

Қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер елдің жаңа АКТ, бұқаралық коммуникация құралдарын дамыту бағытын айқындады. Байланыс процесін техникалық қамтамасыз етудегі түбегейлі өзгерістер түбегейлі жаңа бұқаралық ақпарат құралдарының пайда болуына әкелді. Әрбір жаңа БАҚ алдыңғы нұсқадан бас тартпайды, бірақ олардың мақсатын, ақпаратты жеткізу тәсілдерін және оны бөлуді саралайды.

Көптеген зерттеушілер жаңа медианың жалпы сипаттамаларына келеді. Біріншіден, олар экранға "байланған". Екіншіден, олар бір уақытта мәтінді, дыбысты, бейнені,

статикалық суретті де, қозғалмалы суреттерді де ұсынады. Жаңа медиа белгілі бір дәрежеде интерактивті. Мультимедиялық айналымда әр түрлі ақпарат жиі жіберіледі: аудиовизуалды, акустикалық, есептеу, оптикалық, бейнелеу, көркем, сахналық және басқа.

